

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ: 821.512.122'42

Қолжазба құқығында

ХУАТБЕКҰЛЫ ЕРҚАНАТ

Н.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс

6D021400 – Әдебиеттану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
ҚР ҰҒА-ның академигі,
филология ғылымдарының
докторы У.Қалижанов

Шетелдік кеңесші:
доктор, профессор Я.Челик

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ДИСКУРС ЖӘНЕ НАРРАТИВ ҰҒЫМДАРЫН ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ	10
1.1 Дискурстық талдаудың тұжырымдары мен генезисі.....	10
1.2 Әдебиеттанудағы нарратив теориясы және нарративтік талдау.....	22
2 Н.НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ НАҚТЫ ЖӘНЕ БОЛЖАЛДЫ ТАРИХИ ДИСКУРСТЫ БАЯНДАУ ТӘСІЛДЕРІ	33
2.1 Өмір шындығының нарративтік уақытта бейнеленуі.....	33
2.2 Н.Назарбаев еңбегіндегі референттер және постулаттар.....	54
3 ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОМПОНЕНТ ҰҒЫМЫНЫҢ Н.НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ	72
3.1 Аудиторияны игеруде риториканың әлеуметтік маңыздылығы.....	72
3.2 Саясаткердің сұраққа жауап беру тәсілдері және Н.Назарбаев еңбегіндегі идеологиялық дискурс.....	94
ҚОРЫТЫНДЫ	117
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	122

АНЫҚТАМАЛАР

Дискурс (*фр. Discours*) – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады.

Нарратив (*ағы. және фр. narrative*) әңгімелеу, баяндау деген мағынаны береді. Оқырманға немесе тыңдаушыға сөздер мен образдардың тіркесі ретінде ұсынылған оқиғаларды мазмұндау.

Генезис (*гр. genesis*) – белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен дамуын бейнелейтін ұғым. Генезис даму үдерісінің белгілі бір кезеңін аңғартады.

Мимесис (*гр. ұқсастық, көбею, еліктеу*) – эстетиканың негізгі қағидаларының бірі, жалпы мағынада шындық өнеріне еліктеу.

Диегезис – суреттелген оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндау әдісі. Мимесиске қарама-қарсы. Диегезис айтады, ал мимесис көрсетеді, яғни заттар мен оқиғаларды әрекет арқылы бейнелейді.

Интерпретация (*interpretation*) – нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру.

Апологетика (*грек. apo-logetikos – қорғаушы*) – теология саласы. Апологетиканың мақсаты – ақыл-парасатқа жүгінген дәлелдердің көмегімен дін ілімін қорғау және ақтау.

Постулат – дәлелдеуді қажет етпейтін негізгі пікір.

Мнемоника (*гр. 'τα μνημονιχα' – есте сақтау өнері*) – табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы.

Априори (*лат. a priori – алдыңғыдан*) – ортағасырлық схоластар енгізген қандай да бір амалға, әрекетке тәуелсіз, олардан бұрын танылатын ұғым, түсінік мәнін білдіретін философиялық термин. Априоридің қарсы мағынасы – апостериори.

Референт (*ағыл. referent – қатыстыру, сілтеме жасау; лат. referentis – қатысты, салыстырмалы*) – сөйлеушінің түсінік-қабілетіне байланысты санада қабылданған объект, сөздің «ішкі мағынасы», яғни ұғымдық мазмұн ретінде шындық болмыстың санада бейнеленген элементі.

Дейксис (*гр. deixis – көрсету*) – лексикалық және грамматикалық тәсілдер арқылы білдірілетін тілдік бірліктердің мағынасын не қызметін көрсету. Дейксис сөйлеу кезіндегі жағдайды айқындауға қызмет етеді.

Эристика (*гр. eristikos – дауқес*) – айтыса білу өнері, әсіресе ежелгі грек софистері арасында кең тараған. Эристика ақиқатты талас жолымен іздестіру құралы ретінде пайда болды. Көп кешікпей диалектика және софистика болып бөлінді.

Реципиент – ақпаратты алушы, сіңіруші, пайдаланушы. Сайлау компаниясы барысында коммуникатор әртүрлі саяси технологиялардың көмегімен реципиенттерге арнайы ақпараттар таратады. БАҚ жиі тыңдап, пайдаланатын қоғамдық белсенді адамдар әлеуметтану ғылымында реципиенттер деп аталады.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. КСРО-ның күйреуі әлем картасында бірнеше жаңа мемлекеттердің пайда болуына жол ашты. Саяси цензураның шылауынан шыға алмаған елдердің әдебиеті азаттық алғаннан кейін тың серпін алды. Солардың бірі – қазақ әдебиеті. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті ең әуелі жоғын түгендеуге тырысты. Өткен тарихқа көркем шығарма тұрғысынан әділ баға беріліп, хандардың, батырлардың, би-шешендердің көркем бейнесі жасалды. Сонымен қатар қаншама жылдар тарих қойнауында жатқан бабалар мұрасы жарық көрді.

Осының нәтижесінде ұлттық парадигма қалыптасып, мәдениет пен салт-дәстүрге деген көзқарас өзгерді. Бүгінгі заман бейнесі көркем шығармаларда жаңаша сипат алды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, дүние жүзі бойынша мәдени мұраларымызды, ұлттық құндылықтарымызды жинауға жол ашты. Мәдени мұраларды жинастыру жаңадан мемлекет болып бой түзеген ел үшін аса маңызды.

Ұлтқа қатысты, елдің бірлігі мен болашағына қатысты жасалған әр кадамның түбінде ұлтқа қызмет ету міндеті жатады. Ол — қандай ғылым саласы болмасын, қандай қызмет саласы болмасын – бәріне ортақ міндет. Тек оны дәріптеудің, халыққа жеткізудің тәсілі атқаратын қызметіне қарай ерекшелене түседі. Осының негізінде еліміздегі барлық ғылым салаларының қарыштап дамуына қажетті шаралар жасалып жатқаны белгілі. Бұлардың барлығы мемлекеттің қарауында жүзеге асатын болғандықтан, мемлекеттік саясатқа тікелей қатысты.

Еліміздегі ғылым салаларының дамуы мен өркендеуіне саясаттың тигізен әсерінің негізінде саясаттану ғылымы барлық ғылым салаларымен етене жақындай түсті. Көркем шығармаларда саяси мәтіндердің кезігуі мен саясаткер еңбектеріндегі образды ойлау және шығармаларында ақын жазушылардың мәтіндері жолығуы саясаттану мен әдебиеттану ғылымының арасына пәнаралық байланыс орнатты.

Әлем әдебиетінде қалыпты зерттеу нысаны ретінде саясаткер еңбектеріне талдаулар жүргізілсе, бұл үрдіс қазақ әдебиетінде кенже дамуда. Саясаткердің мәтініне арнайы әдебиеттанудың талдау әдістері тұрғысынан кешенді зерттеулер жүргізу некен-саяқ. Еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саяси аренада сарабдал саясаткер, көреген стратег, мықты дипломат, саяси-экономикалық жаңашылдыққа ұмтылыс жасаушы реформатор ретінде жоғары бағаланатыны анық. Елбасының еңбектері ұлт руханиятына, тарихымыз бен мәдениетімізге қаншалықты үлес қосқандығы әдебиеттің де негізгі объектісі болмақ. Саясаткердің қоғаммен байланыс орнатуы нарратив пен дискурс ұғымын құрайды. Саясаткер еңбегіндегі нарратив пен дискурсқа кешенді зерттеу жүргізу саясаткердің қоғамға әсерін анықтап, астарлы мәтіндерге герменевтикалық тұрғыдан ой таразысына салып түсіндіруге жол ашады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Елбасы Н.Назарбаевтың шығармаларын саясаттану, әлеуметтану, тарих, лингвистика т.б. ғылым

салаларында кеңінен талдаған еңбектерді кезіктіреміз. Ал әдебиеттану саласында Н.Назарбаев еңбектерін ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны ретінде тұңғыш рет қарастырылып отыр. Дегенмен Н.Назарбаевтың еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, қоғамға, әдебиетке тигізген әсері туралы жазылған еңбектердің қатары мол.

Н.Назарбаев еңбектерін ғылыми тұрғыдан талдау алдымен саясаткер еңбегінің әлем әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, ұлт лидерінің еңбектеріндегі нарратив пен дискурс руханиятқа, ұлт бірлігіне, мәдени қалыптасуға тигізген септігін айшықтайды. Қазақ әдебиеттануында саясаткер еңбектерін әдеби көзқарас тұрғысынан қарау сирек. Бұл әдебиеттануды саясаттану, әлеуметтану, философия, психология т.б. ғылым салаларымен ұштастыра отырып зерттеуге жол ашады.

Барлық ғылым салалары бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, ғылыми интеграция жасау қажеттілігі артқан уақытта Н.Назарбаев шығармаларына пәнаралық негізде талдау жасау мемлекеттің бірлігіне, ұлтаралық ымыраның қалыптасуына, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Елбасы еңбектеріндегі образ арқылы баяндалған өмір шындығын, саясаткер өмірінің көпшілікке беймәлім қалтарыс тұстарын бүкпесіз көрсетті. Зерттеу жұмысында әлем әдебиетіндегі амал-тәсілдерді пайдаланып саясаткер еңбегіндегі көркемдікті, саяси, танымдық, әлеуметтік құндылықтарды жеткізу тәсілдерін зерттеу тақырыптың өзектілігі болып саналады.

Диссертация жұмысында Н.Назарбаев еңбектеріндегі тарихқа шолу, бүгінгі күннің келбеті және болашаққа болжамдары ғылыми-теориялық көзқараста қаралады. Тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздік кезеңіндегі өмір шындығы Елбасы еңбектерінде бейнеленуі әдебиеттану тұрғысынан зерттелді.

Зерттеу нысаны ретінде. Н.Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы», «Еуразия жүрегінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қалың елім қазағым», «Ой бөлістім халқыммен», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Қазақстан жолы», «Өзекжарды ойлар», «Тарих толқынында», «Тәуелсіздік белестері», «Елмен сырласу» еңбектері мен естелік-эсселері, Д.Қонаевтың «Ақиқатты айтпауға болмайды» естелік-эссесі, М.Мағауиннің «Мен» мемуарлық романы, М.Кемел Ататүрік «Нүгік» еңбегі, Е.Раушанов, Ғ.Жайлыбай, М.Райымбек, Е.Жүніс, Т.Шерханның өлеңдері алынды.

Зерттеу пәні ретінде. Н.Назарбаевтың еңбектеріндегі дискурстық баяндау мен нарративтегі дискурсивтілік нышаны алынады.

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттері. Н.Назарбаев шығармаларын жан-жақты талдап, еңбектеріндегі нарратив пен дискурстың рөлін айшықтау зерттеу жұмысының мақсаты болмақ. Зерттеу жұмысының мақсатына жету жолында бірқатар міндеттер қойылды:

- Өмір шындығының нарративтік уақытта бейнеленуін анықтау;
- субъективтік сұрыптауда шындық элементтерді бөлудің негізгі мәселелерін айқындау;
- ойды оқырманға жеткізуде транзакциялық дискурстың міндетін айқындау;

- қазіргі уақыттағы баяндау формасының риторикалық әрекетін айшықтау;
- информацияны бейтарап түрде баяндауда экспозициялық дискурстың мәнін ашу;
- Саясаткер еңбегінде кодекстер, заңнамалар, жарлықтар, үкімет қаулысы, әкімшілік шешімдердің сипатталу ерекшеліктерін анықтау;
- Топтық қарым-қатынастағы баяндауыш формасын анықтау.

Зерттеу әдістері. Н.Назарбаев еңбектерінің құндылықтары мен ерекшеліктерін зерттеу барысында аргументті нарративтік және аргументті дискурстық, тарихи дискурстық, тарихи функционалдық, тарихи салыстырмалы, герменевтикалық, интермәтіндік әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде. С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, Э.Сүлейменова, Т.Есембеков, А.Ісімақова, Г.Пірәлі, А.К.Ахметбекова, Г.Орда, А.Темірболат, А.Б.Тұманова, Н.Ж.Кенжеғараев, Т.Сенебеков, Г.Г.Бүркітбаева, Б.С.Жұмағұлова, Д.С.Бейсенбекова, Г.Ж.Жаңабаева, Б.Қалиұлы, К.Қ.Садирова, Б.С.Саденова, Ә.Жұмағұлова, Қ.Е.Есенова, Г.Ә.Мұратова, А.Жалалова, Владимир Папов, Леви-Строс, Э.Бюиссанс, Э.Бенвенист, Зелги Харрис, Р.Барт, У. Эко, Ж.Бодрийяр, П.Серио, Е.И.Шейгал, О.Ф.Русакова, Х.Миллер, Р.С.Грейн, В.Бут, В.Шмид, К.Мейстер т.б. сынды белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде. Н.Назарбаев шығармалары әдебиеттану саласында диссертациялық деңгейде тұңғыш рет зерттеліп, саясаткер еңбегін әдеби көзқараста қарау пәнаралық негізде саяси-әлеуметтік, қоғамдық-саяси өзгерістердің әдебиетке әсерін айта аламыз.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде Н.Назарбаевтың өмір шындығын көркемдік тұрғыда бейнелеуде шындық элементтерді пайдалану дәрежесі анықталды.

Н.Назарбаев шығармаларының ерекшеліктері нарратив пен дискурстың талдау тәсілдері арқылы айқындалды. Бұл автордың тілдік көркемдігін, ой ұшқырлығын, саяси көрегендігін ашуға мүмкіндік туғызды.

Н.Назарбаев еңбектеріндегі тарихи оқиғалар нарративтік уақыт пен тарихи дискурс тұрғысынан қарастырылды. Бұл өз кезегінде елді бірлік пен татулыққа, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелейтіні анық.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиеті мен саясаттануын, олардың даму заңдылықтары мен үдерістерін, отандық әдебиетті нарратив пен дискурстық тұрғыдан зерттеуде дереккөз бола алады. Сонымен қатар орта, арнайы, жоғары мектептерде, жоғарғы оқу орындарында өтілетін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы», «Дискурстық теория және оның типологиясы», «Сөз мәдениеті» сияқты арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде және оқу құралдарын жазуда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдарды қорғауға ұсынамыз:

- Қазақ әдебиетіндегі саяси дискурс ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады.
- Саясаткер еңбегін көркемдік тұрғыдан қарау тарихи өмір шындығын жаңа қырынан тануға жол ашады.
- Саяси шығарма – әдебиеттің локальді түрі.
- Елбасы еңбегінде ұлттық құндылық, ұлттық таным, ел бірлігі, мемлекеттің қауіпсіздігі бірінші орынға қойылады.
- Н.Назарбаевтың естелік-эсселерінде нарративтік уақыт пен тарихи дискурстың үлесі басым.
- Н.Назарбаев еңбектерін жалпы логикалық, этикалық-адамгершілік, практикалық үш деңгейде қарағанда, әуелі құндылықтар мен тәжірибені оңтайлы түрде ұсынады. Логикалық және практикалық деңгейлердің арасын біріктіріп тұжырымды құндылықтар арқылы қалыптастырып, идеялар мен құндылықтарды тәжірибеде қолдана білуге шақырады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 7 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Дискурс терминін айқындау // III Халықаралық Фараби әлемі оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – Сәуір 4-15.
2. «Бәйтерек» поэмасындағы көшбасшы бейнесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2016. – № 3(3). – 78-81 б. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз).
3. Atatürk ve Nazarbayev'in ortak yönleri // Kazak eli. yal:1 Sayı:3, Ekim-Kasım-Aralık 2016. 56-60 s
4. Әдеби дискурсқа шолу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. – № 3(47). – 43-45 б. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз).
5. Ел басқаруға тән тарихи сабақтастық // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – № 4(60)87-91 б. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз).
6. Идеологияға дискурстық талдау // Көрнекті қоғам қайраткері, академик-жазушы, ұстаз-ғалым Зейнолла Қабдоловтың 90 жылдығына арналған «Қабдолов оқулары» атты X халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 221 б. ISBN 978-601-04-3392, 169-172.
7. Discourse: Leader and the Modern Literature // Khuatbekuly Y. [Et. all] // Opción, Año 35, 2019. – № 89. – 879-89. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-

9385 Recibido: 10-11-2018 Aceptado: 10-03-2019; EID: 2-s2.0-85072153777 (eng).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ДИСКУРС ЖӘНЕ НАРРАТИВ ҰҒЫМДАРЫН ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ

1.1 Дискурстық талдаудың тұжырымдары мен генезисі

Қазіргі кезде барлық ғылым саласының пәнаралық байланыста болуы олардың зерттеу нысандарын да ортақтастырады. Ертедегі әр пәннің өзіне тән нысаны, сол пәннің ғана қарастыратын терминдері болуы шарт деген қасаң қағиданың сеңі сөгіліп, зерттеу аясы кеңі түсті. Қазіргі әдебиеттану ғылымы философия, психология, лингвистика, саясаттану тағы басқа ғылым салаларымен тығыз байланыс орнату арқылы жаңа белестерге көтерілді. Соның ішінде саясаттану мен әдебиеттанудың байланысына баса назар аударатын болсақ, дамыған елдердің әдебиеттануында саясаткерлердің жеке пікіріне, мақаласына зерттеулер жүргізген еңбектердің қатары мол. Ол зерттеулер көркем публицистиканың шеңберінде ғана емес, жалпылама көзқараста терең талданған.

Саясаттану мен әдебиеттанудың пәнаралық байланысы қазақ әдебиетінде көркем публицистика мен көркем шығармалардағы саяси астардың мәніне үңілумен шектеліп келеді. Жекеленген саясаткерлердің еңбектеріне тоқталып, әдеби талдаулар жүргізілген еңбек, өкінішке қарай, әзірге жоқ. Әдебиеттану мен саясаттанудың ортақ нүктесін айқындауда, саяси еңбекті шығармашылықтың тегі ретінде қарастырауда дискурс теориясы бірден-бір құрал болмақ.

Дискурс термині пәнаралық категория ретінде қарастырылып, әртүрлі анықтама беріліп жүр. Көркем дискурс пен саяси дискурсқа дендемес бұрын дискурс теориясына қазақ ғалымдары қандай ой қосқандығына және әлем ғалымдары нендей пікірде дегенге тоқталсақ. Қазақ ғылымында дискурс төңірегінде ой қозғап, бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізген тіл білімі саласының ғалымдары. Ауызекі сөйлеудегі сөздердің олқылығын мимика т.б. толықтыратынын жүйелі жазған қазақтың тіл білімі саласындағы тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов дискурс терминін атап айтпағанымен, дискурстың қасиетін, тәсілін еңбегінде қарастырған. Дискурс терминіне нақты анықтама беріп, ғылыми негіз жасаған Э.Сүлейменова, Г.Г.Бүркітбаева, Б.С.Жұмағұлова, Д.С.Бейсенбекова, Г.Ж.Жаңабаева, Б.Қалиұлы, К.Қ.Садирова, Б.С.Саденова, Ә.Жұмағұлова, Қ.Е.Есенова, Г.Ә.Мұратова, А.Жалалова, Қ.Кенжеханова, Н.Уәли т.б. белгілі ғалымдар мен жас ғалымдардың еңбектерінде дискурстың пайда болуы мен дамуына, атқаратын қызметіне қатысты бірқатар теориялық анықтамалар мен талдау еңбектер жазып, оқу құралдарын құрастырды. Дискурстық талдауға Т.Есембеков «Көркем мәтіндегі креативтік, референттік және рецептивтік құзыреттілікті байланыстыра, тоғыстыра қарастыру дискурстық талдаудың басты мәселесі дегенге тоқтаған дұрыс сияқты» [1, б. 178] деп заманауи көзқараста, жүйелі талдауға жол ашып береді. Әдебиеттану саласында А.С.Ісімақова, А.К.Ахметбекова, А.Б.Тұманова, Н.Ж.Кенжеғараев сынды ғалымдар толымды түрде дискурс табиғатын ашудың жолдарын көрсетеді.

XX ғасырдың жемісіне саналатын «дискурс» термині ауқымын кеңге жайып, бүгінгі гуманитарлық ғылымдар арасында ерекше мәнге ие. Дискурс термині көп қырлы және көп мағыналы. Оның шығу, дамуы, табиғаты мен мазмұны – ғылыми ортада қызу талқыға түсіп жатқан маңызды мәселелердің бірі. Жарты ғасырдан астам уақыт ғылыми-зерттеулер жүргізіп, сан-саққа тараған ойлардан ортақ шешім табуға үлес қосушылардың қатары күннен-күнге толығырақ түсуіне қарамастан, дискурс төрт құбыласы толық қамтылған, түп тамыры аршылған анықтамаға ие бола қойған жоқ. Бұған себеп дискурс – белгілі бір шеңбердің көлемінде айта салуға келмейтін коммуникативті күрделі құбылыс болуында.

Этимологиялық тұрғыдан қарағанда «дискурс» термині латын тілінен бастау алады. Ұзақ жылдар бойы ауызша немесе жазбаша сөз ретінде түсіндіріліп келген, кейіннен жеке еңбектердің жемісіне айналды. Дискурс ұғымы алғаш Ренессанс кезеңінде маңызды мәнге ие болды. Кейіннен мәтіндердегі анонимдік қайшылықтардан генезистік мәселер туындады [2, с.5]. Ал Жаңа дәуірде дискурсқа ғылыми көзқараспен қарай бастады. Неміс ғалымдары Кант пен Гегельдің еңбектерінде «дискурстық» және «түйсіктік» ұғымдар кереғар мәнді білдірген. Осының негізінде Жаңа дәуірде дискурстық ойлау синкреттік ойлау мен түйсікке қарама-қайшы мағына үстеді [3, с. 5-6].

XX ғасырдың басында дискурс ұғымы түрлі мәнге ие болды. Оның термин ретінде сатылай дамуына құрылымдық лингвистиканың үлесі мол. Бұндай жұмыстардың біріне Владимир Паповтың «Халық ертегілерінің морфологиясы» мен Леви-Стростың алғашқы жаратылыс мифологиясының құрылымдық зерттеу дискурсы жатады. Бастабында дискурстың аясы өте тар мағынада «бір-бірімен мағыналас бір немесе бірнеше сөйлемдердің байланысы» [4, с.170] деп қана түсіндірілді. Кейіннен дискурс мәселелері тікелей «тіл және дискурс» деп қарастырып аясы кеңі бастады. Осы тұрғыда дамуына көп үлес қосқан бельгиялық лингвист Э.Бюиссанс болды [5]. Оның түсінігінде дискурс деректі және дерексіз сөйлеу жүйелері арасындағы категория делінген, демек, табиғи мәнмәтіндік жағдаятта тілдің негізгі құралы болмақ. Яғни Э.Бюиссанстың түсінігінде дискурс мәтін мен сөздің, диалогтың синонимі.

XX ғасырдың 50-жылдары Э.Бенвенист француз лингвистикасында «сөйлеуші тарапынан айтылған сөз» [6] деп дискурс терминіне характерлік тұрғыдан алғаш рет анықтама береді. Сонымен қатар американдық ғалым Зелги Харрис 1952 жылы «Дискурске анализ» атты мақаласында дискурстың шеңберін кеңейте түседі. Э.Бенвенист дискурсты қарым-қатынастық байланыспен түсіндірсе, Харристің анықтамасында сөйлеумен қатар, мәтін үзінділерін де дискурсқа анализ ретінде пайдаланады.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарында дискурсты зерттеуші ғалымдардың пікірі екіге жарылды: бір топ зерттеушілер мәтінді дискурстың гиперонимы десе, екінші топ өкілдері керісінше дискурсты мәтіннің гиперонимы деп есептеді. Осының негізінде XX ғасырдың соңында дискурсты жік-жікке бөліп грамматикалық, синтаксистік, лексикалық т.б. тұрғыда зерттейтін мектептер пайда болды.

Дискурстың теориясы дамыған сайын ғалымдардың да пікір қайшылықтары көбейе түсті, бірқатар ғалымдар семантикалық тұрғыда дискурсты мәдени код ретінде қарастырып, символдық мәдениеттің жемісі деп түсіндірді. Бұл топ өкілдері – Р.Барт, У.Эко, Ж.Бодрийяр, П.Серио. Енді бір топ өкілдері негізгі басымдықты коммуникациялық қатынас деп әлеуметтік функцияларға баса назар аударды. Бұндай тұжырымдарды Е.И.Шейгал, О.Ф.Русаковалардың еңбектерінен байқауға болады.

Дискурсқа анықтама берудің қиындай түсуінің бірден-бір себебі философия, мәдениеттану, әлеуметтану, әдебиеттану секілді гуманитарлық ғылымдардың бәріне дискурс терминінің ортақ болуы. Нәтижесінде дискурс ұғымының аясы кеңейе түсті. Жак Дерриданың «Everything is a discourse» деген формуласы дискурсты мәтін, тіл және сөзден гөрі аясының кеңдігін дәлелдейді. Нәтижесінде дискурс құндылықтар мен мағыналарды құруға мүмкіндік беретін әлеуметтік тәжірибелер жиынтығы ретінде қарала бастады.

Барлық ғылыми зерттеулерді қарастыра келе Г.М.Костюшкин француздық және англо-саксондық деп екі мектепке бөліп қарастырады. Оның пікірінше, француздық мектеп лингвистикалық тұрғыда жазбаша мәтінге баса назар аударса, англо-саксондық мектеп антропологияға, яғни ауыз екі сөйлеу тұрғысынан қарайды. Француз мектептері зерттеуде негізгі салмақты пішінге түсірсе, англо-саксондық мектеп қарым-қатынасты анықтауды көздеді [7, с. 103].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге ала отырып дискурсқа нақты бір тұжырымдама айтпас бұрын мәндел, мағыналас болып келетін «тіл-сөйлеу-дискурс-мәтін» ұғымдарының айырмашылықтарына тоқталғанды жөн санадық. Әуелі «Тіл» ешқандай даусыз, дәлелдеуді қажет етпестен сөйлеу – дискурс – мәтін ұғымдарымен салғастыра, салыстыра қаралады. Екінші сосюрлік ұғымда дискурс сөйлеумен жиі теңестіріледі (қолданыс тілі, language in use) (McHoul 1994; Schiffrin 1994). Үшінші тілге қарағанда мәтін мен дискурсты жиі салыстыра қарайтындардың қатары мол.

Көптеген зерттеушілер «дискурс» пен «мәтін» ұғымдарының екіұдайлануы (дихотомия) мен өзара байланысына қатысты мәселелерге баса назар аударды. Сондай-ақ мәтіннің, контекстің (мәнмәтіннің), әлеуметтің мәдениет пен лингвистикалық компоненттерінің бірліктеріне көңіл бөлді. Зерттеу уақытында мәтін құрушы тілдік құралдарды да, тілдік сананы да зерттеу нысаны етті.

Зерттеушілердің пікірінше, дискурс процессуалды және белсенді болуы арқылы сөйлеу әрекетінің басталуымен тығыз байланысты. Дискурс – мәтіннің құрамындағы сөйлеу оқиғасы. Дискурс термині «сөйлеу» мен «мәтін» ұғымдарына жалпы түсінік ретінде сөйлеу мен мәтіннің барлық параметрлерін біріктіреді [8, с. 10-12]. Дискурстық құбылыс «сананда пайда болатын мәтінге дейінгі және кейінгі процестерді» болжайды [9, с. 81].

Осы тұрғыдан қарағанда дискурстың ауқымы өте кең. Дискурс – тек баяндау ғана емес, үлкен бір коммуникативтік жүйе, қарым-қатынас жағдайын үйлестіретін құрал. Сонымен қатар дискурс байланысу, талқылаумен қатар негізгі ойды айту мен жеткізудің жолдарын да қарастырады [10, с. 56].

Браун, Юл, Кубрякова, Александрова т.б. сынды ғалымдардың пікірінше дискурс нақты сөйлеу кезімен байланысты процеске тән делінсе, ал мәтін – бекітілген формасы бар сөйлеудің нәтижесі. Дискурс мәтінде өз өрнегін табады және қарым-қатынас кезінде мәтінмен тығыз байланысқа түседі. «Дискурс мәтіннің ішінде пайда болып, түрленеді. Кез келген мәтінде бірнеше дискурстың түрлері болады. Кейде бір мәтінде екі немесе одан да көп қарама-қайшы мәндегі дискурстар жүзеге асырылуы мүмкін» [11, р. 27]. Демек, мәтін қалыптасқан формада болады, ал дискурс түрленіп отырады. Осы арада шығатын негізгі тұжырым мәтін белгілі бір ойды жеткізуге тиісті алғашқы нұсқасынан өзгере алмайды. Ал дискурс әрекет үстінде болғандықтан жағдайға байланысты түрлене алады.

Жоғарыда айтқандай, жазбаша мәтінге баса назар аударған дискурсты талдауда қалыптасқан Француздық мектептің өкілдері Ж.Куртин М.Фуконың тұжырымдамасын дамыта келе саяси дискурсты ретімен талдап әртүрлі жағдаятқа байланысты тарихи жадының болуы тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Ж.Куртиннің пікірінше «Формула бойынша тарихи жадтың қайнар көздері дискурстық кеңістікке түскенде пішіні өзгерістерге ұшырайды» [12, с. 99]. Бұдан бұрын М.Фуко «дискурс бұл «бұрын айтылған» және «ешқашан айтылмайтын» синтез» [13, с. 27] деген пікір білдірген. Бұдан шығатын тұжырым бұрын жасалған мәтіндерге (тұтас мәтін, үзінділер, өзгертілген цитаталар) дискурс ену арқылы әлеуметтік тарихи мән туғызып, танымдық негіз пайда болады. Э.Сүлейменова дискурстың түрлеріне қатысты нақты анықтама беріліп, дискурсты өз ішінен қолданылу аясына қарай жиырма сегізге түрге бөліп қарастырған [14].

Саяси дискурстың негізгі мәніне көңіл аудармас бұрын бірқатар сұрақтарға жауап іздеп көрсек: «Саяси дискурс» терминінің астарында қандай мән бар? Саясат тілі дегеннен не түсінеміз? Мәтінді саяси дискурстың аясында жіктеудің қандай өлшемдері бар? Дискурс төңірегінде қандай қарым-қатынас түрлері байланысқа түседі. Саяси дискурсты дискурстың өзге де түрлерінен бөлетін шекара қандай?

Саясат пен тілдің арасындағы байланыста әуелі ескеретін жайт кез келген саяси жүйе тілдік қарым-қатынассыз жүзеге аса алмайды. Ақпарат тарату үшін, бұйрық беру үшін, заң нормаларын жүзеге асыру үшін т.б. бәріне тіл қажет, тілсіз саясатта ешқандай дәрмен болмайды. Саясаттың адам қызметіндегі өзге салалардан айырмашылығы көп жағдайда дискурстық сипатта болады. Көптеген саяси әрекет сөйлеу арқылы орын алады. Бірқатар ғалымдардың пікірінше саяси белсенділік тілдік белсенділіктен тұрады. Ал саяси ғылымда тілді саяси шындықты бейнелеудің құралы ретінде емес, саяси өрістің құрамдас бөлігі ретінде қараудың тенденциясы бар.

Саяси тіл, саяси коммуникация, саяси дискурс деген атаулардан қандай айырмашылық бар? Бір қарағанда үшеуінің де атқаратын қызметі бір секілді болып көрінеді. Дейтұрғанмен де саяси коммуникация мен саяси дискурстың бір-біріне синоним іспеттес болғанымен, саяси тілге лингвистикалық тұрғыда басқаша көзқарас бар. Бірінші көзқарас бұл терминді априори ретінде қарап, түсіндіруге тырыспайды. Екінші көзқарас өкілдері тіпті саяси тіл феноменінің

бар екендігіне күмәнмен қарайды. Үшіншісі саяси тілдің өмір сүру фактісін қолдап, оның бар екендігін дәлелдеуге тырысады.

Біріншіде атап айтқандай, А.Н.Баранова пен Е.Г.Казакевич «Саяси тіл – бұл саяси қарым-қатынас үшін жасалған арнайы жүйе: қоғамдық келісімді дамытуға, саяси, әлеуметтік шешімдерді қабылдауға негіз болады...» [15, с. 6] – деген пікір қосады. Екінші көзқараста Б.П.Паршина «Саяси дискурста жеке тіл көп қырланып белгілі бір анықтамаға ие бола алмайды. Ал «саясат тілі» деген ол жай ғана грамматикалық шеңбердің аясына тоғысады. Тереңдеген күнде лексикалық нормалары – орыс, ағылшын, неміс, араб және т.б. секілді ұлттық мәнге сәйкес келеді» [16] деп саясат тілінің ешқандай да мән-мағына үстейтін анықтамаға ие емес екендігін білдіреді. Екінші көзқарасқа нақты анықтама Д.Грейбер еңбектерінде кезігеді «Саяси тіл белгілі бір грамматикалық формалардың негізінде пайда болмайды. Керісінше, ақпарат тарату орын алған жағдайлар (әлеуметтік контекст) немесе атқаратын қызметтер саясат тілі болып есептеледі. Саяси агенттер саяси мақсаттарды көздеп, саяси тақырыптарда сөйлескен шақта саясат тілін қолданады» [17, р. 196].

Үшінші пікірді ұстанушылар саясат тілі форма емес белгілі бір мазмұнға ие деп санайды. П.Серио грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, саяси дискурстың гипертрофиялық үрдісін номиналдық және құрамдық жағынан қарастырады. Серионың зерттеуіне назар аударған Степанов саяси дискурста «ұлттық нанымды білдіру үшін идеологияны ерекше көрсетуде тіл алдымен пайдаланылады» [18, с.723] деген тұжырым жасайды.

Ғалымдардың пікірінен ортақ түйін шығарсақ «саясат тілінің» бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Десек те, оны «кәсіби тілдің» аясында белгілі бір ұлттың тілінің нұсқалығы ретінде қарастырған жөн. Себебі саясат тілінің ерекшелігі тілдің өзге де салаларымен тығыз байланыста болғандықтан, салалық терминдерді өзіне еркін қабылдап алады. Осы қасиетін көре отырып біз саясат тілін жоққа шығара алмаймыз.

Дискурс тұжырымдамасы тұрғысынан қарағанда саяси дискурстың семионтикалық кеңістігін құрайтын белгілердің жиынтығын саясат тілі деп те атаймыз. Бұл арада негізгі белгілері ретінде – вербальді (саяси терминдер, антропонимдер т.б.) және бейвербальді (саяси белгілер т.б.) қатынастарды қарастырамыз.

Ал саяси дискурсқа келер болсақ, бұл – көп зерттелген, десек те, ортақ түйіні жоқ терминдердің бірі. Дискурсқа қатысты тұжырымдамалар жоғарыда біршама айтылды, сондықтан бізге қызықты объект дискурста қолданылатын «саясат» сөзінің анықтамасы мен ауқымы болмақ.

Қарапайым ғана сұрақ қойып қарасақ сөйлеудің қай түрі саяси дискурстың құрамына кіреді? Бұл арада нақты анықтама беру қиын, керісінше сұрақтан сұрақ туындай бермек. Мысалы, саяси қауесет пен эзілдер саясатқа немесе күнделікті дискурсқа қатысты ма? Саяси сұхбат – саяси дискурс па әлде күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы дискурс па? Саясаткерлердің еңбектерін саяси дискурста қарастырады ма, әлде әдебиеттің бір түрі ретінде поэтикалық дискурсқа жатқызамыз ба? Егер саяси дискурстың

басты қызметі билік үшін күрес (билікке үгіттеу, билікті басып алу және ұстап қалу, оны тұрақтандыру) деген тұжырымдаманы берік ұстанатын болсақ, онда жоғарыдағы сұрауларымыздың бірде-бірі күреске жатпай бірден саяси дискурстың қатарынан шығарылған болар еді. А.Н.Баранов пен Е.Г.Казакевичтің пікірінше «саяси дискурс – саяси пікірталастарда қолданылатын сөйлеу актілерінің жиынтығы, сондай-ақ мемлекеттің дәстүр бойынша сақталған және тәжірибемен келетін ережелерін құрайды» [15, с. 6]. Бұндай тар мағынада дискурс институционалды қарым-қатынас формаларымен ғана шектелген болар еді. Десек те, жоғарыда дискурсқа берген анықтамаларға сүйенсек саяси дискурс бұдан әлдеқайда кең аумақты қамтитыны анық.

Дискурс барлық ғылым салаларымен байланыста болғандықтан, бір мәтінде бірнеше дискурс түрлерін кезіктіре аламыз. Мысалы, бір ғана саяси сұхбаттың аясында БАҚ элементтерін, поэтикалық және саяси дискурсты кезіктіруімізге болады. Сондықтан ғылыми жұмысымыздың негізгі объектісіне талдауға қажет деп таныған дискурс түрлеріне де қысқаша анықтама бере кетсек.

Біз жұмысымыздың басында айтқанымыздай негізгі мақсатымыз саясат пен әдебиеттің пәнаралық байланысын сақтай отырып саясаткер, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектерін поэтикалық тұрғыда талдауды көздегенбіз. Жұмысымыздың ғылыми талдаулары жетік болуы үшін «Құқықтық дискурсты» да назарға алдық. Себебі құқықтық дискурс мемлекеттік заңнама саласында саяси дикурспен қиылысады. Құқықтық дискурстың мақсаты – құқықтық нормаларды анықтау және азаматтар арасында немесе мемлекет пен азаматтар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу. Яғни саясаткер мен аудитория т.б. арасындағы заңнамалық байланыстарды талдауда құқықтық дискурсты қажет етеміз.

Құқықтық дискурстың қарастыратын негізгі объектісі: Конституциялар, кодекстер, заңнамалар, жарлықтар, үкімет қаулысы, әкімшілік шешімдер және т.б. билікті жүзеге асыратын құралдардың негізі саяси дискурс саласына жатқызылады. Конституция мен заңдардың мәтіндері саясаткерлердің де, заңгерлердің де дискурсивтік заңнамалық қызметінде жүзеге асады. Заң қабылданғаннан және құқықтық нормаға айналғаннан кейін оның сақталуын бақылау құқықтық дискурстың объектісіне айналады.

Зерттеу жұмысына қажетті тағы бір дискурстың түрі – ғылыми дискурс. Қоршаған әлемді танып-білу процесінде бір көзқарасты қорғау ғылыми дискурстың мақсаты болғандықтан, құрылымында пікірталас элементтерінің кезігетіні анық. Әйтсе де ғылыми мақалалар, монографиялар, баяндамалар, пікірталастардағы баяндама және т.б. сияқты жанрларда ұсынылған саясаттанушылардың ғылыми зерттеулерінің нәтижесі билік үшін күреспен тікелей байланысты емес, дегенмен саясаткер қызметін жоспарлауға және түзетуге саясаттанушының еңбектерін негіз етеді, тіпті жетекші саясаткер саясаттанушыларды кеңесші етіп алуы да жиі кездеседі.

Р.Жослин саясаттанушыларды журналистермен салыстырады, олардың екеуі де саяси процестерді өздерінің көзқарастарына сәйкес аудиторияға

жеткізу мақсатында саяси шындықты қайта құрады [19, р. 326]. Бұл ретте аналитикалық газет мақаласы немесе саясаттанушының теледидардағы сөзі сияқты жанр – ең алдымен, аудиторияның саяси деңгейіне қарай және саяси маман емес адамдарға қолжетімді материал ұсыну талаптарына сай ғылыми мақала мен конференция баяндамаларынан ерекшеленеді. Бұл ерекшелік ғылыми дискурс пен БАҚ дискурсының аражігін ашуға мүмкіндік туғызады. БАҚ дискурсында журналистер кәсіби саясаткерлер мен кәсіби емес бұқаралық аудитория арасында делдал ретінде әрекет етеді. Халық үкіметпен тікелей байланысқа түсе алмағандықтан, журналистер саясат пен саясаткерлер туралы қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ететін «ықпал етуші агент» қызметін атқарады.

Хандық дәуіріндегі, болмаса одан да ерте уақыттағы билік пен халық арасындағы байланыс көп жағдайда тікелей қарым-қатынастық жүйеде орын алған болса, қазіргі заманда саяси өмірдің ерекшелігі – саясаткерлердің тұрғындармен жүзбе-жүз байланыс орнату үшін залдар мен алаңдарға жинаудың мүмкіндігі азайды, енді мұны жүзеге асыру бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысына айналды.

Жоғарыдағы тұжырымнан автоматты түрде «саясаткер баспасөзде, радиода немесе теледидарда қаншалықты дәрежеде медиа дискурстың аясында сөйлейді?» – деген сұрақ туындауы шарт. Жауабы минималды түрде. Бұл жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі бір-бірінен алшақ саясаткер мен аудитория арасындағы байланысты қамтамасыз ететін дәнекерлеуші құрал ғана болмақ. Бұл сұхбат немесе әңгіме болмағандықтан, саясаткердің жеке монологы секілді жүргізіліп журналистің дискурсқа қатысы нөлмен тең болмақ. Кезекті саясаткерге қажетті жалғыз міндет – жариядан тыс жағдайда баспа құралдарын, телеарналарды немесе радио желілерін таңдау. Бұның да өзіндік қажеттіліктері бар. Әдетте көрермендер белгілі бір бұқаралық ақпарат құралдарының саяси бағытын, көзқарастары мен қалауларын білетіндіктен, осы газет немесе телеарнадағы жарияланған алдыңғы мәліметтер аудиторияның жадында ақпарат болып сақталып, саясаткердің жасаған мәлімдемесіне белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, саяси дискурстың шекарасын анықтауда бұқаралық ақпарат құралдарындағы саясатқа қатысты саясаткер авторы болған немесе саясаткерге бағытталған кез келген материалды саяси дискурстың саласына жатқызуымыз керек. Осы орайда болашақтағы зерттеу жұмысымыздың негізгі зерттеу тәсілі ретінде біз медиалық дискурсты да пайдаланатын боламыз.

Зерттеу жұмысымызға қажетті тәсілдердің бірі – жарнамалық дискурс. Жарнамалық дискурстың функциясы, негізгі атқаратын қызметі ынталандыру арқылы әрекет ету, тұрақты түрде қайталау арқылы ақпаратты жеткізуінен байқауға болады. Бұл тәсілдің біріншісі – мақсаты қажеттілікті анықтап, сату жолдарын қалыптастыратын коммерциялық жарнамалар, екіншісі – саяси және әлеуметтік құндылық қатынастарын реттеуге бағытталған коммерциялық емес жарнама. Бұл арада қандай да бір қайраткердің немесе

ұжымдардың белгілі бір имиджін қалыптастыру және оларға қатысты пікірлерді тұрақтандыру мақсатында жүзеге асады.

Жарнамалық дискурстың негізгі принципі:

- жарнаманың тақырыбын ұсыну;
- оның үздік сипаттамаларын көрсету;
- қабылдаушы тараптың позитивті көзқарасын туғызу.

Жефкинстің пікірінше жарнаманың ақпараттандыру және әсер ету деген негізгі екі қызметі бар [20]. Саяси жарнамада саяси тұжырымдарды насихаттау ауызша баяндамалар, көпшілікпен тілдесу және пікірталастар арқылы жүргізілсе, жазбаша түрде үгіт-насихат, саяси бағдарламалар, үнпарақтар, плакаттар, банерлер арқылы жүзеге асады. Насихаттың негізгі құралы аргументтерді, фактлерді қолданады. Ал үгіт-насихаттағы негізгі тәсілдері тақырыптың аясын тарылту, мәселенің көрінісін жеңілдету, түйінді сөздерді қолдану, қарапайым, бірақ образды бейнелеу, ұрандату және жиі қайталау [21].

Дискурс түрлерінің ішінде үлкен саласының бірі – діни дискурс. Атқаратын қызметіне қарағанда діни дискурс саяси дискурсқа жақын. Діни дискурста жарнамалық дискурс сияқты ұсыныс та айтылады, психологияда белгілі бір әрекеттер мен шарттар қою мүмкіндігі де бар. Діни-уағыздың іске асу жолында үгіт-насихат айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Діни байланыстың негізгі функциясы сенімді біріктіру, бұл тоталитарлық қоғамның саяси дискурсын жақсартуға тиімді. М.Эдельман К.Берктің тұжырымын негізге ала отырып, саяси риториканы «зайырлы мінәжат» (*secular prayer*) деп атауы бекер емес [22, р.33]. Анығын айтқанда, діни дискурс пен саяси дискурстың түйісу нүктесі – сөз сиқырына сендіру, құдай мен лидердің рөлін анықтау, қарым-қатынасты рәсімдеу. Мақсаттық тұрғыда екі басқа мән үстейтін дискурс түрлерінің атқаратын амалдары сәйкес келіп жатады. Мақсат жолында кейде саяси дискурс пен діни дискурс бір-бірімен тығыз байланыста да болады.

Саяси сөйлеу тілі көп жағдайда уәде ету тілі болып саналады. Сол секілді уағызшылар да өзіне иланушыларға бейбітшілік пен жалпыға ортақ жайлы жағдай болатынын уәде етеді. Назар аударатын тағы бір жайт патша немесе құдайға сену ешқандай талқылаусыз, сыни көзқарассыз, беделіне илану арқылы қабылданады. Бұндай жағдайда саяси ұрандар саяси діннің ықпалы арқылы постулатқа айналады.

Ұрандар мен үндеулер, сондай-ақ дұғалар мен әндерді ұжымдық орындау қажетті тілдік шындықты құрудың тиімді құралы болып табылады. «Арнайы құрылған мәтіндерді айту арқылы, мысалы, құнды ұғымдар көбейтілген жиілікте кездесетін болса, аудиторияның түрлі эмоционалды жағдайларына қол жеткізуге болады – тынышталудан бастап, толқу мен агрессивтілікке дейін» [23, р. 214], Ключаревтің пікіріне иек арта отырып жұмысымыздың алдағы бөлімдерінде кең көлемде талдаулар жүргізетін боламыз.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – жоғарыда айтқанымыздай саяси дискурс пен поэтикалық (әдеби) дискурстың түйісер тұсын анықтау. Мемуарлар, деректі проза, панфлет, поэзия, кейбір фольклорлық жанрлар т.б.

көптеген түрлерінде көркем дискурс пен саяси дискурс арасындағы байланысын көре аламыз.

Көркем дискурсқа берілген түрлі анықтамалардың ішінде әлем ғалымдарының пікірін негізге ала отырып қысқаша, нақты анықтама берген «Әдебиет құралдары, терминдер және элементтер» (Literary Devices, Terms and Elements) парақшасы.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, коммуникациядағы кез келген актыны дискурстың мысалы етіп алып, көркем дискурсты үлкен төрт түрге бөліп қарастыруға болады. Олар – аргументті, баяндау, сипаттау және экспозициялық. Көптеген коммуникациялық актілерде аталған осы төрт түр жиі көзге түседі.

Аргумент: аргументті дискурс – жазушы немесе баяндаушы белгілі бір дәлелдерді пайдалану арқылы өз аудиториясын сендіре білетін байланыс нысаны.

Аргументтік дискурстың мысалы ретінде дәрістер (лекция), эсселер, прозаларды аламыз.

Баяндау: Бұл – эмоцияны көрсете отырып, бар болмысымен ақтарыла баяндайтын, оқиғаға сүйене отырып жеткізетін, фольклормен, драмалық құрал ретіндегі коммуникацияның бір түрі.

Баяндамалар, әңгімелер, фольклорлық шығармалар нарративтік дискурстың мысалдары болып саналады.

Сипаттау: Бұл – бес сезім жүйесіне сүйене отырып, аудиторияға бір нәрсені көз алдына келтіру арқылы жеткізетін коммуникацияның түрі.

Экспозиция: Дискурстың бұл түрі – сендіру немесе эмоциясын көрсету емес, информацияны бейтарап түрде аудиторияға жеткізу. Әртүрлі идея мен түсініктегі анықтамалар мен сипаттамалар экспозициялық дискурстың мысалы ретінде қарастырылады.

Әдебиеттанушы ғалымдардың енді бір тобы басқа қырынан зерттеуге тырысып, дискурсты үлкен үш түрге бөледі: Поэтикалық, экспрессивті, транзакциялық.

Экспрессив: Экспрессивті дискурс деп творчестволық еңбек болып саналатын, бірақ толыққанды көркем туынды емес әдеби жазбаларды айтамыз. Экспрессивтік дискурсқа мысал ретінде естеліктер, хаттар, онлайн жазбаларды айтуға болады.

Поэтикалық: Поэтикалық дискурс – қиял мен ойдың шексіздігіне иек артқан, барлық ішкі көңіл күйін көркем тілмен жеткізе білген туынды. Тұшымды сөздерді бойына сіңірген көркем туындылардың дені осы поэтикалық дискурсқа мысал бола алады. Романдар, поэзиялық шығармалар т.б. жатады.

Транзакциялы: Транзакциялық дискурстың негізгі мақсаты – айтылған ойды аудиторияға тура жеткізу. Ешқандай жанама мағына үстеуші қосымшаларды араластырмай айту. Бұл жерде айтылған әрбір сөз оқырманға түсінікті болуы шарт. Оған мысал ретінде түсініктемелер мен анықтамалар т.б. жатқызуға болады [24].

Поэтикалық шығарманы зерттеудегі дискурстік көзқарас көркем мәтіннің жаңа өлшемін ашады, өйткені оның құрамына поэтикалық қарым-қатынас процесінің «автор» және «оқырман» компоненттері енеді. А.Н. Леонтьев шынайы өмірде заттардың нақтылығы санадағы бейненің жемісінен емес, оның басқа заттармен байланысы арқылы туындайтындығын айтады [25, с. 257]. Сананың қалыптастыру және қабылдау белсенділігін ескергенде поэтикалық шығарма эстетикалық объектінің тұтастығын қалпына келтіреді, автор мен реципиент арасындағы көркемдік-эстетикалық қарым-қатынас процесі ретінде әр оқырман мәтінге өз пікірін қоса алады.

Поэтикалық дискурс – бұл поэтикалық қарым-қатынас процесінің материалдық және мақсаттық әлеуметтік әрекет ретінде бекітілуі. Көркем мәтінге мұндай көзқарасты Л.С.Выготский ұсынды. Оның айтуынша, өнер – бұл әлеуметтік әрекет, сезімнің әлеуметтік әдісі, қоғамның құралы, біздің өмір шеңберіндегі ең жақын және құпия жақтарымыз өнер арқылы қамтылады [26]. Әуелде ішкі жан дүниенде ғана бұлқынған ой өнер туындысы арқылы жалпыға ортақ болады.

Өнер туындысын әлемдегі әлеуметтік әрекет ретінде қарастыру көркем дискурстың әртүрлі зерттеулерінде көрініс табады. Поэтикалық дискурстың анықтамалары мен зерттеулерінде дискурс мәдени, психологиялық факторлармен байланыста сөйлеуді құрудағы күрделі процестің көрінісі ретінде қарастырылады.

Шынында да, поэтикалық дискурс – бұл дискурстың жеке түрі, ол – өзін-өзі танытуға бағытталған автордың ниеті. Мәтін құрылған кезде автордың сана-сезімі бейнеленген шындықты символдық құралдардың көмегімен қайталамайды, бірақ тақырыптар үшін маңызы бар белгілерге ерекше назар аударады және оларды шындықтың жалпылама тамаша модельдеріне айналдырады. Бұл процесс ойды немесе ақпаратты жеткізуге емес, автордың өз ниетін білдіруге деген ынтасынан басталады. Осы тұрғыда В.Гумбольдт ақынның жан-жақты шектеулерден шығудың мақсаты арқылы шектеусіз және шексіз әрекеттерді орындап, жеке образ арқылы идеяның қажеттіліктерін қанағаттандыру, құбылыстардың бүкіл әлемін ашу екенін айтады [27].

Көркем дискурстың мәнін ашудағы негізгі мақсатымыз – мемлекет пен авторлық шеберліктің призмасы арқылы шындықты этикалық түрде өзгертуге қабілетті, біртұтас субъектілер немесе жекелеген тақырыптар арқылы құрылған поэтикалық мәтін түріндегі әлеуметтік, тарихи және мәдени процестердің нәтижесінде жүзеге асатын біртұтас атқарушы жүйе екендігін көрсету. Мұның бәрі тыңдаушы немесе оқырманның құндылық жүйесіне сәйкес қалыптасқан мәні бар оқиғалық, әлеуметтік, психологиялық, бейнелілік және поэтикалық ақпараттарға ие поэтикалық мәтіндер түрінде жүзеге асады.

Еңбегімізде қаралып отырған поэтикалық дискурстың басқа да дискурс түрлерінен ерекшеленетін негізгі сипатының бірі поэтикалық дискурс тілдің шұрайлылығын жүзеге асырудан тұратын, яғни қабылдаушыға психофизиологиялық әсер ететін тілдің ең көркем байланыстарын арнайы қамтиды. Ақырында поэтикалық дискурс нақты оқырман мен жасырын автор, жасырын оқырман мен нақты автор арасындағы ерекше, терең жан ұғысуынан

құралған табиғаттың коммуникативті байланыстарының болуымен сипатталады; ақпараттарды ұсыну формасы, мұнда ақпаратты беру де, түсіндіру де ерекше сипатталады: рухани қарым-қатынас қажеттілігіне ұқсас бірнеше рет оқу және есте сақтау қажеттілігі; поэтикалық дискурстың басқа түрлерінен сөйлеуінің мазмұны жағынан да, ақпарат берілу жағынан да ерекшеленеді. Осылайша анықталған антропологиялық дәстүр поэтикалық дискурсқа тән.

Поэтикалық дискурстағы мәтініне байланысты жазушы және оқырман бірлігі пайда болады. Оларды әлемдік танымда Homo poeticus (поэтикалық адам) деп қарастырады. Яғни көркем мәтін адамы және көркем мәтінге мұқтаж адам. Қазіргі тіл білімі тұрғысынан алғанда Homo poeticus поэтикалық тілдік тұлға ретінде анықталған. Жазушы мен оқырман арасындағы байланыс рухани айна секілді, жан дүниесін көре алады. Айналасын дискурспен қоршаған поэтикалық тұжырымдама айтылу мен қабылдаудың санадағы болжамын, жалпы танымдық негіздегі қарым-қатынастың толыққанды процесін қамтамасыз етеді.

Жоғарыдағы анықтамалардан шығатын түйінде көркем дискурстың негізгі функциясы жеке ойдың жемісінде өзін-өзі көрсету болмақ. Саясат саласымен байланыста болған көркем дискурс саясаттың тапсырыстарымен әлеуметтік мүдденің қызметін атқаруға ат салысады. Ондай туындылар қолданыстағы стереотиптерді бекітуге немесе жоюға, әлеуметтік-саяси мифтердің пайда болуына немесе жаңғыруына, өткенді қазіргі заманға сай интерпретациялау немесе ойды нанымды жеткізуге әсер етеді. Саяси аренада көркем дискурс оппоненттермен есеп айырысу функциясын орындай алады.

Саяси сахнада жүрген немесе сахнадан кеткен саясаткерлердің естеліктері, солар хақында жазылған естеліктер, көркем шығармалар бұқаралық аудиторияға жаппай тараса әрекет етуші саясаткерлердің қоғамдағы беделіне біршама әсер етуі мүмкін. Жағымды-жағымсыз пікірлер саясаткерлердің рейтингісінің жоғарылауына немесе төмендеуіне тікелей қатысы бары анық. Бұндай нәтижелер саясаткерлердің кезекті сайлауына, жұрт алдындағы имиджіне жанама әсер етеді.

Фольклордың бір пұшпағы саналатын саяси карикатуралар, пародиялар, әзілдер, анекдоттар жағымды-жағымсыз пікірлердің көбігін ала отырып, саяси өмірдің дискурсына енеді және биліктің ресми дискурсына қатысты айтылған шымшыма сөздер, сын ойлар тепе-теңдік сақтаушы рөл атқарады.

Көркемдік дискурс пен саяси дискурсты өзара байланыстыратын тағы бір арна әлемнің құнды бейнесін қалыптастыру мақсатында саясатқа тікелей қатысы жоқ әдеби көркем туындыны идеологияның мүддесі үшін әдейі насихаттау немесе қасақана бұрмалау. Мәселен, ХХ ғасырдың бірінші жартысында Германияда фольклорды фашистік дүниетанымды халықтың санасына енгізу құралы ретінде қолданса, Кеңес үкіметі құрамындағы елдердің тарихын бұрмалап, әдебиетін цензураның аясында ғана жазуды талап ете отырып, ұлттық құндылықтарынан ажыратудың құралын жасамақ болды.

Жалпы, саяси көзқарастар мен әрекеттерге тікелей әсер ететін үгіт-насихаттан көркем дискурстың айырмашылығы эстетикалық әсер арқылы

саяси сана, саяси қалаулар мен пікірлердің қалыптасуына ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

1.2 Әдебиеттанудағы нарратив теориясы және нарративтік талдау

Қазіргі заманғы ғылыми көзқарастың негізінде қарасақ көп жағдайда баяндау дискурсының фонемендерін қамтитын нарратология – гуманитарлық ғылымның бір саласы. Жалпы нарратология ғылымының тарихына көз жүгіртсек бірнеше деректерді кезіктіреміз. Бұл нарратологияның дамуына, жаңаша ой қортуға мүмкіндік туғызады.

Х.Миллердің пікірінше, нарратологияның пайда болуына:

Орыс формалистерінің теориялары,

Диалогтік теория (М.М.Бахтин),

Жаңа сын теориясы (Р.П.Блэкмэр),

Неоаристотелдік теориялар (Чикаго мектебі: Р.С.Грейн, В.Бут),

Психоаналитикалық теориялар,

Герменефтикалық және феноменологиялық теориялар (Р.Ингарден, П.Рикер, Ж.Пуле),

Құрылымдық, семионтикалық теориялар (К.Леви-Стросс, Р.Барт, Цв.Тодоров, А.Греймас, Ж.Женетт, Х.Уайт),

Маркстік және социологиялық теориялар (Ф. Джеймисон),

Оқырманның қабылдау теориясы (В. Изер, Х.Р. Яусс),

Постструктуралистік және деконструктивистік теориялар (Ж.Деррида, П. де Ман) [28] әсер етті деген анықтама береді.

Г.Россхольм мен К.Жохансонның мақаласында: «Нарратология» терминін Тодоров 1969 жылы ұсынды және француз структурализм класиктері Р.Барт, А.Греймас, К.Бремон, Ж.Женетт, Тодоров кейінгі онжылдықта нарратив теориясы бойынша іргелі еңбектер жазды. Бірақ нарратология бұдан да ертерек 1966 жылы Р.Барттың «Баяндау мәтіндерін құрылымдық талдауға кіріспе» және Греймастың «Құрылымдық семантика» еңбектерінде айтылды. Және бұл жұмыстар орыс формализмдерінде және Соссюр мен Луи Йельмсле семиологиясында белгілі мәнге ие» деп жазады [29].

Нарратологияның тамырын тереңнен іздеген ғалымдар түрлі-түрлі пікірлер ұсынған. В.Шмид нарратологияның бастауын К.Фридеманның 1910 жылы жарық көрген «Эпикадағы баяндаушының рөлі» атты еңбегінен іздейді [30, с. 12]. Ал К.Мейстер болса нарратологияның қайнарын Платон заманына апарды. Ол өзінің «Нарратологияның анықтамалығы» мақаласында Платонның «Мемлекет» трактатына үңіліп, нарратологиялық теорияларға шолу жасайды. Онда мимесис пен диегезис арасындағы айырмашылық сөз етіледі. Мақалада: «Платонның пікірінше, лирикалық жанрда диегезисті, ал драмалық жанр мимесисті қолданумен ғана шектеледі, тек эпикалық жанрда екеуі бірігеді. Бұл екі негізгі әңгімелеу режимдеріндегі басты айырмашылық» [31, р. 176]. Мейстердің тұжырымының жаны бар, диегезистік және мимесистік тәсілдерді нарратологияның негізгі құралдарының біріне жатқызсақ, онда нарративтің тамыры ертеден бастау алғанына көз жеткіземіз.

Ғалымдардың қызығушылығын аударған термин ХХ ғасырдың 90 жылдарында тың серпін алды. Оны гуманитарлық ғылымда «нарративтік бұрылыс» деп те атайды. Сол уақытта нарративке көптеген ғылым салаларының – гуманитарлық, әлеуметтік, тіпті жаратылыстану

ғылымдарының да назары түсті. Нарративті талдаудың аясы кеңейіп көркем мәтіндерді қарастырумен ғана тоқтамай, баяндаудың басқа да салаларын зерттей бастады. Нарратив өзге де ғылым салаларының зерттеу құралына айналуы оның жан-жақты тануға жол ашты.

Зерттеушілер нарративтік тәсілдің кең қанат жаюын, танымалдылығын жаңа ғылыми парадигма құруға және постпозитивтік әдісті одан әрі жетілдіруге ниеттілігімен түсіндіреді. «Гуманитарлық ғылымдардың нарративке деген тың көзқараста қызығушылықпен қарауы әңгімелеудің жазбаша немесе ауызша функциясында болсын табиғаттың өмір сүру шарттарымен астасқан психологиялық, лингвистикалық, философиялық талпыныстардың негізін құрайды» [32, с. 32]. Яғни нарративтік тәсілдің негізгі қайнары, түптеп келгенде, табиғаттан алшақтай алмайды. Кез келген баяндау, қабылдау түйсігі адам жаратылысымен тікелей байланысты болғандықтан, баяндау тәсілінің жүзеге асуы да табиғи шкаладан өзгеше көрсеткіш көрсете алмайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, ХХ ғасырдың 90 жылдарындағы «Нарративтік бұрылыстан» кейін нарратив көптеген гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысанына айналды. «Повест теориясының роутерлік энциклопедиясында» көрсеткендей, нарративке «процестерге және өзгерістерге уақыт шеңберінде бейімделетін адам мінез-құлқының негізгі стратегиясы, шындық құбылыстарды түсіндірудің ғылыми әдістерінен кем түспейтін стратегия» [33, с. 40] деген анықтама беруге болады. Демек, нарратив адам болмысына тікелей қатысты. Сонымен қатар пәнаралық байланыстарда нарратив теориясын түсіндірудің шектеуі мүлде болмауы керек. Себебі Б.Ричардтың оқиғаға байланысты «narrative is everywhere» (нарратив барлығында) деген анықтамасын негізге алсақ нарративтік тәсілде шекара болмайды.

Пәнаралық байланыс пен нарратологияның шығуына азкем мағұлмат бердік. Ендігі жұмысымызы әдебиеттің негізгі өзегіне аударсақ, нарратологияның дәстүрлі әңгімелеу поэтикасын қандай айырмашылығы бар деген сұрақ туындары заңдылық. Салыстырмалы түрде алғанда әуелгі айырмашылық бұл пәннің негізгі зерттеу ерекшелігі нарративтің болуында. Шмид нарратологияның мақсатын тұжырымдауда «Дәстүрлі типологиядан айырмашылығы роман немесе әңгімеге азды-көпті байланысып көркем әдебиетпен шектелген нарратология... кез келген жұмыстағы кез келген баяндаудың функциясы бар жұмыстардағы «нарративтің» құрылымын ашуға тырысады» [30, с. 8].

Танымал ғалымдардың тұжырымдарын қорытып, електен өткізе келе С.Онейге мен Ж.Ланд нарративке мынандай анықтама береді: «Нарратив – бұл уақытша немесе тұрақты мағыналық байланысы бар бірқатар оқиғалардың семионтикалық көрінісі. Геологиялық тарих туралы фильмдер, пьесалар, комикстер, романдар, күнделіктер, кинохроника, ғылыми жұмыстар кең мағынадағы баяндауыштар. Сондықтан нарратив көптеген семионтикалық медианы: жазбаша немесе ауыз екі сөйлеу тілін, көрнекі суреттер, ым-ишара мен қимыл және осылардың жиынтығын қолдана отырып жазуы мүмкін.

Нарратив – экспериментке көзқарас пен преспективаны қолданудың кең таралған тәсілдерінің бірі» [34, р. 5]. Бұл анықтамаға жүгінсек нарративтің масштабы кеңейіп, әңгімелеудің барлық саласы құрамына еніп кететіндігін байқаймыз. Әңгімелеу мен нарратив арасындағы айырмашылықты анықтау үшін «нарративтік» концепт пайда болды. Осы уақытқа дейінгі «нарративке» қатысты зерттеудің барлығы дерлік оның шекарасын анықтаумен айналысты. М.Риан нарративті мәтін түрлерін ажыратуға пайдалануды ұсынады (қарапайым, күрделі, бейнелі, аспаптық т.б.) [35], Б.Макхейл болса нарративтің қолданылуына қарай сюжетті және сюжетсіз туындыларды сипаттауға қолдануды ұсынады [36]. С.Чэтман болса нарративтік меже сөйлеу жанрын анықтайды деп нарративті «нарративтік мәтін түрлерін» және «нарративсіз мәтін түрлері» деп бөліп қарастырады [37]. Десек те, нарративтік категорияны қолдаушы теоретиктер дискурс объектісінің (сюжеттің, оқиғаның) аумағын ғана емес, сонымен қатар шешендіктегі баяндаушы мәтіндерді және оның қабылдау ерекшеліктерін сипаттайды (осының негізінде «нарративтену» термині пайда болады).

Нарративтегі сюжеттік-баяндаудың табиғатын түсіну үшін бізге белгілі екі концепт бар: біріншісі орыс формалистері ұсынған сюжет пен фабуланың дихатомиясы және француз структуралистерінде негізделген тарих пен дискурстың қарама-қайшылығы. Екі нұсқада теориялық модель құру үшін әлі күнге дейін қолданылады және олардың арасында әртүрлі қатынастар да бар. Мысалы, Дж.Каллер «әңгімелеу теориясы сюжет пен дискурсты фабула мен оны жеткізудің арасындағы айырмашылықты табуға міндетті» дейді. Тарих және дискурс ұғымының тұжырымы – сюжет пен фабуланың семантикасына жақындау немесе басқа мағыналық реңк жасау. С.Чэтман осы тұрғыда «жай айтқанда, тарих әңгімелеудің жемісі арқылы суреттеледі, ал дискурс – ол суреттеу» [37] деп жазады. В.Шмид «диегетикалық» және «бейдиегетикалық» деп нарративтің екі жағын қарастырады және баяндау әлемі мен баяндау әктісі тұжырымдамасына негізгі назарды аударады [30, с. 20].

Диегетикалық нарратор деп – өзін айтушы фигура ретінде көрсететін баяндаушыны айтамыз. Диегетикалық баяндаушы әңгімеде (негізгі субъекті ретінде) және баяндаудың тарихында (оның объектісі ретінде) пайда болады. Бейдиегезистік нарратор диегеттік фигура құсап өзін-өзі хабарламайды. Тек өзге фигуралар туралы айтады. Оның баяндау аймағы «экзегеситік» баяндау жоспарымен шектеледі.

Диегетикалық нарратор функционалдық тұрғыда баяндаушы «мен» және хабарлаушы «мен» деп екіге бөлінеді.

Ғылымның дамуы, нарратологияға да оң әсерін тигізіп, нарратологияда оқиғаларды әртүрлі қырынан тануға мүмкіндік ашатын сюжеттерді талдаудың көптеген түрлері пайда болды.

Құрылымдық нарратологияның негізі болған семионтикалық талдау сюжетті элементтердің жиынтығы ретінде емес, мәтіннің ішіндегі таңбаларға негізделген құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік берді. Семионтикада мәтіндер екі компонентті белгілер жүйесінен тұрады. Әуелгісіне синтаксис пен сөздердің құрылымы кірсе, кейінгісіне оның негізгі мағынасы жатады.

Нарративтік семионтикада әуелгісіне мәтіннің формасын жатқызсақ, мағыналық тереңдігіне жүйесін жатқызамыз. Нарративтік семионтикада осы екі көрсеткіш байланыса келе, көріністің құрылымы деген үшінші көрсеткіш пайда болады.

Формалистердің түсінігінде фабула – нақты немесе ойдан шығарылған оқиғалардан тұратын ойлар тізбегі. Сюжет – фабуланы мәтінде көрсету тәсілі. Толығырақ айтқанда, фабула мен сюжет «анонимдік» оқиғалардың, жеке жұмыстардың жазылуы мен оның баяндалуында өзара байланысты. Сюжет фабуланы жан-жақты дамытады, сондықтан оны анық байқауға болады. Көптеген нарратолог ғалымдар сюжет пен фабуланың дихотомиялық маңыздылығын мойындап, олардың шектеулеріне баса назар аударады. Осы тұрғыда бірқатар «шикі оқиғалар» жиынтығы, шешендік дискурстың аясынан тыс нарративтің ұғымын тарылтатынын байқайды. С.Н.Зенкиннің пікірінше, «Формалистер тарихи элементтерге нақты оқиғалар тізбегін орналастыру тәсілі ретінде сюжетті өте тар аяда – негізгі образда ғана түсіндірді» [38, с. 49]. В.Шмид сюжет пен фабула арасындағы айырмашылықты түсініп басқа мәселелерді көре білді. «Тәжірибе жүзінде анализдік талдауда дихотомияны қолдану қиын болды... Формалистердің радикалды антисубстанциализмнің ойлауы фабуланы көркемдік тұрғыдан көруге бөгет жасады» [30, с. 146].

Структуралистік нарратологияда фабула мен сюжет «тарих» және «дискурс» я болмаса «баяндау» және «дискурс» деген терминдермен алмастырылып әлдеқайда кең тұрғыда қаралды. Олардың қарышты дамуына формалистердің идеяларымен қатар, Аристотельден басталатын күллі Еуропа ғалымдарының сөз бен сюжет, сөйлеу мен тыңдау, мәтіндегі оқиғалардың үйлесімін ажырату дәстүрі әсер етті. Мысалы, Чэтман логос пен мифтерді тарих және дискурспен тікелей салыстырады [37]. Бұл арада «дискурс» терминінің екі мәнге де ие бола бастағанын көруге болады: ол мәтіндегі оқиғаларды риторикалық түрде жеткізумен де, сюжет элементтерінің фабулалық түрлерімен де байланысты.

Нарратология үшін Цв.Тодоровтың тезисі негізгі мәнге ие: «Жалпы деңгейде алсақ әдеби шығармалардың екі аспектісі бар: олар бір уақытта тарих та, дискурс та бола алады. Олар белгілі бір шындықтың бейнесін тудыру арқылы тарихи мәнге ие және сол уақытта шығарма дискурста болады. Бұл тұрғыда сипатталған оқиғалар емес, оны нарратордың бізге қалай таныстырғаны ескеріледі» [39, с. 331]. Р.Барт осы айырмашылықтан нарратордың беткі қабатын және терең деңгейін бөліп қарады. «Цв.Тодоров ресейлік формалистерге сүйене отырып іштей бөлуге болатын екі үлкен деңгейді ұсынады. Зерттеушілік әңгіме (әңгіме тақырыбы), оның ішіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттері, логикасы мен олардың арасындағы синтаксистік байланыстарды, баяндау уақыты, түрі мен көңіл-күйін болжайтын баяндау дискурсын зерттеуді ұсынды. Екінші, сюжетті түсінуде тек сюжеттің қалай өрбігенін байқап қана қоймай, баяндаушының қалыптастырған көлденең қосылыстарды вертикаль осіне салу керек. Сюжетті оқу немесе тыңдау – бұл алдыңғы сөздің екіншіге ауысуы ғана емес, сонымен қатар бір дейгейден екінші деңгейге өтуі» [40, с. 202].

Осы тұрғыдан структуралистер нарративті сюжетке де, әңгімелеуге де сәйкес келмейтін ұғым екенін негіз етіп алады. В.Шмидтің пікірінше, «француз структуралистері тарихты материал ретінде қарауды тоқтатты және оның көркемдік құндылығын тануды құптады» [30, с. 32]. Сонымен қатар дискурс тұжырымдамасы формалистер арасында сюжетке қарағанда кеңірек түсіндіріледі, олар оқиғаларды іріктеу және біріктіру идеяларын ғана емес, тарихтың баяндау тұрғысынан ұсыну идеясын, баяндаудың коммуникативтік бағытын мойындайды.

Бұл ретте нарративті тарихпен байланыстыра зерттеуде «тарихтың нарративтік философиясы» деген ұғымын да қолдануды жөн көрді, мұнда баяндау тарихи білімнің құрама элементі, уақытша (яғни тарих және әлеуметтік) тәжірибені тұжырымдаудың негізгі тәсілі, тарихи оқиғаларды түсінудің нұсқасы ретінде анықтама беріледі. Тарихи философияда да, структуралистік филологияда да дискурс пен тарихтың байланысын таңбалаушы және белгі беруші қатынас ретінде түсіндіріледі. М.Ян белгі беруші мен таңбалаушылық тәсілді нарративтік тұрғыдан «нарративтік мәтін үшін белгі берушіге – дискурс (көрсетілім режимі), таңбалаушыға – тарих (оқиғалар реті)» деп түсіндіреді.

Дискурс пен баяндаудың форма мен мазмұн концептісіне сәйкес риторикалық еңбектің зерттеушілері: «Әңгімелеудің белгісі баяндау түрі мен баяндаудың мазмұнына қарай құрылады, бұларды қысқаша жеткізу үшін біз дискурс пен баяндауды қолданамыз» [41, с. 301-302] дейді. Мұндай ұғымда нарратив коммуникацияның семиотикалық тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Бірқатар нарратологтар дискурс пен тарихты дискурс нарративтен көп айырмашылық жоқ деп танып, оларды баяндау жұмысында семиотикалық қана емес, эстетикалық қарым-қатынаста болатындығын атап өтеді. Сондықтан көптеген нарративтік тұжырымдамаларда нарративтің деңгейіне қатысты пікір қайшылықтары ұшырасуда. Мысалы, М.Л.Райан нарративтің негізгі қағидалары тарихпен байланысты (нарратив те «не?») деген сұраққа жауап берсе) және дискурсмен байланысты (немесе нарративтің мазмұнын көрсетудің жолы) деп екі үлкен топқа бөліп қарастырады [35, с. 34]. Ф.Кремоудтың пікірінше, тарихи нарратив әрқашан нарративтік дискурсмен тоқайласып отырады. Сюжетте бейнарративтік элементтер мен нарративтік мәтіндердің қарама-қайшылықтарын ажыратуға түсініктеме керектігін баса айтады. Дегенмен бұл әдісті көп жағдайда тәжірибелік әңгімелерде қолданады.

Сюжет пен дискурс арасындағы дихотомиялық байланысты ашуда постструктуралистік нарратологияда дискурс элементтерінің құнын анықтайтын терминдер пайда болды: «сюжеттік хаттар», «сюжеттік әңгімелер», «оқиғаны баяндау», «кейіпкер бейнесі және нарратор». Бұл тәсілдер тарихи уақыт пен кеңістікті (суреттелген әлемнің мекеншәк координатасы), баяндаудағы уақыт пен кеңістіктен (баяндаушының орналасқан жері мен әңгімелеу уақытының ұзақтығын) айырмашылығын ажыратуға мүмкіндік туғызады.

Ж.Женетт өзінің «Баяндаудың шекарасы» атты еңбегінде реалды көзқараста дискурс пен баяндау бір-біріне сәйкес өмір сүре алмайтындығын атап

өтеді. «Дискурста қай кезде болмасын белгілі бір мөлшерде баяндау бар, ал баяндауда дискурсивтіліктің нышаны кездеседі» [42, с. 296] деген пікір білдіреді. Яғни нарратив пен дискурс әрқашана бір-бірімен тығыз байланыста болады. Десек те, кейбір теоретиктер тарих пен дискурс теориясы арасында қайшылық болуы мүмкін дегенді талқылайды.

Белгілі ғалым Анкресмит тарихи мәнге тоқтала келе, «тарихи нарратив деген өткенге интерпретация жасау» дейді. Демек, өткенге интерпретация жасауда нарратив өткенді көрудің жолы болмақ. Бұл арада нарратив өткен шақты қайта жасамайды, оның моделі мен образын жаңғырту арқылы іске асады. Жоғарыда айтқанымыздай, нарратив пен дискурс бірінсіз-бірі болмайды деген қағидаға сүйенсек, тарихи баяндауда дискурстың да белгілі қызметі барына көз жеткіземіз.

Психологиялық тұрғыдан қарағанда тарихи нарративтің ерекшелігі – тарихи шындықты әскери күшпен немесе экономикамен емес, ойлау мәдениеті арқылы қалыптастыруда. Өзгенің өзгеруін қалайтын болсаң, алдымен өзінді өзгерту керектігі бесенеден белгілі тәмсіл. Дегенмен бұл әлемдік ұйытқының қайнары екендігін әлі де жете түсіне берген жоқпыз.

Ойлау мәдениетпен қатысты үш деңгейден тұрады.

Жалпы логикалық (ұғымдар, идеялар және оның байланысы)

Этикалық, адамгершілік (құндылықтар мен мұраттар)

Практикалық (білім мен идеяны тәжірибеде қолдану)

Бірінші деңгейде құндылықтар мен тәжірибені оңтайлы түрде ұсыну. Екінші, логикалық және практикалық деңгейлердің арасын біріктіріп тұжырымды құндылықтар арқылы қалыптастыру. Үшінші идеялар мен құндылықтарды тәжірибеде қолдана білу.

Нарратив аргументтік әдіс ретінде.

Нарративті аргументтік әдісі ретінде түсіну үшін қазіргі заманғы риториканың мәліметтеріне жүгіну керек. Жалпы риторикада бұл композициялық сөйлеу формасы дәлелдеу формасы ретінде, аудиторияның келісіміне қол жеткізудің құралы ретінде қарастырылады; жеке риторика баяндау жанрларын зерттейді. Баяндау мен сипаттау (бірге тұжырым жасайды) фактілерді келтіреді (нақты немесе жалған мысалдар) және риторикада дәстүрлі түрде ең күшті және сенімді дәлелдерді ұстанады.

Баяндау – ғылымда ауызша образ, белгілі бір дәйектілікке құрылған нақты фактіні құрайтын өзара байланысты оқиғалар туралы әңгіме ретінде анықталған. Сипаттамасы – «құрылымы немесе орналасуы тұрғысынан ой объектісінің ауызша бейнесі».

Баяндауда оқиғаның бейнесі шындықтың белгілі бір бөлігін (нақты немесе ойдан шығарылған) жекелеген атомдық оқиғаларға бөлу арқылы жасалады. Валковтың пікірінше, «баяндау оқиға бейнесі шексіз бөліктерге бөлінуі мүмкін, бірақ негізгі мәтінде оның бірнешеуі ғана енеді. Оқырман үшін бұндай байланыстан ешқандай жасандылық сезілмейді және ойдың шексіздіктің бөлшегі екені аңғарылмай да қалады» [43, с. 244]. Яғни автор негізгі бір тұжырымға сай, сөйлеу тақырыбының мәнін аша алатын оқиғалар

мен фактілерді таңдап алады. Мұнда шынайы деректерді жинауда субъективтік сұрыптаудан өтетіндігін ескерген абзал.

Субъективтік сұрыптауда негізгі мәселе шындық элементтерді бөлуде, таңдауда субъективтілік баяндауды эристикаға (сөз таласу, дау туғызу) айналдырары анық.

Сюжеттің көмегімен оқиғаның мәнін ашу, сонымен қатар тектік-түрлік қатынастарындағы, тұтастай және бөлшектік қатынастарындағы көркемдік бөлшектер сөйлеу тақырыбының белгілі бір бейнесін жасайтын көркем метаформа. Бұл арада нарратив метафоралық сипатта болып, миф түзуге мүмкіндік жасайды.

Ауызша баяндалған субъективтілік мынандай факторлар арқылы байланысады:

Біріншіден, тұтасымен алғанда жеке стиль, яғни мәтіннің жеке семантикасы мен прагматикасын құрайтын тілдік элементтерді таңдау және байланыстыру.

Екіншіден, преспективтік сипаттау. «Сипаттамада баяндаушы мен тыңдаушы бір уақытта белгіленген тақырыпты бірге қарастыратын болады. Сипаттау кезінде әңгіме ауаны болған орын (перспектива) өзгеріске түсуі мүмкін, бірақ баяндамашы мен тыңдаушы бірлігі сақталады. Суреттеу өнері осы біртұтастықты сақтаудан тұрады» [44, с. 210].

Үшіншіден, негізгі мән баяндаушының етістікті қолдануына байланысты. Сөйлемнің семантикалық құрылысы сөйлемнің айтылу мен тәуелді мүшелерінің арасындағы семантикалық байланыс арқылы қалыптасады. «Әңгіме бірінші жақтан немесе екінші-үшінші жақтан жасалады, дауыстың грамматикалық категориялары арқылы сөйлеушінің сөйлеу тақырыбына қатысын, бірізділігін, шындық пен әрекет ету мүмкіндіктерін ашады. Мәтіндегі бұл грамматикалық және лексикалық байланыстар баяндаушының біртұтастығын, анықтық пен нақтылығын тудырады» [43, с. 243]. Сипаттама – анықтаманың кеңейтілген түрі. Мағыналық құрылым тектен және түрдің ерекше белгілерін көрсетуден тұрады. Сонымен қатар тілдік суреттеу тұрғысынан «сипаттау элементтерінің вербальды сипаттамалары таңдалады, бұл ретте негізгі салмақ эпитеттер мен әрекеттерге түседі. Эпитеттер нақты визуалды образдар мен эмоцияны құруы керек» [43, с. 251].

Баяндаудың оңтайлы жүзеге асуы көп жағдайда көрсетілген белгілерге байланысты: дексикс пен модальділік аудиторияны сөзбен бөліп көрсетуге және біріктіруге негіз болып табылады, сонымен қатар бүкіл сөйлемнің мағыналық ұйымдастырушыларының құралы болып есептеледі. Олардың шекаралары сөзде көрсетілген әрекеттің бірлігімен анықталады.

Баяндау сөздің формасын реттейді: Ю.В.Рожественский диалогтағы репликаларды өзгерту туралы мәселені сөйлеудің модальдік типологиясына қарай отырып, сөздердің үш негізгі түрін анықтайды: ынталандыру, сұрақ және баяндау. Сонымен қатар ол кез келген мәтіннің қайта айтылуы оның баяндалуына әкелетіндігін айтады, өйткені қайталау кезінде мәтіндегі нақты айтушы тұлға жойылады. «Кез келген байланыстың ұзаққа созылуы, сөйлеудің барлық түрлері баяндау формасына ауыса бастайды. Сонымен, сұрақ пен

талқылаудың ұтымды жауабының бірі баяндаудың өзегі бола алады. Әңгіме баяндауыштық формада кез келген жауапты тудыруы мүмкін» [45] демек, баяндауыш сөйлеудің басым түрі болмақ.

Баяндауыштық форманы тәжірибе жүзінде сөйлемнің барлық тектері мен түрлерінен кезіктіруге болады: анекдоттан бастап тарихи, ғылыми әңгімелеуде, бұқаралық коммуникациялық мәтіндерде, тіпті банкноттардың да баяндау элементтері бар.

Сөйлеудің тектері мен түрлеріне тән әңгімелік жанрлардың толық классификациясын беру ерекше көзқарас пен жеке қарастыруды талап етеді. Оларға азкем тоқталатын болсақ. Ауызекі сөйлеуге: хабарламалар, өмір туралы әңгімелер, кешірім сұрау, хабарландырулар, анекдоттар, ертегілер, эпикалық жырлар, астарлы әңгімелер, аңыздар мен эпсаналар, шешендік өнердің алуан түрлері, сахналық сөйлеу (драма, комедия, эстрадалық сөйлеу жанры) жатады.

Баспасөздік сөздерге: жазбалар, хаттар, баяндамалар, хаттамалар, шежірелер, аңыздар. Көркем сөздерге: әдеби көркем жанрлар (әңгіме, повесть, роман), журналистік жанрлар (репортаж, эссе, мақала, фельетон) ғылыми жанрлар (ғылыми хаттар, тарихи туындылар). Бұқаралық ақпарат құралдарындағы, бұқаралық жарнамаларда және көпшілік алдындағы мәдениеттік баяндау формаларын жатқызуға болады.

Топтық қарым-қатынастағы баяндауыш формасы: Көпшілікке ағымдағы оқиғалар туралы ақпарат жеткізуде баяндаудың арнайы мәтіндері бар. Мәселен, жаңалықты жеткізуші нарративтің қалыптасқан ережесі бар, оның бастауы, ортасы, қорытындысы арнайы белгіленген сценарийге сәйкес дәйекті түрде жүргізіледі [46]. Мұнда әр эпизодтың уақыты да есептелінген. Кез келген БАҚ-тың қандай да бір шығармашылығы жиналған хабарлар жиынтығы болып саналады. Бұны колледж мәтін деп те атайды. Синхронды оқиғалардан тұратын мұндай мәтіндер әлемнің біртұтас ұқсас бейнесін жасайды.

Әр БАҚ-тың оқиғаларды таңдап, сұрыптап, өздерінің ұстанымдарына сай, көзқарастарына сәйкес келетін ақпаратты жинақтап немесе соған икемдеп жасауына қарай әлемнің бейнесі қалыптасады. «Хабарларды таңдау, оларға түсініктеме беру және қосымша жарнамалау БАҚ-тың құзырында. Бұл басқару әкімшілік, қаржылық немесе коммерциялық болуы мүмкін» [45, с. 370] БАҚ-тың шығарылымы мен бағдарламаларды сатудан түскен пайда – коммерциялық пайда. Пайдаға жұмыс жасаған БАҚ-тың ұстанымдары ауыспалы болып келеді. Әкімшілік немесе қаржылық БАҚ көп жағдайда бір бағыттың мүддесін орындайды. Хабарламаларды іріктеу, түсініктеме беру және оларға қосымша жарнама беру әлемге белгілі көзқарас – әлемнің метафоралық бейнесін құрайды. Бұл аудитория үшін мифке айналуы керек.

Қазіргі уақыттағы баяндау формасының кеңінен қолданатын жалпылама ақпараттық байланыс – қоғаммен байланыс орнату. Ақпараттық ғасырдың шешендік өнерінің формаларын сипаттайтын Ю.В.Рожественский: «Жалпыға ортақ қатынастар орната білу үшін риторикалы әрекеттер қажет. Ғалымдар бұл ұғымды табиғи түрде жарнама (advertisement) мен мемлекеттік

басқару (public administration) арқылы түсіндіреді. Қоғамдық қатынастар қазіргі сөйлеу әрекетінің негізгі нүктесін құрайды. Әлемдік қауымдастықты сөйлеушілердің негізгі құрамын БАҚ, ақпарат таратушы және қоғаммен байланыс орнатушы қызметкерлер құрайды. Риторикалым мазмұндағы іс шараларды арнайы риторикалық мамандар жоспарлайды және БАҚ құралдары мен әдебиеттің барлық түрлеріне ықпал ете отырып ауызша, жазбаша және баспасөзде жүзеге асырылады» [45, с. 376-377].

Қоғамдық қатынастардың жалпы мақсаты – тың үгіт-насихатты жүзеге асыру. Ұсынылған ойдың ішкі және сыртқы жағдайларда пайдалы, қолайлы екендігіне аудиторияны сендіре білу. Басқару ортасында (ішкі қоғамдық қатынастар) негізгі аудитория өз қызметкерлері болып саналады. Қоғаммен байланыс орнатуды ұтымды жүзеге асыруға қызметкерлерді ынталандыра отырып, арнайы жобаның идеологиясы бойынша тренингтер өткізеді. Басқару ортасынан тыс (сыртқы қоғамдық қатынасты) үгіт-насихат адамдардың әртүрлі санаттарына қарай (билік, қоғамдық ұйымдар, қоғам, компаниялар, инвесторлар, БАҚ) таңдап алынып, олардың әрқайсысының ерекшеліктеріне қарай жеткізу жолдары қарастырылады.

Ұсынылған жобаның оң имиджін қалыптастыру үшін ойластырылған құрылым құрылып, ол әртүрлі адресаттарға бағытталған ортақ тұжырымы бар мәлімдемелер жиынтығы болуы шарт. Жоғарыда аталғандай қоғаммен байланыс диалогы аясында мәлімдемелер ауызша, жазбаша, мультимедиялық және массмедиялық түрде болуы мүмкін.

Қоғамдық қатынастарды тар аяда алып қарасақ, үгіт-насихаттан ақпараттық технологияның бір түрі ретінде ерекшеленеді. Қоғамдық қатынас этикасының негізгі қағидасы – аудиторияны құрметтеу арқылы мақсаттарына жету. Бәсекелестерін ренжіту, я болмаса қандай да бір қоғамдық пікірді бұзатын акциялар жасалынбайды. Қоғамдық қатынастарда ақпараттың ашықтығы және өзара әрекет орнатқан тараптардың пайдасы ұсынылады. Олар пікір білдіруге емес, аудиторияны жинауға бағытталған. Алайда көпшілікке қатысты негізгі талаптардың орындала бермейтінін ескергеніміз жөн. Риторикалық адалдық риторикке берілген ақпараттар барлығына қолжетімді болуын талап етеді (қоғамдық қатынастағы риторикаға байланысты бұдан да бөлек заңдылықтары бар. Біз зерттеу объектісі аясында нарративке қатысты тұстарын ғана іріктеп алып отырмыз).

Қоғамдық қатынастағы пафос – эристикалық негізде фактілерді ескеруі және дәлелдерді қолдануы қажет. Әйтсе де жобаның оң имиджін жасауға ықпал ететін ақпараттарды қолдануға рұқсат етеді. Эмоционалды әсер тұрғысынан қоғамдық қатынастарда ішкі сезімді енгізуге болады: 1) ынтызарлық, 2) достық, 3) жобаға қатысты құрбандық. Жалпы алғанда, қойылған міндеттерге байланысты қоғамдық қатынастардағы пафос тұрақтандырушылық және жаңашыл сипатқа ие болуы мүмкін.

Қоғамдық қатынас саласындағы пікірдің логотипі үшін келесі заңдылықтарды ескерген абзал.

Қоғамдық қатынастағы монологтық сөйлеу практикалық түрде әдебиеттен бастап фильмге саласына дейінгі барлық нарративтің түрлерінде бола алады.

Жобаның үлгісіне немесе мақсатты аудиторияға байланысты баяндау түрлерін таңдау.

Әрбір мақсатты аудитория үшін түсінікті және оның мүдделерін көрсететін аргументтік жүйе әзірленеді.

Әрбір мақсатты аудитория үшін, жинақталған адамдардың санаттарына тән тілдік құралдардың жүйесі құрылады.

Қоғамдық қатынас образды, эмоционалды, бағалау тілі, сөйлеу мәнері, графикалық және жеке стилистикалық тұрғыдан қолданылады.

Баяндау кезінде бағалау фактілерімен ұштастырылады.

Жиі қолданылатын мотивациялық жүйеліліктер: назар аударту, қызықтыру, визуализация (эмоционалды образ) және әрекет.

Сөйлеудің композициялық басым түрі – баяндау (пресс-релис, өмірбаян, ақпараттық ескерту т.б.)

Аңыз немесе қауесет түріндегі әңгіме қалыптастыру – ҚҚ-ның негізгі құралдарының бірі.

Баяндау формасы – заманауи ақпараттық кеңістікте әлемнің суреттерін жасау үшін кеңінен қолданылатын мәтіндердің басым түрі болғандықтан, нарративтік әдісті аналитикалық және синтетикалық жағынан қолдану – қоғаммен қатынас, менеджмент, журналистика салаларының мамандарына ең қажетті тәсіл.

Нарративтік уақыт. Нарратив туралы ойлаған кезден-ақ оның қарапайым түрде құрылған өнер екендігіне көз жеткіземіз. Нарратив романнан бастап, поэма, дастан, әңгіме, ертегі, тіпті анекдоттарда да кездеседі. Нарративтік алғашқы процесс сөйлеуден бастау алады. Кез келген адам, жазушы, я болмаса қарапайым адам болсын нарративтік процестің мүшесі. Себебі кез келген адам бейсаналы түрде күніне бірнеше рет нарративті пайдаланады.

Нарративтің күнделікті өмірде, пікір алмасуда қандай шара атқара алады деген сұрақтың айналасына тоқталсақ, әуелгі жауап нарратив уақытты түсіндірудің негізгі тәсілі болмақ. Уақыттың өтуі саналы түрде бәрімізге аян, енді осы саналы дүниені білдірудің тетігі нарратив болмақ. Жер бетінде сан мыңдаған тілдер өмір сүргенімен атқаратын қызметі бір, сол секілді уақытты білдіруде де нарративтік тәсіл барлығына ортақ.

Әрине, уақытты белгілеудің және оны білдірудің басқа тәсілдері бар. Қазіргі уақытта олардың ішінде ең көп тараған түрі – механикалық сағат. Бірақ механикалық сағаттар тек орта ғасырлардан бері ғана пайда болды. Бұған дейін де уақыт өлшемінің негізгі болжамдары болған және қазіргі таңда да белгілі дәрежеде қолданыс аясында бар жұлдыздар тізбегіне, күн мен айдың тууына т.б. тәсілдер, қолданыста негізгі уақытты реттеуші күн, ай, жыл мезгілдері, жыл циклі, сағат бұлар абстрактілі дүние, яғни біз оқиғалардың уақытын белгілей алатын негізгі атқарушы құралы. Ал нарратив осы процестерді уақыт ішінде өзгертіп, болашаққа баруға немесе кейінге оралуға мүмкіндік береді. Поль Рикердің «адам уақыты» деген анықтамасында:

«Нарративтік тәсілмен құрылған уақыт адам уақытына айналады: нарративтің негізгі міндеті уақыт ерекшеліктерінің мағыналық болмысын реттеу» [47, с. 8]. Демек, бізге мәлім екі уақыт бар: оқиға уақыты және нарративтік уақыт. Оқиға уақыты тұрақты, өзінің белгіленген минут, секундтарына сай ғана әрекет ете алады. Ал нарративтік уақытта шектеу болмайды, оны нарратордың қалауынша ұзартып я болмаса қысқарта аламыз.

2 Н.НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ НАҚТЫ ЖӘНЕ БОЛЖАЛДЫ ТАРИХИ ДИСКУРСЫ БАЯНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Өмір шындығының нарративтік уақытта бейнеленуі

Әдеби шығарма жазушының қажырлы еңбегі мен жан толғанысынан туады. Жаныңды қажап жазған, он ойланып жүз толғанған туындының жаппай жалпақ жұртқа жетуі, оқырманның қабылдауы, пікірі өз алдына бөлек дүние. Өмір шындығынан көркем әдебиет жасау, көз майын тауысып, оқиғалар желісін жүректің көзінен, сананың сүзгісінен өткізу қиынның-қиыны.

Әдебиеттануда өмір шындығын қабылдап соны белгілі бір образдар арқылы жеткізу бар да, сол шындықты айна қатесіз өз түйсігіңмен баяндап шығу бар. Өмірдің қалтарыстарын, бастан кешкен оқиғалар тізбегінен образ жасау – авторлық шеберлік. «Мемуарлық және ғұмырнамалық сипаттағы шығармалардың тарихи прозаның қалыптасуындағы, дамуындағы орнын елеусіз қалдыруға болмайды» [48, б. 4]. Жалпы әлем әдебиетінде мемуарлық шығарманың өзіндік орны бар. ХХ ғасырда қазақ әдебиетінде мемуарлық шығарманың алғашқы үлгісі ретінде С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуі», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Көз көргендер», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбектерін атауға болады. Әйтсе де мемуарлық шығарманың шығу төркінінің әуелгі үлгісін Ж.Дәдебаев ХVІ ғасырдан қарастырады.

ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырға иек артқан уақыттарда жазылған мемуарлық шығармалардың қатары мол. Олардың көркемдік ізденістері, стильдік ерекшеліктері, идеялық, танымдық салмағы тұрғысынан ғылыми тұрғыда баға берілуде. Дегенмен де отандық ғалымдардың назарына ілігетін туындылардың дені – қазақ әдебиетіне прозаның барлық жанрына қалам тартқан танымал жазушылардың еңбектері. Қазақ әдебиетіндегі зерттеу объектісінің осы бір кенже қалған тұсын толтыру мақсатында әдебиеттануға әлемдік көзқарас тұрғысынан қарай отырып, Н.Назарбаевтың мемуарлық еңбектеріне ғылыми талдаулар жасамақ ниеттеміз.

«Мемуар» өмірдің нақты деректерін пайдалана отырып, шындықтың ауылынан алыстамауы өткен уақыттардың тарихи шындығын айна қатесіз көз алдымызға әкелуге мүмкіндік туғызады. Нақты деректерді бойына сіңіріп, белгілі бір уақыт пен кеңістікті көз алдымызға әкелу мемуар табиғатына тән.

Мемуарлық шығарма туралы «Қазақ әдебиетінің» энциклопедиясындағы анықтамада: «Мемуарлық шығармада жеке адамның, тарихи тұлғаның тағдырын халық өмірімен тығыз байланыста алып, оның азаматтық өнегелі қалыптасу жолын қоғам дамуында іргелі, ұлы өзгерістермен сабақтастыра, нақтылы әрі көркем баяндайды» [49, б. 473] деген анықтама берілген. Соның негізінде Н.Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» еңбегін мемуарлық шығарма ретінде зерттеу нысанына алып, кей тарихи тұстарының анық-қанығына көз жеткізу мақсатында Д.Қонаевтың «Ақиқатты айтпауға болмайды» естелік-эссесімен салыстырмалы талдау жасаймыз. Кітапқа Н.Назарбаевтың өмірбаяндық естеліктері, қоғамнан көрген түйгені, өмірден алған сабағын қорыта отырып жазған жүрек жарды толғанысы енген. Шығарма «Қара

нанның дәмі», «Алғашқы тәлімгер», «Ыстық стаж», «Тұйық шеңбер», «Мәселелер осылай шешілетін», «Уақыт перзенттері», «Ескі кепін күшімен», «Біреудің қатесі үшін біреу күйіп...», «Бола ма, бордай тоза ма?» атты бөлімдерден тұрады. Әуелгі «Қара нанның дәмі» бөлімінде балалық шағында көрген жақсылығы мен қиындығы өңдеу-сүрлеу көрмеген шикі ақпараттарды әдеби көркем тілмен баяндайды. Балалық шағының мәнді, мағыналы деген оқиғаларын таңдап оқырманға қажетті, рухани азық бола білетін жинақы оқиғаларды ала білген. Таң қылаң бере жеті шақырым жолды жаяу өтіп, кезекке тұрып түс әлетінде қол жеткізген қара нанды үйіне әкеліп әке-шеше, іні-бауырларымен бөлісе отырып жеген нанның дәмі таңдайында әлі жүргенін тамсана жазады. Өмірдің ащысы мен тұщысының ара жігін ашып, оқырманының жан жүрегін елжірете баяндау үшін өзі көріп, сезіне білген нақты оқиғалар болмаса ойдан құраған образбен оқырманды иландыру қандай жазушыға да оңай соқпасы анық.

Н.Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» шығармасында автордың өзгеше стильдік ерекшелігін байқауға болады. Бүгінгі күннің бейнесін сипаттап бастаған автор болашақ үшін қажетті құндылық ұлттық таным екендігіне баса назар аудар келе тарихтан сабақ алып, ұлттық нәрден сусындаған шақта ғана құндылықты бойда сақтай білетіндігі жөнінде ой қорытады. Қазыналы қарттардың сарқыншақтары бүгінгі қарияларымыздың ұлт тәрбиесінде алар орнын нақты айта отырып, уақыт пен кеңістікті жүйелі түрде өткен шаққа ауыстыра біледі. Мекеншақ формасын өзгертуде автор «Сәби зердесі дүниені неғұрлым табиғи қалпында қабылдап, тіпті ең ұсақ-түйек дейтін, бірақ ең қасиетті жайларды есте сақтап қалуға қабілетті деген сөз бекер емес шығар» [50, б.7] деу арқылы өткен шаққа шегініс жасайды. Бұл тұрғыда автордың стильдік ерекшелігінде ескеретін бір жайт, автор өзі нарратор есебінде оқиғаларды бірінші жақта баяндау арқылы осы шақ формасында айта отырып, уақыт пен кеңістікті еркін ойната біледі. Жоғарыда келтірген мысалға қарасақ бала психологиясы, танымы арқылы адам үшін ең бір құнды, ең бір мәнді дүниелер адам жадында сақталып, тасқа басылған таңбадай санада жаңғыруын айта келе балалық шағының ыстық сәттерімен бөліседі.

Автордың өзінің басынан өткен тарихи деректерден өнер туындысын жасау жолында көпшілікке беймәлім өмірдің сан түрлі иірімдерінен іріктеп алып, көркем дүние шығаруда туындыгердің оқиғаны тереңнен толғауы шығарманың мәнін арттырары хақ. Бүгінде есімін елі ғана емес, әлем таныған білікті саясаткердің бір уақыттарда аштықтың сынағынан өткендігін шағын эпизод арқылы көрсетеді. «Қалай десек те, есімде қалған ең әуелгі әсерлерімді, бәлкім, Алатау жоталарының ғажайып сұлулығын суреттеумен бастағаным жөн болар еді. Әйтсе де, басқа бір сезім – ұдайы ашқұрсақ жүруім санамда күштірек жатталып қалыпты» [50, б. 7]. 30-50 жылдар аралығында барлық шаңырақта орын алған аштық, жоқшылық нәубеті, Голощекиннің қолдан жасаған қатыгездігі Н.Назарбаевтың естелігінен тыс қалмауының да мәні бар. Барша халықтық сипатқа ие, ашаршылық салдары, соғыстың зардабы қазақ халқының санасында азапты жылдар ретінде есінде қалды. Автор осы бір тарихи шындықты сұрыптап, негізгі фонға шығаруы тарихи салмақты аштық

пен соғыс жылдарына түсіреді. Сол арқылы аштық жылдарындағы елдің жапа шегуіне Голощекиннің солақай саясатымен, соғыс жылдарындағы шаш алдесе бас алатын бұйрық орындаушы тобырды сынады.

Автордың творчествосындағы ой еркіндігі, оқиғаларды әр қырынан ашып көрсетеді. Соғыс жылдарындағы ел тағдыры Нұрсұлтаннның сәби санасында айқын таңбаланып, шығармада нанымды бейнеленген. «Ең қорқыныштысы қасқырлар болатын. Олардың жан түршігерлік зарлы үнмен ұлығанын естігенде, анамның жүзі неге қуқыл тартып, боп-боз болып кететіндігінің шын мәнінде кейін, есейгенде барып түсіндім. Ол қасқырлардан қорықпаған. Әкем ит-құстың бетін жалғыз қолмен де қайтаратынына сенімді болыпты. Ең қорқыныштысы басқа егер Ұялас қасқырлардың бір қойды тамақтап кетсе, онда учетчиктің алдында қалай ақталмақ? Ол кезде ешқандай себепке құлақ аспайтын: егер шопан қорадағы қойын аман сақтамаған екен, сотқа тартылып, он жыл арқалап кете баратын» [50, б. 13]. Елдің ауыр хәлін ана жүзіндегі үрей арқылы нақты жеткізе білген автор, төрт аяқты қасқырдан келетін зияннан гөрі екі аяқты жыртқыштан келетін зәбірдің ауыр екендігін айтады. Аяушылық пен жан ашу сезімінен ада жымысқы тірлікке шарасыздық танытқан жұрттың хәлі бірнеше сөйлемде толықтай ашылған. Авторлық баяндауда уақытты алмастыру шеберлігін, стиль ерекшелігіне де мән берген абзал. Автор оқиғаны баяндаған шақта оқырманын өз фокусында ұстай отырып уақыттарды жылдам алмастыра біледі. Бірде осы шақты баяндап отырып еш жасандылықсыз балалық шаққа ауысады да, табан астында бозбалалық шақты сипаттайды. Уақыт алмасуында ешқандай мағыналық, мазмұндық ауытқулар, жүйелілік бұзылмайды. Керісінше, бір-бірін толықтырып отырады. Автордың жоғарыдағы бір сөйлемінен бірнеше уақытты көруге болады. Бірінші – баяндау уақыты. Екінші – оқиғаның өту кезеңі. Осы бір уақыт өту кезеңіне назар аударсақ, «анамның жүзі қуқыл тартып, боп-боз болып кететінінің шын мәнісін кейін, есейгенде барып түсіндім», бұл арада уақиғаны қабылдау уақыты және оны тану, сезіну уақыты қатар сипатталады.

Ашаршылық көрінісі, 1932-33 жылдардағы нәубет пен сол жылдары нақақ атылған адамдар туралы ақпарат Д.Қонаевтың естелігінде нақты берілген: «Аттап бассаң кісі өлімі, зарлаған ана, жылаған бала. 1932-1933 жылдары осы ауданның Балтабай, Маловодное ауылдарында түндігі ашылмай қалған шаңырақта есеп жоқ. Бұл бірер ауылдың тартқан қасіреті емес, исі қазақтың басына түскен нәубет болды ғой... Араға әлденеше жыл салып көз жеткізіп отырғанымыздай, бес жыл ішінде 1929-1933 жыл аралығында Қазақстанда тек ОГПУ «саласы» бойынша 3386 адам ату жазасына кесіліпті» [51, б. 26] деп нақты цифрлық ақпарат береді.

Замана шындығы екі авторда екі түрлі сипатталуының себебі Д.Қонаев тарихи оқиғаны тікелей көріп, сезініп нақты тарихи дискурс тұрғысынан ішкі сезімімен астастыра баяндаса, Н.Назарбаев болжалды тарихи дискурсты арқау ете отырып, біріншісінде, өзінің ашқұрсақ жүруімен заманның ауыр тұсын келтірсе, екіншісінде, анасының жүзіндегі үрей, эмоция арқылы тарихи шындықты бере білген.

Қазақ әдебиетінде соғыс жылдарын сөз етпеген қаламгер кемде-кем. Соғысты бастан өткеріп, от кешіп жүріп жазған жазушылар мен сол заманның сұрқай бейнесі бозбала, сәби санасында бекігендерін кәнігі жазушы болғанда шығармасына арқау еткендер де бар. Көпшілігінің еңбектеріндегі түйінінде соғыс жылдарындағы азапты күндер, адам баласына тигізген зардабы негізгі планға алынады. Жауынгер жазушы Б.Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хат», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Ә.Нұрпейісовтің «Курляндия» романы т.б. прозалық шығармалар оқырман жүрегінен орын алса, Қ.Аманжоловтың «Абдолласы», М.Хакімжанованың «Мәншүк», Ж.Сайнның «Өмірден өксіп сен кеттің» т.б. поэзиялық шығармалар соғыстың халық жүрегіне салған қара таңбасын тарих беттеріне алып шықты. Сол секілді Н.Назарбаевтың да мемуарлық шығармасында соғыс жылдарының азапты күндері қысқа ғана эпизод арқылы нақты берілген.

Шығармада Н.Назарбаев өзінің шығу тегін жеті атасына дейінгі шежірені тарқатып жазбаса да, арғы аталарының атқарған еңбек жолын, ұстанған кәсібінен бірқатар мәліметтер береді. Автобиографиялық анықтамада өзінің қарасөзге жорға, ән мен күйге солақай еместігін айта келіп, мұның барлығы әкесі Әбіштен дарыған, тектен тараған құндылық екендігін меңзейді. Сөз бен әнге қара жаяу болмаған Әбіштің шыдамдылығы мен әділдігі де болашақта ел тұтқасын ұстайтын ұлдың адами болмысына үлесі мол. Әбіштің қарапайым шаруа қатарында жүрсе де озық ойлы, терең және еңбекқор адам екендігін Б.Сапаралы еңбегінде былай бейнелейді: «Әбіш ағамыздың өзі момын болса да, сондай сабырлы, тереңнен ойлайтын, еңбекқор кісі еді» [52, б. 67].

Тарихи деректерде нақпа-нақ баяндалатын оқиғаларды көркем суреттеу арқылы, оқиғаларды хабарлап қана қоймай әдеби мазмұнда іс-әрекет, ой толғамдар, диалогтар, ортаны қабылдауындағы адамдар бейнесімен, түр сипаттарымен жеткізу әдісін қолданады. 1962 жылы Н.Назарбаев комсомол съезінің делегаты болып елге оралғандығы, 22 жасар жігіттің жастық албырттығы бойында әлі басыла қоймаған шақтағы аңғалдық, әкенің балаға айтылған сыны – бәрі шебер үйлесім табады. Әбіштің сауаттылығы, болашақты өлшеп, болжай білуі әке мен бала арасындағы дискурстан анық көрінеді. Шығармада Хрущев баяндамасының әсерінен шыға алмаған жас ұлының мемлекеттің болашаққа жасалған жоспарлары жөнінде төгілтіп айтқан сөзіне қарсы тұщымды ой білдірген Әбіштің диалогына назар аударайық:

«– Тоқтат, балам, мұндай сөзді радиодан ести-ести құлағымыз сарсыған. Оданда мынаны айтшы: Мәскеудегілердің есі дұрыс па өзі? Әлде отызыншы жылдағыдай жұртты тағы да аштықпен титықтатпақ па? Ауыл адамдарында жер болмаса, қойшыны жеке малынсыз қалдырсақ – олар даладағы жел қуған қаңбақ емес пе? Сұлтан (үйде мені осылай атайтын) сен ренжімей-ақ қой, жүрегің жарыла қуанатындай ештеңе жоқ, сен бізге жаманат хабар жеткіздің...» [50, б. 12-13]. Жастық амбициямен маңайындағы адамдардың қабылдауына баса мән берместен лепіре сөйлеп отырған ұлының сөзін кесіп «Тоқта, балам» деуінің мәні бөлек. Автор Әбішке қаратпа сөзді қолдандыру арқылы жұрт назарын Нұрсұлтаннан өзіне аудартады. «...мұны радиодан ести-

ести құлағымыз сарсыған» деген сөздерімен маңайындағы жұртшылықтың бастарын бір шұлғытып, өз сөзінің растығын бір нықтап алады. Егер Әбіштің сөзі қаратпа сөзден кейін бірден «Онда мынаны айтшы» деп негізгі шабуылдаушы сөйлеммен жалғасар болса, әкенің баласының қателігін түсіндіру емес, әңгіме ауаны жекіруге ауатын еді. Сондықтан автор Әбіш сөзіне «...мұндай сөзді радиодан ести-ести құлағымыз сарсығанды» қосу арқылы сөйлеуші мәтініне салмақ береді.

Әбіштің өзегін жарған пікірінен халықтың көзқарасы байқалады. Кеңес билігін сынау арқылы 30-жылдың дүрбелені қолдан жасалған құйтырқылық екенін Әбіш сөзі арқылы жеткізеді. «Әке балаға сыншы», алдында Әбіштей сыншысы бар Нұрсұлтан өмірден көрген-түйгенін әке ақылымен сабақтастыра отырып ой қорытады. Мемуарлық шығармада бір сыдыртым тізбектеле баяндау жоқ. Айтушының ой иіріміне қарай уақыт жиі алмасып отырады. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалдан кейін өзінің қателігін араға жылдар салып түзегенін, елді қуанта білгенін, әттең, әкесі Әбіштің ол кезде бұл пәниде жоқтығын да еске алады. Ой тізбегі осылай сабақтаса келе өзі туған шағына ойысады. Соғыстан кейінгі жылдардың абыр-сабыр уақытын автор: «Соғыстан кейінгі жылдар есімде жақсы сақталыпты. Ата-анаммен бірге етектегі Шамалғанға алғаш рет түскенбіз. Жұрт жеңісті тойлап жатты. Мұндай қарақұрым халықты бұрын көрген емеспін. Көп жай анама да тосындау. Ол да балкарларды, чешендерді, немістерді, месхеттік түріктерді тұңғыш рет көріпті» [50, б. 14]. Мәтіннен аңғарғанымыз қазақ топырағына табан тіреген өзге ұлт өкілдерінің (диаспораның) саны күрт артқандығы. Бір кездері халық жауы деп қудалау көрген ағайынның да қарасы бірлі-жарым жолыға бастауынан ел ішіне бірқатар тыныштық орнағанын сезінуге болады.

Автор осы ретте қаншама ұлттан құралған шағын ауылдағы достықты көркем суреттейді. Өзінің аз ғана уақыттың ішінде неміз, орыс, түрік, болгар тілдерінен аз-кем тілдесу дәрежесіне жеткеніне тоқталып, олардың қазақ тілінде еркін сөйлей алатындығын да ескереді. Бір тонның жағасындай, бір үйдің баласындай қоңыр тіршілік еткен халықтың татулығын сағына еске алады.

«Әлбетте, балалардың аты – балалар. «Қабырға мен қабырға» тұтасып тұрып та, көшемен-көше төбелескен сәттер болады. Бірақ ешқашанда «төбелескіштер» тобы ұлттық өзгешелікпен жіктелмейтін. Егер қазақ үйіне месхеттік түріктің баспанасы жапсарлас салынып, ал келесі үйлерде Богдан, Рихарт, Олег тұрып жатса, қайтіп бөлінеді» [50, б. 16]. Ұйыған айрандай бірлігі ажырамаған шақтың ашыған қамырдай бір-біріне алауыз күйге ұласуына не себеп? Адамдардың ой мен пиғылы аз уақытта бұлайша өзгеруінің мәні неде деген сұрақтарға жауап іздегісі келеді автор. Тұрмыстың нашарлауы десе, жағдай соғыс кезімен салыстырғанда көп ілгері, иманнан дегісі келсе әртүрлі нанымдағы ұлттар сеніміне қарамастан бірін-бірі бауыр тұтқанын алға тартуға болады. Осы ретте брежневтік басқарудың іріген-шіріген жағдайының салдары деген баға береді. Бұның сорақылығы иман мен нысаптан жұрдай етіп, іштарлық пен мансап құмарлық, өтірік пен

жемқорлықтың етек алуы тұрғысынан сталиндік қуғын-сүргін кезеңінен де асып түсті.

Болашақ ел басшысының балалық шағы үлде мен бүлдеге оранған жоқ. Табанын тас тілген тағдыр ауыртпалығын бір кісідей тарта білді. Ауыр тұрмыс, ата-ананың тынымсыз еңбегі, қажырлы еңбектің мардымсыз ақысы – бәрі мемуарда жіті суреттеледі. Балалық шағында көрген теперіш болашақта жасайтын негізгі шешіміне көп әсер ететіндігі анық. Қаншама табан ет, маңдай терімен атқарған еңбегінің құмға сіңген судай мардымсыз болуы болашақ лидердің ішін жегідей жеді.

Адамның тұрмысы әуелі несібінен десек те еңбек етпеген адамның жарқын өмір сүруі ілу де біреу ғана болар. Ал еңбекқор адамның бірі екіге айналмай күн кешуіне таңданыспен қарайды автор: «Әрине, көп нәрсені түсіндіруге болады. Бірақ соншалықты еңбекқор адамның мұндай мүшкіл халге қалай тап болғанын кей-кейде ойлай бастасаң-ақ, сайтан алғырды еш түсінбей бас қатыруға тура келетінін қайтерсің!...» [50, б. 20]. Шаруаның қорасындағы малын, алдындағы асын алып, қарапайым өсіп тұрған ағашқа да салық төлетуі ашкөздіктің шегі болар. Автор өз отбасының мүшкіл хәлін бейнелегенімен, барлық қазақ даласындағы шаруалар өмірі осы тақлеттес екендігі анық. Өмір жолының бұралаң шағында қандай жолмен жүремін дегенде жадау тірліктің шешім шығаруға тигізген әсері мол. Үй тапсырмасын орындауға уақыт табу үшін түнгі ұйқысын қиып көз майын тауысуы – білімге құштарлығының көрінісі. Күнделікті бітпейтін тұрмыстың тірлігінен қолы қалт ете қалса оқуға асығатын жасты уақыттың бағасын білуге тәрбиелеген ең үлкен мектебі – еңбек.

Арасы жеті шақырымдай жолды басып, буыны қатпаған баланың таң сәріде тұрып мектепке аттануы өз алдына бөлек тағылым. Өмірге деген құштарлықтың айқын көрінісі. Ауылына келген студенттердің қайыршының күніндей жадау түріне қарап оқу да меселін қайтара қойған жоқ. Жетінші классты бітіріп оқуын жалғастыруды немесе шаруаға араласуды таңдауы керек шағында қабылдаған шешіміне ортаның әсері мол. «Әкем бір нәрсені байқапты: менен ересек жастардың өзі де қанша тырысқанымен, қара жұмыста қабырғасын қанша қайыстырғанымен өз ата-аналарының тауқыметін жеңілдетіп жарыта алған жоқ. Сондықтан да жеті жылдықты бітіргеннен кейін менің оқуды жалғастыруым керек пе, әлде жұмыс істеуім қажет пе деген мәселе күн тәртібіне қойылған кезде отбасының кеңесі бала оқи берсін деп кесімді шешімге келгені кездейсоқ емес еді» [50, б. 22-23].

Өзінен үлкен балалардың қабылдаған шешімі мен жасаған еңбектерін көріп, ой түйіп, болашаққа бағдар алуы, 10 жылдықты оқып бітіріп, құстай ұшқан көңілі қалаға өзінен бұрын жетуі – әрбір жастың басынан өтетін жайт. Студент болуға жасаған алғашқы қадамының сәтсіз болуы, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың салдарынан мақсатына бір табан жетпей қалуына қоғамның кінәсі бар. Талабы жоғары, талпынысы өзгеше жастардың жігерін құм етіп, әке-көкенің балалары майлы жілікті бірінші ұстайтынына іштей ашынады. Бүгінгі күндері қабылдап отырған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бағдарламасының іргетасы сонау бала шағында қабылданғаны анық.

Ұшқыш болуды мақсат етіп, Киевке гранттық жолдаманы ұтып алып тұрып, үлкендердің шешіміне мойынсұнуы да өнегелі жағдай. Бүгінгі әркім өзіне би заманда үлкенге құрметтің ақсап тұрған тұсында бұндай өнегелер керек-ақ. Ата-ананың ақ батасын алмай, арманға жетудің жолы бұлыңғыр екендігін ескерген автор ата-дәстүріміздің жіті сақталуының да өзіндік мәні барына тоқталады. Алыс сапардан келген адамның әуелі үйіне емес, әулеттің үлкеніне сәлем беруі бүгінде мүлдем жоққа тән дәстүріміз екендігі рас. Әйтсе де қылышынан қан тамып тұрған Кеңестік заманда адамдар салт-дәстүрден алшақ өмір сүрмеді. Қазіргі таңда ақпарат ағымының шектеусіз ағылуы жастар санасын ұлттық құндылықтан біршама алыстата түсуде. Бұрынғы кездегі «у ішсең руыңмен іш» деген тәмсілге күле қарайтын қоғам келгенін де автор назардан тыс қалдырмайды. Әйтсе де үлкенге құрмет жасау біздің бала күнімізден жадымызға сіңген негізгі құндылығымыз екендігін атап өтіп. Одан еш уақытта айырылуымызға болмайтындығын ескертеді.

Теміртаудағы металлургтер қатарына ілігіп, сапарға шыққан жолында жұмыстың ауырлығына қынжылмастан, табыстың молырақ екендігін естіп іштей қуануының да мәні бөлек. Тұрмыс тауқыметі желкелеп тастаған қоғамда үйіне тырнақтай болса да табыс кіргізу – кім-кімнің де арманы. Біздің объектіміздің еңбекпен тәрбиеленгенін жоғарыда айтқанбыз. Бұл сапар болашақ ел Көшбасшысының үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамы еді. Дегенмен ол уақытта елді емес, отбасының тұрмысына әсер етсем деген үкілі арманы ұлғая келе ұлт мүддесіне ауысарын жас жүрек сезбеген болатын.

Балалық шағынан қызметтік мансабының соңғы күніне дейін бүге-шігесіз жазған Д.Қонаевтың «Ақиқатты айтпауға болмайды» естелік-эссесінде де өзінің балалық шағынан бастап кімдердің қанатында болғанын, қандай ұстаздардан тәлім алғанын жазып, ұстазға деген асқан құрметтілікті көрсетеді. Н.Назарбаев Теміртауда металлург қатарына іліксе, Д.Қонаев Мәскеуде түсті металдар институтына түсіп, білім алады. «1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеудің түсті металдар институтына түсуге Мәскеуге келдім» [51, б. 23]. Бір дәуірде мемлекетке қатар қызмет жасаған қос тұлғаның білім жолындағы алғашқы қадамдарындағы ұқсастық қызмет жолындағы жеткен биіктеріне де әсері бар ма дерсің.

Шығарманың екінші бөлімі «Алғашқы тәлімгерде» Теміртауға барған жылдары, одан әрі шекара асып Украинаға табан тіреуі, ауыл маңынан алыстап көрмеген қазақ балаларының жат ел, жат жердегі тіршілік күйі автордың жеке танымында нанымды суреттеледі. Алғаш Теміртауға табан тіреген Нұрсұлтан оқиғаны ұстазы Дмитрий Изготовичтің балаларға берген тәлімімен сабақтайды. «Сен, жігітім, инженер боласың, сен цех бастығы боласың, ал сені түрме күтіп тұрмаса не қылсын, ал сен (бұл жолы маған бұрылып) премьер-министр боласың» деп сайрай жөнелетін» [50, б. 48]. Зеректігімен көзге түскен Нұрсұлтанның өзге ортада алғашқы ұстазы болған Дмитрийдің әр балаға жасаған болашақтағы жоспарының мәні бар. Болашақ ел басшысының тәлейін тура табуының да мәні бөлек. Шәкіртінің қарым-қабілетін жақсы білген ұстаз өмірге бағыт-бағдар беруде жаңылыспағандығына бүгінгі күн дәлел. Ел басқару ісіне атсалысуы да

ұстаздың берген нұсқауының сәл де болса үлесі бары осы бір жолдардан аңғарылады.

Білімі мен талабына сай іріктеліп алынған жүз жас жігітке Украинаға барып істің қыр-сырын меңгеру тапсырылады. Ұшқыш болып дәріс алуға үлкендердің сөзін аттай алмай табаны тимеген Украина төріне тағдыр жетелеп, пешенесіне жазылғандығына автор өзі де қайран қалады. Украинаға жеткенше жолда көрген қиындықтарын ұзақ сонар баяндап жатпастан қысқа да нұсқа айқын суреттеп өтеді.

Шығармадағы жанама кейіпкерлердің бірі – Ағабек Рыспанов. Ағабек бейнесі арқылы автор адамдарды «жақсы», «жаман» деп топқа бөліп жіктеуге болмайтындығын дәлелдегісі келеді. Бұл өмірде көп жағдайда адамның дәрменсіздігін, «адамның басы Алланың добы» екендігін жеткізгісі келеді. Қарапайым ғана досыңды өзің таңдауыңа да мүмкіндігің жоқтығын атап өтеді. Автордың осы бір пікірін оқыған шақта сыни көзқарас туындағанымен келтірген дәлелдеріне қарай отырып амалсыз иланасың. «Біздің қай-қайсымыз да өзіміздің көп жағдайда таңдап алуымызға болмайтын адамдармен бір тұрамыз. Егер ойлап қарасақ, тіпті достарымыздың өзін де таңдай алмаймыз, олармен өмір соқпағының әйтеуір бір кезеңінде кезігеміз» [50, б. 55]. Айтылғанына қанша уақыт өтсе де мағынасын жоймайтын пәлсапа, мәнді сөйлемдер. Расымен де, өмірдің бұралаң жолдарында бізді не күтіп тұрғанын, ертең қасына қандай жанды жолдас тұтарыңды дөп басып ешкім айта алмас.

Н.Назарбаев өз ойының негізгі түйіні ретінде Ағабек Рыспановпен болған диалогты ортаға келтіреді. Әрине, сөзіне мысал боларлық өзге де кейіпкерлерді қосуына болар еді. Әйтсе де автор Ағабек образын таңдаудағы ойдың мәні бөлек. Адам бейнесінің түрлі категорияларын сипаттай келіп, бүгіні мен өткенінің арасындағы жолдың сан түрлі тармақтардан тұратындығын нақты материалдармен көрсетеді.

«– Сен, Нұрсұлтан, білесің бе, бір кезде мен сені өлердей жек көріші едім. Онда сені менің орныма топ жетекшісі етіп сайлаған болатын. Сені өлтіруге қанша рет оқталдым десеңші! Демалыста үйімізге қайтып келе жатқанда пойыздан лақтырып жібергім де келді. Бірақ сен қырсыққанда тамбурға шықпай қойдың. Заводта жүргенімде металл шөмішке итеріп жібермек те болдым» [50, б. 55] – дейді Ағабек. Бір елдің басшысының алдында маймөңкелеп жатпастан жас кезіндегі жеккөрініш сезімін ақтаруында қандай мән бар? Егер Н.Назарбаев Ағабек образын аша түспегенде кейіпкердің бұл сөздеріне оқырманның илануы екіталай еді.

Ағабек Нұрсұлтанмен Днепродзержинскиде бірге қызметтес болған, қазақ даласынан барған жігіттердің жетекшісі, әрі бұрын сотталып келген шекесіне тура келген адам болса шімірікпестен жанын қия салатын да қатыгез, өз ұпайы түгел болса өзге адамдардың тағдырына алаңдамайтын баукеспелігі барын айтады. Әйтсе де бойында лидерлік қасиеті бар Нұрсұлтанның көптің ішінде бас шұлғып жүруге тарпаң мінезі көндікпеді. Ісімен де, сөзімен де, білек күшімен де Ағабектің алдын орайтын қауқары барын сезген Нұрсұлтан көпшілікті өз соңына ілестіре білді. Нәтижесінде жат жерде өзіне жау да таба алды.

Жастайынан жетім өсіп, өмірдің суығына әбден ысылған, қарсы келген дұшпанға кірпігін қақпастан қылыш сілтерлік Ағабек өзі оқыған мектепті күлге айналдырып, өртеп те жіберген. Сондай қатігездігі бар адамның Нұрсұлтанның жанын сауға еткізіп сақтап қоймасы да белгілі, тек орайы келмеген. Уақыт өте келе достығы жарасып, «ер шекіспей бекіспейтінін» бір дәлелдеген. Жоғарыда келтірілген детальдар арқылы автор Ағабек характерін толық аша біледі. Сол арқылы өз сөзінің жаңсақ пікір еместігін де дәлелдейді.

Саяси сауаты толысқан Н.Назарбаев Теміртаудағы заводтың отқа орануына Брежневтің халықпен болған дискурсының сәтсіздігінен екендігін астармен жеткізеді. Басшы халықтың хал-ахуалын толық сезінбей көп алдында бастырмалатып сөйлеудің түбі жақсылыққа апармайтынын Брежневтің Теміртау жұмысшыларымен болған кездесуіндегі даумен көрсетеді. «Брежнев, өз әңгімесін, мейлінше, қатты ашумен бастады, жұмысшыларды іріткі тудырып, собатаж жасадыңдар, саяси сауатсыздық таныттыңдар, сөйтіп, дүниежүзілік империализмнің отына май құюшы антисоветтік элементтердің жетегінде кеттіңдер деп айыптауларды қардай боратыпты. Никита Сергеевичті ұятқа қалдырдыңдар, ал ол болса, металлургия комбинатының құрылысшылары жөнінде әкелік қамқорлық жасаумен жүр деген айыптаулар болыпты». [50, б. 59]. Мәтінге дискурстық талдау жүргізбес бұрын сөйлем құрылымына тоқталып өтсек. Әуелі автор төлеу сөздің тырнақшаға алынуын немесе сызықшамен жазылатынын ескермей грамматикалық қатеге бой алдырады (бұны кітаптың редакторы мен корректоры да назарға ілмеген). Екінші стильдік қате. Сөйлемнің басында Н.Назарбаев оқиғаның куәгері ретінде оқиғаны тікелей тарихи дискурста баяндаса, сөйлемнің соңында өзі естіген оқиғаның желісінде құралған болжалды тарихи дискурс ретінде қорытындылайды.

Тарихи көркем роман болғанда кемшілік ретінде қарауға болатын еді. Қоғамдық күрес-тартысты кең баяндап, жан-жақты талқылап жатпай қысқа эпизод арқылы беруі – мемуарлық шығармаға тән ерекшелік. Автор Брежневтің аудиториямен байланысындағы саяси қателіктерге бой алдырғанын халықтың наразылығы арқылы жеткізеді. Саясаткер топ алдында баяндама жасамас бұрын дискурс орнататын аудиторияны толықтай тануы шарт және олардың бас наразылықтары мен негізгі ұсыныстарынан хабардар болмастан, бір жақты пікірмен сөз сөйлеуінің нәтижесі жаппай наразылыққа ұласады. Жұртпен ымыраға келуге тырысып, байланыс орнатудың орнына күшпен басуға ұмтылған билік көп шығынға ұшырап, нәтижесінде завод өртеніп тынады.

Н.Назарбаев өзі де саясаткер болғандықтан оқиғалардың жай-жапсарын тәтпіштеп жатпағанымен Теміртауға келгендегі өз халдерінің мүшкілдігін, біраз билікте ауыс-түйіс орын алғандығын, жұмыстың орындалу жоспары біршама артқа кеткенін сипаттайды. Ой қорытар сәтте халық арасындағы ушығудың неден орын алғандығына шолу жасауында Брежневтің Теміртауға келген сәтін суреттеуінен-ақ автордың нені меңзегенін білуге болады.

«Қамқорлық жасап жүрсе, жұмысшылар неге ет көрмей кетті? Тұрғын үй неге салынбайды? Басшылар ұрлық жасауға неге құнығып алды?» [50, б. 60] –

деген қаптаған негенің шешімі табылмай, мәселе оң шешімін таппайды. Автор шығармада дәл осы эпизодтарды беру арқылы өткеннің қателігін бүгін қайталамауға кеңес береді.

Н.Назарбаев әр тараудың соңын сұхбаттық сұрақ жауаппен түйіндейді. Бұл да бір жазушының ізденіс нәтижесі. Ой қорытудың өзіндік үлгісі. Оқиғалар желісін бір сыдыртым баяндаумен қорытындыламай нақты сұрақтарға жауап беру арқылы нәтижеге жетудің төте жолын тапқан. Сұрақ автордың жазу процесі кезіндегі уақытпен тұспа-тұс қойылғандықтан, жауапты өзінің билікке келу сәтімен байланыстыра жеткізеді. Екінші тараудың сұрақ жауабында: «Егер өзім туралы айтар болсам, мен ешқашан қандай да бір басшылық қызметтерге айрықша құмартқан жан емеспін. Бірақ бала кезімнен «орташа» болып қалуды ұнатпайтынмын...» [50, б. 69] – дей келе өзінің бала кезінен алға ұмтылғыштығын, бәлендей орынды арман етпегенімен топ бастаған серкедей жұрт алдына шығуда ішкі сезімі алға жетелейтіндігін айта келе, «Мұндай сезім өзін құрметтейтін кез келген адамға тән деп ойлаймын» дейді. Яғни кеудесінде жаны бар, рухы биік адамның алға ұмтылуы табиғи құбылыс екендігін алға тартады.

Өзінің қызметтегі жетістіктері пешенеге жазылған адамның несібесі болар деген тұжырым келтіреді. Алайда кез келген жетістік адамның әрекетімен де тығыз байланыста екендігін де қалыс қалдырмайды. «Маған ұдай басшылық ету бұйырғандай-ақ, әрдайым әйтеуір бір органдарға сайланумен болдым» деуінен-ақ автордың жетістіктің жолы бала жасынан басталғанын мысал етеді. Қандай да бір нәтижеге жету үшін жан-жақты қабілетің болуы керектігін, спортта да, білімде де озат болуды айта келе, автор өзінің араласқан басшыларының көпшілігі жас кезінде спортпен айналысқандығына тоқталады. Спорт адамның өзіне деген сенімін тәрбиелейтіндігін мысалдар арқылы дәлелдейді.

Қоғамды рухани байлықпен қамтамасыз етуде, өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде әдебиеттің алатын орны ерекше. Әдебиетте де даму үдерісі болуы шарт. Уақыт талабына сай жазылған, қоғамның сұранысын орындай білген туынды уақытында жақсы бағаланып тұғырдан көрінсе, кейіннен мағынасы өшкін тартып құндылығы бәсеңдей түсуі – әдеби аренада орын алатын негізгі жайт. Кей шығармалар әу бастан кітап санын арттырғаны болмаса оқырман қауымның сұранысына ие болмастан архивке жол тартады. Ал бір туындылар болады, уақыт қанша алмасқанымен әдебиет төрінен еш мызғымайтын, құнын жоймайтын. Ол нағыз тума таланттың қаламынан туған жаухар. «Әдеби сынның дамуы және оның идеялық – көркемдік дәрежесінің биік болуы – әдебиетті дамытудың және оны жаңа дәуір талаптарына байланысты жетілдірудің бірден-бір шарты» [53, б. 174] – деген С.Қирабаевтың пікіріне сүйенсек көркем әдебиеттің өміршеңдігіне сынның да тікелей қатысы бар.

Сыншыға қойылатын талап жоғары. Г.Пірәлиева: «Қоғамдық пікір тудырып, оқырман қауымы атынан сол кезеңнің рухани айнасы болар сыншы арқылы жұртшылық жаңа шығарманы ғана емес, оның иесінің де көркемдік

талғамын, шеберлігін, ой өрісін таниды» [54, б. 67] – деп сыншыға артылар жүктің салмағын бағамдайды.

«Шын сын болсын, сын шын болсынды» ұран еткен сыншы мен «бармақ басты, көз қыстымен» жүз танысты қолпаштаған сыншының ара жігін ажырату және бар. Бұл тұрғыдан алып қарайтын болсақ әдебиетті өміршең ететін әділ сын, әдебиеттің түбіне жететін түлкі бұлаң көңілшектік. Екінші қатардағы сыншылар әдебиет сахнасында сипаттаған авторымен бірге уақыт ағынына төтеп бере алмасы анық, сондықтан сыншының да қарым-қабілеті биік болса ғана әдебиеттің жүгін арқалай алмақ. Біз нысан етіп отырған Н.Назарбаевтың аталмыш еңбегі өткен мен бүгіннің өзекті тақырыбын сөз еткен шығарма қазіргі таңда әдебиетте алар орны оқшау болғанымен, болашақта қандай мәртебеге лайық екендігіне тон пішпей шығармаға бүгінгі күннің айқын көзқарасын айту міндетіміз.

Үшінші тарау «Ыстық стаж» деп аталады. Автор бұл тарауда өзінің металлургия заводында атқарған жұмыстарын, жеткен жетістіктерін, жұмыстың қиындығына төзуге намысын қайраған өмірдегі объективтік пікірлердің әсерімен бөліседі. Өзінің үлкен билікке жасаған алғашқы қадамының неден бастау алғанына шолу жасайды.

Үшінші тараудың басы өзінің үлкен айлыққа қол жеткізіп жартысын ауылына, ата-анасына жіберіп тұрғандығымен басталады. Бұл арада алатын бір өнеге, қиындықты көп көрген қазақ отбасының жіберген қаражатты «кедейдің бір тойғаны шала байығаны» деп жапырып жаратып тастамай, үзік-үзік жұмсап отыруы. Оқырманын үнемшілдікке жетелейтін осындай мысалдар тура және астарлы мағынада Н.Назарбаев шығармасында жиі ұшырасады.

Ауыр жұмыс жігерін жасытпай, қасындағы жолдастарының арасында жұмысты жалғастыруға дәрменсіздік танытып қатардан шыққандарға қарап өзін одан ары қамшылай түседі. Жоғарыда келтірген мысалдарда әке сөзін аяқ асты ете алмаған баланың бүгінгі диалогы мүлдем басқа арнаға ойысады. Ұлының хәл-жағдайын өз көзімен көруді қалаған әкенің арнайы іздеп келуі. Тірідей оттың ортасында жүрген тұңғышының жағдайына қарап жаны қиналған әке сөзі бұрынғыдай тоқ етерін кесіп айтатын Әбіш емес, ұлымен тең дәрежеде отырып кеңескен әке сөзі: «Сен өзінді-өзің неге бүйтіп азапқа саласың? Мен әкемнен үш жасымда жетім қалып, қиыншылықтың бәрін де көрдім, бірақ тап мұндай тозақты көрген емеспін. Таста бәрін!» деп үгіттей бастады» [50, б. 72]. Ұлының жағдайына жаны ашыған әке сөзінің түйінін «үгіттей бастады» деп қорытындылауы автордың өзі шешім қабылдайтын жасқа жетіп, алда әлі үлкен сапарлар бар екендігіне жол ашады.

Автор Кеңес үкіметінің жемқорлыққа малтығып, бос мақтанмен кеудем соқтыққа бой алдырып жүргендігін, халықтың адал еңбегін қанаушылықпен қолынан алып жұртты титықтатқан саясатына наразылығын жиі жазып отырады. Сөз жүзінде қарыштап дамыған одақтың іс жүзінде өзге елдерден біршама артта қалғандығын Жапония, Корея сынды елдерге іс сапармен барғанда көз жеткізіп, ішіне қыжыл жинап қайтады. «Бармақ басты, көз қыстылық» тек қара жұмыста ғана емес жалпы партияның ішінде де кең етек ала бастағанына тоқталады: «Мұндай психология партияның басшы буынын

имандылық жағынан бұзып бітті. Өзінше танылатын партиялық этиканың сырттай қатал болып көрінетін шеңберінің сыртында екіжүзділік пен бетімен кетушілік жиі-жиі кездесетін болды» [50, б. 79]. Сөз бен істің бір үддеден шыға алмауы бітеу жара секілді түбінде ұшығы шығатыны анық. Автор ішкі толғаныстарын ақтарып айтуы 1960-70 жылдардағы Кеңестік биліктің тарихи көрінісі.

Егер автордың ішкі эмоциясын қоспай, тікелей көзқараста қарайтын болсақ бойын енді түзейді деген Кеңес империясының тамырына сол уақыттарда-ақ құрт түскенін көруге болады. Нәтижесінде 20-30 жыл төңірегінде алып империя құрдымға кетті. Кез келген індеттің себебін біліп тұрып күрес дұрыс жүрмейтін болса «жауырды жаба тоқығаннан» көштің түзу болмайтынын түсінуге болады. Автордың әр пікірін назарға алған оқырман өз айналасымен салыстыра отырып ой сүзгісінен өткізсе, нәтижелі тағылым алуға болады.

Автордың атқаратын жұмысы, күнделікті күн тәртібі – барлығы шығармашылығына әсер етпей қоймайды. Біз оқып жүрген мемуарлық шығармалардың көпшілігінде жиі ұшырасатын, әр деталі, мейлінше, ұзақ суреттелетін махаббат тақырыбы Назарбаев еңбегінде жоқтың қасы. Үнемі жазушылықпен айналысатын авторларда басым келетін лирикадан қарағанда реализм, саяси аренаның детальдарын қолдану автордың атқаратын жұмысына тікелей қатысы болар.

Шығармадан Сарамен алғаш танысуы, неке қиюуы жұмыр ғана суреттелген. Осы бір ойдың қорытындысын айтар тұста да түйінді сыни тұрғыда жасайды. «Егер маза бермей жүрген проблема болмағанда, бәлкім, жеке өзіме қатысты отбасының тақырыбына тоқталудың қажеті де жоқ еді. Жақында кенже қызым Әлия келіп: «Ұстаздар барлық қыздарды есімімен атап, ал маған келгенде неге Назарбаева дейді?» деп сауал қоймасы бар ма» [50, б. 82]. Назарбаев өзінің атқарған қызметі бүкіл бала-шағасына тікелей әсер етіп, басшының баласында кемшілік болмау керек деген қоғамның пікіріне назданады. Қызмет өзін қарапайым өмірден алыстатып қана қоймай, балаларын да қарапайым өмір сүруге деген құқығын аяқ асты ететіндігіне налиды.

Автор шығармашылық пікірі арқылы қоғамдық танымға сыни көзқараспен қарайды. Билікке қолы жеткен тұлғаға қандай да бір туыстық қатысы бар адамдардың жалғанды жалпағынан басып, өзге жұрттан мейманасы тасып тұратындығы, қандай да бір кәделі дүниенің тиесілі адамға емес, тіреуі бар адамға тартылатындығына сыни көзқарас тудырады. Бұндай олқылық тек бізде ғана ма, әлде жалпақ әлемде бар ма деген ойдың ұшығын іздейді.

«Америка студенттерімен кездесуде Бруклин университетінің Карина Лагодо есімді бір қызы меннен: «Егер фестивальге келгенің рас болса, сен әлде бір лауазымды коммунистің ұлы шығарсың?» деген сұрақ астына алғаны есімде» [50, б. 84]. Сөйлемде астарлы мысқыл да бар. Өзінің қарадан шыққан қарапайым металл өңдеуші екендігін шойын болып қалған қолдары арқылы дәлелдеуі де нақтылықты білдіреді. АҚШ студентінің таң қалысынан-ақ үлкен

жиындарда Кеңес Одағы тарапынан сапарға шығатын жастардың көбі белгілі бір лауазымды тұлғалардың жақындары екендігін ұғынуға болады. Әйтсе де автор бәріне бірдей топырақ шашудан аулақ, оны ойын тұжырымдаудағы елге елеулі тұлғаларды мысал етуінен аңғарамыз.

1973-1977 жылдар аралығында Қарметкомбинаттың пратком хатшысы қызметін атқарған жылдары мойынға түскен салмақтың ауырлығын, О.И.Тищенко сынды білікті маманмен әріптес болып заводтың аяғынан тік тұруына бар күш-жігерлерін сарп еткенін сағынышпен еске алады. Өзі басшылық қызмет атқарған орданың кері кеткен тұстарын жоғарғы билікке тура айтуынан жымысқы пиғылдан ада, сырты бүтін қылып көрсетуге құмарлық бойында болмаған жігіт ағасын көруге болады.

Мәскеуден келген комиссия мүшесіне өздеріндегі кемшіліктерді жіпке тізгендей қылып айтуы, кейіннен сол кемшіліктері бойынша қайта тексеріс келуі де автордың қулық ауылынан алыс болғанын аңғартады. «Тура биде туған жоқ» деген халық даналығын жадында берік ұстанған Елбасы 1977 жылы «Правда» газетіне берген мақаласында да өзі басшылық жасап отырған заводтың жетістіктерін айта келіп: «жоспарды орындай алған жоқ» деп заводтың әлі де көшке ілесе алмай келе жатқанын жасырмайды.

Заман талабы қатал уақытта барлығы керемет болуы керек, жұмыстан бірде-бір мін шықпасын деген талаптың да толық орындалмай жатқанын «қаулы металл шығып жатыр...» деуінен-ақ туралықты көруге болады. Автор 1977 жылғы мақаласы болмағанда сол кездегі олқылықтарды бүгіп қалмадым деген тарихи шындығына күмәнмен қараушылар болуы әбден мүмкін. Автор осы жайды ескере отырып мысал келтіруді дұрыс деп ұйғарған.

Мемуарда байқалатын бір өзгешелік уақыттың өтуіне байланысты автордың қоғамға деген пікірі өзгере бастайды. Әуелгі бәріне бірдей құлшыныс сезімі күн өткен сайын сыни көзқараспен толығып отырады. Әр тарауда бір-бірімен сабақтас оқиғалар тізбегі болғанымен, қоғамға көзқарас әр алуан түрге бөлінеді.

1977-1979 жылдардағы Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған уақыты баяндалған бөлімді «Тұйық шеңбер» деп атауында да үлкен мән бар. Елді титықтатып, халықты сүліктей сорған жүйеге етене араласқан шақта барлық былық-шылығының куәсі болып, қалай күресуге болады деген ойдың шеңберінде қалған жылдар бейнеленген.

Теміртаудағы өндірістің мән-жайы сөз етілмек болған жиналыстың алдындағы көрініс оқырманға түрпідей тиері анық. «Секретариат отырысына арналған залдың есігі жанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы А.С.Колебаев Қарағанды обкомының хатшысы В.К.Акулинцевке:

– Ал не деп сөйлемекшісің, қане, қарап көрейінші, – деп, қолын созды.

Акулинцев оған машинкаға басылған тексті ұсынды. Ал ол көз жүгіртіп шықты да:

– Жаман емес екен. Сірә, мен осы қағаз бойынша сөйлейтін шығармын, – деп, оны бешпетінің қалтасына салып алды» [50, б. 105]. Қызметін асыра сілтеудің бұл бір деталі ғана. Автор бұндай оқиғалардың жиі

қайталанатынына, жоғарыдан төмен қарай сабақтаса бұзылған жүйенің ішіне дендеп енген сайын куәсі бола түсетініне қайран қалады.

«Алдыңғы арба қалай жүрсе, артқы арба солай жүредінің» кебін кигісі келмей, тың жол табуды мақсат етеді. Халықтың ішінен шыққан тұлғаның халықтың қамын ойлап, мәселемен күрестің жолын қарастырады. «Атадан жақсы ұл туса халықтың қамын жейді, атадан жаман ұл туса халықтың малын жейді» деген тәмсілді санасында берік ұстанып, ел ішінде қордаланған мәселелермен күресудің жолын қарастырады.

«Сол кезде жұмсалған күш-жігердің, істелген істің нәтижесі маған мынаны біржола айқындап берді: қай өндірісте болса да ең алдымен адамға көңіл бөлінуі керек. Оған адамға лайық жағдай жасамайынша, мұң-мұқтажына көңіл бөлмейінше, беделін арттырып, қадір-қасиетін жоғары көтермейінше ешқандай да мәселені шеше алмайсың» [50, б. 106]. Осы қағиданы берік ұстануының нәтижесінде болашаққа жасаған қадамдары сәтті болып, ел тұғырына орныға білді. Халықпен бірге жасап, халық қамқоршысы болған адам ғана биік белестерді бағындыра алатындығының үлгісі болды. Өзінің ақ жағалы болуына қарамастан 70 градус ыстықта қранның басына шығып жағдайды бақылап, мәселенің шешу жолын қарастыруы, жұмысшылардың жағдайын сезіну арқылы, солардың арасында жүру арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізді.

Шахтерлердің сенімінен шығу, құрметіне иелік етудің қиын екенін сезініп, бар ынта-ықыласымен терең шахтаға түсуі де басшы адамның халықпен бірге бола білуінің көрінісі. Осы арқылы автор биік мансапқа ұмтылған кез келген адамның негізгі міндеті ұлттың қамы екендігін ұран етіп, халықтан іргесін бөлмей күн кешуі тиістігін баса көрсетеді.

Қазақстанның қазба байлығының молдығы, жер көлемінің кеңдігі, астық өнімдері мен мал шаруашылығы іргелі дамығанымен халықтың жағдайы мүшкіл еді, өзімізде өндірілген шикізаттың барлығы шет елдерге жіберілетіндігіне ашынған автор: «Республикамыздан тыс жерлерге не бары 12-15 процент қана дайын өнім шығарылатын, ал қалғаны түгелдей шикізат және жартылай шикізат түрінде кететін... глинозем өндірудің және оны байытудың экологиялық жағынан аса ауыр, зиянды да лас қалдықтары түгелдей Қазақстанда қалатын... Бұл ретте бізге бар бұйырғаны – күміс пен алтынның қортпаларын өзге аймақтарға жіберіп отыру ғана. Қортпадан құйма алудың ешқандай қиындығы жоқ бола тұрса да солай істейтін. Одақта өндірілетін күмістің тең жартысынан астамын Қазақстан беретінін айтқым келеді» [50, б. 114-115]. Демек, Қазақстан шикізат қойнауы ғана, өз байлығын өз мүддесіне жұмсау мүмкіндігі жоқтығы, темір қортудың алғашқы 80 пайыз ауыртпалығы елімізде атқарылып, бүкіл зиянды қалдықтарын жерімізде қалдырса, қалған 5 пайыз жұмысты шетте атқарып, негізгі пайданың 80 пайызын өзгелер иемдену барып тұрған сорақылық еді. Автор тарихи шындықты саяси көзқараста цифрлық дәлдікпен баяндау арқылы сөзін дәлелді келтіреді. Жалған ұранның көлеңесінде қалған елдің болашағы бұлыңғыр екендігін сезініп, күресудің жолын қарастырады. Бүкіл Одақта өндіретін күмістің тең жартысын Қазақстан беруі, нәтижесінде ішкі өндіріс не бары 12-

15 процентті құрауы сол кездегі елдің тұралап қалған жағдайын көрсетсе керек.

Семейде ашылған жылына 30 мың тері тон тігетін заводтың ірге тасы қалануы, іске қосылуы қаншама қиындық пен кедергіден құралғандығын, шет елден алынатын қымбат станоктарға қажетті қаражатты орталықтың келісімінсіз бөлу мүмкін еместігі бір республиканың өзін-өзі қамтамасыз етуге дәрменсіздігін көрсетеді. Автор осыларды негізге ала отырып, бүгінгі күні сабақ алуымыз керектігін меңзейді. Өз қолы өз аузына жетпеген жұрттың өзгелерге кіріптар күй кешетіндігін тұспалдайды.

Мемуардың өзге шығармалардан бір ерекшелігі авторлық баяндауда экономистің және саясаткердің көзқарастары айқын көрініс алатын тұстары жиі кездеседі. Автор өзіне қойған мақсаты көркем тілде құқылжытып жазу емес, нақты ақпараттарды сыни тұрғыда талдап жеткізуді басты фонға шығарады. Әр ойдың тұжырымын сауатты саясаткердің пікірімен қорытындылауға тырысады.

«Мен үшін де, кез келген парасатты экономист үшін де мейлінше айқын бір жайт бар. Ол мынау: әңгіме шикізат өндіретін республикаларға берілген қайдағы бір қарыздар туралы емес, қайта олардың өздерінен заңсыз алынып отырған ақшаны қайтарып беру жөнінде болуы керек» [50, б. 15]. Кіріс пен шығыс есебін түгелдеу тұсында Мәскеуге тікелей бас шұлғушы басшылардың немкеттілік істерінің салдарынан республика өз құқығын толық игере алмады. Назарбаевтың бұл еңбегінде 1970-1980 жылдар аралығындағы Кеңестік және Қазақ КСР-ның жоғарғы билігіне тікелей сын көзбен қарау бар.

Шығарманың тарихи-хроникалық ерекшелігі бар. Бір сыпыра дүниелер ешбір құжатта, қағаз бетін көрмеген тың оқиғалардың баяндалуы, ел алдына биік болмысымен қалған тұлғалардың екінші бейнесі суреттелуі тарихи тың деректер. Ішкі құрылымы жалпақ жұртқа мүлдем бейхабар оқиғалардың оқырманға жол тартуы тың ақпараттармен қанықтырады. Брежневтің Республика басшыларын сайлауда мемлекеттің мүддесін емес, биліктің сойылын соғатын кадрды таңдауы біраз жағдайды сыни көзқараспен қарауды талап етеді.

Бәрімізге мәлім 1960 жылдары Хрущев сынақ даласына айналдырған қазақ даласын 1964 жылы билікке келген Л.И.Брежнев мүлдем тұқырта түсті. Тарихта жеке басқа табынушылық қылаң берген кезең ретінде қалған бұл уақыт мемуарда айқын сипатталады. Мерзімді басылым беттерінде Қазақстанның бүкіл одақтық өнімдер арасында қорғасынның 70 пайызын, сары форфордың 90 пайызын өндірді деп қошемет айтылғанымен халықтың жағдайы жақсара қойған жоқ. Бүгінгі сыни көзқараспен қарайтын болсақ, барлық байлығын шетке таратудан алдыңғы қатарлы республикалардың бірі болғандығымыз ғана байқалады.

Н.Назарбаевтың Брежнев саясатының кемшіліктерін жіпке тізе баяндауының бір мәні мемлекетті ұзақ уақыт бойы бір басшының билеуі жеке басқа табынушылыққа әкелетін бірден-бір жол екендігін көрсетеді. «Жұрт жайғасып бола бергенде Д.А.Қонаев партиямыздың маршалы, армиямыздың маршалы деп шұбартып келіп Леонид Ильич Брежнев үшін тост көтеруімізді

ұсынды. Бокалға ернімізді тигізіп, орнына қойғанымыз сол болатын, «тостың құрметті иесі» күтпеген жерден тұрды да, есікке қарай беттеді. Бүкіл басшылар, әлбетте, оның соңынан ерді. Бреженев есік алдына шығып, өз машинасына отырды да, бір минуттен кейін бүкіл машиналар тізбегі қозғала берді. Ол қай жерге және не үшін келгенін ұмытып қалғаны айдан анық еді» [50, б. 122]. Зілді мысқылды байқауға болады. Қонаевтың мақтау сөздерін мысал етіп «шұбыртып келді да» деп тостың Бреженевке қарата айтылғанына тоқталу арқылы 1960 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарған Қонаевты да сын тырнағына іліктіреді.

Автордың негізгі нысаны Бреженев еді. Мемуарда Бреженевтің әбден қартайып, қалжыраған шағы бейнеленеді. Өздігінен жүріп-тұру мүмкіндігінен айырылып еңгезердей екі жігіттің сүймелдеуімен жүретін Бреженевтің санасы да тұмандана бастағандығын соңғы мысалдарынан байқауға болады. Күллі бір Одақтың тағдырын санасы тұмандана бастаған басшыға басқарту, тіпті ақылға симайтын жайт екендігін оқиға иірімдерімен ашық баяндайды.

Н.Назарбаевтың тарихи дерегін жаңсақ пікірге шығаратын мысалды Ораз Қауғабайдың «Бреженев және Есенберлин» мақаласынан көруге болады. 1980 жылы Қазақстанның 60 жылдық мерейтойында жақыннан көргендігін мысал етеді. Әйтсе де нақты ақпаратты көзбен көрген емес, естіген бағытта ұсынады. Қонаевтанушының Бреженев тұсында қазақтың жағдайы біраз жақсарып, қағанағы қарық, сағанағы сарық өмір сүрді деуі толықтай келісе қояты дерек емес. Әйтседе «шыны керек, Бреженев дәуірінде бұрын езіліп, еңсесі түскен, кедейленіп, жарлы-жақыбайға айналған халықтың тұрмыс-жағдайы жақсарды. Бреженев Қазақстанда кеңқолтық патша атанды» деген пікір қалтырған азаматтар да бар. Өзге де тарихи деректер Бреженевтің билікке келген тұсын тоқырау жылдармен өлшейді. Тіпті 1979 жылдары Қазақ даласына Неміс автономиясы облысын құру туралы шешім шығаруы кеңқолтық патшаның сынайын танытпайды. Осы ретте қарасақ Назарбаевтың деректерінде бірқатар шынайылыққа жақын тұстарын байқауға болады.

Көрген білгенін, ойға түйгенінен өзгерістерді қалаған Назарбаевтың «Мәселелер осылай шешілетін», «Уақыт перзенттері» тарауларында қазақ даласында орын алған бірқатар келеңсіздіктердің жай-жапсары суреттеледі. Өзінің болашағына айтарлықтай кедергі келтіру қауіпі туындағанына қарамастан әділдік іздеуінен ұлтқа деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген адалдықты көруге болады.

Халық есебінен күн көріп, «күріштің арқасында су ішкен күрмектей» өмір өткізген билікке ашық наразылық көрсетеді. Автор Қонаевтың жеке басына ешқандай да бас араздығы жоқтығын, әйтсе де пенде болғаннан кейін қателіксіз жан болмайтынын ескеріп ұсыныстармен алдына бірнеше мәрте барғаны туралы кеңінен сөз етеді. Халық арасында біраз уақыт талқыға түскен Назарбаевтың 1985 жылғы жасаған баяндамасынан шығармада үзінділер келтіре отырып жеке басына жоғары баға бере кетеді. «Д.А.Қонаев қазір көптеген адамдар ойлап жүргендей, тіпті де біржақты тұлға емес. Ол жан-жақты білімдар адам, ең бастысы Қазақстанның жағдайын бес саусағындай

жақсы біледі, халықтың ежелгі дәстүрлерін, әдет-ғұрпын және мінез-құлқын жақсы түсінеді» [50, б. 162] – деп жеке басына жоғары баға береді. Д.А.Қонаевтың елге жасаған еңбектерін атай келе қате шешімдерін де талдап көрсетеді.

Қазақстан Компартиясының XVI съезінде жасаған баяндамасынан кейін көпшіліктің Д.А.Қонаевті қаралады деген желеумен сын пікірлер айтқандығын, артынан қудалау жүріп, белгісіз адамдардан 53 арыз түскенін де, кей азаматтардың «Д.А.Қонаев болмағанда Компартия Орталық Комитетінің хатшысы, ал соңынан Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы бола алмас едің ғой» деген ескертпелердің де болғаны жайлы айта келе: «... бұл баяндамада мен Қонаевтың жеке басына тиіскен жоқпын. Оның үстінде, мәселелердің бұлай батыл қойылуы арқылы оған көмектесетін шығармын, әбден енжар болып алған басшылардың тобын әлдебір серпілдіре алармын, Орталық Комитеттің бірінші хатшысын да ертелі-кеш біржола жұтып тынбайтын ми батпақтан сақтандырармын деген үмітте болдым» [50, б. 181] – деп «Платон менің досым, бірақ ақиқат одан қымбат» деген қағиданы берік ұстанғандығын көрсетеді. Автор Қонаев төңірегінде болған ахуалды барынша ашық баяндауға тырысқан. Қоғамда орын алған мәселелердің барлығын сөз карикатурасы арқылы жеткізуге тырысады. Қоғамда орын алған негізгі мәселелерге өз баяндамасына интерпретация жасау арқылы мәнін аша түседі.

Әйтсе де 1986 жылғы баяндамасы Д.А.Қонаевтың қабылдауында өзгеше сипатталған: «Екінші мәселе бойынша баяндама жасаған Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Назарбаев Республика ғылым академиясына және оның басшылығын, сондай-ақ қала үшін зор мәні бар Алматыдағы бірқатар құрылыс объектілерін жөнсіз сынады... сын ескертпелердің көбісі Назарбаевтың тікелей өз қызметіне бағыштауға болар еді. Өйткені ол 1978 жылдан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі, бес жыл бойына Орталық Комитеттің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы, ал кейінгі екі жыл – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болды. Әрине, егер білместікпен, қызбалықпен сынаса, онда бір басқа, ал Назарбаев үкімет басшысы ғой? Өзінен-өзі Министрлер Кеңесі қайда қарап отырған деген орынды сұрақ тумай ма? Ол неге бұл мәселені бұрын көрмеген? Мұндай көзқарасты түсіну қиын еді» [51, б. 351] – деп таңданған, әрі қарсы сұрақ қойған пікірін білдіреді. Сол уақыттағы ел ахуалы, халықтың Д.А.Қонаевқа деген ықыласы мен құрметі тарихи еңбектерден бізге мәлім.

1980-1986 жылдар аралығындағы Республиканың ахуалына Н.Назарбаев пен Д.А.Қонаев еңбектерін салыстыра қарасақ екі түрлі сипат көруге болады. Н.Назарбаев еңбегі оппозицияға жақын, сыни көзқараста сипатталса, Д.А.Қонаевтың естелік-эссесінде Қазақстанның жалпы ішкі өнімі артып, елдің жалпы қазынасы «негізгі қор үштен бір есе көбейді. Бір бесжылдықта республика экономикасы мен мәдениетінің материалдық-техникалық базасы тап осылай өсу бұрын-соңды болған емес. 32 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды, яғни бұл Қазақстан халқының бестен бірі қоныс тойын жасады деген сөз» [51, б. 350] деп ел ахуалын жақсы жағынан сипаттаса, Н.Назарбаев баяндамасында «Тексеруде көрсеткендей, соңғы 2,5 жылдың ішінде қаланың

аудандық атқару комитеттері кезекте тұрғандарды қамтамасыз ету үшін астанада пайдалануға берілген үйлердің тек бір проценті бөлінген... көптеген мұқтаж адамдар 20 жылдан астам уақыт пәтер ала алмай жүргенде... ұрланған заттардың жалпы сомасы 20 миллион сомнан, ал өнімсіз шығындар мен ысырап 46 миллион сомнан асты» [50, б. 178-180] деген мәліметтермен бөліседі. Мақсатымыз екі кезеңде ел тізгінін ұстап, ұлттың болашағы үшін еңбек еткен тұлғаларды бірінен-бірін асыра бағалап, бірінің бәсін жоғарылату емес, сондықтан мәселенің ақ-қарасын тәтпіштеп жатудан аулақпыз. Қонаевтың халық алдындағы беделі, Назарбаевтің ұлт алдындағы еңбегі жөнінде тарихи мәліметтер жеткілікті, ал кімнің оң, кімнің жаңсақ басқанын тарих көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі қазақ әдебиетінде кеңінен сипат алған Желтоқсан оқиғасы туралы бірқатар ірі зерттеулер мен көркем шығармалар жарық көрді. Сол уақыттағы іс қағаздар, комиссияның талқылаулары, сұхбаттардың өзі Т.Айтбайұлы мен Т.Зейнәбилдің құрастыруында 5-томға жүк болды. Одан бөлек Қайым-Мұрат Табеевтің «Қазақтың Желтоқсаны», М.Қозыбаевтың «1986 Желтоқсан. Дақпырт пен шындық» т.б. еңбектермен қатар, Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы», Ө.Тоқтаровтың «1986 жыл» т.б. прозалық шығармалар мен Қ.Мырзалиев, Ж.Бөдеш бастаған ақындардың қаламынан поэзиялық туындылар Желтоқсан көтерілісіне бірқатар тың дүниелер қосып, оқырман қауымға көтерілістің мәнін жеткізіп бақты. Жазылған көркем шығармаларға Г.Орда: «Бұл шығармалардың барлығы тәуелсіздік үшін күрескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысының көркем суреттері ретінде танылды» [55, б. 160]– деп ғылыми түрде кеңінен талдап, жоғары баға берді.

Көтерілістің негізгі себебі Қонаевтың орнына Колбиннің келуінен басталғанын, Колбиннің басшылыққа қалай келгенін бірқатар шынайы суреттейді. Қазақстанға басшылық қызметке келмес бұрын Ульянов облысының партия комитетінің бірінші хатшысы болған Колбиннің Қазақстанның ішкі хал-ахуалы, жай-күйі туралы мандытып ештеңе білмейтіндігін сипаттап өтеді. Бұл арада автордың баяндауынан Колбиннің билікке келуіне іштей наразылығын аңғарамыз. «Аса маңызды проблемаға, шын мәнінде, Қазақстанның болашақ тағдырына, мұндай тұрғыдан келу Республика Компартия Орталық Комитеті бюросының мүшелерін мейлінше аң-таң қалдырғанын айтуға тиіспін. Бәріміз де мең-зең күйге түскеніміз соншалық, тіпті ұсынылған кандидатураны бюро мәжілісінде талқылаудың, ең болмағанда «протокол үшін» талқылаудың қажеттігі ешқайсысымыздың ойымызға кіріп шықпады. Турасын айтқанда, талқылайтын дәнеңе де жоқ еді, өйткені Колбин жөнінде біздің ешқайсысымыз да мардымды ештеңе білмейтін едік» [50, б. 198]. Бір елдің болашағына қажетті шешім шығаруда Мәскеудің ешкіммен ақылдаспай-ақ қабылдаған шешімі үлкен көтеріліске әкеліп соқты. Әйтсе де жоғары биліктің құйтырқылығы бұнымен бітпегенін, шешім шығаруды наразылық танытпайтын марғау ұйымның бас шұлғу әрекетін әшкерелеген автор сол бір шешімнің зардабын баяндауға көшеді.

1986 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Н.Назарбаев көтерілістің тікелей куәгерлерінің бірі болды. Мемуарындағы «Ескі екпін күшімен» тарауында автор 1986 жылдың желтоқсанында болған қанды оқиғаны кеңінен сипаттап, биліктің жасаған қатыгездіктері мен қателіктерін толықтай сипаттайды.

«Алғашқы қолдарына транспаранттары бар 200-дей адам келді. Бірақ содан кейін халық олардың төңірегіне барған сайын көбірек жинала бастады... Орталық Комитеттің Бюро мүшелеріне, оның ішінде маған да және Республика Жоғары Кеңесінің Президиумының төрағасы С.Мұқашевқа да, алаңға барып адамдармен сөйлесу тапсырылды» [50, б. 199], дей келе автор алаңға жиналған жастардың «Советтік Қазақстан жасасын!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!», «Бізге қазақ басшы керек!» деп ұрандатқанымен, ешқандай да тәртіп бұзушылық ойларында жоқтығын, тек жалынды жастардың «Жергілікті басшы неге сайланбайды?» деген сұрағына мардымды жауап бере алмағандығын еске алады. Автор оқиғалар желісін сипаттау арқылы мәселенің бәрі Мәскеуден шешіліп жергілікті биліктің ондай шешімді өзгертуге қауқары жоқтығын, халықтың наразылығын басуға жергілікті биліктің дәрменсіздігін мойындайды.

Мәселенің ушығуы биліктің халықпен диалогқа келмей, сырттан жасақ кіргізуінде еді. Жергілікті биліктің оқиғадан шеттетілуінің негізгі себептерінің бірі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Е.Н.Әуелбековті, Н.Е.Морозовты, Л.П.Демиденконы, С.М.Мұқашевты, Н.Ә.Назарбаевты негізгі үміткерлер деп танып, жастардың жиналуын өз пайдасына шешіп, бұрмалауы мүмкін деген қатермен оларды алаңдағы жағдайға араластырмады.

Әйтсе де жоғарыда келтірген фамилиялардың арасында өзге ұлт өкілдерінің болуынан-ақ алаңдағы жастарға жабылған айыптың дәйексіз екендігін білуге болады. Назарбаев Желтоқсан оқиғасында өзінің шеттетіліп қалғанымен қатар, Колбиннің бірнеше мәрте Мәскеу билігіне ұсыныс жасап, қызметінен алуға әрекет еткендігін де еске алады. Автордың сөзін М.Шаханов 1990 жылдың 29 қыркүйегінде «Лениншіл жас» газетіне, Бейбіт Исабаевқа берген сұхбатында растайды: «Жергілікті басшылық өкілдеріне деген бұл сенімсіздік бұдан соң да сейілмеген. Бізге кейін мәлім болғандай, Г.В.Колбин Н.Ә.Назарбаевты Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен босату жөнінде Мәскеуге үкімет басшыларына бірнеше рет ұсыныс жолдаған» [56, б. 47].

Қалай айтқанмен де, Желтоқсан көтерілісі Кеңестік империяның бұғауында жатқан бодан елдердің тәуелсіздік туралы ойлауына, алып одақтың іргесі сөгілуіне жасалған алғашқы қадам болды. Бүкіл халықтың рухы оянып, өзгеше сипат алды. «...1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тарихи орнын, тарихи маңызы мен мәнін бағалағанда ең алдымен ұлттық тәуелсіздігіміздің ғасырлар бойында жүріп өткен, әлі де талай ғасырларға жалғаса беретін тарихының үлкен бір белесі ретінде бағалауға тиіспіз» [57, б. 11] – деп Қ.Әбдесұлы ғылыми тұрғыдан жоғары баға берді. Қазақ тарихы үшін елеулі орны бар, көтеріліс кезінде билікте болған Н.Назарбаев өз шығармасында

алаңдағы оқиғалармен қатар басшылық шешімінен де бірқатар мәліметтер береді.

«Біреудің қатесі үшін біреу күйіп» бөліміндегі Н.Назарбаевтың ішкі монологында ұлтжандылықтың формасына, халықты сүюдің ерекшеліктеріне іштей тоқталады. «Ауыздарынан екінің бірінде «халық» деген сөз түспейтін саясаткерлерге өз басым сене бермеймін... халықтың не ойлайтынына енжар қарамайтыны жақсы да болары. Бірақ маған олардың көпшілігі халықтың күні ертең іс жүзінде қандай төрелік айтатыны онша толғандырмайтын, қиналдыра қоймайтын сияқтанады да тұрады...» [50, б. 226-227]. Ұлтты ұрандатып сүю мен үнсіз сүюдің мәніне үңіледі. «Халық» деп қанша кеуде көтеріп сөйлегенмен атқарған ісің уақыттың соққысына төтеп бере алмайтын, құр даурықпа болғаннан гөрі үнсіз ғана ұлттың қамын ойлау әлдеқайда пайдалы екендігіне тоқталады. Билікте өзінің мерейін үстем қылу үшін халықтың талабы осы деп ішкі-сыртқы жағдайды бағдарламастан кесе-көлденең сөйлеу ел болашағына үлкен қатер екендігін, сөзден гөрі істің үлкен маңызы барын айта келе, істен гөрі сөздің қадірі биік тұратынын, бірақ уақыт өте келе бәрі өзгеше көрініс беретініне саяси тұрғыда ой жүгіртеді.

Осы бір ой тізбегі Мұратқан Шоқанның:

«Алаш, сені үндемей-ақ сүйем мен,

Айналайын, қасиетіңнен, киеңнен!

Саған деген сезімдермен гүлдеймін,

Біреулерше ұрандауды білмеймін...» – деген «Үндемей сүю» өлеңімен үндес келеді. Ұрандатып жүретіндер тобын ақын өлеңімен ащы әжуа арқылы сынады.

«Қыт-қыт етіп жарнамалар әр ісін,

Танымал боп теріп жеп жүр тарысын.

Күні бойы шаңқылдай ма қырандар?

Тауық олар, жемсауында «ұран» бар!» [58, б. 84] – деген өлең жолдары арқылы жоғарыда келтірген Н.Назарбаев пікірін жүйелі де жұмыр етіп өлең жолдарына түсіреді. Ұлтжанды азаматтар арасындағы идея сабақтастығы орын алғанын байқауға болады. Ақын «ұраншылдарды» тауыққа теңеуі арқылы тек құлқынның құлы, жалған пиардың көрінісін ашса, Н.Назарбаев ондай жалған ұраншылар халықтың ертеңіне үлкен қатер төндіретінін ішкі лирикалық ойларымен сабақтастыра көркем суреттейді.

Бір оқиғаны баяндап отырып, екінші бір оқиғаға ауысуы көркем әдебиетте кеңінен орын алған поэтикалық тәсіл, бұл біздің жазбаша әдебиетімізбен қатар ауыз әдебиетімізде де кеңінен сипат алған. Шығарманың композициясындағы басты көркемдік тәсілдерді мейлінше орнымен пайдалана білген Н.Назарбаевтың еңбегінен қазақтың жарты ғасырға жуық тағдырын өз басынан өткен оқиғалармен сабақтастыра отырып эпикалық кеңдікпен суреттейді. XX ғасырдағы тарихи өмір шындықтарын, халық тарихын, мемлекетті басқарудағы қайраткерлердің азаматтық істерін көркем тілде нанымды суреттесе, бір бармағын ішіне бүккен ұлттың мүддесінен жеке басының қамын жоғары қойған кей тұлғалардың ісін әдеби сарказм арқылы нанымды әшкерелейді.

Автор барлық тарихи оқиғалар тізбегін ғылыми түрде жинақтап, тиісті тарихи мәнерде қаз-қалпында жеткізуді мақсат тұтпайды. Барлық оқиғалар желісін таза баяндау стилінде әдеби норманың аясында жеткізеді. Қазақ топырағындағы саяси, ұлттық, әлеуметтік оқиғаларды, нақты өмір құбылыстарын көркем баяндайды. Автор баяндаған оқиғалар тізбегін естіген, я болмаса болжалды дүниелерді емес, нақты өзі басынан өткізген фактілерге сүйене отырып, тиісті жерінде өзі түйген саяси пікірлермен байланыстыра суреттейді. Болған оқиғаларды сипаттап қана қоймай себебі мен салдары, нәтижесі мен зардаптарын, уақыты мен кеңістігін, жүйелі сабақтастықпен айтып отырады. Сол арқылы оқырманын өзі өмір сүрген уақытқа жетелейді, өзіне тартып отырады.

Шығарманың негізіне деректер мен құжаттарды пайдалануы көркем шығарманың материалдық болмысын толықтырып тарихи дәлдігін көрсетеді. Нақты құжаттар мен цифрлық анықтамаларды оқырманды иландыруға, жетелеп отыруға қажетті құрал ретінде пайдаланған автор бір сарынды фактілердің жиынтығын айтып кетпей, өз ойын қосып, тұжырымын жасап отырады.

Саясатта елеулі орны бар Н.Назарбаевтың бұл еңбегі – поэтикалық дискурс пен нарративті еркін қолдана білген көркем туынды. Автор оқырманын өзіне тартатын ақпараттарды ойдан шығаруға, жалған мәліметтер беруге бармайды, бірақ оқиғаларды айна қатесіз қайталамайды да. Нақты өмір шындығын ой сүзгісінен өткізіп, көркем тілде жеткізеді. Бұл автордың шығармашылық биігі деуге болады.

Шығарма XX ғасырдың 50-інші жылдары суреттеген тарихи оқиғалар мен қазақ әдебиетінің тарихи шығармалар қатарын толықтырып отыр. Оқиғалар тізбегінде барынша шындықтан алшақтамауға тырысқанын талдауда келтірген өзге де тарихи мәліметтер растайды. Автордың бұл еңбегі – өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырып, саяси өмірдің бір көрінісін суреттеген бірқатар құнды дүниелердің бірі.

2.2 Н.Назарбаев еңбегіндегі референттер және постулаттар

Адам өмірді әр қырынан танып, әр қырынан көрген сайын өмірге деген көзқарасы да, ойы да құбыла түспек. Күрделі танымдық пәлсапада нарративтік көзқарастың орны бөлек. Зерттеу жұмысымыздың бірінші бөлімінде нарратив теориясына аз-кем тоқталған болатынбыз. Ендігі мақсат – сол теорияларды пайдалана отырып ғылыми талдау жүргізу. Нарратив – бізге әлемді уақытында танып білуге арналған көркемдеуіш құралдың бірі. Кинорежисер Брайн Де Пальманың ұсынған пікірі нарративтің болмысын толықтай аша алатындай көрінеді: «Адам әлемді нарративтік бейнеде көрмейінше, оны толықтай танып біле алмайды» [59, р. 10]. Яғни адамның, табиғаттың, ғаламның бейнесін нарративтен тыс сыртқы формасын ғана танып біледі. Ал ол нарративтік формаға ауысқан шақта оның ішкі әлеміне енуге мүмкіндік туғызады. Мысалы, ақпараттық түрде Н.Назарбаевтың алғаш рет тау басына табан тіреген сәтіне сырт көзбен қарағанда таудың басына шығып, қайта түсуін ғана көреміз. Ол нарративтік, яғни авторлық баяндауға түсу арқылы қандай сезімде болғанын, жан дүниесін аңғара аламыз. «Бір-қызығы, сол кезде менде бір құпия арман болды. Мұнар басқан көгілдір таулардың біріне шықсам шіркін деп көксейтінмін» [60, б. 14] – тауға шыққан көріністің алғашқы ұшығы оқиға болған сәттен 6-7 жыл бұрын бала Нұрсұлтанның санасында бұр жарғандығын авторлық баяндауға түсу арқылы көре алдық. «Бірақ көз арбаған әлгі шыңға он төрт жасымда табан тірегенім жадымда.

Қазір өмірімнің үштен біріне жуығы бітпейтін ресми сапарларда, дәлірек айтсам, республика ішінде немесе әлемнің түрлі елдеріне ұшу сапарларымен өтіп жатқан шақта, нағыз самғау сезімін алғаш ұшақта отырғанда емес, әлгі көгілдір таудың шыңында тұрып төменге – маған бейне алып география картасы сияқты көрінген жазық далаға қараған сәтте сезінгенімді түсіндім» [60, б. 14]. Адамның ішкі жан дүниесіндегі толғаныстарды, көңіл көкжиегін нарративсіз түсіну қиынның-қиыны. Брайн Де Пальмның сөзінің жаны бар екендігіне көзіміз жетеді. Нарративтің тағы бір ерекшелігі бірнеше уақытты, бірнеше кеңістікті еркін қолдана алуында. Бұл арада нақты уақыт пен нарративтік уақыттың өз өлшемі бар. Нақты уақыт жеті жасында шыңға шығуды арман етуі, он төрт жасында сол шыңға шығуы т.б. секілді шектеулі болса, нарративтік уақытта шек жоқ. Автор нарративтік уақытты өз қалауынша ұзартуға да, қысқартуға да мүмкіндігі бар. «Сол жерде тұрып мен бәрін көрдім... Жер тәнінде сала-сала болып жатқан алып күре тамырлар сияқты жыралар мен сайлар; біздің ауыл мен көрші ауылдардың түймедей болып ағараңдаған үйлері; бұраң қаққан сан тарам жолдар; шоқ-шоқ қызғалдаққа бөккен көк майса белдер; күрең даланың бетіндегі жамау сияқты жүгері алқабының төрт бұрыш сап-сары танаптары... – бәрі-бәрі көз алдымда, етек тұста жайыда көсіліп жатыр» [60, б. 14]. Нақты уақытта бұлардың барлығы бір сәтте ғана белгілі бір уақыт өлшемінде орын алары сөзсіз. Ал нарративтік уақытта «шоқ-шоқ қызғалдаққа бөккен көк майса белдердің» өзін жеке бір уақыт етіп қарауға болады. Шығармашылық еркіндікке байланысты жұтқан ауаны, ескен желді, көшкен бұлтты – бәрін жеке-жеке сипаттау авторлық уақытқа, яғни нарративтік уақытқа тән.

Политолог А.С.Панарин өзінің «Политология» еңбегінде саяси көшбасшылардың түрлерін сипаттай келе лидердің бір белгісі ретінде ту көтеріп, шындықты өзінше көрумен ерекшеленетін, белгілі бір мақсаты бар, жұртшылықты өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен еліктіре алатын басқарушылық қабілетінің болатындығын айтады [61]. Ондай қабілет адам бойында бала жастан бой көрсетеді, оны Н.Назарбаевтың шың басына шығуға құмартуынан-ақ байқауға болады. Шыңға ұмтылу – лидерлікке ұмтылудың бір көрінісі. Ол биікке жету, жетпеуі адамның тағдыр тәлейі мен ұмтылысының жемісі болмақ.

Н.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» естелік-эссесі астананы Алматыдан Астанаға көшіруінің негізгі себептеріне тоқталып, өзінің саяси аренадан көрген түйгендерімен бөлісе отырып, ойын дәлелмен жеткізуге тырысады. «Астананы ауыстыру – сөзсіз тосын да сирек оқиға. Әрине, бір адамның ұғымының шеңберінде. Мемлекет ауқымында бұл әдеттен тыс болса да, соншалықты бас шайқап таң қалатын құбылыс емес» [60, б. 18]. Көпшілікке тосын болған оқиғаның әр адамның жеке көзқарасымен емес, мемлекеттің болашағымен байланыстыра қарау арқылы негізгі ойдың ұшына қол жеткізуге болатындығын «бас шайқап таң қалатын құбылыс емес» деуінен толық көруімізге болады. Өз пікірінің толықтай маңыздылығына дәлелді түрде нүкте қою мақсатында астанасын ауыстырған елдерді мысал ете келе, саяси стратегиялық мақсатта ондай қадамдардың маңызы ерекше екендігіне тоқталады.

Сөздің тұздығы, ойдың дәлдігін көрсетуде дәлелді мәтіндер келтіру – көркем шығармада кең орын алатын құбылыс. Бұндай мәтінді анықтап, зерделеуде интермәтіннің зерттеу элементтерінің маңызы зор. Ойдың нақтылығын жеткізуде Н.Назарбаев та бұл тәсілді оңтайлы пайдалана білген. Астананың күн сайын құлпырып, гүлденуін сипаттай келе: «Бір атақты физик-ғалымның: «Сондай жап-жас және сондай беймәлім!» деп айтқаны бар екен» ([60, б. 21] – деп физик маманның сөзін мысал ретінде пайдалануында да өзіндік мән бар.

Жоғарыда атағанымыздай айтар ойды нақты дәлелмен келтіріп, межеге дөп тиюіне барынша негіз болатындай өзге пәндермен байланыстыра суреттеу – көркем мәтіндегі көмекші құралдардың бірі. Н.Назарбаев еңбегінде өзге ғылым салаларымен, өзге пәндермен де тығыз байланыс орнатқан мәтіндер кездеседі. «Мен математик емеспін. Білуімше, осы нақты ғылымда шешу қажет, бірақ дәл шешу мүмкін емес есептер бар деседі. Сондықтан мұндай «көп шешімді» есептердің шешуі ең жуық мәнде ғана алынады екен.

Астананы көшіру де осылай болып шықты. Астананы ауыстыру қажеттілігіне итермелеген бірқатар жағдайлар болды» [60, б. 22]. Автор бірден Астананы көшірудің себептерін айтқанда ойы жадағай жығып, сенімсіздік тудырар еді. Оқырман мен автор арасында ой қайшылықтары болмауына пәнаралық байланыстың, математикадан келтірген мысалдың септігі бар. Болашақты болжау мүмкін еместігі секілді, Астананы көшірудің нақты бір анықтамаларының болмауы шешімі жоқ есеп тәріздес екендігін баса айтады.

Әйтсе де, ешқандай істің мақсатсыз, жоспарсыз жүзеге аспайтындығы секілді ел астанасын ауыстырудың да төрт түрлі себебін көрсетеді. Ойының тұжырымын айқындауда баяндаушы әдеби стильден саяси стильге ойысады. Бұл – бір шығарманың бойына бірнеше стиль мен бірнеше пәнаралық байланыс орнатқан тұщымды дүние. Әуелі сол төрт себепке назар аударып көрсек:

«Біріншіден, астананы көшіруді біз әуел бастан геосаяси тұрғыда Қазақстанды нығайтуға бағытталған қадам ретінде қарағанбыз...

Екіншіден, біздің таңдауымызда қауіпсіздік мәселесі маңызды орын алды. Бұл тұрғыда тәуелсіз мемлекеттің астанасы сыртқы шекаралардан алыстау жерде, мүмкіндігінше елдің ортасына таман тұруы тиіс-ті...

Үшіншіден, астананы ауыстыру Қазақстанның экономикасын одан әрі дамыту тұрғысынан тиімді еді...

Төртіншіден, бұл шешім елде тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту тұрғысынан даусыз артықшылықтар әкелген қадам болды...» [60, б. 26]. Бір-бірімен мақсаттық сабақтастығы бар төрт себептің негізгі түйіні – ел болашағы. Бірінші себебінде Қазақстанды алыс, жақын шетелдермен қарым-қатынас орнатуға ыңғайлы Еуропа мен Азия ортасына алтын көпір болатындай оңтайлы жерге орналастыру мақсатын көздейді. Екінші себебінде қандай да бір қауіпті жағдай орын алған кезде ел ертеңі үшін бас қосатын басқарушы органдардың негізгі жиыны қауіпсіз әрі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ете алатын орын болуын көздейді. Үшіншіден, өндіріс күштерінің тек бір бағытта дамып, бір аймақта ғана түрленуін доғарып, жалпы мемлекет аумағында бір келкі дамуына жол ашу. Шетелдің озық технологияларын республика өңіріне әкеліп, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуді көздейді. Төртінші себепте Қазақстан аймағында қоныстанған диаспоралардың тұрақтылығына, ел ішіндегі ынтымақтың берік болуы, этикалық топтар арасындағы достықты сақтаудың бір жолы ретінде қарастырды.

Н.Назарбаевтың бұл атқарған шаруасының оң шешім болғанына И.Тасмағанбетов «Астана біздің халқымыздың өз күшіне сенімін нығайтты. Астана Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қолға алынған қандай жобаның да жүзеге асатынына күмән қалдырмады» [62] деп 2010 жылы Астана Сарыарқа төсіне берік орнаған шақта оң бағасын береді.

Естелік-эсседе «Замана зымыратқан жұлдыздар» бөлімінде астанасын ауыстырған елдердің тарихына көз жүгіртіп, себебіне үңіледі. Астаналар тарихына көз жүгірткенде өзіміз жоғарыда айтқан нарративтік уақыттың алар орны бөлек. Әуелі астана ұғымының шығу тарихына үңіліп, қашаннан бастап пайда болғандығына баса назар аударады. Кейіннен әуелгі тұжырымға қайта оралып, астананың ауыстыруында қаншалықты мән барына тоқталады. Астананы көшірудегі төрт себепке қатысты туындаған заңды сұрақтарға (астана елдің қай нүктесінде орналасуында не айырмашылық бар? Ел экономикасының дамуына астананың ауысуы қаншалықты әсер етеді т.с.с) нүкте қояды. «Қоғамның негіздеріне қатер төндіретін кез келген төңкеріс пен кез келген әлеуметтік сілкіністер, әдетте, провинцияларда, орталықтан шалғай

аймақтарда басталады да, олардың табысқа жетуі көбінесе мұны астана қолдай ма, әлде жоқ па дегенге байланысты болады.

Астананың негізгі өзіндік қасиеті – міне, осындай қоғамдық немесе саяси тартыстарды өзі бастамайтын, керісінше оған соңғы нүктені өзі қоятындығын да, дәстүрлерді, тұрмыс-тіршілігі мен қоғамның негіздерін өзіне белсенді қабылдауына және олардан баяу айырылысуында жатыр» [60, б. 43].

Автор біздің дәуірімізге дейінгі 2000 жылдарда өмір сүрген Мысыр перғауыны Аменемхет хаманынан тарихи мысалдар келтіреді. «Аменемхет перғауын өз қызығы өзіне жетіп жатқан Мысырдың сол заманғы астанасы мемлекеттің ыдырау қатерін төндіріп тұрған ағымдарға қарсы тұру қауқарсыз екенін жақсы түсінді» [60, б. 45]. 2000 жыл бұрынғы нақты тарихи оқиға бірнеше жылдарды, қаншама сан қилы оқиғаларды қамтуы мүмкін. Осынау уақыт шеңберін автор нарративтік уақытқа түсіру арқылы өзіне қажетінше ықшамдап алды. Көз алдымызға аста-төк өмір сүріп жатқан Мысыр қоғамын әкеліп, оның астамшылдықтың құрбанына айналған бейнесін көрсетуді ғана қажет деп тапқан автор сол бір эпизодты ғана қажетті элемент ретінде пайдаланған. Бұл – нарративтік уақыттың ерекшелігі.

2000 жыл бұрынғы Мысыр тарихынан бастау алған авторлық баяндау ретімен тарихи кезеңдерге тоқталып отырады. Александр Македонскийдің тарихи жорықтарының нәтижесінде жаңа астанасы Шығысқа Вавилонға көшіргендігі туралы баяндай келе: «Жаңа астананың және жаңадан жаулап алынған жерлердің шығыстық ықпалы Ұлы Александрдың бойында әлем туралы жаңаша, батыс пен шығыс мәдениетін біріктіретін, әлдебір синкретикалық теорияда көрініс тапқан тың түсінік қалыптастырды» [60, б. 49] – деп біздің заманымыздан үш ғасыр бұрынғы мәдениеттің жеткен жетістіктерімен бөліседі. Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) жайында шығыс аңыздарында көптеген деректерге қол жеткізе аламыз. Қазақ ақын, жазушылардың шығармаларымен қатар тарихи еңбектерде де Ескендір бейнесін көре аламыз. Оның жорықтарының қазақ географиясына қатысты тұстарына «Қазығұрт: аңыз бен ақиқат» кітабында бірқатар деректер берілген. Өз заманының ұлы қолбасшысы болған Ескендірдің жасаған әрекеттерінен мысалдар келтіруі автордың биік тұлғаны үлгі тұтуынан шығады. Ол жайлы пікірін анық, ашып білдірмесе де дискурстық талдау арқылы ой өзегіне жете аламыз.

Ел ішіндегі экономикалық ахуалдың әлі де онала қоймаған тұсында астананы ауыстыру ұтымды шешім емес деген пікірлерге саяси дискурстың элементтері арқылы жауап береді. Бразилия 1889 жылы республика болып жарияланғаннан бастап елдің даму аймағы Атлант мұхитының жағалауындағы қалалар гүлдене түсіп, таулы аймақтарда адамдардың шоғырлануы сирей бастағаны 1991 жылы тәуелсіздігін алған Қазақстан жағдайымен сәйкес келеді. Автор екі ел арасындағы әлеуметтік ұқсастықтарды салыстырмайды, бірақ салыстыру деңгейі саяси дискурстың элементтерінде жатыр. «...мемлекеттің ішкі аудандары, әсіресе Бразилия таулы аймақтарының жазиралары іс жүзінде әрі халық қоныстанбай бос қалып жатты» [60, б. 54] – деген авторлық баяндаудан ел ішіндегі әлеуметтік ахуалдың ұқсастығын

көруге болады. 2001 жылғы мақаласында «Шөл және шөлейт аймақтағы ауылдарға арнайы қамқорлық қажет екенін сезінбей тұра алмайсың. Туған Отанымыздың қай қиыр шеті болмасын, назардан тыс қалмауы тиіс, бұған біздің қазір ойымыз да, дәулетімізде жетеді» [63] – деп, Н.Назарбаевтың ұстанған саясатына оң баға беріп, атқарған істерінің дұрыстығына қолдау білдіреді. Автор өз еңбегінде мұндай оң пікірлердің барлығын жіпте тізбейді, теріс пиғылдағы ойларды да санамалап жатпайды, тек өзіне ғана мәлім ішкі толғаныстарын бүкпесіз жеткізуге тырысады.

Осы секілді астаналарын ауыстырған бірнеше мемлекеттердің тарихын қысқаша баяндап өтеді. Бұл – өзіміз жоғарыда келтірген нарративтік уақыт. Қаншама елдердің тарихын, біздің заманымыздан үш мың жыл бұрынғы оқиғалардан бастап бүгінге дейінгі уақытты ықшамдап, ой иіріміне қажетті тұстарын ғана пайдалану арқылы сан түрлі мәдениетті көз алдымыздан өткізеді.

Ел тарихында алғашқы қазақ хандығы құрылғаннан бастап көшпелі қазақ даласында ел орталығы болған қалалар жетерлік. ХХ ғасырдан бергінің өзінде Қазақстан астанасы бірнеше мәрте алмасқаны тарихтан белгілі. Тәуелсіздік алған уақытта астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру, кейіннен Ақмола атауын Астанаға ауыстыруы туралы шешім қабылдануы аз ғана уақыт ішінде жүзеге асуға тиіс міндеттемелер болды. Әуелгіде бұл тұжырымға қарсылық білдіргендердің саны көп болғанымен кейіннен осы шешімнің дұрыстығына бәрінің көзі жетті. Н.Назарбаевтың жоғарыда өзіміз талдаған еңбегіне толықтай көз жүгіртсек астананы ауыстыру мақсаттары, қиындықтары мен атқарылған жұмыстары туралы толықтай баяндалған. Кітап тек саяси ойлармен ғана толықтырылмай өзінің ішкі толғаныстарымен байланыстыра келе, өткенге шегініс жасап, балалық шағының естеліктерін де ортаға салып отырады. Кітаптағы толғаныстарына қарап автордың ішкі қыжылын да байқауға болады. Астананы Алматыдан көшірудегі негізгі мақсатын түсіндіруде бірінші жақтағы ұстанымдарына ғана тоқталмай, әлемдегі озық мемлекеттердің тәжірибесін мысалға келтіре отырып, нақты тарихи деректермен баяндағанын мысалдармен де көрсеттік. Өзге істеді, біз де қалыс қалмайықтың әрекеті емес, болашақтың кемел болуы үшін атқарылатын өзекті шаруалардың бірі екендігін де атап өтеді. Н.Назарбаев қаншама сыни пікірлерге тап болса да, тәуекелге бел буады. «Мен өзімнің саяси стратегиямды қатерге тіктім» деуінің де мәні осында.

Халықтың сан-саққа тараған пікірлеріне болашақтағы нәтиже ғана тосқауыл бола алатынына сенген Елбасы көпшіліктің ойындағы сауалға «Май шелпек» аспаннан жауа қалса дейді, бірақ ол мәңгі үміт қана. Мен қазақстандықтарға ешқашан да жылдам көре қоятын игілікті және мәселелердің жедел шешімін уәде еткен емеспін» [60, б. 76] деп жауап береді. Осы бір мемуарлық шығарманың тұла бойында автордың ішкі арман-мақсаттары мен соған жету жолындағы нақты жоспарлары тізбектелген.

Бүгінгі демократиялық заманда Астана тақырыбы кең көлемде насихатталуда. Көркем шығармада Астана көркін аша түсу мақсатында өткен дәуірден сыр тартып, бүгінгі күнді мадақтау көп қаламгерлердің

шығармашылығында ортақ дүниеге айналды. Сол бір еңбектерге әдебиеттану мен сын саласы да хәл-қадірінше талдаулар жүргізуде.

Уақыт өте келе сұлулығы түрлене түскен Астанамыз талай ақынның шығармашылығына арқау болды. М.Райымбектің «Көшбасшы» поэмасы жарыққа шыққан уақыттан бастап сан қилы пікірлер тарағаны белгілі. Біздің жұмысымыздың негізгі тақырыбы Н.Назарбаевтың еңбегіне қатысты болғандықтан «Еуразия жүрегінде» еңбегімен салыстырмалы талдау мақсатында «Астана» және «Ақорда» бөлімдеріне ғана тоқталамыз. М.Райымбек әр бөлімнің басында Н.Назарбаевтың пікірінен мысалдар келтіруі айтпақ болған ойының мәнін ашуға біршама үлес қосады. «Астана» бөлімінде бүгінгі Астана бейнесін қара өлең ұйқасымен бір қалыпты жырлай келіп:

Мақсатқа жетіп мәні кетпеген,

Жүректі жарып дәні көктеген.

Аманат болған астанам менің,

Керей хан менен Жәнібектерден» [64] – деп тарихи принциптерді пайдалана отырып, жұп-жұмыр көркем туынды жасап шығарады. Әйтсе де, ойды түйіндеу үшін өлең ортасында қайталана пайдаланылған екі тармағы «Нұрсұлтан салған нұрлы қаланың, Көшесіндегі гүлі боламын» деп келуінен ақын өресі тар шеңберге түйықталып, жеке басқа табынушылықтың лебі еседі. Бұл арада ақынның қателігі Елбасы есімін шығармаға қосуында емес, қорытынды келте аяқталуында. Автор өзі қалағандай Елбасы есімін негізге ала отырып, түйінді жалпы халықтық деңгейде жасағанда шығарма әлдеқайда әсерлі болар ма еді?

Поэманың «Ақорда» бөлімінде өлеңге тән айшықтауларды барынша орнымен пайдаланған. Астананың келбетін, болашаққа деген мақсаттарын, елдің кешесін, бүгінін, ертеңін сұлу суреттей келе:

«Астана басы болса қазағымның,

Ақорда жаны емес пе Алашымның» – деп көркем ойларын кестелеп көрсетеді. Дегенмен «Сөнсе де таң алдында Шолпан жұлдыз, Сөнбейді Ақорданың шамы мәңгі» деген екі тармағында ақын логикалық қателік жасайды. Себебі өлеңнің бірінші тармағында Шолпан жұлдыздың таң алдында сөнуімен келтеліктің, қысқа ғұмырдың мәнін көрсеткісі келсе, екінші тармағында мәңгіліктің бейнесін ақын Астананың шамының сөнбеуімен үйлестіруге тырысады. Алайда бірінші тармақ пен екінші тармақ бір-бірімен логикалық түрде байланыспайды. Екіншіден, С.Торайғыровтың «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» деген өлең тармақтарымен сарындас келеді.

Астана – елдің көркі, мәңгіліктің символы екендігі Е.Жүністің «Астана» туралы туындысында көркем суреттеліп, ойлары тиянақты жеткізілген:

Ғасырлық шаттыққа, ғасырлық мұңға да,

Ұлт үшін құрбандық етілген ұлға да,

О, мәңгі өлмейді Алаштың арманы,

Арманға қойылған ескерткіш бұл қала! [65] – деп, қаншама тарихи кезеңдердің ескерткіші ретінде бас қаланың қадірін арттырған бұл шумақтарда

сурет те, мінез де, ой да бар. Халықтың «Ғасырлық шаттығын, ғасырлық мұңдарын» санаңда жаңғыртып, кешегі ұлты үшін құрбан болған арыстардың суретін көз алдыңнан өткізеді. Еңсесі биік ел болуды көздеген Алаш арманын айту арқылы рухынды көтереді. Н.Назарбаевтың еңбегінде де Алаш зиялыларының арманы, мақсаты Е.Жүніс шығармасымен үндес. «Алаш» қазақ автономиясының астанасы болып ресми түрде Ертіс жағалауындағы Семей қаласы жарияланып, Семейдің Ертістің сол жағалық бөлігі Алаш қаласы деп аталды» [60, б. 63-64] – деп, Алаш зиялыларының ту тіккен ортасын баяндау арқылы отарлау саясатының салдарына ауысады. 1920 жылы Кеңес өкіметі орныққаннан кейін Қазақстанға астана болуға лайықты қалалардан Семейді алып тастауын автор: «Семей, әрине, бірден өтпей қалды. Өйткені бұл қаланы бір кезде Кеңес өкіметінен тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылған Алаш автономиялық аймағының астанасы болғаны бар еді» [60, б. 64] – деп автор Кеңес өкіметінің Алаш идеясына қырын қарағанын тұспалдайды. Семейді астана етуден бас тартып қана қоймай, кейіннен полигон қылып, сынақ алаңына айландыруы қазақ мәдениетін басып жаншу еді. Автор нарратор ретінде осы идеяларды жанама түрде жеткізуге тырысады.

Қазақ топырағында ежелден сақталған тарихи орындардың саны ауыз толтырып айтарлықтай. Түркілердің астанасы болған қаншама шаһарларымыз ғасырлар бойы Қазақстан аумағында салтанат құрып, сол уақытта өмір сүрген көптеген шайырлар қаламында жырға айналды. Н.Назарбаев бүгінгі Астананың келешегіне деген тың жоспарларымен бөлісе отырып, «Ұлы дала тағдырының түрлі кезеңінде барша түркі тайпасының бас орда астаналары нақ осы заманғы Қазақстан аумағындағы қалаларда орналасқанын байқамау мүмкін емес. Атап айтқанда, бұл жайт Суяб, Құлан, Тараз, Баласағұн, Сығанақ және Түркістан сияқты көне қалаларға қатысты» [60, б. 57] – деп, түркі тектес халықтардың әуелгі астанасы қазақ топырағында бой көтергендігін айтып, елдің кіндігі болған қалаларды атау арқылы кейінге шегініс жасайды. Бүгінгі мақсаттарымызға жету жолында кешегімізді әрдайым жаңғыртып отырсақ қана қанатымызды кең жая алатынымызды бағамдайды. Н.Назарбаевтың жоғарыда келтірілген пікіріне ұштас Астана бейнесін суреттеуде өткенге шегініс жасау поэзияда Е.Жүніс шығармашылығында көрініс алады. Астана метаморфозасы:

Қазақ қандай Хақ Тәңірдің оты бар,
Таңдайымда түркілердің даты бар!
Тараз, Сайрам, Баласағұн, Алматау,
Суяб, Сауран, Сарайшық пен Отырар –

Қала салған бабалардың шырағы,
Түн ғасырын жарық етіп тұрады.
Көк кесене, Түркістан мен Сығанақ,

Бозақ, Сүткент – тарихымның тұмары [65, б. 26] – деп, ақын поэзиясында тарихи суреттеулер арқылы шегініс жасайды. Алғашқы тармағында Хантәңірдей биіктікпен қазақтың рухын көрсетсе, екінші тармағында түркінің даты, өсіп-өнген қасиетті мекені алаш топырағында екендігін жырға қосады.

«Қала салған бабалардың шырағы, Түн ғасырын жарық етіп тұрады» деуі арқылы өткенін ұмытпау болашақтың шам шырағы болатынын меңзейді. Өлең жолдары мен Н.Назарбаев еңбегіндегі үндестік қалалар атауында ғана емес, идеялық және рухани сабақтастық бар. Екі туындыда да негізгі түйін ел тарихының тереңдігіне бойлау арқылы ертеңді кемелдендіру.

Астананың көрікті келбетін жырға қоспаған ақын кемде-кем. Оңайгүл Тұржан, Гүлнар Салықбай бастаған нәзік жанды ақындар да Астана келбетін әрқайсысы өз деңгейлерінде жырлады.

Ақындардың дені Астананың сыртқы болмысын, әсемдігін арғы-бергі тарихпен байланыстыра жырласа, Ғалым Жайлыбай Астананы ақ боранымен астастыра байланыстыру арқылы нәзік лирика туғызады. Ғ.Жайлыбай басқа ақындарға ұқсас жаттанды ұрандардан қашу арқылы өлеңіне өзгеше әр береді. Поэзия поэтикалық пәлсапалардан ғана тұрмайды. Айтар ойды шегемен қойғандай нақты жеткізер болса, қандай болмыста болса да көңілге қонары анық.

Барысқа да ұмтылар бақанды алып,
Қазақ деген – нар халық, атан халық.
Ұтылмаса жарады, жұтылмаса –

Жалмауыздың аузында жаһанданып [66, б. 85] – деп, өзекті ойды қозғағысы келген ақын поэзияға публицистикалық дүниені кіргізеді.

Ел аузында есімдері жатталған ақындар Елорданы бірінен-бірі асып мадақ ете жырласа, жас ақын Талап Шерхан шығармашылығы жоғарыда келтірілген пікірлерге мүлдем кереғар ой туғызады. Бойында жастықтың оты жалындаған ақын Астана келбетін өзгеше сипаттайды. Кәсіби ақындарға тән ішкі сезімді ойдың таразысына салып салмақтап жатпайды, әсем қалаға аласұрып жеткендегі алғашқы қабылдауын тұнық күйінде қағазға түсіреді.

Кеңістік төсінде күнәсін билеткен,
Сұрықсыз көшеде сүлдесін сүйреткен – немесе,
Өлеңге байланған тәніміз, жанымыз,
Асылзат аңсардың ділі жат құлқынға.

Саясат мұңкіген сарайлар сыртында [67] – деп суреттеуінен өзгеше рең байқап отырғанымыз анық. Асыл мен атақ әлі де болса жүрегіне түспеген, өлеңге жанымен, тәнімен байланған жастық көңілін саясат мұңкіген сарайлар суық қарсы алғандығын аңғарамыз. Бұл – суреттеулер мадаққа үйренген ауызға біршама тұрпайы көрінгенімен, алғашқы қабылдауды қағазға көркем тілмен шынайы жеткізе білген туынды. Ш.Талаптың «Саясат мұңкіген сарайлар» деуінде үлкен мән бар, елдегі ірілі-ұсақты қабылданатын шешімдер, атқарылатын мәселелердің дені Астана төрінде орын алатыны анық, сондықтан Астанада атқарылатын істердің басым көпшілігі саяси бағытта өрбиді.

Геостратегиялық және экономикалық мақсатта астананың Нұр-Сұлтанға көшуін жоғарыда бірқатар мысалдармен көрсеткен болатынбыз. Н.Назарбаевтың өз еңбектерінен мысалдар келтіріп, әлемде орын алған тарихи оқиғалар тізбегіне көз жүгірттік. Бұндай қоныс ауыстырулар қазақ даласында жиі орын алғандығын Ерлан Жүніс өлеңі мен Нұрсұлтан Назарбаев еңбегіндегі

ұқсас элементтер арқылы ашып көрсеттік. Бұндай тарихи оқиғалардың бастау көздерін тарихи еңбектерде жиі кезіктіре аламыз. Солардың бірі Асан Қайғының жырларында да бар. Жәнібек ханның ақылшысы, ел басқару ісінде оң ісін қолдап, теріс әрекеттеріне сыни көзбен қараған Асан Қайғының хан алдында тік тұрып сын айтуы бір уақыттарда шешен, жыраулардың беделінің жоғары болғандығын аңғартады.

Жәнібек пен Керей Әбілхайыр ханнан ірге бөліп, Қазақ хандығын құрған уақытта шұбыра көшкен елге жаны ашыған Асанның Жәнібек ханның жүрісіне көңілі толмағандығы жырларынан көрінеді. Ханның кеңесшісі, сарашысы Асанның мына бір жырынан реніш лебі есіп, көңілі толмаушылық анық байқалады.

«Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоған егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойында,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген...
...Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге
Мұны да кеңес қылмадың» [68, б. 28-29].

Жыр жолдарынан ұзақ сапар жүрістен титықтаған халықтың күйін айтып, мәнсіз де мағынасыз жүріске «Нәлет біздің жүріске» деп ыза болғандығын көрсетеді. Әйтсе де уақыт екшеуінде Жәнібек пен Керейдің ісі оң шығып, қанатын кеңге жайған ел бола білді. Сол секілді бүгінгі күнде астананы ауыстыру төңірегінде алып-қашпа әңгімелер уақыт екшеуінен өтіп, тарих беттерінде орынды бағасын алып үлгерді.

Жоғарыдағы Асан Қайғының жыраулық поэзиясынан бөлек ақындардың жыр жолдарын Назарбаев еңбегіне салыстырмалы талдаудағы айтпағымыз – бір ақынның бағасын бір ақыннан жоғары қою емес, жалпы Астана тақырыбы ақындарды қандай деңгейде толғандырғандығына тоқталу арқылы руханиятқа қаншалықты үлес қоса алғандығын анықтау. Поэзияға тазалық, әдебиетке адалдықтың жолында жүрген ақындардың шындықтың үддесінен қаншалықты шыға алды деген ойдың қоламтасын қозғау ғана.

Тереңнен толғап, алыстан сермеп отырып айшықты ой айту қазақтың қанына сіңген қасиеттердің бірі екендігі анық. Сөз қадірін түсінген халық ханды да, қараны да бір ауыз сөзбен тоқтатып, даттарын айта білген. Сонау жыраулар шығармасына көз жүгіртер болсақ та арғысы Асан қайғыдан Бұқарға дейінгі талай саңылақтарымыздың тілінен тамған тұшымы мол

туындыларында хан мен патшаға арналып айтылған сөздердің де қатары мол. Олардың бірі ханның кеткен қателігіне сын пікірін айтып, тоқтау салып жатса, енді бірі жасаған келелі әрекетіне көңілі толып қолдау білдірген жырлар екендігі анық.

Асан қайғының:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.

Шашылып жатқан елің бар,

Аймағын көздеп көрмейсің [69, б. 24] – деп жырлауының да өз мәні бар.

Сол заманда жыраулар хандардың кеңесші, қысылғанда ақыл қосар қолдаушыларының бірі болғандықтан, «мен білемдікке» салынған шақта өз ойын өткізу үшін қызыл тілге ерік беріп отырған.

Еңсегей бойлы ер Есім

Есім сені есірткен,

Есілде менің кеңесім.

Ес білгеннен, Есім хан,

Қолыңа болдым сүйесін,

Қолтығыңа болсын демесін [69, б. 24] – деп жырлаған Жиёмбет жыраудың жыры сөзіміздің бір дәлелі болмақ. Жиёмбет жыраудың осы бір жырында қаншама тарихи оқиғалардың ізі жатқандығы да белгілі. Қай заманды алмасақ та ақынның шабытына желеу болған арнаулардың көпшілігіне хандардың, патшалардың айтқан сөзі мен атқарған жұмыстары себепші болған. Абылайдың кеңесшісі болған Бұқар жыраудың т.б. жыраулардың жырларындағы ханға мадақ сөздері ханды ел алдында беделін өсіріп, ел үшін жасаған ерен ерліктерін халыққа насихаттап отырған. Сөз арасындағы шымбайға тиетіндей батырып айтқан тұстары қара халықтың қамы ханның қара басынан жоғары екендігін жеткізу мақсатында қолданылған.

Еліміз тәуелсіздік алып, аяққа нық тұрған шақта азаттықты жырлаумен қатар, Елбасына арналған жырлардың да қатары молайды. Оның түбі жоғарыда өзіміз айтып өткен бабалар мұрасында жатыр. Елдің бірлігі мен ынтымағын берік ұстау халықтың тыныштығына байланысты болғандықтан, ақындардың мадақ жырлары, жақсыны жар салуы ел арасындағы алауыздық пен наразылыққа су себеді.

Қаламы қарымды қазақ ақындары жақсыны жырлауда да тартынып қалған жоқ. Т.Молдағалиев шығармаларында Елбасына арналған өлеңдер қатары мол. Басшысы ақынын іздеген заманда мәдениеттің көші ілгері болатындығы сөзсіз. Т.Молдағалиевтің Елбасына жолдаған хатына жауапты өлеңмен алуы – ақындықтың беделі биіктігінің дәлелі.

Жақсыны, жаманды да көрді басым,

Сондықтан асымаймын, тасымаймын.

Тұманбайлар ісімді қолдап жүрсе,

Бастай берем халқымды жасымаймын [70] – деген жауабынан-ақ ақындардан қолдау болса, ел басқару жолында жасымай, тосылмай қарқынды еңбек ететіндігін айтады. Әрине, «жақсы сөз – жарым ырыс», атқарған іске

қолпаштау, қолдау болса адамның шабыттанары айқын. Елбасының осы бір өлең жолдарында жоғарыда айтқан ойымыз анық көрсетілген. Ақыны мен патшасы жұмыла жұмыс атқарған елдің келешегі де жарқын.

Қазақ әдебиетінде жоғарыда келтірілген мысалдар біз қаузап отырған мәселенің бір пұшпағы ғана. Қолына қылқалам алып өндіріп жазып жүрген ақындардың бірі – Несіпбек Айтұлы. Қандай қиырға салсаң да тосылмай тартатын ақын лирикада да, эпикада да өз орнын анықтай алды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Орда Несіпбектің поэмалары жайында кеңінен толғап жоғары баға береді: «Соңғы жылдары эпикалық жанрда өндіре жазып жүрген қазақтың көрнекті ақындарының бірі – Несіпбек Айтұлы» [71, б. 71]. Оның тарихи тақырыптарға таралғы болған көптеген поэмалары қазақтың ертедегі өмірін көз алдыға әкеледі. Ол шығармаларды жазуда оқиғалар желісін қиялдан тудырмай, нақты деректер мен аңыздарға сүйене отырып, көркем туынды мен тарихи сюжетті бір арнаға тоғыстырып, жұмыр дүние жасай білген. Ақынның ерлік пен елдікті жырлаған тарихи жырларымен қатар, бүгінгі күннің ақиқатын сипаттаған «Бәйтерек» поэмасы да оқырмандар мен сыншылар тарапынан жоғары баға алған туындылардың бірі.

Он тараушадан тұратын поэманың алғашқы тарауында баяндау әдісі арқылы ежелден қалыптасқан өлең сарынын пайдалана отырып, ақынның өз аруағын асыра суреттеп, қызыл көрген қырандай қанатын қомдап алдағы жазылатын жырларға ерекше серпін береді.

Өлеңнің ақтаңгері арғы бабам,
Басынан ешкім асып қарғымаған.

Түсімде Тәуелсіздік падишасы,

Ақ қағаз, алтын қалам берді маған [72, б. 338] – деп ақынның айбынын арттыратын шумақтағы «Түсімде Тәуелсіздік падишасының» ақынға қалам беруі – түс көру мотиві арқылы жасалған ертеден бар тәсіл. Дегенмен бүгінгі күннің жыршысы тәуелсіздіктің таңын, азаттықтың мәнін айтарда осылай бір серпілу кемеріне келіп, кернеуінен тасып тұрған шабытты бір шайқап алу шығарманың көркемдігін арттырады.

Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін тілге тиек етіп, азаттық болмаса өмірдің де мәні жоқ екендігін алға тартады. Құлқынның құлы болғаннан, халықтың ұлы болуды артық қойған ақын оқырманын да соған жетелейді.

Жеткізбес құдай сүйсе баққа кімді,

Қарыны ақ түйенің ақтарылды.

Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла қазақ.

Тәуелсіз Президентің атқа мінді [72, б. 340] – деп алтын тағыңа өз ханың отырып, дербес мемлекет болғаныңды жай ғана атай салмай, азаттықтың айбынын әлемге көтеретіндей той жаса, «өшкенің жанып, өлгенің тірілген» шақта қалай қуанып, шат-шадыман болсаң да жарасымды екендігін айтып, Тәуелсіз ел болудың бақытын жаһанға жария қылуға тырысады.

Осы бір азаттықты әр қазақ жүрегінің төрінде сақтап, салт пен санамызды тұнық ұстауға шақырады. Қаншама асылдарымыздың қылыштың жүзінде кеткендігін айта отырып:

Жоғалса қыздан иба, ұлдан иман,

Кең дала кімге керек құр далиған.

Жолында Бостандықтың төгілген қан,

Кетеді сұдай зая құмға құйған [72, б. 342] – деп елдің азаматтары рухын биік ұстап, намысын қайраққа жаныған қанжардай өткір ұстамаса, тәуелсіздіктің құны көк тиын екендігін тұспалдайды. Бойыңды шымырлатар осы бір шумақта қаншама философиялық ой, қаншама өнеге жатыр. Түйеден түскендей кесек сөздерімен ақынның шеберлігі аңғарыла бермек.

Ақынның қаламына қарым қосып, Елбасына арнап поэма жазуға тікелей себепкер – кейіпкердің өзі. Әр бөлімі бір-бірімен астасып, сабақтасып жатуы да Елбасының айтқан сөзі өлеңге өрілуінде жатыр.

«Қазір өмірімнің үштен біріне жуығы бітпейтін ресми сапарларда, дәлірек айтсам, республика ішінде немесе әлемнің түрлі елдеріне ұшу сапарларымен өтіп жатқан шақта...» [60, б. 14] осы бірқатар жолда Көшбасшымыздың ел мен жердің қамы үшін шартарапты аралап, жаһанды кезіп жүргенін білсек, ақын қаламынан осы бір жолдар өлең болып былайшы өріледі:

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,

Көз көрді хикметті естімеген.

Елбасы шарқ ұрады шартарапқа.

Қырандай балапаны кеш түлеген [72, б. 343].

Осыдан ары ақын елдің маңайын қоршаған алпауыттардың көзі біздің шекарамызда екенін тұспалдай келіп, тобықтан қағуға дайын дұшпанның меселін қайтару үшін күш ар-намысқа түсіп тұрғанын баян етеді. Ақын өрлеу мен даму жолында басқалардың көшінен қалып қойсаң, бірден қорқаудай бас салуға дайын екендігін, жердің астын да, үстін де аңдыған жаттың пиғылына сақтық жасау керектігін ескертеді. Азаттықтың берекесін келтіріп, татулық пен достығымызды нығыз ұстамасақ, бабалар аруағы кешірімсіз тағы бар.

Еліміз азаттық алғаннан-ақ, Елбасымыздың ядролық қарудан бас тартқан әлемдегі бірінші мемлекет екендігін, көрегенділігінің арқасында елге тыныштық әкеліп, әлемге үлгі болып отырған сарабдал саясатын ақын майда тілмен әсерлі суреттейді.

Зулаған зымыран оғы заманада,

Зорлығы зұлымдықтың жоғала ма?

Қарудан ядролық бас тартпаса,

Маза жоқ мұңға батқан Жер-Анаға [72, б. 344].

Ақын осы бір тұста қасиетті қара жердің қадірін биіктете отырып, оқырманға рух пен мейірімділікті бойға сіңіруге тырысады. Ел мен жердің ынтымағы бір адамның ғана қолында емес екендігін, оны халық болып жұмылған жұдырықтай бір ауыздан атқару қажет екенін меңзейді. Елдің келешегін мойнына алған Елбасының

Жұртының аманаты жүрегінде,

Дәуірдің ауыр жүгі иығында [72, б. 344] – екендігін кестелей отырып, болашақтан зор үміт күтетінін байқатады. Халықтың сүйікті ұлына бүкіл бір елдің аманатын арқалап, жауапкершілік жүгін алып жүру қиынның-қиыны екендігі белгілі. Қайыспай қара нардай алға сүйреу үшін ел болып етекпен тартпай, қауым болып қолдау білдіру медет.

Елбасы «Еуразия жүрегінде» кітабында астананы Алматыдан Астанаға көшірудің бірнеше себептерін, оның болашақ үшін қаншалықты маңызды екендігін айта отырып, «Астананы ауыстыру – сөзсіз тосын да сирек оқиға. Әрине, бір адамның ұғымының шеңберінде. Мемлекет ауқымында бұл әдеттен тыс болса да, соншалықты бас шайқап таңқалғандай құбылыс емес» [60, б. 15] – деп, астананы көшіруді елдің болашағы үшін маңызды екендігін сезініп, батыл шешім қабылдап, көрегендік жасайды.

Ақын поэмасында осы бір келелі іс былай суреттеледі:

Ғасырда көтерілген намыс тудай,
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.
Орнықпас ел іргесі, астананы

Байтақтың ортансына ауыстырмайм [72, б. 346]. Құйған құрыш секілді шумақтардан болашаққа деген сенім, Көшбасшыға деген құрмет айқын байқалады.

Ақынның «Бәйтерек» поэмасы Тәуелсіздіктің қымбат екенін, осы жолда қаншама саңлақтарымыздың топшысы қиылғандығын сипаттап, ұлтқа рух береді. Азаттықты берік ұстау бір адамның мойнына артылып қоятын жүк емес, ел болып жұмылып, балақтан тартпай, қолтықтан демеуге шақырады.

Астанамыздың келбеті, сұлулығы суреттелген тұстарында еліміздің айбынын биіктетеді. Қазақ даласының мол байлығы – халық игілігі, оны өз жүйесімен ұстап, дағдарыстардан сүрінбей өтуге барынша ықпал жасаған әлемдік саяси тұлға – Елбасының ерен ерлігінің жемісі.

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,
Жайқалсын болашағың тәңір жайған.
Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,
Әкеліп өз қолымен тәңір қойған [72, б. 362].

Еліміздің ортасына ордамызды орнатып, Астана салып, астананың символы ретінде Бәйтеректі тұрғызып, еліміздің шекарасын нығайтып, жан-жақтағы бауырларымызды бір ортаға жинау тақыр жерге тау тұрғызғанмен тең. Сондықтан ақынның «Бәйтеректі» Елбасының тұлғасымен теңестіріп, көлемді бір поэма арнауының еш сөкеттігі жоқ. Н.Айтұлының бұл поэмасы халықты ынтымаққа шақыратын, көшбасшы тұлғасын айқын суреттеген рух жыры десек те болады.

Биікке бір шықпаған бейшаралар,
Тәкаппар таудың сырын аңғарсын ба? [72, б. 348]

Тау тұлғалы азаматтың артынан еретін қаңқу сөздерге ақын жауап іздеп, кейіпкерін ақтап алу үшін арпалысып жатпайды. Әр детальға сюжет құрап жайдақтыққа салынбай, кеңінен толғап, молынан жырлаған ақын, ұсақ сөз, құр айқай «бейшаралық» дейді.

Жеке бір адамға арнау өлең не поэма жазу асқан шеберлікті қажет ететіндігі сөзсіз. Н.Айтұлы өз поэмасында ойының ұшқырлығымен бір бағытта ғана суреттелген жайдақ идеядан қаша білген. Жалпы мазмұнына елдік пен ерлікті сиғызған поэма – жеке бір адамға арнау емес, күллі халықтың қуанышына ортақтасатын соны туынды [73, б. 78-79].

Біз екінші тараудың екінші тараушасын «Н.Назарбаев еңбегіндегі референттер және постулаттар» деп алуымыздағы негізгі мақсат Н.Назарбаевтың ұранға айналған сөздеріне тоқталу. Сол мақсатта жоғарыдағы талдауларда «Еуразия жүрегінде» еңбегіне және Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасына кеңірек тоқталдық. Ендігі мақсат өзгеде елдердің басшыларымен салыстырмалы талдау жасай отырып, ұранға айналған пікірін анықтау.

Бір елдің көшін бастап, қаз-қатар қалпында ыдыратпай алып жүру – жауапкершілігі мол, сындарлы уақыт. Ал қаншама жылдық тарихы бар, рухани қазынасы мол елдің бір сәттік уығы шайқалып, қатарға қайта келген уақытында елдің алдына шығып жөн көрсету, тізгіннің екі басын тең ұстап алып жүру – ол даналық. Қазақ халқы 1991 жылы өз азаттығын әлемге паш етіп, өз туы, өз әнұраны, өз елтаңбасы бар мемлекет болғалы ел тізгінін ұстап, қаншама келелі істер атқарып, ішкі-сыртқы бірлігін мығым ұстауға ұйытқы болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басшылықта болған жылдар ішінде қандай жүйелі дүниелер жасады, қандай даналық ойлар айтты соны талдай отырып, сұлтандық дәуір ыдырап 1922 жылы билік басына келіп күллі түрік мемлекетінің бірлігіне, елдің қуаттылығына жанын салып қызмет еткен, Түріктің Атасы деген асқақ атаққа ие болған Мұстафа Кемел Ататүрік арасындағы ел басқару ісінде, жастарға айтқан өсиеттері арасындағы ұқсастықтарды көрсетіп, екі елдің де алғашқы Президенттерінің ел болашағына деген қандай мақсаттар қойғанын хақында еңбектеріне шолу жасап, салыстырмалы түрде айтатын боламыз.

«Ел болам десең – бесігіңді түзе» – деген ғалым, жазушы М.Әуезов айтқан өсиеттің танымы тереңде жатыр. Ол сөздің қаншалықты құнды екендігін анықтап жатуды қажет етпейді. Елдің келешегі, мүддесі туралы Алаш арыстары да аз толғанған жоқ. Ал ел болып еңсе көтерген уақытта мемлекеттің қазығын берік қылу үшін әуелгі қадамды неден бастаған дұрыс? Елбасымыз өзінің өзекжарды ойларымен бөліскен шағында осы туралы да бірер ойларын айтады: «Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [74, б. 8]. Яғни арғыға, ата-бабалар мұрасына көз жүгіртуіміз абзал. Ұлт руханиятын бойына сіңірген ұрпақтың Отанға адал, тілі таза, сертке берік, танымы терең, тәуекелден тартынбайтын болат мінезді болатындығын бір ауыз сөздің астарына сыйғызып өтеді. Ұлттық руханиятымыз әуелі халық даналығында, аңыз-әпсаналарымызды, бабаларымыздан қалған мұраларымызды бойымызға сіңірумен қатар салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең білуіміз қажет. Оның қайнары, әрине, қазақ әдебиетінде жатыр. Ұлттық болмысымызды қалыптастырауды мақсат еткен Елбасы: «Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің Президенттік те, перзенттік те парызым» [74, б. 10] – дейді. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген аталы сөзді жадында тұтқан ұлт қамқоршысы, әрқашан елмен бірге жасап, елмен бірге биік мақсаттарға талпына білді. Сөз аяғын менің «Президенттік парызым» деп аяқтаса да болар еді, алайда халықтың ұлы ешқашан өзін халықтан жоғары қоймады. Сол елдің перзенті болған соң сол

елдің мүддесі үшін бар болмысымен қызмет етуді өзіне міндет етіп қойды және басқалардан да соны талап етті.

«Бүгін ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеу керек» [75, б. 12]. Бірлік болған жерде бітім де бар, береке де бар. Өзінің әр сөзінде бірлік пен берекені, адалдық пен асқақтықты алға ұстайтын Н.Назарбаевтың «ақыны да, әкімі де» деген сөзде үлкен мағына жатыр. Н.Назарбаев неге «әкімі де, ақыны да» демеді? Себебі сөзге тоқтаған халқымыз қашанда от тілді, орақ ауызды ел ардақтыларына, шешендеріне, билеріне әрқашан сый-құрметпен қараған. Ата салтымызға қанық Көшбасшымыз да осы қағиданы берік ұстана отырып, «ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеу керек» дейді.

Ел басқару ісінде болашақты гүлдендіру үшін өткеннен өнеге алу міндетті дүние. Бізге азаттықтың қандай ауыр жолмен келгенін толықтай біліп, сезінген уақытта ғана оның қадірін біліп, қастер тұта аласың. Н.Назарбаев халық алдына шығып сөйлеген уақытта әрқашан арғы-бергі тарихты мысал ете отырып, бабалар сөзіне тоқталып өтеді. Қаншама қиын сынақтардан өткендігіміз туралы жай сөз етіп қоймай, ол хақында көлемді дүниелер де жазып, еңбектер де атқара білді. Азаттықтың жемісін біз жеп отырсақ, сол үшін қасық қаны қалғанша еңбек еткен арыстарымызды бір сәт естен шығармауымызды нұсқады: «Біз бүгін бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз» [75, б. 11]. Тамырын тереңге жайған тарихымыздың қай парағын ашып қарасаң да үлкен кеңістікті алып жатқан қазақ даласының бір пұшпағында жатқа бермеу үшін қанын төккен бабаларымыздың ерлігін көреміз. Сол ерліктер жөнінде сөз қозғағанда, шеңгелде болған жетпіс жылдың төңірегін ғана қаузап қоймай, күллі тарихымызды білуге шақырады. Ертедегі Сақ пен Ғұннан бастау алған ерліктерімізді әр қазақ баласының танып өсуі келешегіміздің кепілі екендігін ескерген Елбасымыз «тарихтың әр тұсында» елін қорғаған ерлеріміздің алдындағы қарызымызды ұмытпауымызды баса көрсетеді.

Тамыры бір, арғы тарихы астасып, бергі тарихы ұлтаралық байланысқа ұласқан Түрік халқының беріктігіне орасан үлесін қосып, халқын соңынан ерте білген М.Кемел: «Біздің ұлтымыздың жүрегі мәдениетіміз деп соғатынын білесіздер. Осы істің аясында мен Түрік тарихын дұрыс негізде құрып, түрік тілінің негізгі құндылықтарын сақтау үшін аянбай еңбек етіп жатқанымызды айтуым керек. Бұл еңбек көз қуантатын нәтиже береді деп сенуге болады» [76, s. 23]. Тұрақтылық үшін ұлттық мәдениеттің бірінші орында тұру қажеттігін көрсете отырып, Түрік тілі мен тарихының бүгінгі мен болашағына басты назар аударады. Елдің елдігі сөз етілген тұста осы бір құндылықты жоғары қойғанда ғана елдің дінгегі берік болатынын сөзіне арқау етті. Сол тарапта аянбай жұмыстар атқарылып жатқанын және нәтижесі жарқын боларына сенім білдіреді.

Ел басқару ісінде көрегенділікпен қатар шешендікті де меңгерген қос лидер де болашақ үшін атқарылатын істің басына елдің рухани құндылығын қояды.

1. Тіл. Тіл болмаса ұлт та болмайтынын атап өтеді. 2. Тарих. Тарихын білмеген ұлт болашағына қадам жасай алмайды. 3. Ұлттық мәдениет. Өзгеден ерекшелігіміз де өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың болуынан, оны бойға сіңірмей атқарған істің барлығы құмға құйған сумен тең екендігін көрсетеді қос басшы да.

Елдің болашағы үшін жан-жақты дүниелерді атқарып жатқан Н.Назарбаев қандай кезде болмасын осы жауапкершілікті жастар атқаратының тілге тиек етеді. «Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көкसेп, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа қазаққа ештеңке бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін» [77, б. 218]. Елбасы неге «біздің болашағымыз – жастар» – деп отыр? Бұл мемлекеттің болашағына сеніммен қарағаннан. Уақыты келгенде келешегі бар елдің көшін бастау сол жастардың міндетінде екенін айтады. «Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады» деген аталы сөздің ауаны осында жатыр. «Келмеске кеткен кешегі күнді аңсағандардың, өз балаларының обалына неліктен қалуы мүмкін?». 1. Ұлтжанды ұрпақ жойылады. 2. Өзіне сенімді жастардың қатары сирейді. 3. Істен гөрі сөзді жөн көріп, әрбір іске жүйесіз сын айтатын, өзі ол үшін тұяқ серпейтін тоғышарлар көбейеді. Алайда бір кемшілік болса оны оңалтуды әр адам өзінен бастағаны абзал. Ол үшін жастар сауатты болғаны жөн. «Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласында да қабілетті екенін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлік техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымыздың... ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезгені абзал. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым» [77, б. 218-219]. Бұл жай ғана айтылып қалған сөз емес, іс жүзінде де өз жүйесін тауып, бүгінгі таңда көптеген игі шаралардың атқарылып жатқандығы белгілі. Жастардың патриоттығын оятатын осы сөздерді әр қазақ баласы жадында ұстауға міндетті.

Жастарға артылған міндет қай уақытта болса да өз құнын жойған емес. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі лидер. М.Кемел түрік жастарына: «Әй, Түрік жастары, Бірінші міндеттерің – Түрік тәуелсіздігін, Түрік мемлекетін соңғы сәтке дейін қорғау және сақтау» [78, s. 666]. Ешкімге тәуелді болмауды насихаттаған, ол үшін әрдайым өзінің күшінді біліп, еліңді қорғауды жай сөз ретінде айтып қана емес, талап етеді. Ол үшін қандай дүниелер жасау керектігін жіпке тізгендей көрсеткен М.Кемел, жастардың қандай жағдайға болмасын дайын тұруы керектігін, рухы мен Отанға деген сүйспеншілігі әрдайым жоғары, білікті де білімді, алғыр да батыр болуын айта келіп, елдің ішкі-сыртқы жағдайларының барлығын санаға түйіп, қолда ұстау керектігін талап етеді. Ол үшін: «Әй, Түрік болашағының ұрпақтары! Шарифат жолында

және ұлт ісіндегі негізгі міндеттерің – бұл азаттық пен мемлекетті сақтау! Оған керекті күш тамырларыңдағы асыл қанда бар!» [78, s. 666] Жастарға үлкен сеніммен қараған М.Кемел елдікті сақтап қалудың үлкен күші сендердің тамырларыңдағы асыл қанда деп тоқталады. Яғни қандай жағдайда да қасқайып ерлік көрсете алатын түрік жастарына сенім білдіреді. Осы орайда Х.Н.Атсыздың «Соғыс – біз үшін той» деген өлең жолдары еске түседі. Лидердің сөздері бүгінгі күні ұран болып айтылып жүруінің де сыры осында болар.

Жастардың ерік жігерін шыңдайтын рухты сөздер қай уақытта да қажет. Қос лидер де жастар туралы сөз қозғағанда. 1. Отанға деген махаббат. Қандай жағдайда болмасын Отанды бірінші орынға қою және адал қызмет ету. 2. Жастарға қажет талап. Кез келген істе талап болмаса нәтиже де жоқ екендігін. 3. Жастардың білімді болуы. Білімді ұрпақ қана бәсекеге қабілетті бола алатынын, білім жоқ жерде өркениет жоғын насихаттайды. 4. Батырлық. Отан үшін жанын найзаның ұшына байлауға дайын тұрған жастардың бойында от болса, сол елдің келешегі жарқын екендігін айтады.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің билікке келген уақытынан бері атқарған құнды дүниелерінің бірі Ел ордасын Алматыдан Астанаға ауыстыруы екендігін жоғарыда айттық. Алғашында бұған көпшілігі үрке қарағанымен уақыт өте келе бұл істің дұрыстығына көзіміз жетті. Шығын ғана аумақыт алып жатқан, сары далаға орданы көшіргенде не ұтамыз деушілердің қатары да мол болғаны анық. «Бірақ бұл жерде, ең бастысы – астананы көшіруге мәжбүрлеуші, аңғарыла да, түсінікті бола да бермейтін кейбір себептер сілемін сезіне білу шарт» [60, б. 18]. Елдің жағдайы әлі оңала бермеген уақытта иен далаға Астананы көшіруге мәжбүр қылатын ол қандай себеп еді? Астана орталықта орналасуы шарт. Ескі ордамыз Алматы шекараға жақын жерде орналасуы алғашқы себептердің бірі болды. Басқа қалалардың да Астанамен байланыс жасауына ыңғайлы ортаны таңдауы, елдің ертеңі үшін жасалған қам еді. Бұл ретте Н.Назарбаев «астананы көшіру» үрдісіндегі ізашар атағынан үмітті емеспіз» деуі сол уақыттағы тұтанған бықсыма сөзге құм құйды [79, б. 89-91].

1923 жылы 13 қазанда бас қаласын Ыстамбұлдан Анкараға ауыстырған Түрік халқында да біраз тартыстар орын алғаны белгілі. М.Кемелдің орданы ауыстыруы туралы жиналысында қарсы шығушылардың болғанын да айтады. Алайда көпшілік қолдауымен ел орданың Анкара болғандығы белгілі. Қаншама жылдар бойы елдің астанасы болған Ыстамбұлды ауыстыруының себебін: «Мырзалар, Лозанна келісімінің қазан айынан бастап босату туралы хаттамасы күшіне енгеннен кейін, барлық жер жаудың қолынан азат етіліп, Түркияның тұтастығы жүзеге асырылды. Енді Түркияның жаңа мемлекетінің астанасын заң бойынша анықтау қажет» [78, s. 598] – деп айта келіп қиын кезеңдерді бастан кешірген елдің, жаттан топырағымызды қорғау үшін елорданы қауіпсіз жерге ауыстыруды ұсынған М.Кемел қилы заманда кемел әрекет жасай білген.

Негізгі ұстанымыдары Елорданы мемлекеттің орта тұсына ауыстыруда ұштасқан екі басшының да түпкі мақсаты – елдің тәуелсіздігінің беріктігі.

Ыстамбұлдың теңіздің жағасында орналасуы әуелгі қауіптің бірі екендігі анық. Қандай жағдай болмасын астананың ең қауіпсіз жерде орналасуы елдің қауіпсіздігі болып саналады. Осыны жіті түсінген басшылар қаншама қарсылықтарға қарамастан, сол уақыттағы жағдаймен бақыласақ мүмкіндігі өте төмен кезеңде тәуекелге бел байлап, шешім қабылдай білуімен бүгінгі күнде мемлекетке жемісін беретін келелі іс атқарған.

Біз зерттеу жұмысы барысында екі лидердің де ел басқару жолында жасаған көптеген игі шаралары мен атқарған істерінің куәсі болдық. Саясаттағы ой ұқсастықтары мен пікір қайшылықтарын да кезіктірдік. Бүгінгі жұмыста ел басшыларының ел басқару ісіндегі ұқсас шешімдері мен ой ұқсастықтары арасындағы толағай бірізділіктің бір парасын ғана көрсетіп отырмыз. Ел басшыларының еңбектерін зерттеу барысында үш түрлі бағытын ғана салыстырдық.

Әуелі елдің бірлігі үшін елдің тілін, тарихын, салт-дәстүрін бірінші орынға қойған саясаткерлердің осы құндылықтарды әдебиет айналасынан таба алатындығын ескеріп, зерттеуіміздің әуелгі талдауына елдің келешегі қандай жағдайда мығым болатындығын көрсеткен еңбектерін пайдаландық.

Талдаудың екінші бағытында әдебиетке жаңалық әкелетін де жастар, әдебиеттің кешегісін бүгін насихаттайтын да жастар екенін ескеріп қос саясаткердің ел келешегіне деген жастардың жауапкершілігі, мақсат-міндеттері сөз етілген ұшан-теңіз еңбектерінен қысқаша ғана мысалдар келтірдік.

Үшінші бағыттағы талдауымызда екі ел астанасының ауыстырылуы туралы қозғаған тұстарынан мысалдар келтіруіміздің себебі, тарихтың қай парағын ашып қарасаңыз да өз астаналарын ауыстырмаған мемлекеттердің қатары аз. Сол астанасын ауыстырған елдердің біразы бүгінгі уақытта үлкен держава болып отырғаны да белгілі [80, s. 57]. Елдің ертеңі астанамен тығыз байланыста болғандықтан, ел басшыларының пікірлерін әдебиетте де талдауды дұрыс деп санадық.

Қорыта келгенде, біздің бұл талдауымызда екі ел басшыларының пікір ұқсастықтары ғана сөз етіліп, қысқаша талдау жүргізілді. Ол дегеніміз пікір қайшылықтарының жоқ екендігін білдірмейді. Екі лидердің еңбектеріндегі өзгешелікті талдауды алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

3 ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОМПОНЕНТ ҰҒЫМЫНЫҢ Н.НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

3.1 Аудиторияны игеруде риториканың әлеуметтік маңыздылығы

Бүгінгі таңда дискурс термині барлық салаларға дендеп еніп, көптеген ғалымдардың еңбектерінде анализ жасауға негізгі құрал ретінде пайдаланылуда. Дискурс жайлы анықтама мен зерттеулер көбейген сайын пікір қайшылықтары да молая түсетіні белгілі жайт. Осындай қайшылықтардың негізінде дискурста көп қырлылық пайда болады. Көп қырлылық терминге нақты анықтама беруді қиындата түседі. Жұмысымыздың алғашқы бөлімінде дискурс төңірегінде бірқатар ғылыми анықтама бергенбіз. Зерттеуіміздің ендігі мақсаты – дискурс терминін пайдалана отырып саяси Көшбасшының ой-толғамдары мен саяси еңбектерінің негізінде ғылыми талдау жүргізу. У.Чейфтің пікіріне сүйеніп зерттеу жұмысымыздың қолданыс аясына қарай дискурстық өлшемдерді қысқарта отырып пайдаланамыз [81, б. 49].

Қарапайым түрде анықтама берген күннің өзінде дискурс екі түрлі процесстің орындалуы арқылы туындайды. Әуелі шығармашылық (сөйлеу/жазу) және қабылдау (тыңдау/оқу). Сондықтан қалыптасқан ой-пікір мен теориялық тұжырымға сүйенсек барлық көңіл күйді көркем тіл, сұлу суретпен жеткізетін, ой өзектілігін философиялық пәлсапаға, нәзік лирикаға т.б. сиғызатын поэтикалық шығармалардың, сонымен бірге көркемдік деңгейі толыққанды көркем туындыны құрамайтын естеліктер, хаттар, онлайн жазбалардың және аудиторияға тура бағытталған транзакцияның барлық зерттеу нысандары дискурстық талдауды жүзеге асырады.

Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бастап ел мен елбасы арасындағы байланыс мығымдана түсуде. Н.Назарбаевтың елдің келешегі, ұлттың ертеңі туралы айтқан ой-толғамдары, саяси стратегиялары жалпақ жұртқа бірдей жаға беруі мүмкін емес жағдай. Дегенмен жазған еңбектерінде де, аудиториямен тікелей қарым-қатынас барысында да тіл тазалығы мен шұрайлылығының сақталуы, халық даналығын тілге тиек ете отырып сөйлеуі Елбасына тән міндет екені белгілі. Осы тұрғыда жұмысымыздың негізін Н.Назарбаевтың сұхбаттарында немесе баяндамаларында ауыз әдебиетіміз бен жекелеген авторларымыздың шығармашылығы қаншалықты пайдаланатынына тоқталамыз. Сонымен қатар Н.Назарбаевтың ұлттық құндылықты сөз еткен мақалалары арқылы халықпен қалай байланыс орнатты, қалай әсер етті, осыған жауап іздеп көреміз.

Тарихы тереңнен басталатын Қазақстан Республикасы алғаш Қазақ хандығы болып құрылғаннан бастап ел басқаруда соны саясаттар жүргізілген. «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның жеті жарғысы» қазақ топырағына сіңіп, ұрпақтар сүйегіне бекіген қасиетімізге айналды. Сол уақытта ұстанған жарлықтар салтымызға айналып бүгінге дейін ел арасында құнын жойған жоқ. Сонымен қатар бүгінгі таңда тарихи тағылымдарымыз ел басқару ісінде негіз болып, халық пен билік арасындағы тығыз қарым-қатынас құралы десек артық айтқандық емес. Әр ұлттың өзіне

тән ерекшеліктері, идеологиялық мұра, танымдық көзқарас – барлығы кең мағынада алып қарағанда дискурстың шеңберіне кіреді.

Қазақ мәдениетінде әу бастан сөзге тоқтау, бір сөзбен бүкіл даудың түйінін ағыту, уәдеге берік болу, аманатқа қиянат жасамау ұлттық болмысымызбен біте қайнаған. Оның негізі әдебиетімізде жатыр. Фольклорлық мұралардың қайсысын алып қарасақ та осы бір қасиетімізді байқауға болады. Бұдан әдебиет пен сөз өнері қазақ қоғамының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы және қоғамдық қатынастарды реттеуші фактор болғанын аңғарамыз [82].

Ауыз әдебиетіміздің жауһарларының дені әуелі ешқандай хатқа түспестен атадан балаға сана арқылы, ауыздан ауызға тарай отырып жеткен. Осының нәтижесінде варианттылық пайда болып, кейбір жырларымыздың 20-дан астам нұсқасы сақталған. С.Асылбекұлының «Қазақ повесі» деген монографиясында ауыз әдебиетіміздің құндылықтарын айта келе, ертегілеріміз бен әңгімелеріміздің алғашқы нұсқасын жасаушы сол уақыттың прозашылары деп бағалаған және қазіргі қаламгерлерден айырмашылығы туындыларын ауызша шығарып, ауызша тарап отырғандығына тоқталады [83].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2004 жылы жеке тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде ауыз әдебиетіміз жиналып, 2004-2013 жылдар аралығындағы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «Бабалар сөзінің» 100 томдығы жарық көрді [84].

Әр елдің өз мәдениеті, өз тілі, өз әдебиеті болғандықтан, тілдік қолданыста пайдаланған сөздердің әр ұлтқа тән жеке таңбалары болары анық. Біздің мәдениетімізге, ұғымымызға қатысты сөздерді мағыналық тұрғыдан өзге ұлттардың тіліне сөзбе-сөз аударғанда бірден түсіне қоюы қиын. Мүлдем түсінбеуі де ғажап емес. Тілдік таңбалар – әр ұлттың өзіне ғана тән ұлттық кодтарының бірі. Ел арасындағы ауызекі сөйлеуде лексиконындағы сөздердің аздығы, күнделікті тұрмыста пайдаланатын тұрақты сөздермен ғана шектеле бастауы ұлттық кодтың әлсіреуінің белгілері болмақ.

«Қаймағы бұзылмаған» қазақ тілінің әдеби мәтіндерінің күнделікті тұрмыстан алыстауы бұл мәдениеттің құлдырауының салдарын көрсетпек. Жоғарыда келтірген «қаймағы бұзылмаған» тұрақты тіркесінің өзі біздің мәдениетімізге тән тілдік таңба болып есептеледі. «Ешбір шашауы шықпады, ауызбірлікте болды» [85, б. 396] – деген мағына үстейді. Осы ұғымды өзге тілге тікелей аударсақ мүлдем басқа мағына үстеуі мүмкін.

Авторлық баяндауда, сұхбаттарда, жекелген мақалаларда тілдік таңбаларды қолдану дискурстың бір бөлшегі ретінде қарастырылады. Субъектінің ойды жеткізуде, объектімен тығыз қарым-қатынас орнатуда тілдік қорының молдығы үлкен рөл атқарады. Себебі негізгі идеяны жеткізуде сөздерді әр қырынан пайдалану объектіні өзіне қаратып отыруына септігін тигізеді.

Осы ретте сөз бен ұғымның ара жігіне мән бергеніміз абзал. Сөз заттың не құбылыстың, белгілі бір ұғымның атауын білдіреді. Ұғым – болса заттың немесе құбылыстың санадағы бейнесі. Ұғым жалпы халыққа ортақ. Мәселен,

қазақ тілінде «нан» сөзі, ағылшын тілінде «bread», орыс тілінде «хлеб» деп аталғанымен бәрі бір ұғымды білдіреді. «Сөз – тілдік категория, ал ұғым – логикалық категория... ұғым заттың, құбылыстың басты белгілерінің негізінде қалыптасып, сөз арқылы, сөздің мағынасы арқылы жарыққа шығады» [86, б. 13-15]. Демек, сөз ұғымның таңбалануы болмақ.

Ерте кездерде өмір сүрген би-шешендеріміз, ел басқарған хандарымыз мәйекті сөйлеуге мән берген. Сол секілді қазір де ел басқару ісіне шешендіктің алар орны бөлек. Аудиториямен тікелей қарым-қатынас орнатқан уақытта ортаны өзіне қаратып, баурап алу да шешендіктің жемісі. Әуелі тыңдарманды өзіне сендіру, иландыру қажет. Ол үшін халықтың санасындағы құндылықтарды ояту арқылы сеніміне қол жеткізе аласың. Ол – рух, намыс, патриоттылық. Осының бәрін бір арнаға тоғыстыру үшін біздің терең тарихымыздан мысалдар келтіру қажеттілігі туындайды. Сол тұрғыдан келгенде Н.Назарбаевтың халық алдына шығып жасаған баяндамасы мен жекелеген журналистпен болған сұхбаты арасындағы сөз мәнерінің алшақтығы да әрқилы. Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының президенті болып тұрған кезіндегі сұхбаттары мен баяндамаларына салыстырмалы талдау жасағанда бірқатар ерекшеліктерді байқадық. Халық алдына дайындалып шыққан баяндамасында үш рет мақал айтса, бір рет Абай шығармашылығынан мысал келтірген. Бір баяндамада әдебиеттен келтірген мысалдың жалпы саны – төрт. Ал сұхбатта, тосыннан қойылған сұрақтарға жауап беру барысында мақал-мәтелді төрт рет пайдаланса, бес рет жекелеген авторлардан мысал келтіріп, жалпы саны тоғызды көрсетеді. Бұл тұрғыдан байқағанымыз, Н.Назарбаев нақты дайындалған баяндамалардан қарағанда диалогқа құрылған мәтіндерде әдебиеттен мысалдарды көбірек пайдаланатынын аңғарамыз [87].

Кесте 1 – Халық даналығы

Атауы	Авторлар мен халық даналықтары	Кезіккен саны	Қайталануы	Жалпы саны
Ел көшін бастау маған сын – мені қостау елге сын	Мақал-мәтелдер	4	1	9
	Біржан сал	1		
	Қожаберген жырау	1		
	Қанатты сөздер	2		
	Жұбан Молдағалиев	1		
Бауырларымызға құшағымыз ашық	Мақал-мәтел	3		4
	Абай	1		

Ұлттық құндылық пен қатар әлемдік деңгейдегі озық ойлы азаматтардың, білікті мамандардың, саясаткерлердің, белгілі бір мемлекетке тән қанатты сөздерді қолдану да баяндаушының тілдік көркемдігін арттыра түседі. «Режиссерсіз сценарий немесе сценарийсіз режиссерлер» атты мақаласында көптеген танымал тұлғалардың есімдері аталып өтеді. Әйтсе де нақты тоқталып, пікіріне ден қойғандарының бәріне бірдей оң көзқарас танытты деуге келмейді. АҚШ-тың вице-президенті А.Гор мен «зұлымдық империясын» ойлап табушы Рональд Рейганның пікірлерін өз ойын жеткізу мақсатында дәнекер ретінде қолданса, Сары уайымшылдар тобының пікіріне сыни көзқараста қарай отырып, байсалды сарапшылардың пікіріне оң көзқараста екендігін және сондай тұлғалардан үлгі алатындығын жеткізуге тырысады.

Кесте 2 – Саясаткер еңбектерінен

Атауы	Авторлар мен елдер	Кезіккен саны	Қайталануы	Жалпы саны
Режиссерсіз сценарий немесе сценарийсіз режиссерлер	Рональд Рейган	1		5
	А.Гор	1		
	Сары уайымшылдар (жалпылама атау)	3		

Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін қазақ әдебиетіне тән белгілерден мысалдар қарастырумен қатар баяндама мен сұхбаттар арасында әлемдік саясаткерлердің, жазушылардың және белгілі бір мемлекетке тән қанатты сөздердің жолығуына талдау жасау арқылы Н.Назарбаевтың шешен тілділігімен қатар, әлемнің мықты саясаткерлерінен рухани тәлім алатынын білуге болады. «Былық пен анархия нарыққа жол емес» [87, б. 18-26] мақаласында нарратордың көркемдік деңгейін арттыратын екі мысал айтылған, «Тәуелсіздік стратегиясы» [88, б. 7-19] атты тарихи сабақтастықпен жазылған ой-толғамында да әдеби мысалдар екі рет орын алған.

Кесте 3 – Жазушы және саясаткерлер

Атауы	Авторлар мен елдер	Кезіккен саны	Қайталануы	Жалпы саны
Былық пен анархия нарық жолы емес	М.Горький	1		2
	Джон Гэлбрейт	1		
Тәуелсіздік стратегиясы	Шерль де Голль	1		2
	Ли Куан Ю	1		

Жоғарыда келтірілген мысалды да негізге ала отырып байқағанымыз Н.Назарбаев өзінің кез келген баяндамаларында, сұхбаттарында, ой-толғамдарында саяси қайраткерлер мен әдеби нормалардан көптеген мысалдар келтіре баяндайтынын байқаймыз. Олардың ішінде көбісін ұлттық әдебиеттің қорынан пайдалануы көшбасшының ұлттық сөз мәнерінің сүйекке сіңісті болғандығының бір көрінісі. Нарраторлық дискурстың негізінде назар аударсақ, Н.Назарбаев өз ойын тыңдарманға (оқырманға) толық жеткізу үшін әдеби мысалдарға барынша иек артады. Демек, біздің саясат пен әдебиетті бірге қарастыруымызға негізіміз бар деуге болады.

«Ғасырлар тоғысында» еңбегінің «Тайталастық құлық құрсауынан – татуластық құлық құшағына» тараушасында ұзақ жылдар бойы қаншама мемлекетті уысында ұстап, діні мен ділінен, мәдениеті мен дәстүрінен айыру жолында ел қасқаларын аяусыз қырған Кеңес империясының іргесі сөгіліп, уығы шайқалғандығының негізгі себептеріне үңілген Н.Назарбаев Кеңес Одағының құлауы әлемдік ахуалдың қалыптасуын алдын ала болжауға мүмкіндік туғызғандығын ескереді. Ахуалды болжау арқылы көп келелі мәселелердің түйінін шеше алмайтындығын, алпауыт елдер арасындағы және өзге де мемлекеттер арасындағы тартыстардың орын алуы мүмкін екендігін естен шығармауға да шақырады. Сөздеріне дәйектілік мақсатында Югославия, Тәжікстандағы ахуалды, Армения мен Әзербайжан арасындағы соғысты, Днепр бойы мен Авхазия, Солтүстік Кавказ жанжалдарын т.б. көптеген елдердегі жағдайды баяндайды. Кей жерлердегі тайталас қарулы соғыспен шешіліп жатса, енді бір жерлерде экономикалық тартыс жүріп жатқандығының саяси себебіне үңіліп, Д.Саймстың пікіріне ішінара келісетіндігін атап өтеді.

Автор соғыстың салдарына үңілу арқылы ядролық қарудың зардаптарын жеткізуге тырысады. Ядролық қарудың зардаптарын бірден айтудың оқырманға қызықты болмасын ескерген Н.Назарбаев әуелі Кеңес Одағының құлауына, оның себептері мен салдарына, әр елде, жер-жерде болып жатқан соғыстарды мысал етеді. Сонымен қоса қару саудасынан пайда табудың да артық-кемшілігіне үңіледі.

Одақ құлаған уақытта Қазақстан аумағындағы қарудың есебін және оны ел территориясында сақтаудың пайдасы мен зиянын атап өтеді. Жаңадан азаттығын алып, болашағына үмітпен көз жүгірткен мемлекеттің АҚШ-пен ядролық қаруға байланысты жүргізген келіссөзінде Н.Назарбаевтың жүректілігін көруге болады. Алпауыт елдің айтқанын бас шұлғи салмай, өзінің талабын нақты айтып, елдің қауіпсіздігін бірінші орынға қоя білді. «Ақыры аяғында қысым көрсетуге көшті. Егер ядролық қарулар туралы құжатқа бүгін қол қойылмаса, ертең қалған мемлекетаралық құжаттардың бәріне де қол қойылмайтынын мәлімдеді. Ал ол құжаттар экономикалық қарым-қатынас мәселелерін қозғағанмен, Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік беру жөнінде бір ауыз сөз айтпайтын.

Мен де дегенге жетпей тынбау үшін тәуекелге міндім. Ондай жағдайда елге оралуға әзірлене бастайтынымызды айттым. Ақыры американдықтар райларынан қайтты. АҚШ-тың біз сұраған кепілдіктерді беретіндігі туралы

құжатқа қол қойылды» [89, б. 64]. Дүние жүзін қамтыған аумалы-төкпелі кезеңде ел қауіпсіздігін басты назарда ұстаған Н.Назарбаев АҚШ билігіне өзінің талаптарын нақты қоя білді. Бір АҚШ қана емес, әлемдегі державалардың бәріне дерлік именбестен дербес талаптарын қоя білді. АҚШ-тың телевизиясына берген сұхбаттарының бірінде әлемдегі кез келген алпауыт елдердің ешқайсысы да Қазақстандағы ядролық қаруды бақылауға ала алмайтындығын кесіп айтты.

Ел қауіпсіздігі жолындағы келіссөздердің қаншама қиындықтары болғандығын атқарған жұмыстың әр сатысын баяндауынан сезінесің. Жауапкершілік жүгінің бәрінен ауыр екендігін ескерген Н.Назарбаев елдің экономикасын көтеру мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы орасан еңбегінің әр сәтін жарқын бейнелеген. Саясаттың төңірегіндегі оқиғалардан құрылған мәтіндер бірсарынды ақпараттық тілде баяндаумен шектелмейді. Ішкі толғанысын, арман мақсатын, көкейкесті ойларын шашауын шығармай орынды жеткізеді.

Келісімшарт барысында орын алған оқиғалар нарративтік баяндауға түсіп, нақты тарихи дискурста сипатталады. АҚШ пен Қазақстан арасындағы келіссөздің негізгі тұлғасы автордың өзі болғандықтан, бұны нақты тарихи дискурс деп атай аламыз. Ел тәуелсіздігін алған шақтағы оқиғаларды автор өз еңбегінде көрсетпегенде біз сол келіссөздің болғандығын ақпарат ретінде ғана білер едік. Н.Назарбаев болған оқиғалар тізбегін көркем тілде баяндап, интермәтіндерді қолдану арқылы тарихи оқиғаны жүйелі түрде таңбалап береді.

Б. Клинтон Н.Назарбаевтың атқарған істерін жоғары бағалап, ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш президент болғанын атап өтеді: «Дүние ядролық қару тарату мен ядролық терроризмнің тағы бір қаупінен құтылды. Бұл істе Н.Назарбаев алға шыққанын анық мойындаймын» [89, б. 70]. Екі ел басшыларының уақытында бірін-бірі бағалауы, ұғыса білуі ел арасындағы татулықтың беріктігіне әсер етті.

Н.Назарбаевтың нақты тарихи дискурсында мықты саясаткерлер мен газет, журналдардан да мысалдар келтіреді. Р.Дюма мен болған сұхбаттан аңғаратынымыз Қазақстан ядролық қарудан бас тартқанымен XX ғасырдың аяғында бүкіл әлемге ядролық держава ретінде танылған мемлекеттердің бірі болғандығын түсінеміз. Ел аумағындағы қарулардың көлемі Украинадан да көп екендігін, оны тасу үшін қыруар қаражат пен уақытты талап ететіндігін шағын сұхбатқа сыйғыза білген. Автордың интермәтінді қолдануы.

Кесте 4 – Саясаткерлер мен гезет-журналдар

Атауы	Авторлар мен елдер	Кезіккен саны	Қайталануы	Жалпы саны
Тайталастық құлық кұрсауынан – татуластық	Д. Саймс	1		10
	Д. Бейкер	2		
	Вашингтон газеті			

құлық құшағына	Сұхбаты	3		
	Р.Дюма	2		
	Б. Клинтон	1		
	У.Перри	1		

Автордың стилі де саясат тіліне бейімірек. Еңбектегі келтірген мысалдардың дені саясаткерлердің еңбектерінен алынған. Олай болуының бірден бір себебі автордың істес, қызметтес тұлғаларының, ол туралы пікір білдіргендердің дені саясаткерлер болуында.

Тәуелсіз елдің бейнесі автор санасында ертеден қалыптаса бастаған. Сол үшін егемен мемлекеттер федерациясының құрамына кіруге күш салған. Атқарған іс пен төккен тердің нәтижесі ешкім ойламаған жаңаша сипат алғанын автор: «Қазақстанның болашақ мемлекетінің негізгі сипаты менің ұғымымда 1991 жылға жетпей тұрып-ақ қалыптаса бастаған-ды. Мен Қазақстанды егемен мемлекеттер федерациясының құрамында болады деп ойладым. Сол жолда күш сала бастадым. Оның үстіне, жаңа одақ келісімшартының үстінде үлкен жұмыс жүріп жатты. Бірақ 1991 жылғы тамыз тарихта күрт бетбұрыс жасады. Жаңа жағдайды ескеріп, бұрынғы жоспарды қайта өзгерту керек болды» [89, б. 125] – деген пікірі арқылы ашып көрсетеді. Қазіргі сарапшылардың саяси режим жайлы баға беруінде өзге де міндеттерді ескермей біржақты бағалауына іштей наразылық та байқалады. Бір мемлекетті қалыптастыру, бір экономикалық жүйені жаңа бір экономикалық жүйеге көшіру қаншама қыруар еңбекті, саяси сауаттылықты қажет ететіндігін Н.Назарбаев естелігінде ашып айтпаса да, тұспалды түрде жеткізіп отырады. Онымен қоса демократиялық бастамаларды дамыту, әлеуметтік жағдайды реттеу, ұлтаралық татулықты сақтау секілді қыруар шаруаның ішкі аудиториясын сезінбей, мойындағы жауапкершілікті көтермей сырттан баға беру оңай екендігін, саяси пікір мен сының орынды болуына саяси сауатты болып қана қоймай, сезіне білудің де қажеттілігі барын атап өтеді.

Әйтсе де кереғар пікірлер туындайтыны белгілі жайт, Тәуелсіздік алған кездегі серпін жайлы Н.Назарбаев тамыз бүлігін атап өткенімен, тәуелсіздік алу күндерін жіпке тізгендей баяндамайды. М.Мағауиннің «Мен» роман-эссесінде бұл жайлы шамырқанып суреттелген: «Август бүлігінен соң империя біржола ыдырады. Жұртта қалған, жалғыз өзін Советтер Одағы деп жариялай алмаған бейшара үкіметің ақыр түбінде тәуелсіздік туралы шешім қабылдады. 1991 жыл, 16 желтоқсан, кешкі сағат 7 болатын. Мемлекеттік радио, теледидар күнделікті кәкүр-шүкір көп хабардың арасында селқомсық қыстыра салды. Көкшетауда астық жиналып бітті деген ақпар алдында «қуанышты хабар» деген анықтама берілуші еді, тым құрыса, сондай жөргемі жоқ» [90, б. 5-6]. Бұл ел аузында жүрген суалдың көркем кеңістікте бейнеленуі. Биліктің тұтқасын ұстаған топтың кеш әрекет жасауының сырын түсінбей, енжар күйде тәуелсіздікті жариялауы турасында айтылған сыни көзқарас. Н.Назарбаевтың еңбектерінде тәуелсіздікке дейін, тәуелсіздіктен

кейінгі уақыттар, саяси оқиғалар тізбегі баяндалғанымен осы бір кешігудің себептеріне тоқталған тұсын жолықтыра алмадық.

Мемлекеттің іргетасының беріктігіне бағышталған мәтіндердің көбі елдің күйреуіне әкеліп соғатын негізгі себептермен байланыстыра сипатталған. Қылышынан қан тамып тұрған КСРО өзі қаншама жаншып, ұлт көсемдерін қынадай қырғанымен уақыт өте келе КСРО Республикалары өз азаттығын алды. Оның күреуінің негізгі себептеріне Н.Назарбаев өз еңбегінде нақты сипаттамалар береді. Кеңес үкіметінің қолдан тарих құрастырып, өмірдің барлық саласына моральдерін күштеп енгізуге қанша әрекеттенсе де оң нәтижеге қол жеткізе алмады. Оның бірден бір себебін Н.Назарбаев: «Адам қайда жүрсе де, туған бойдан, ана әлдиін ести сала, өзін қазақпын, орыспын, украинмін, грузинмін, өзбекпін деп сезінеді... Адам сол сезімін қандай үлкен калибрлі идеологиялық снардпен атқыласаң да, бәрібір құрта алмайсың. Бұны жоққа шығару ешкімнің қолынан келе қоймас» [89, б. 126] – деп, қандай идеологияны қолдансаң да, тарихын бұрмалап, қанды қысым көрсетсең де ұлтты жою мүмкін емес екендігі, Кеңес Одағының ең үлкен қателіктерінің бірі осы болғанын атап өтеді.

Тоталитарлық жүйенің шеңгелі КСРО-дағы өзге ұлт өкілдерін титықтатып тұрды. М.Горбачевтің тұсында сол жүйе құрсауын босата бастады, сол босату этикалық топтардың күш алып, ұлттық идеологияның дамуына мүмкіндік туғызды. Оның негізгі себептерін Н.Назарбаев Д.Оруэллдің пікірімен түсіндіреді. Д.Оруэлл 1940 жылдағы соғыста бәрі бір мақсатта күш біріктірген ұлттардың қауіп ыдырағаннан кейін таптық сезімдері ұлғайып, әр тұстан бұрқ ете қалған дүмпулерге мән береді. Н.Назарбаев Оруэлл пікіріне оң баға бере отырып таптық мүддені қозғаудың жасампаздық қуаты болғанымен, өзге ұлттардың санасында жеккөрініштілік туындататынына мән береді. «Ұлттық идеяны ұлттық астамдықтың идеясына айналдыру этностың өзіне опа таптырмайды» [89, б. 129]. Н.Назарбаевтың бұл пікірін афоризмге айналдыруға болады. Ел ішіндегі өзге диаспоралардың жергілікті ұлтқа шекесінен қарауы – астамшылдықтың бір белгісі. Негізгі өзек жерде ғана тұрған жоқ, аумақ атаулының мызғымастығынан бөлек ұлт төңірегіндегі нәзік ұғымда болып отыр. Ұлт – әрі нәзік, әрі терең. Ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу аса маңызды. Бұл арада ұлттық идея мен ұлттық астамшылдық идеясының ара жігін ажырату аса маңызды.

Ұлттық мәдениетті қайта қалыптастыру, мемлекеттің әуелгі ұстанымдарын қайта қалпына келтіру бір күндік шаруа еместігі анық. Ұлттық дәстүрді қалыптастыру аясында дұрыс бағыт ұстанбаса этикалық сезімнің теріс сипаттары алдыға шығады. Теріс сипаттар ойға келмеген үлкен апаттарға апаруы мүмкін. Н.Назарбаев ұлттық құндылыққа дәріптеуде дұрыс бағыт ұстанбаса – Югославия, Алжир, көптеген африкалық мемлекеттердің жағдайы қайталанып кету қаупі туралы баяндайды.

Өткен екі ғасырдың өзгешеліктері туындатқан індеттің бірі – этнопопулизм, алғаш тәуелсіздік алған елдерде көзге ұрып тұрады. Бұны популистер саяси ұпай жинау үшін тиімді пайдалана біледі. Популистер ең бір қасиетті ұғымдарды пайдалану арқылы халықтың назарын өздеріне аударады.

Халықтың даңғаза ұрандар мен орындалуы біраз уақытты талап ететін шаруаны аз уақытта атқарамыз деген уәдеге тез иланатындарын пайдаланып, жұртқа қоғамдағы небір күрделі мәселелерді шешіп тастауға кепілдік береді. Олардың түпкі мақсаты – бір ұлтты бәрінен жоғары санап өзге ұлттарға қарсы қою. Осы мәселелерді нақты түйсіне білген Н.Назарбаев Вацлав Гавел пікірімен ұштастыра отырып тұжырым жасайды.

Н.Назарбаев: «Этнопопулизм – демократиялық қоғамның денесіне шыққан «безеу» емес. Ол – вирус. Онымен ұдайы күреспей болмайды. Ол жағдайға байланысты тез өзгеріп тұрады. Қоғамды одан әрі жетілдіргенімізде де қыр соңымыздан қалмайды. Мұндай кесепатпен әкімгершілік жолмен де, идеологиялық жолмен де күрестім, көп ештеңе бітіре алмайсың. Онымен күресудің жалғыз жолы – адам материалының сапасын ұдайы жақсартуға күш салу. Біз құқықтық қоғамға неғұрлым жақындай түскен сайын, қазақстандықтар өздерінің еліміздің толыққанды және белсенді азаматтары екендіктеріне көбірек сене түсетін болады. Солай болған сайын, этнопопулизм вирусының қорек аясы азая түседі» [89, б. 130]. Н.Назарбаевтың этнопопулизмді қоғамның денесіне шыққан безге теңемеуінің мәні бөлек. Без – ол деректі зат емес, оны құрту жолдары көп. Кесіп алып тастауға да болады. Яғни дененің бір бөлшегі ретінде бөлек қарастыра аламыз. Ал вирус дерексіз зат есім, сондықтан онымен күресу үшін арнайы тәсілдер қажет. Оның ең төте – жолы ұлтты сауаттылыққа тәрбиелеу. Адам материалының сапасын көтеру.

Жаңадан ту тіккен мемлекеттің болашағын кемелдету мақсатында атқарылатын шара өте күрделі. Ескі жүйе күйрегеннен кейін қоғамдағы дүрбелеңді еңсеріп жаңа жүйе орнату – сындарлы уақыттардың бірі. Қазақстан сондай сын кезеңінде эволюциялық сипаты басым жолды таңдап қатерлі уақыттан оңтайлы өте білді. Н.Назарбаев осы сындарлы уақыттан шығу жолын баяндай келе, А.Токвильдің «Көне тәртіп және революция» еңбегін негізге алады. А.Токвиль революцияның мемлекетке тигізетін салдарын айтып, түбегейлі өзгеріске ұшырайтындығын мәлімдейді. Н.Назарбаев бұл жолды бұрыс санап, ішінара өзгертулер енгізу арқылы мемлекеттің саяси-экономикалық тұрақтылығын қалыпқа келтіруге әрекет жасағандарын баяндайды.

Н.Назарбаевтың бұл таңдауының дұрыстығын сенатор Қуаныш Сұлтановтың 2010 жылғы «Егеменге Қазақстан» газетіне берген мақаласындағы пікірлерінен аңғаруға болады. «Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Сондықтан әр қазақ осыны түсініп, қадірлей, көздің қарашығындай сақтай алатын санада болуымыз қажет. Тәуелсіз, дербес мемлекет құру кезеңінің өзі қазір тарихтың үлесіне көшіп барады. Жиырма жылда өмірге жаңа ұрпақ келіп, жаңа буын қалыптасып қалды... Еңсеміз көтеріңкі ел екенімізді сезініп, әлем елдерінің алдында да көрсете алдық.

Бұл – Президент қайраткерлігінің, Мемлекет басшысы ретінде тәжірибелі саясаткерлігінің еңбегі. Сол орасан елдік – еңбектің жемісі, нәтижесі» [91]. Еткен еңбек, төккен тердің нәтижесінде мемлекет болып іргемізді беріктедік, ұлт болып уығымызды түзеттік. Ендігі жерде «Бас-басына би болған өңкей

қиқымның» күйін кешпей, ұлттығымызды, елдігімізді берік қылу жолында жұмыла әрекет ету қажеттігін аңғару қиын емес.

Н.Назарбаевтың атқарған еңбектері мен ішкі тұжырымдары авторлық баяндауға түспесе тек тарихи және саяси көзқараста ғана қаралар еді. Естеліктерінің негізінде әдебиеттану тұрғысынан да қарауға мүмкіндік туды. Авторлық нарратив болмағанда біз Назарбаевтың саяси аренадағы көңіл күйін, сезімін, ішкі толғанысын, хал-ахуалын білмеген болар едік. Автор оқырманмен тікелей байланысқа түсу арқылы адресаттың көңіл-күйіне әсер ету мүмкіндігіне ие болды, ішкі толғаныстарын баяндау арқылы объектінің пікірінің өзгеруіне, ел жайлы, өзі жайлы жаңаша ой қортуына жол ашты.

XX ғасырдың соңындағы валюта мәселесіне бүгінгі күнге дейін сын айтылып келеді. Саясаткерлер валютаны кеш ауыстыруын сынап, мемлекетке келген шығындарды атап көрсетуге тырысады. Н.Назарбаев өз естелігінде теңгенің қалыптасуы туралы да ой қозғайды. Көп жағдайда беймәлім дүниелердің бетін ашады. Теңгені айналымға шығармас бұрын орын алған оқиғалар тізбегін баяндайды. В.Черномырмен, А.Шохинмен болған сұхбаттарын келтіреді. Интермәтінді қолдану арқылы 1993 жылғы саяси оқиғаға анық баға беруге мүмкіндік туғызады. Оқырманға рубль аумағында қалған уақытқа шегініс жасауға және себептерін түсінуге жол ашады. Теңгенің қабылдануы, оған дейінгі атқарылған әрекеттер тізбегі баяндалады. Аз уақыт ішінде мемлекеттің барлық облыс, аудандарына ұлттық купюроны таратудың машақаты мен нәтижесін бөліседі.

Кесте 5 – Саясаткерлер

Атауы	Авторлар мен елдер	Кезіккен саны	Қайталануы	Жалпы саны
Мемлекет дегеніміз – біз боламыз	О.Оруэлл	1		5
	Вацлав Гавел	1		
	В.Черномыр	2		
	А.Шохин	1		

Бодандықтан босап, тоталитарлық жүйенің құрсауынан шыққан Қазақстан да өзге социалистік мемлекеттер құсап демократиялық құқықтық қоғам орнатуға ұмтылды. Бірақ сол демократияны орнату үшін қандай жолды таңдау керек деген үлкен сұрақ туындағаны анық. Осы тұрғыда Н.Назарбаев дамыған елдердің өзі демократиялық қоғамға бірден қол жеткізбегендігін, биліктің өз ұстанымдары бар екендігін атап өтеді. Әр ел, ірі мемлекет өз алдына дербес демократия құрады деген пікір ұсынады. Саяси аренада салмағы басым, экономикасы көп елден көш ілгері АҚШ демократияға бір күнде қол жеткізбегендігін, ұзақ уақыт үндістерді аяусыз басып жаншығанын ескерте келіп: «Оңтүстік пен Солтүстік азамат соғысын, нәсілдік қырып-жою мен құлдықты, 60-жылдардағы афро-америкалықтар ереуілін, соғысқа қарсы студенттер шеруін қанжоса қылып атуды көзбен көрді. Тіпті өз кезіндегі ең ізгі конституцияны қабылдай отырып, тек түсі ақ еркектерге ғана сайлауға және

сайлануға ерік берді. Меншікке байланысты артықшылық тек ХІХ ғасырдың басында ғана жойылды, ал әйелдер бар болғаны 1920 жылы ғана дауысқа ие болды. Осының бәріне жету үшін Құрама Штаттар бір жарым ғасырлық жолдан өтті. Қара түсті американдықтар АҚШ-тың кейбір оңтүстік штаттарында 1960 жылға дейін сайлау құқығынан мақұрым келді. Ал жастар тек 1971 жылы ғана, АҚШ-та сайлаушылардың дауыс беру мөлшері 21 жастан 18 жасқа түсірілген соң ғана дауыс бере алатын күйге жетті» [89, б. 139] – деп бүгінде көпшіліктің аузынан тастамайтын мемлекеттің даму жолын қысқаша баяндайды. АҚШ-қа берілген анықтама арқылы қазақ даласына орнауы тиіс демократиялық қоғамның қандай жүйеде болатындығын меңзейді.

Демократия үлгілері мен оған апаратын жолдардың көптігі және қай дұрысын таңдау жолы үлкен сұрақтар туындатты. Бір ауыздан демократия деп ұрандату ел ертеңіне кері әсерін тигізуі де мүмкін екендігін қаперде ұстады. АҚШ, Франция, Германия т.б. озық елдердің таңдаған жолдарына сүйене отырып, бәрінің қолданған үлгісін бірдей пайдалану мүмкін емес екендігін және ондай таңғажайып дүниенің жоқтығын атап өтеді. Демократиялық қоғам бір күнде, бір жарлықтың айналасында орнамай, оны өмір сүру кезінде біртіндеп жүзеге асатындығын, халық болып бейімделетінін түспалдайды.

Бүгінгі күні саясаткерлер мен халықтың қарсы пікіріне ұшыраған демократиялық қоғамның әу бастан ұстанған қағидасы бір екендігіне, толыққанды ондай қоғам орнату мүмкін еместігіне Н.Назарбаев еңбектерімен танысу арқылы көз жеткіземіз. «Өктемшілдік пе? Әлде демократия ма?» атты тарауда біз көтеріп отырған тақырып толықтай қамтылған, ұсақ детальдарын қалдырмай жауап беруге тырысқан. ХХ ғасырдың соңында жазылған еңбекте бүгінгі күннің сұрақтарына жауап табылуы автордың реализмнен, ирреализмге өтіп болашақты болжау арқылы жеткен нарративтік баяндауды көре аламыз. Бұл арада саналы түрде жазылған еңбекте қалайша ирреализм орын алады деген сұрақ туындауы мүмкін. Әйтсе де Н.Назарбаевтың еңбегі – саяси дискурстың ғана жемісі емес, әлеуметтік, құқықтың, поэтикалық т.б. дискурстарды қамтитын толымды еңбек. Автор әлеуметтік немесе поэтикалық дискурсты жазарда саналы түрде біліп, таңдап алмағандығы анық, ол – бейсаналы түрде орын алатын процесс. Сол секілді болашақты болжау, бүгінгі күннің сұрағына жауаптардың болуы автордың ирреализмге өтуі, қиял кеңістігінің жемісі.

Көп мәселелерді дипломатиялық жолмен шешуді көздейтін Н.Назарбаев ел ішіндегі ахуалды бақылап, жылдам шешім қабылдай біледі. Қабылданған шешімдер даму стратегиясының кейбір қағидаларына қарсы, заңға томпақ келуі де мүмкін, алайда ел тыныштығы үшін ондай қадамдардың да орын алатындығын еңбегінде анық көрсетеді. Б.Ғабдуллин «Халықтың бағына біткен президент» мақаласында Н.Назарбаевқа озық ойлы дипломаттардың бірі деп баға береді. «Назарбаевтың дипломаттық таланттын айрықша айтуды талап етеді. Оның Қазақстанның халықаралық ұстанымдарын нығайту жолында жұмсаған күш-жігері өлшеусіз мол. Себебі мұндай тақыр жерден бастауға тура келген, халықаралық істерді дербес жүргізудің ешқандай тәжірибесі болған жоқ. Қысқа уақыт ішінде біздің еліміз осы заманғы

Қазақстанның негізін салушы Назарбаевтың өзінің сөзімен айтсақ, ғасырларға пара-пар жолдан өтті» [92]. Б.Ғабдуллиннің бұл пікірінде бір жақты мақтау айқын көзге ұрады. Әйткенмен журналисте қоғамның бір мүшесі болғандықтан, Н.Назарбаевтың тұлғасын айқындауда пікірін мысал ретінде пайдаландық.

Н.Назарбаев бір партиялық жүйенің озық тұсы мен кемшіліктерін атап көрсетуге тырысады. Реймон Аронның «Демократия мен тоталитаризм» еңбегінен мысалдар келтіре отырып өз ұстанымының дұрыстығын дәлелдеуге тырысады. Р.Арон өз еңбегінде бір партиялық жүйенің ел басқару ісінде ережеден қарағанда күшке көбірек басымдық беретіні егжей-тегжейлі баяндалып, нақты мысалдармен салыстырмалы талдаулар жасалып көрсетілген. Н.Назарбаев Арон еңбегін жақсы білумен қатар, ол сынаған дүниелерден шындық табуға тырысады. Демократиялыққа ұмтылу ұранын ұстанғанымен іс жүзінде мүлдем бөлек нәтижеге жұмыс жасайды. Бұны өз еңбегінде нақты атап өтеді. «Меніңше, кеңестен кейінгі мемлекеттердің балаң тарихы сайлау демократияның ең маңызды белгілерінің бірі болғанымен, бірден-бір белгісі еместігіне көзді мықтап жеткізе түскендей... Демократия жеңістерін қорғап қалу үшін сайланбалылық қағидасынан бас тарта тұру немесе сайлаудың нәтижесін жоққа шығару тәсілі де демократияның қамын ойлағандық болып табылады» [89, б. 143-144]. Н.Назарбаевтың бұл көзқарасына саяси тұрғыдан емес, әдеби тұрғыдан қарағанда «бір саусағын ішінде бүгіп қалуды» білдіреді. Ел басқару ісіне халықты араластырмау керек деген түйінді көруге болады. Ел басқару ісіне кімдер келетінін билік емес, халық шешкен жағдайда ел ішінде тұрақсыздық туындап, саяси сауатты адамдар екінші сатыға түседі деген қағиданы ұстанады. Әлемдік деректерге көз жүгіртсек ондай жағдайлардың бірлі-жарым орын алғандығы рас, әйткенмен ұлт ұстанымындағы «өтіріктің құйрығы бірақ тұтам» деген мақалдың шеңберіне салып қарасақ бұра тарту халық сеніміне сызат түсірері анық. Халық пен билік арасында түсініспеушілік пен наразылық туындау арқылы бұл сызаттың орны үлкейе берері де анық. Еңбек 1991 жыл мен 1995 жылдар арасындағы оқиғалар тізбегін қамтығандықтан, бірден демократиялық жүйеге қадам басу, халықты бірдей соған бейімдеу аз уақытта атқарылатын шаруа еместігі анық. Еңбектің жазылу шеңберіндегі көзқараста бұл ұстанымды бірден теріске шығаруға келмес, әйтсе де сол жүйе еш өзгеріссіз бүгінгі күнге жетуі бастапқыда ел тұрақтылығы жолында жасалған өтіріктің дәстүр жалғастығына айналып кетуінің бір белгісі секілді.

Алғаш тәуелсіздік алған жылдары ел экономикасының төмен болуы, жаңа қоғамның тыныс-тіршілігі бір қалыпқа түспеген уақытта жаппай халықтан саяси сауал жүргізіп, елдің пікіріне құлақ асу, ұлт лидерін анықтау қиындық тудыратыны анық. Халық та оған дайын емес еді. Сол уақытта «демократиялық процессті 1990 жылдың басы мен ортасында республикалық тұрғындардың 4-5 проценті ғана басым маңызға ие құбылыс деп санады. Ал 60 проценттен астамы орнықты және қалыпты өмірді, бейбітшілік пен тыныштықты, жанұяның ауқатты тіршілігін, жеке бастың саулығы мен қауіпсіздігін басым маңызды мүдде деп есептеді» [89, б. 145].

тұрғыда алып қарағанда демократиялық қоғамда да бейбітшілік пен тыныштық, жанұяның ауқатты тіршілігі орын алуға болатын жайт. Жеке бастың саулығы мен қауіпсіздігі демократиялық қоғамда қарқынды дамуға тиісті. Демек, 1990 жылдардың басы мен орта тұсында, яғни біз талдау жүргізіп отырған 1991-1995 жылдар аралығында халық демократиялық қоғам дегенді толық түсіне қоймады. Бүгінгі таңдағы көзқараспен қарағанда бұл каншалықты өзгеріске түсті? Ол жағын дөп басып айту қиын.

Естелік жазу, оған әдеби тұрғыдан талдау жүргізу саясаткер өмірінде орын алып, оған саяси тұрғыда баға берілмеген және шешімі күрделі дүниелерге әдебиет теориясы тұрғысынан баға беріп, әдеби көзқарас ұсыну саясаткер еңбегін жаңа қырынан ашуға мүмкіндік туғызады. Авторлық баяндаудағы демократиялық қоғам орнату жолындағы эмоциясын, темпераменттерін т.б. жеке басқа тәуелді дүниелерді талдап көрсетуге болады.

Ресейдегі стратегиялық институттың деректеріне жүгінсек, 1994 жылғы сайлауға үш күн қалғанда қоғамдық-саяси ұйымдардың сайлауалды бағдарламасымен халықтың бар болғаны он үш пайызы ғана танысыпты. Демек, ол уақытта халыққа жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары толықтай жолға қойылып үлгермеген, орта деңгейден де төмен. Халық пен билік арасындағы байланыс өте төмен болған. Халық пен билік арасында байланыс болмағандықтан, таңдауды халықтың еркіне берген жағдайда бұра тартушы топтар астыртын әрекет жүргізсе, пайданы өз ыңғайларына қарай икемдеп алуына болатын еді. Н.Назарбаевтың естеліктерінен осыған алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілгендігін көреміз.

Н.Назарбаевтың пікіріне сүйене отырып байқасақ, жүз пайыз демократиялық қоғам орнату мүмкін емес. Негізгі күшті билік ұстаған жағдайда ғана ел ішінде тұрақтылық болмақ деген ұстанымды алға тартады. «Демократия бар да, әсіре демократия бар. Адамдар бейберекеттік пен бассыздықты демократиялық өзгерістермен бастаса, қайдағы бір «жұмсақ», «оқыған», «зиялы» авторитаризм дегендерді ойлап тауып, өктемшілдікті ақтап алу қаупі күшейеді» [89, б. 147]. Тәуелсіздік алған тұста Н.Назарбаевтың әр әрекеті бір шоқып екі қараудың қағидасы екендігін байқаймыз. Ұстанған саясаттың бүге-шігесіне дейін талдап, сезініп іс атқармаса, жаңылыс, жаңсақ бір әрекеттің өтемі ауыр болатынын тұспалдап жеткізеді.

Әр қаламгердің жазушылық мақсаты әртүрлі. Көкейіндегі ойды жеткізу тәсілі де, жазушылық шеберлігі де бойындағы дарын мен ізденістен туатындықтан, әр қаламгердің таным деңгейі болары анық. Қамшы салдырмас жүйрік секілді бір деммен оқып шығатын сұлу сөйлемдер тізбегін құрау. Оқырманының тамырын ұстап отырып, сөздеріне мән беріп, сөйлемдеріне қажетті динамиканы сиғызу шеберлікті қажет етеді. Осыдан барып деңгей анықталады.

Н.Назарбаев өз шығармаларын жазудағы мақсаты қатарынан қара үзген шебер жазушы болу немесе әлем әдебиетіндегі өзгерістерді бойына сіңіріп тың бағытта қалам тартып жазушылық шеңберді бұзу емес. Нақты саяси, тарихи оқиғаларды баяндай отырып өтпелі кезеңнің ақиқатын жеткізу. Еңбектерінің көпшілігінде аргументтік дискурстың элементтерін пайдаланған.

Бүгінгі таңда ғылым мен білім, технология қарыштап дамыған заманда классикалық әдебиеттің үлгісін алдыға ұстап жетістікке ұмтылу қисынсыз. Әдебиеттің нормаларын бұзбау керек деген топ өкілдері мен әдебиетке жаңа сұрлеу, тың бағыт енгізу керек деген топтың өкілдері екі жолда көптеген соны дүниелер атқаруда. Бұл тұрғыда әдебиетті жаңа қырынан көріп, формалық жағынан да, идеялық мазмұндық жағынан да эксперимент жасаушылардың қатары күннен күнге артып келеді. Бұл көңіл қуантарлық жағдай. Дегенмен оларды сұрыптау, електен өткізудің уақыты келмеді. Бәрі де әліптің артын бағуда. Әлем әдебиеті, оның ішінде қазақ әдебиеті жаңалыққа, жаңашылдыққа ұмтылуда. Мәселен, драмада «Жаңа драма» пайда болды. Әдеби стильді екінші сатыға ысырған бұл драманың бойында барлық стильдің элементтері бар. Сол секілді поэзияда ақ өлең, верлибр (еркін өлең үлгісі) т.б. деп формадан гөрі ой қуған шығармалардың қатары көбеюде. Бұлардың дені – жастар.

Әдеби шығармалар жазуда форма мен жанрды автор саналы түрде және бейсаналы түрде қалыптастырады. Бұдан бұрынғы сұрлеуден қашып саналы түрде басқа форма мен пішінді таңдап алушы авторлар бар. Сондай-ақ нақты шығарманың өн бойына еніп, формаға мән бермей, бейсаналы түрде жазылатын еңбектер болады. Н.Назарбаев – беделді саясаткер. Бүкіл өмірі, жүріп өткен жолы – бәрі саясатпен тығыз байланысты. Өз өткендерінен естелік жазу барысында бұның мәтіні саяси немесе ауызекі стиль, публицистикалық, әдеби стиль, көркемдік деңгейі деген қағидаларға баса назар аудармағаны белгілі. Негізгі мақсат саяси өмірдің күрделі табиғатын оқырманымен бөлісу болды. Осы мақсат жолында жасалған жұмыстың нәтижесінде біз жоғарыда атаған стильдер бейсаналы түрде хатқа түсті.

Біз «Ғасырлар тоғысында» кітабының «Күні кешегіні көзге елестетсек» және «Жол айрығында» деп аталатын алғашқы екі тарауына тоқталып жеке тараушаларының идеялық, мазмұндық тереңдіктеріне мән бердік. Әдебиет теориясына сүйене отырып талдаулар жүргіздік. Алғашқы екі тарауда мәтіннің саяси астары көрініп тұрса, үшінші тарау «Мағұрып пен Машырақ арасында» тарауын толықтай естелік-эссе деп бағалай аламыз. Көне сөздерді айналымға қосуынан-ақ бұл тарауға берілетін басымдықты аңғаруға болады. «Бірден батыс пен шығыс» арасында деп қоюына да болатын еді. Алайда тақырып таңдауда автор пәлсапалық тереңдікті қалаған. Осы арқылы қазаққа салт-дәстүріміз, дініміз бен діліміз қайта оралды дегенді көрсеткісі келеді.

Н.Назарбаев әлем саясаткерлерінің пікірлерін ортаға салып, өзінің пікірімен ұштастыра отырып ой қозғайды. Бір саясаткер жайлы көсіліп көп естелік айта бермейді. Шығармадағы бір образ – Т.Озал бейнесі. Бұл жинақталған образ емес. Н.Назарбаевтың қабылдауындағы Т.Озалдың шынайы бейнесі. Өз араларындағы қарым-қатынасты баяндай отырып, кейіпкердің тұлғасын даралау естелікте анық байқалады. Бейсаналы құбылыста жазылған еңбек шынайылығымен құнды. Жеке тұлғаның образын бейнелеу арқылы автор екі ел арасындағы қарым-қатынастың тығыздығын, ел тәуелсіздігін алғаш болып мойындаған мемлекет ретінде түрік жұртшылығы да ерекше құрметке ие екендігін де тілге тиек етеді.

Бір кейіпкердің артында бүкіл халықтың үддесі тұрғанын, достық ниетін автор шынайы бейнелей білген. Т.Озалдың білімділігін, асқан саясаткерлігін сипаттай отырып кемшіліктерін де алға тартады. Ондай қателіктердің бірі пантюркизм мұраттары төңірегінде пікір білдіреді. Т.Озал қалаған осы одақты Н.Назарбаев жылы қабылдай қоймайды. «Бір айта кететін нәрсе: ондай пиғылдағы адамдар бізде де бар-тұғын. Көп жұрт Түркия біздің барлық мәселемізді шешіп бере алады деп ойлайды. Әрине, біздің бұрынғы өміріміздің қалай қалыптасқанын білмейтін адам үшін, мұндай қиялға берілу түкке тұрмайды. Бірақ бұл өмірде неге әкеп соғар еді? Ол деген сөз – жаңа ғана қолыңа түскен тәуелсіздіктен бас тарту, көршілермен дәстүрлі байланыстарды түгел үзу, бір «үлкен ағаның» орнына екінші «үлкен ағаны» мойынға мінгізу деген сөз» [89, б. 195]. Н.Назарбаев ұлтаралық достықтың берік болуын жақтағанымен ел тәуелсіздігіне зәредей зияны тиеді деген күмәнді тұстардың бәрінен алшақ болғанын аңғарамыз. АҚШ пен Қазақстан арасындағы ядролық қару төңірегіндегі келіссөз барысын талдағанымызда да Н.Назарбаев ең алдымен елдің қауіпсіздігін бірінші орынға қойғаны белгілі. Ел экономикасына кері әсерін тигізетін, тығырыққа тірелген тұстарда да қауіпсіздікті негізгі орынға қояды. Ең алғашқы келісімді соған қарай жасайды.

Түрік елімен арадағы қатынаста да автор осы қағиданы берік ұстанады. Жаңадан бойын түзеп жатқан мемлекеттің тағы бір одаққа басын біріктіруі ең үлкен қауіп деп ұқты. Енді ғана бұғауынан босатқан «үлкен аға» деуі Кеңес Одағының негізгі күші Ресей болса, екінші Тұран одағын құру экономикасы аяққа тұрмаған, салт-дәстүріміз бодан болған жылдары ұмытылуға айналған, халқымыздың саны өзгелермен салыстырғанда әлдеқайда төмен Қазақстан үшін оң пайдасын бермейтін еді. Н.Назарбаев осыны назарға ала отырып тағы бір үлкен империяға жәутеңдеуді құптамады.

Ел арасындағы тәмсілде Аристотельдің «Платон менің досым, бірақ ақиқат одан қымбат» деген сөзі кең жайылғандығы белгілі. Түркі мемлекеттерінің бас қосуында тарихи тамырластыққа байланысты пікір білдіруде Н.Назарбаев елдің қауіпсіздігі үшін кез келген шешімге баратындығын көрсетеді. «Маған Т.Озалды қатты ренжітуге тура келді. Мен бұл мәлімдемеге қол қоймайтынымды айттым» [89, б. 195] деуінен-ақ кез келген мемлекет басшыларымен тең дәрежеде сөйлесіп, өз ұстанымын алға тарта алатындығын көрсетеді.

1993 жылы 17 сәуірде Т.Озал дүниеден өтті. Н.Назарбаев осы күнді кітабында нақты көрсетеді. Саясаткердің қазасы арқылы оның қадір-қасиетін, тұлғалығын аша түседі. Талантты саясаткер болуының арқасында Түрік мемлекетін дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне сара жол салушы ретінде бағалайды. Мемлекеттің ішкі саясатында жанқияр реформашыл, өз мүддесінен халықтың мүддесін жоғары қоя білетін ұлтжанды тұлға ретінде сипаттаса, сыртқы саясатта да сауатты екендігін атап өтеді. Таяу және Орта Шығыс елдерімен, Кеңес Одағы ыдырап жаңадан тәуелсіздік алып жатқан елдермен тығыз экономикалық қарым-қатынаста болғанын жоғары бағалайды.

Н.Назарбаев еңбегінде тәуелсіздік алған жылдардағы көркем уақыт халқымыз үшін ең бір тарихи оқиға болғаны белгілі. Өзге елдермен қарым-

қатынасты сипаттауда екі ел арасындағы татулық пен ымырашылдық, салт-санадағы айырмашылықтар анық берілген. Бір жақты баяндаудағы оқиғалар тізбегі сол уақыттағы елдің тағдырымен тығыз байланысты тарихи мәнге ие. Көркемдік қиялға ерік беріп оқиғаларды құбылту, кейіпкерлерді типтендіру шығармада мақсат етілмеген. Нақты болған оқиғаларды көңіл сүзгісінен өткізіп баяндаған. «Мемуарлық немесе деректі туындыларда авторлардың типтік жинақтауды мақсат етіп қоюы қиын, олай етуге мойын бұра қалған жағдайда болып өткен шындыққа көлеңке түсіріп алу қаупі анық» [93] – қағидаға сүйенсек Н.Назарбаевтың естелігінде авторлық баяндауындағы оқиғалар тізбегінен көркемдік іздеудің кей сәттерде қисыны жоқ секілді.

Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» еңбегі әдеби көзқараста қарағанда несімен ерекшеленеді деген сұрақ туындауы заңдылық. Бұл сұраққа бірнеше жауап ұсынуға болады. Әуелі бұл еңбекте автордың басынан өткен ғұмырнамалық оқиғаларды баяндап қана қоймайды, сол замандағы қазақ елінің әлемдік саяси аренадағы жағдайын, елдік жолында жасалған шешімдер сипатталады. Бүкіл одақ болып атқарылған жүйе құлап, бүкіл бір системаны қайта орнатуға кеткен күш-жігердің, қаншама келіссөздердің куәсі бола аламыз. Қиын күндердегі халықтың хал-ахуалын көңіл көзімен көріп, іштей сезінеміз. Н.Назарбаев ел тәуелсіздігін алғанда атқа қонып, ел тізгінін ұстаумен қатар өз тағдыры қазыналы халқымен, қасиетті жерімен тығыз байланыста екендігін білдіреді.

Еңбектің алғашқы бөлімдерінде тәуелсіздікке дейінгі және алғаш тәуелсіздік алған кездердегі оқиғалар суреттелсе, кейіннен алып державалармен байланыс орнатып, келіссөздер жүргізуімен таныса отырып, тәуелсіз елдің болашағына жасалған алғашқы қадамды ой сүзгісінен өткізе аламыз. Теңгенің айналымға түсу кезеңін сипаттауы – өз алдына күрделі оқиға. Бүгінгідей ақпараттық, транспорттық жүйе бір жолға қойылмаған шақта аз ғана уақыт ішінде теңгені айналымға түсіру оқиғаларымен танысу арқылы біздің төл теңгемізді айналымға осылай түсірген деп айта аламыз.

Талдап отырған үшінші тарауда бүкіл мемлекеттермен байланысты әуелі Түрік елінен бастауының да мәні бөлек. Туыстас, тілектес елдердің арасындағы шоқтығы биігі Түрік мемлекетінің Қазақстанмен тығыз қарым-қатынасының мәніне баса назар аударады. Екі ел арасындағы достықтың бастауы әлі де болса тереңдей түсеріне сенім ретінде қарайды. Түркі одағын құруға бүгін келісім бермегенімен болашақта туыстас мемлекеттердің бірлігі негізгі орынға шығатынын астармен жеткізеді.

Алғашқы тарауларда сөз еткен ядролы қарудың Қазақ даласына неліктен көптеп шоғырланғандығын үшінші тараудан таба аламыз. «Ұлы көрші» тараушасында Қазақстан – Қытай арасындағы қарым-қатынас сипатталады. Әуелгі кіріспесі ретінде КСРО мен Қытай арасындағы текетірестің, бәсталастықтың болғандығы сөз етіледі. Өз қауіпсіздіктері үшін көптеген қарулы күштерді бір ортаға шоғырландыруының жай-жапсарын айтады. «Біз қытай-кеңес қатынастарының соңғы 40 жылдық тарихында күйіп-жанған достық, көрместей боп кеткен өштестік кезеңдерін де бастан кештік. Екі ұлы мемлекеттің астасар тұсында Қазақстан сол бір текетірестің нағыз өтінде

тұрды. Екі жақ бір кезде соғысқа шындап дайындалды ма? Меніңше, шындап дайындалды. Шекараның екі бетіне де жер қайысқан көп әскер шоғырландырылды. Қытай шекарасының ар жағына саны мен қарулануы жағынан қандай әскери күш шоғырланса, Қазақстанда дәл сондай мөлшердегі күштің басын біріктірген Орта Азия әскери округы құрылды. Бүгінгі күн ұғымынан келер болсақ, екеуі де қорғанушы емес, шабуылдаушы күш екені даусыз. Тянь-Шань тауларындағы Қытай мен Қазақстанды жалғастыратын бірнеше асуларға лық толтыра әскери техника қордаланып, бекіністер, ядролық қару қоймалары, аэродромдар мен арсеналдар салынды» [89, б. 199]. Қазақстанның Кеңес елдерінің арасында ядролық қаруы ең көп елдердің бірі ретінде аталатынын және сол қаруларды құрту жолында қаншама келіссөздер жүргізілгендігін талдаған болатынбыз. Н.Назарбаев өткенді жаңғырту арқылы бүгінгі күнмен сабақтастыра сипаттауды жақсы пайдаланған.

Қазақстанның әр аймағында қару қоймаларының болуы, ондай қоймалардың Қытай аймағында да жиі ұшырасуы Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы татулықтың деңгейін анық көрсетеді. Ендігі жерде тәуелсіздік алған мемлекет үшін осындай алауыздықтың, текетірестің – бәрін жойып, тату, дос мемлекеттер ретінде байланыс орнатудың қиындығын да сезінесің. Автор бірден Қазақстан мен Қытай арасындағы байланысты Түрік елімен немесе өзге де мемлекеттермен болған байланыс секілді бірден сипаттамай 40 жылға шегініс жасауының негізгі мәні осында. Егер мемлекет арасындағы байланысты бірден сипаттаған жағдайда атқарылған жұмыстың күрделілігі, төккен тердің құмға құйған судай көзге көргісіз боларын автор сезіне біледі. Сезінудің нәтижесінде уақыттың шегінісіне бас ұрады.

Қытай мен Кеңес мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас 1950 жылдары жақсарып екі елдің жастары алмасып оқуға жібертіліп тұрғаны белгілі. 1950 жылдардың аяғында бір-біріне қырғиқабақ танытқан екі елдің арасында оқуда жүрген студенттер қиналғаны туралы Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» мемуарлық романынан да танысқан болатынбыз. «Таңғажайып дүниеде» Қабдеш өзінің басынан өткен жағдайды баяндау арқылы екі ел араздығынан студенттердің көрген қиындықтарын баяндаса, Н.Назарбаев Қытай мен КСРО арасындағы алауыздық тәуелсіздік алғанда Қазақстанға да ауыр салмақ болғандығын меңзейді.

Екі алып империя бірін-бір жау тұтып, идеология да соған бағыттталып біздің бірінші жауымыз деп бір-бірін насихаттап, ұрпақ санасына сіңдіріп бақты. Азаттық алған шақта осы бір ойдың сеңі сөгілмегендігін Н.Назарбаевтың жеке қабылдауынан-ақ аңғарамыз. ҚХР алғашқы сапарында өзінің жаңсақ пікірде жүргендігін, сапар барысында пікірінің түбегейлі өзгергенін мәлімдейді. «Шынымды айтсам, бастапқы кезде екі арадағы мәселелердің барлығының шұғыл шешім таба қоюына біраз сақтықпен қарадым. Бұл – елдің басшыларын сүйкімсіз қып суреттеп тастаған көп жылғы насихаттың салдарынан әлі арылып болмағандығымыздан шығар» [89, б. 201] – дейді, бір елдің атынан барған басшының өзінде осындай күмән болған жағдайда артындағы көпшіліктің көкейінде не бар екенін аңғару қиын емес.

Н.Назарбаевтың «арылып болмағандығымыздан шығар» деуінің де мәні осында.

Өзінің жаңсақ пікірде жүргендігін баяндай келе, пікірінің жаңсақтығын нақтылай түсу үшін Цзян Цзэминьнің образын сипаттауға көшеді. Автор Цзэминьнің ішкі жан дүниесін, адами болмысын емес, жүріп өткен жолдарын сипаттайды. Сол арқылы танымын көрсетеді. Сатылай өскен еңбек жолы арқылы көпті көрген қырағы басшы екендігін жеткізеді. Оның орыс, ағылшын, жапон тілдерінде еркін сөйлеуіне тоқталуы Абайдың «бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың» деген пәлсапасына сүйеніп, Цзэминьнің образын жан-жақты қырынан ашуға күш салады. Арадағы әңгімелері тілмашсыз өрбуінің де, пікір алмасып, ұғынысуға тигізер септігі мол. Осындай байланыстың нәтижесінде екі ел арасында тату қарым-қатынас орнағанын көрсетеді.

Сыртқы байланысты барынша жабық күйде ұстаған Одақ күйрегеннен кейін Қазақстанның өзге елдермен байланыс орнатуы қарқын алды. Бұрын Кеңестің құрсауында болған елдермен қарым-қатынас орнатып, байланыс жасауға, жақыннан танып білуге көптеген елдер қызығушылық білдірді. Сондай елдердің арасынан Европа елдерін ерекше атауға болады. Бір одақ арасында бір үйдің баласындай, бір тонның жағасындай тату өмір сүріп жатқан мәдениетті елдермен қарым-қатынас орнату, адамның мәртебесін арттырары сөзсіз. Әлемдік деңгейде адамды басты құндылық деп санаған мемлекеттердің танымымен танысу, байланыс орнату Қазақстан үшін де ерекше маңызға ие.

Кәнігі жазушылардың естеліктерімен танысу бір бөлек, саясаткердің естеліктері бір басқа. Өмір сүру уақыты, өмір сүру шеңбері бір болғанымен танымы мен түсінігі, қабылдауы мен пайымы екі бөлек ортаны көруге болады. Саясаткерге тән белгілер ретінде байланыс орнатушының адами қарым-қатынасынан бұрын мүдделік қатынасына назар аударады. Екі елдің саясаткерлері бас қосқан сәтте жеке бастың емес, мемлекеттің мүддесі бірінші орынға қойылып, субъективтік көзқарас екінші сатыға сырғып отырады. Ал саясатқа қатысы жоқ автордың естеліктері субъективтік көзқараста дамып, жеке тұлғаның бітім-болмысын суреттеуде оның қандай ұлт өкілінен, қандай ортадан шыққандығы емес, жалпы адами болмысы сипатталады. Тұрсын Жұртбайдың «Жансар», Мыңбай Рәштің «Жадымда қалған жайсаңдар», Әбдіраштың Жарасқанының «Қалдырған ізің мәңгілік» естеліктер мен эсселер, арнаулардың бәрінде дерлік мөп-мөлдір сағынышты көруге болады. «Қалдырған ізің мәңгілік» кітабында Ж.Әбдіраш жайлы замандас, көзкөргендерінің бір үзік сыралғы кездері, оралмас шақтары баяндалады. Ып-ыстық сағыныш, аңсар, құрметтің лебі сезіледі. Н.Назарбаевтың естеліктерінде ондай эмоцияға орын жоқ. Ара-арасында айтылатын жеке тұлғалар жайлы толғаныстары болмаса басым көпшілігі өмір жолындағы нақты оқиғалар арнасынан аспай, бір сарында баяндалады.

«Европаның есігін ашу» тараушасында Қазақстан мен Европа елдерінің арасындағы қарым-қатынас, іскерлік байланыстардың алғаш орын алуы туралы бірқатар мәліметтер алуға болады. Қазақстанға жан-жақтан достық

ықыласын ұсынып жатқан елдердің бәрі бірдей шын пейілде болған, болмағаны белгісіз. Бәріне бірдей аңқылдап, құрақ ұшсаң түбінде опық жеп қалуың әбден мүмкін еді. Мұның барлығын байыпты түрде таразыға салып, мәніне үңіле отырып шешім қабылданғанын Н.Назарбаев сол уақыттағы жағдаймен байланыстыра отырып жеткізеді.

Тәуелсіздік алған шақта Қазақстанға Батыс елдерінің ықыласы ауғанының көптеген себептері бар. Жеріміздің көлемі жағынан әлемде 9-орында болуы, кен байлықтарының молдығы т.с.с. өзгелердің ықыласын аударатын жайттардың қатары мол еді. Сондай негізгі назар аудартатын дүние ядролық қару. Талдау барысында айтқанымыздай ядролық қарудан бас тарту төңірегінде АҚШ пен болған келсімшарттар жайлы айтқанбыз. Қазақстанға Европаның да назары ауып, байланыс орнатуға құлықты болуының бірден-бір себебі де осы еді. «Олардың тап бұлай ынтық етіп жүргені – біздің жерімізге орналасқан ядролық қарулардың тағдыры екендігі түсінікті. Батыстың ойынша, Қазақстан ислам дүниесімен жақындасуы керек еді. Өйтсе, біздің ядролық материалдар тажал қарулар жасауға құлшынып отырған Ирак, Иран, Пәкістан қолына түсіп кетуі мүмкін еді» [89, б. 207] – деген тұжырым ұсынады. Қазақстанның дәстүрлі діні Ислам болғандықтан, Европаның олай ойлауының өз заңдылығы бар. Өйтсе де біздің мемлекет Түркі тектес елдермен де, ислам әлемімен де біржақты байланыс орнатпай жалпы әлемдік аренада орта тұсты ұстауды жөн санады.

Британия Премьері Маргарет Тэтчердің Н.Назарбаевпен кездесісі келуі де, оның оңтайлы сәтін ұйымдастыру жолдары да жоғарыда атаған мәселеге байланысты болатын. Бірінің-бірі аңдысын аңдыған балуандарша сақтықпен басталған кездесуде, сөздерінің шашауын шығармай жүйелі өрбіген басқосуда: «Екеуіміздің де ең адал жауап алғымыз келген, бірақ ешкімге жарияламайтын сұрақтарымыз бар еді» [89, б. 207]. Яғни айтылған сөздің атылған оқпен теңдігі, қажетті сауалыңды тиісті адамына жеткізе алмасаң опық жеуің ғажап емес. Мұның артында ұлт мүддесі тұр. «Яғни мұрат – жуанмен белдесу, ұзынмен бойласу емес, өз жұртының қажетін өтеу, мүмкін болғанынша, ең соңғы сәтіңе дейін әуелгі құбыла бағдарыңнан тайқымау» [90. 11]. Екі авторда да ой ортақ. Тек бірі ел тарихын жазуға мақсат қойған қаламгердің ұлт алдындағы адал қадамы болса, енді бірі – елдің болашағына жоспарлар құрған саясаткердің тәуекел деп жасаған қадамы.

Н.Назарбаев Жапония, Иран, Оңтүстік Корея т.б. елдермен арадағы байланысты берік орната түсу жолында бастан кешкендерін суреттеу барысында ол елдердің өркениетіне, мәдениетіне баса назар аударып отырады. Болашақта қандай деңгейге көтерілетініне де іштей болжамдар айтады. Әр елдің мәдениеті мен даму жолын баяндаудың негізгі себебі – өз елінің мәдениетін сақтай отырып қалай өркениетке қол жеткіземіз деген сұрақтың жауабын іздеу.

«Ғасырлар тоғысы» кітабының ең соңғы тараушасында еліне деген ықыласы, сүйіспеншілігі баяндалады. Қазақ халқының басынан өткен аумалы-төкпелі замандарды мысалға келтіре отырып, халқының төзімділігі мен жанкештілігіне сүйсінеді. «Қанша қиыншылық көрсе де абзалдығы мен

сабырлылығын, басқа халықтарға деген сыйлаушылығын сақтай білген халықты, қазіргідей қиыр-шиыр тарихи сын кезеңде өзім ажырамас бөлшегіне айналып отырған асыл жұртымды, ХХІ ғасыр табалдырығынан аттап, өз талайын тағы бір сынап көрейін деп отырған тәуекелшіл ұлтымды қалай мақтаныш етпейін. Қалайша бас имеспін!» [89, б. 258] – деп, ақ адал пейілін, перзенттік махаббатымен бөліседі.

Қалам ұстап әдебиетке тырнақтай болса да үлесімді қосамын деген қаламгерлердің көпшілігі ұлтжанды болып келеді. Өзіне дейінгі мол рухани қазынамызды бойына сіңірген қаламгерлер тарихқа дендеп еніп, әріден қаузап жатқаны да анық. Тәуелсіздік алғаннан бастап бұрын тоталитарлық жүйенің қыспағында бұлқынған тарихи еңбектер кеңінен жазыла бастады. Хандарымыз бен батырларымызды, ұлт ардақтыларын қайта тірілтті. Тағы бір ескеретін жайт тәуелсіздік, руханият тақырыбында да көптеген шығармалар жарық көрді. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түгелдей қаузап, толық қамтып жазды деп шорт кесіп айтпасақ та, әр қаламгер өз көркемдігімен, өзінің идеялық ерекшеліктерімен жазуға тырысуда.

Тәуелсіздік алған шақтағы оқиғаларды көркем суретпен жеткізуде мемуарлық шығармалар мен естеліктердің де алатын орны ерекше. Солардың бірі – Н.Назарбаевтің «Ғасырлар тоғысында» еңбегі. Қаншама жылдар бойы отаршылдықта болған қазақ халқы үшін тәуелсіздік алған шақта мемлекетіміздің өзге елдермен саяси қарым-қатынас орнату жолында жасаған қадамдары кімге де болса қызық екендігі айқын. Еңбекте елдің экономикасы, халықтың біртұтастығы жөнінде ашық сипатталып, ең бастысы мемлекеттің беріктігі, қорғаныстың мықтылығы алдыңғы қатарда болуы керек деген идеясы нақты көрініс алған.

Кеңес Одағы ыдырап, толық бір қалыпта айналып тұрған жүйенің тас-талқаны шыққанда әр мемлекет бәрін тыңнан бастағаны, бұл жолда Қазақстан Республикасы қандай шешімдер қабылдап, нендей келелі істер жасағаны туралы бүге-шігесіне дейін баяндалған. Н.Назарбаевтың өзінің басынан кешкен оқиғалар тұрғысынан ғана алып қарау, шығарманың аясын тарылту болмақ. Бір мемлекеттің тізгінін ұстаушы тұлғаның әр қадамы, әр шешімі сол елдің тағдырына тікелей қатысты. Сондықтан Елбасының шешім қабылдауда, келіссөз жүргізудегі әрбір толғанысы кейінен естелік болып хатқа түскенде көркемдік шешімнен гөрі реальды суреттеу негізгі орынға шығып отырады.

Президент мақсаты – халық және құндылық.

Н.Назарбаевтың Президенттік қызметінің соңғы жылдары ішкі саясатта елдің ұлттық кодын сақтауға баса назар аударды. Мәдениетіміз, әдебиетіміз және тілімізге ең қымбат жәдігер ретінде қарау халықтың ең басты міндеті деп тапса, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихымыз бен мәдениетімізді әлемдік деңгейде танытуды мақсат етті. Негізгі себеп Қазақстан Тәуелсіздігін алып, экономикасы тұрақтап, әлеуеттік жағдайы оңалғанға дейін ұлттық кодты насихаттау баяу дамыды. Н.Назарбаевтың сауатты саясаткерлігінің арқасында елдің жағдайы тұрақты деңгейге көтеріліп, жаһандану дәуіріне қадам бастық. Ақпарат алмасу максимальды деңгейге көтерілген әлемде «ұлттық кодқа» баса назар аударылмаса, болашақ ұрпақтың санасы

мәдениетімізді қабылдай алмауы мүмкін. Осы қатерді ескеріп, ұлттық болмысымызға баса назар аударатын уақыт келгендігін айтты. Осы арада саясаткердің халық арасындағы дискурста, халыққа қалай әсер еткенін мақаланы талдай отырып байқасақ.

Н.Назарбаевтың бұдан бұрынғы баяндамаларының көбі нарративтік дискурсқа жақын болса, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы нарративтік дискурстың элементтерінен қарағанда аргументтік дискурсқа жақын. Мақалада елдің жалпы құндылықтары нақты дәлелмен айқын жеткізілген.

Кез келген елді, даму тарихын географиялық аймағынан бөліп қарай алмаймыз. Белгілі бір жерге орныққан халықтың түп тамыры бұдан бірнеше ғасырлар бұрын сол аймақта өмір сүрген ұлыспен тікелей байланысты. Яғни Қазақстан мемлекетінің тарихы мен мәдениеті әріде жатқандығын әлемге еркін айтуға құқылымыз. Осы мақсатты Н.Назарбаев: «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысына жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында үйретілгенін дәлелдеді» [94, б. 24] – деп, «Ботай» қонысын нақты мысалға ала отырып, оның энеолит дәуіріне тиесілі екендігі, біздің мәдениетіміз б.з.б XXIV-XXII ғасырдың өзінде біраз дәрежеге жетіп, жылқыны қолға үйретудің арқасында ұлан ғайыр күшке ие болғандығын атап өтеді.

Атқа міну мәдениеті салт аттыларға ыңғайлы киім кию үлгісін туғызып, кәнігі шалбардың алғашқы үлгісінің де қазақ топырағында пайда болғандығына тоқталады. Киім кию мәдениеті салт-дәстүріміздің тұтқасы болғандықтан, Кеңестік езгінің салдарынан ұмыт болуға шақ қалған киім үлгісін қайта тірілтуді, өз мәдениетімізбен мақтана отырып жаңғырту керектігін көрсетті [95, б. 883-884].

Н.Назарбаевтың халықпен болған дискурсындағы тағы бір өзекті ой – «Тарихи сананың жаңғыруы». Жоғарыда айтқан «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде қол жеткізген құндылықтарды дамытып, әлемдік мұрағаттардан ұлттық жәдігерлерімізді жинау тапсырылып отыр. «Кеңестік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл уақиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңестік тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» [94]. Бұл жай «әдемі афоризм емес» екендігіне жеке тоқталған. Демек, барлық ақпарат құралдарында көрсетіліп жүрген Қазақстан туралы мәліметтерді жаңартатын уақыттың жеткендігін, ғалымдар, соның ішінде негізгі міндет тарихшылар мен әдебиетшілерге, мәдениеттанушыларға жүктеледі.

1. Әдебиетшілерге жүктелетін негізгі талап. Кеңес Одағының тұсында цензурадан аса алмай, әдеби авторларымыз тарихи романдарына ұлттың басынан өткен оқиғаларын толыққанды сыйғызуға мүмкіндіктері болмады, бір ғана М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына қаншама қысымдар болғаны тарихтан белгілі, Абай образын ашу үшін Құнанбай бейнесін құрбан қылса, «халық жауы» деп құрбан болған Шәкәрім туралы айту да қиын еді. Міне, осы секілді қаншама романдарымызда автордың құқығы тапталды. Ертеден бастау алған ауыз әдебиетімізді жоққа шығаруға тырысты. Н.Назарбаевтың әдебиетшілер мен әдебиеттанушыларға әдебиетімізді қайта жаңғыртып, халықтың санасына сіңдіру үшін негізгі міндеттерін көрсетеді.

2. Тарихшыларымыздың мойындарына артылған жүк одан да ауыр. Қазақ халқын жоюды көздеген кеңестік империя, ең алдымен халықтың жоғын жоқтайтын ірі тұлғаларының көзін құртса, кейіннен тарихымызды қалауынша бұрмалады. Мақсат бір елді толықтай мәңгүрттендіруге тырысты. Алайда ұлтым деген тұлғалардың орасан еңбегінің арқасында ол мақсаттарына толық жете алмады. Тарихшыларға қойылған негізгі талап, бірінші – б.з.д. қазақтардың түп тамыры болған мәдениетті толыққанды зерттеп, оқулықтарды ретке келтіру. Екінші – сақтардан бастап тарихтың әр кезеңдерін рет-ретімен нақты фактілермен жазу. Қазақ хандығының құрылуын және бүгінгі Қазақстанға дейінгі тарихи сабақтастықты жүйелі жазу. Кеңес Одағынан көрген қысымды, сол уақытта болған аштық пен ұлтқа жасалған озбырлықты құжаттар бойынша дәлелдеу тарихшылардың алдына қойылған үлкен міндетке айналдырды.

3. Мәдениеттану саласына тиесілі ең үлкен міндет – мәдениетімізді қайта жаңғырту. «Бабалар мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына балап, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған» [94]. Н.Назарбаев бұл арада көне көшпенділер мәдениетін жаңғыртудан бастап, сатылай бүгінгі күнге жеткізуді міндеттейді.

Нақты айтқанда, Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» арқылы халықпен тікелей байланыс орнатты. Құндылықтарымызды қайта жаңғырту арқылы санаға әсер етті. Бұл еңбек жоғарыда аталған аргументтік дискурстың қажеттіліктерін толықтай қамти алды. Мақала жарыққа шыққан күннен бастап тез таралып, бүкіл халық хабардар болды. Тарихшы Қойшығара Салғараұлы «Президент мақаласында осы қалыптасқан қасаң тарихи сананы қайта жаңғырту қажеттігін қадап айтып, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын атап-атап көрсетіпті. Алдымызда енді соны науқанға айналдырмай, аса біліктілікпен, іскерлікпен ел игілігіне айналдыруымыз қажет. Тарихты қолдан жасауға болмайды. Бірақ бар тарихқа байыппен қарап, кезінде түрлі-түрлі себептермен орын алған кемшіліктерді ғылыми зерттеу елегінен өткізіп, екшеп отыру; жақсысынан үлгі-өнеге алып, жетілдіру; жаманынан безініп, алда оның қайталануына жол бермеу – бәрімізге ортақ міндет болмақ» [96] – деп пікір білдіріп, Н.Назарбаевтың ойына қолдау көрсететіндігін аңғартты. Мақалаға герменевтикалық талдаулар жүргізіліп, басшы мен халық арасында тығыз байланыс орнатылды. Мақала халық тарапынан қолдау тауып, жылы лебіз білдірілген пікірлердің саны күн санап көбеюде.

3.2 Саясаткердің сұраққа жауап беру тәсілдері және Н.Назарбаев еңбегіндегі идеологиялық дискурс

Кез келген саясаткер жан-жақты әлеуметтік білімді қамтитыны белгілі, ал саяси көшбасшының жөні мүлдем басқа. Саяси көшбасшы саясаттану, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, әдебиеттану т.б. ғылым салаларынан сауаты бар тұлға болуы шарт. Өзінің пікірін, ұстанымын, идеясын халыққа жеткізуде аталмыш ғылым салаларының барлығын тікелей және жанама қарым-қатынаста пайдаланатыны сөзсіз.

Саяси көшбасшы – ол коммуникативтік құбылыс, көшбасшы барлық әлеуметтік топтардың үддесінен шығуға тырысады және олармен қарым-қатынас жасауда әртүрлі сөйлеу мәнеріне енеді. Ол да саясаткердің шешендігіне байланысты. «Дискурсты сөйлеу тұрғысынан алып қарастырсақ та, сөйлеу ең алдымен ауызша формада жүзеге асырылатыны мәлім. Сол себепті сөйлеудің қайнар көзі, бұлағы шешендік сөздерде, шешендік өнерде жатыр деуге болады. Сөйлеу мәдениетінің озық үлгісі – шешендік өнер» [97, б. 16]. Демек, саясаткердің әрбір оқиғадан шығу тәсілінің тамырында шешендік жатыр.

Біздің дискурстық талдауымызға компраимистік тұжырымды ұсынушылардың ұстанымы сәйкес келеді. Саяси көшбасшы – бұл топтық құбылыс. Логикалық түрде алып қарасақ та жалғыз көшбасшы «өзі» тарапынан ғана әрекет етіп, ешбір қолдаушылармен байланыссыз болуы – ол, әлбетте, нонсенс. Лидердің негізгі күші, ықпал етуі – ол топтық қарым-қатынастың жемісі. Яғни бұл – асимметриялық қатынас. Көшбасшы мен аудитория арасындағы тығыз байланыс, топқа әсер ету дискурсы нәтижесінде топ өздеріне осындай көшбасшы қажет екендігін көрсетіп, негізгі шешімді анықтауға жол ашады.

Ендігі мақсатымыз – дискурстық талдау арқылы Н.Назарбаевтың дискурс-портретінің құрылымын зерттеу. Әуелі дискурс-портретті айқындауда Н.Назарбаевтың бүкіл саяси өміріндегі айтқан сөздері мен жасаған баяндамаларын жинақтау мақсат емес. Негізгі мақсат жағдайды, оқиғаны зерттеу болмақ. Саяси аренада өзінің беделін, тұлғасын қалыптастыруда қолданған сөйлеу мәнерін ғылыми көзқараста бағалау. Шындық сегментін әр қырынан зерттеп, негізгі ойдың ұшығын теориялық әдіс арқылы ашу – негізгі міндетіміз.

Талдауымызда негізгі зерттеу нысаны ретінде жарық көрген баспа мәтіндерді пайдаланамыз. Негізгі материалдар сұхбаттар, мақсатты баяндамалар мен бұқаралық аудитория алдында айтылған мәтіндер. «Көркем шығармашылықтың табиғатына келер болсақ дискурс диалог арқылы іске асады немесе диалогтық модельді қолдану арқылы дискурс әлеуметтік айналымға түседі. Олардың қолданылу мәнеріне қарай саясаткердің ерекшелігіне назар аударамыз» [98, б. 13] деген пікірдің негізінде сұхбаттарға кеңірек тоқталамыз.

Лидер мен топ арасындағы байланысқа назар аударып, байланыс тәсілдері арқылы лидердің характерін анықтауға да болады. Оған төміндегідей жанрлар арқылы еруге болады.

1. Сұхбат – сұхбаттасу бұл тар шеңберде пікір алмасу. Белгілі бір оқиғаға байланысты немесе кез келген жағдайда журналистпен жүздесу. Бұл арада сұхбат оқырмандар мен көрермендердің көп аудиториясына бағытталғандықтан, саясаткердің қарым-қатынас жағдайындағы образын анық көруге мүмкіндік береді.

2. Мақсатты немесе жаппай аудиторияға сөйлеу – бұл бірлікті көрсететін байланыс түрі. Бұл арада лидер көпшілікке өзін қабылдата білуі керек, тыңдарман оның лидер екеніне сеніп, оның айтқан ұсыныстарын бір ауыздан мақұлдауы қажет. Бұл тәсіл арқылы лидердің шешендігіне мән беріледі. Аудиторияға қалай әсер етеді, тыңдаушыларды қандай тәсілмен ұстап отыра алады, өз тұжырымын дәлелдеуде нендей әрекеттер жасайтынын тікелей көруге мүмкіндік туғызады.

3. Саясаттың аналитикалық мәтіні – бұл жерде лидердің азаматтық позициясын және қордаланған мәселелерді шешудегі қарым-қабілетін, проблеманың мәнін түсінуін, оның әртүрлі шешімдерін табуын және аудиторияға түсінік беруін көрсетеді.

4. Саяси бағдарлама бұл ресми құжат болып саналады. Бұл арада саясаткердің қандай аудиторияға баяндама жасайтынын, ол қандай топтарды қамтитыны қарастырылады. Саяси бағдарламадағы материалда ең алдымен ұсыныстарды, проблемаларды және оны шешу жолдарын қарастырады.

Баяндамашы немесе сұхбат беруші кез келген адам, саясаткер болсын, қарапайым адам болсын дайындықпен баратыны анық. Осыған сәйкес профессор А.Темірболат көпшілік алдында сөйлеуге дайындық кезінде баяндамашыға қажетті негізгі бес қағиданы ұсынады.

1. мәтінді анықтау және тұжырымдау.
2. хабарламаның мақсатын анықтау.
3. хабарлама үшін материалды таңдау.
4. материалдарды зерттеу және жүйелеу.
5. сөйлеу жоспарын құру [99, с. 95-99].

Н.Назарбаевтың сұхбаттарында тікелей болмаса да мағыналық тұрғыдан осы қағида сақталған.

Саяси мәтінді талдауда ескеретін тағы бір жайт – саясаткердің жұрт алдындағы беделі. Өзі бұған дейінгі жүріп өткен жолы, атқарған қызметі, қол жеткізген биіктері – барлығы саясаткердің аудиторияны игеруіне септігін тигізеді. Қарапайым ғана мысал, сұхбаттасуға барған журналистің өзі қарсы алдындағы адамның қызметіне қарай сұрағын редакциялайды. Сонымен қатар дәрежесіне қарай тұлғаның мыса да сұрақ қоюшы адамға әсер етпей қоймайды.

Саясаткердің журналистпен сұхбаты.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, жуырда Алматыда сіз Қазақстанда ұлт саясатының жаңа біртұтас бағдарламасы әзірленіп жатыр дедіңіз...

Н.Назарбаев: – Өзіңіз қалай ойлайсыз, адам ардақ тұтатын нәрселер болуға тиіс пе? Ардақ тұтатын нәрселер мемлекетте де болуға тиіс, жастарды соларға тәрбиелеу қажет. Қазақстандағы бірінші номерлі мәселе – көп ұлтты халықты топтастыру. [88, б. 34].

Бұл арада сұраққа сұрақ қою арқылы жауап беріп, Н.Назарбаев сұрақ қоюшыны өз пікірімен санастырады (адам ардақ тұтатын нәрселер болуға тиіс пе?), сол арқылы ол әңгімеде өзін ілесуші емес, жетекші екендігін көрсетеді. Көтеріліп отырған тақырыптың аясын кеңейтіп және шешімін де өзі ұсынады.

Саясаткердің жалпы аудиторияға баяндамасы.

Н.Назарбаев: Біз ғасырлар бойы әлемдік өркениеттердің тоғысқан жерінде өмір сүрген әулеттердің ұрпақтарымыз. Ұлы Дала қашан да әртүрлі мәдениеттер, тілдер, әскерлер, діндер, тауарлар және идеялар тоғысқан қиылыста тұрды. Мыңдаған жылдар бойы Дала халықтардың генераторы болды. Ал ХХІ ғасырда ол ерекше сападағы адамның генераторына, жаңа идеялардың генераторына айналуы тиіс. Біздің табиғатымызға біткен далалық ойлау машықтары, ғаламдық трендтер икемділік пен жүйелілікті барынша толық бейнелеп көрсетеді. Көшпелілер қашанда икемделгіш болған және бір қарағанда, ешбір ақылға сыймайтын бір қасиеттері, олардың барлық іс әрекеттері қашанда табиғаттың белгілі бір қайталанбас кезеңіне және қоғамдық өзара қатынастың принциптеріне сәйкес келетін [87, б. 366].

Бір қарағанда Н.Назарбаев көшпелі кезеңді айту арқылы тарихқа шолу жасап отырғандай көрінеді. Бүкіл мәдениеттің тоғысқан тұсында тұрғандығын айту арқылы (Ұлы Дала қашан да әртүрлі мәдениеттер, тілдер, әскерлер, діндер, тауарлар және идеялар тоғысқан қиылыста тұрды) сөзін бағыттап отырған ортаның рухын көтеруге, патриоттық сезімін тудыруға әсер етеді. Өткен уақытты сипаттау арқылы бүгінгі күннің мақсаттарын алдыға тартады (жаңа идеялардың генераторына айналуы тиіс). Мақсатты айқындай отырып оны орындауда тыңдарманның (оқырманның) сенімін арттыруға тырысады (көшпелілер қашанда икемделгіш болған). Бұл арада адресанттың негізгі мақсаты – аудиторияны өзіне қаратып қана қоймай, ойын дәлелді түрде жеткізіп, адресатты иландыра білу [100].

Саясаткердің саяси анализ жасауы.

Өткенге барлау жасап, болашаққа нақты мақсаттарын айқындауда Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті жолдауына тоқталсақ:

– Енді ахуалды терең таразылау, дамудың әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыздың қалыптасу дәрежесін үздік әлемдік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің бекем және босаң тұстарымызды салиқалы тұрғыдан талдап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызға талдау жасаудың маңызы бұдан бірде кем емес. [88, б. 12].

Білім-білігіне қарай Н.Назарбаев жүктелген міндеттерге объективтік және субъективтік көзқараста барлау жасайды. Халықтың мақсат-міндеттерін түсіндіре отырып, экономикалық өсудің жолдарын көрсетеді. Н.Назарбаевтың саяси анализінде елдің бірыңғай өркениет жолын ғана емес, кемшін дамыған жақтарын да айқын көрсетеді. Елдің сеніміне ие болу – лидерліктің ең негізгі кілті. Осы тұрғыда халықтың хал-күйімен санаса отырып, айқын да нақты бастамаларды ұсынады. Халықтың жағдайын толық сезініп, ой сүзгісінен өткізіп жауап беру мен жүрдім-бардым берілген жауапты бірден аңғаруға болады. Екі жауаптың арасындағы тілдік көркемдік пен ой өзектілігі де жер

мен көктей. «Шешендік сөздердің нақты өмір деректеріне құралатындығы, дидактикалық сарын мен публицистикалық сипаттың өміршеңдігіне көп мысалдар келтіруге болады» [101, б. 105] деген пікірмен толықтай келісе отырып, адалдық принципін сақтап айтқан әр жауап өміршең болатынына көз жеткіземіз.

Жалпы жоғарыда аталған салыстырмалы талдауларды қортындылай келе, топпен қарым-қатынас жасау дискурсы әлі де болса терең зерттеулерді қажет етеді. Саясаттану, философия, лингвистика, әдебиеттану т.б. ғылым салаларында дискурстық талдаулар осындай мәселелердің шешіміне жол ашады деп сенеміз.

Саясаткердің сұрақтарға жауап беру тәсілдері

Н.Назарбаевтың шығармаларына дискурстық талдауды тереңірек жүргізу үшін «саясаткердің сұрақтарға жауап беру тәсілдерін» де пайдаланғанды жөн санадық. Саясаттануда терең зерттелген бұл тәсіл дискурс аясында да өзіндік мәнге ие. Саясаткердің сұрақ-жауап барысында барлық сұрақтарға толықтай жауап бермейтіні бәрімізге белгілі. Алайда соған жауап беру барысында саясаткерлерге тән тәсілдерге жеке тоқталамыз.

Көшбасшы журналистпен немесе белгілі бір аудиториямен байланыс жасаған уақытта лидердің сұрақ-жауап алмасу барысындағы жауап беру әдістері де дискурста жеке қаралады. Сұраққа жауап беру әдістерін Лу Тинтин «Стратегия уклонения в политическом интервью» атты мақаласында сегіз түрін қарастырады.

1. Саясаткердің кейбір сұрақтарға назар аудармауы.

2. Саясаткер көтерілген мәселенің маңыздылығын мойындайды, бірақ сұраққа жауап бермейді.

3. Саясаткер келесі себептерге байланысты мәселенің орынсыз екенін дәлелдейді:

- сұрақ мәселенің мәнін қозғамайды;
- сұрақ жалған мәліметке негізделген.

4. Саясаткер белгілі себепке байланысты жауап беруден бас тартады:

- оған жауап беруге әлеуеті жетпеу;
- басқа біреу үшін жауап бере алмау;
- сұрақтың уақытылы болмауы (жауапты болашақтың еншісіне қалдыру);
- тиісті саладағы заңдарды немесе басқа мәліметтерді білмеу.

5. Саясаткер өзінің саяси қызметіне назар аударады:

- саясатты ұсынады;
- саясатты ақтайды;
- саяси талдауды жүзеге асырады;
- өзін-өзі ақтаумен айналысады.

6. Саясаткер сұрақтарға толық жауап бермейді, мысалы, ішінара, мәселенің кейбір аспектілерін ғана қамтиды.

7. Саясаткер алдыңғы сұрақтың жауабын қайталайды.

8. Саясаткер сұхбат беруші алдыңғы жауапты дұрыс түсінбегенін алға тартады [102, с. 60].

Саясаткердің сұхбаттарын қарастыра отырып, жоғарыда келтірген сегіз тәсілден бөлек сұрақтарға қарсы сұрақ қою арқылы жауап беру тәсілін де ұсынамыз. Осыларды негізге ала отырып, Н.Назарбаевтың сұхбаттарына тоқталып, әр тәсілге бірнеше мысалдар ала отырып, салыстырмалы талдау жасап көрсек.

Кейбір сұрақтарға назар аудармау тәсілі.

Журналист немесе белгілі бір сұрақ қоюшы бірнеше сұрақтарды қатар қойса, саясаткер сол сұрақтардың ішінен ең жеңіліне жауап бере отырып, күрделі сұрақтардан айналып өтеді. Мысалы, Н.Назарбаевтың 1996 жылы «Труд» газетіне берген сұхбатына тоқталсақ:

Журналист: – Сіздің «Ғасырлар тоғысында» деген кітабыңызда «Дүниені өзгерту үшін біз өзімізді өзгертуге тиіспіз» деген сөздерді оқыдым. Айтыңызшы, президент болған соңғы жылдары сіз қатты өзгердіңіз бе? Қай тұрғыдан өзгердіңіз? Ол өзгерістер сізді қуантады ма, әлде кейде ренжітеді ме?

Н.Назарбаев: – Өзгергенім рас. Бірақ қатты ма, жоқ па – қазысы мен емес. Жалпы өзің туралы айту қиын, ал өзіңнің өзгергенің туралы айту одан да қиын. [103, б. 241].

Байқағанымыздай журналист Н.Назарбаевтың «Дүниені өзгертуіміз үшін біз өзіміз өзгеруіміз керек» деген пікірінің негізінде үш түрлі сұрақ қояды. Н.Назарбаев осы сұрақтардың тек біріншісін ғана назарға алып қалған, басқа екі сұрақты елеусіз қалдырады. Аңғаратын тағы бір мәселе сұхбат беруші кері әрекетке түспеу үшін, сұрақты қайталап қоймауы үшін сөзінің аяғын қорытындылап «...өзіңнің өзгерісің туралы айту одан да қиын» дейді. Бір ауыз «қиын» сөзінің өзінен-ақ қалған екі сұрақ елеусіз қалады.

Саясаткер көтерілген мәселенің маңыздылығын мойындайды, бірақ сұраққа жауап бермейді.

Сұрақ қоюшының көтеріп отырған мәселесімен толықтай келіседі және соның пікіріне құлақ асып, тұжырымының дұрыстығына, өзінің де сондай пікірде екендігіне т.с.с. пікірлерді ұштастырады. Бірақ сұраққа жауап бермейді.

Жерге қатысты дау, жерге қатысты пікір қай кезде де толастаған емес, өткен тарихқа көз жүгіртсек те, бүгінгі күнмен қарасақ та жер мәселесі негізгі орында тұрады. Көнеден қалған «жер дауына» қатысты заңдар да осының айғағы. Н.Назарбаевқа қойылған сұрақ та жер мәселесіне қатысты туындаған.

«Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының Сәкен Сейфуллин ауылының тұрғындары атынан сауал қойған Тұяқ Жанпейісов: «1991 жылы жекешелендіру кезінде үлес ала алмаған халықтың атынан мен 1993 жылы 23 сәуірде Алматыда шаруа қожалықтарының жетекшілерімен өткізген кеңесте сөз сөйлеген едім. Содан бері де осы мәселе шешілген жоқ. Халық ашаршылыққа ұшырауда. Құрметті Президент, ауыл, аудан ағаларынан толық жауап ала алмай, өзіңізге шағым айтуға мәжбүрміз».

«Жезқазған азаматы Жанпейісов Тұяқтың сұрағы – бұл бүгінгі таңда ауыл азаматтары тап болып, өкінішке орай, ауыл, аудан басшыларының сылбырлығынан, кей кезде жекешелендіру ісінің әліппесін түсінбегендіктен жол беріліп отырған кемшіліктер. Жер мәселесі «Жер туралы» заңда

шешілген. Егерде жергілікті басқару органдары сол заңды дұрыс орындамайтын болса, оған да нақты іс ретінде қарау керек. Маған шығым айтқан Жезқазған азаматының көтерген мәселесі жөнінде мен арнайы тапсырма бердім. Заң бойынша әр ауылда жұмыс істеген азаматқа, егер сол совхоз-колхоздың бұрынғы мүшесі болса, оның істеген еңбек өтіліне қарай, сіңірген еңбегіне қарай жер бөлінуге тиіс. Сондай-ақ сол шаруашылыққа тиесілі дүние-мүлікте де әр шаруа адамының үлесі бар. Сондықтан колхоз-совхозда жұмыс істеген азаматтардың өз үлесімді ала алмай қалдым дегені жөн емес» [104, б. 215] – деп жауап береді.

Сұрақ пен жауапты қатар алып қарайтын болсақ Жанпейіс Тұяқовтың көтеріп отырған мәселесі де «Жер заңына» қатысты, ауыл, аудан атқамінерлерінен ешбір оңтайлы жауап болмағаннан кейін Н.Назарбаевқа жүгінуге мәжбүрлеп отырғаны да заңды жетік біліп, толық талаптарының орындалмауына байланысты. Н.Назарбаев Тұяқовтың пікірімен келісіп, негізгі заңның орындалуы тиіс екендігін мақұлдаумен тиянақтайды. Яғни сұрақ қоюшының пікіріне ілеспе жауап береді.

Саясаткер белгілі себепке байланысты жауап беруден бас тартады.

Жоғарыда бұның 4 негізгі тармағын атаған болатынбыз. Яғни саясаткер белгілі бір аргументтерді пайдалана отырып сұраққа жауап беруден бас тартады немесе ондай сұраққа жауап беруге мүмкіндігі жоқ екендігін айтуға мәжбүр болады.

1997 жылы Н.Назарбаев «Егемен Қазақстанның» бас редакторы У.Қалижановқа сұхбат берген. «Елімнің ертеңіне нық сенемін» атты сұхбатта ел ішінде туындаған көптеген сұрақтар қарастырылады және тұшымды жауап ала біледі. Сондай сұхбат барысында У.Қалижанов:

«– Рас, Қазақстан валютасының, жалпы республикадағы валюта нарығының жағдайы жаман емес. Не нәрсе де салыстыру арқылы жақсы көрінеді. Алысқа бармай-ақ іргедегі Өзбекстан сумының ресми құны долларға шаққанда 51 сум болса, қолдағы нарық 135 сумға жеткен («Файнэншл Таймс» материалдары бойынша), ал енгізілгенде 1 доллар 2 манат болған түркімен валютасының құны 1 манат – 1 Ресей рубліне дейін құлдыраған (2500 есе). Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Бұл туралы айтарым біреу-ақ. Өзбек және түркімен халқы – қазақтармен ежелден төсекте басы, төскейде малы қосылған туысқан халықтар. Сондықтан мен оларға өз экономикасын реформалау ісінде тек табыс қана тілеймін. Ал дамудың қандай жолын таңдау – олардың ішкі ісі. Сондықтан бұл сұрақтарыңызды маған емес, аталған елдердің Президенттеріне қойғандарыңыз жөн деп білемін. Ал нарық жолына түстік десек, біздегі валюта саясаты әбден дұрыс деп санау керек» [105, б. 76]. Байқағанымыздай, өзге елдің ұстанған саясатына қатысты пікір білдірмес бұрын, ол елмен бұрыннан қандай қарым-қатынаста болғанын, бүгінде тығыз қарым-қатынаста екендігін бірінші атап өту – саяси мәнерде қалыптасқан дағды. Сөз ортасындағы «бұл сұрақтарыңды маған емес, аталған елдердің Президенттеріне қойғандарыңыз жөн» деген негізгі жауапты бірден айтқан жағдайда өзге елдің ұстанған саясатына, мемлекетіне өзгеше көзқарас туындаған пікірде болуы мүмкін еді.

Әккі саясаткер Н.Назарбаев осы жағын толық назарда ұстай отырып сұрақтан бас тартуда тігісін жатқызып кетеді.

Н.Назарбаев дискурстың белгілі себепке байланысты сұрақтан бас тарту тәсілінің ішінде біреу үшін жауап бере алмаймын әдісін пайдаланған. Өзге елдердің экономикалық шаруасына мен жауап бермеймін деген тұжырымды көреміз. Ал өз еліміздің ұстанған саясаты «әбден дұрыс деп санау керек» деген тұжырым жасайды.

Ақша мәселесіне қатысты сұрақтарға әр мемлекеттің Президенттері өздері жауап берсін деп, нақты себепке жүгінген Н.Назарбаев Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан диаспораға және өзге де мемлекеттердегі сол тақлеттес жағдайларға қатысты сұраққа да келте жауаптың куәсі боламыз.

«– Дегенмен де Нұрсұлтан Әбішұлы, жаңа Ресей мемлекетінің шекарасынан тыс қалған 25 миллион орыстың проблемасы бар ғой. Және ол экономикалықтан гөрі көп ретте саяси проблема болып табылады.

– Бірақ ол үшін Қазақстан Республикасының Президентінен сұрамау керек. Мен одақтың жаппай күйретілуін қалаған жоқпын» [106, б. 163]. Н.Назарбаевтың сұхбаттарын талдау барысында байқағанымыз орыс тілді басылымдардың не болмаса телеарна тілшілерінің сұрағы көбінде бір елдің мүддесіне қызмет атқарады. Журналист бейтарап болу керек деген қағида көбінде ескерілмейді. Бұл жолғы сұрақ та сондай. Кеңес өкіметінің құрамында болған қаншама ұлттарға ортақ жағдай. Ал тілшінің көтеріп отырғаны тек бір ұлтқа қатысты сауал. Н.Назарбаев тілшінің сұрағына көңілі толмағанын ашып айтпағанымен жауаптың емеурінінен сондай көңіл күйді аңғарамыз.

25 миллион орыс ұлтының проблемасы, біріншіден, тікелей Ресей Президентіне қатысты екендігін, екінші ондай мәселе барлық елдерде бар деген жауапты одақтың күйреуін мысал ету арқылы жеткізеді.

Саясаткердің белгілі себептерге байланысты жауап беруден бас тартуына қатысты екі түрлі мәтіннен мысал келтірдік. Бірінші мәтінде валюта мәселесі көтеріліп, оған қатысты Н.Назарбаев ол менің шаруам емес деп кесіп айтса, екінші мәселеде әр мемлекетте тұрақтап қалған диаспора мәселесіне нақты адрес көрсетпей, жауапты екі ұшты қалдырады. Себебі саясаткер ұлтаралық мәселеге қатысты кесіп-пішіп жауап бермей сақтықпен қадам жасайды.

Саясаткер келесі себептерге байланысты мәселенің орынсыз екенін дәлелдейді.

Жоғарыда бұл тәсілдің 2 тармағын атаған болатынбыз, көбінде бұндай тәсіл журналистің жалған мәліметке сүйеніп қойған сұрақтарында жиі орын алады.

Сұрақтың, көтеріп отырған мәселенің орынсыз екендігін дәлелдеуде, сіздікі қате, бұндай мәселе орын алған жоқ деген сыңайлы пікірлер ғана туындамайды. Яғни сұрақтың ауанына қарай жауап беруші тарапынан қарсы пікірі әр қилы орын алады. Мәселен, У.Қалижановпен болған сұхбатынан бұған нақты мысалдар табуға болады.

«– Кейінгі кезде Президент әкімшілігін күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар атқарылды. Үкімет аппараты таратылып, кеңсеге айналдырылды.

Мұның бәрі онсызда үлкен өкілеттілігі бар Президент Әкімшілігі үшін артықтау емес пе?

– Кадр алмасу – кез келген мемлекеттегі заңды құбылыс. Біз бір кездері Үкімет пен Президент аппаратын біріктірген едік. Соның нәтижесінде қағаз көбейді, жауапкершілік азайды. Кейін екеуінің ара-жігін ажыраттық. Осы тұста Президент жарлықтары мен өкімдерінің орындалуын қадағалау міндеті туындады. Президент әкімшілігі құрылымдары жетілдірілді. Ал Үкімет аппараттарына келсек, олар, сендер айтқандай, таратылған жоқ, кеңсе ыңғайында ықшамдалды. Біз қағаз көбейтумен ғана айналысатын шенеуніктерді азайттық» [107, б. 79] деген пікірінде әуелі Президенттік биліктің нақты атқаратын жұмыстарына тоқталады. Екі үлкен топ қатар жүрген жағдайда атқарылатын шаруаны бір-біріне сілтеп істің біту нәтижесі төмендейтіндігін, соны азайту мақсатында «қағаз көбейтумен» айналысатын шенеуніктердің санын қысқартқандығын мәлімдейді. Бұл тұрғыда Н.Назарбаев сұрақ жалған мәліметке негізделген деген дискурстық тәсілді пайдалана отырып өзінің пікірін дәлелдеп шығады.

Саяси дискурстың талдау тәсілдерінің қатарындағы осы бір тәсілге сәйкес келетін мысалдардың тағы бірі «Комсомольская правда» газетінде Е.Доцукпен болған сұхбатында көрініс алады.

«– Сом аймағының жойылуына байланысты Ресей-Қазақстан қарым-қатынастарын қалай дегенде де шиеленісе түсті деуге бола ма?

– Мен ондай қорытынды жасамаған болар едім. Біздің Ресеймен отын-энергетика кешені саласындағы өзара төлемдер жөніндегі келісім жасағанымыз туралы хабар бұған дейін жарияланды. Біздің ешқайсысымыз ешкімге ешнәрсе қарыз емеспіз. Келісімшарттағы міндеттемелерді қатаң сақтауға біз Ресеймен бірдей жағдайда мүдделіміз. Басқа да өзара шешімдер бар – әскери ынтымақтастық, бірлескен ғарыштық жобалар жөніндегі келісімдер әзірленуде. Виктор Степанович Черномырдиннің Қазақстанға сапары жемісті болды. Ал сом аймағы жөніндегі әңгіме ескіріп қалды, ол кешегі күннің мәселесі» [108, б. 70]. Аңғарғанымыздай, журналист пен жауап берушінің арасындағы қашықтықты әңгіме ауанына қарай болжай аламыз. Саясаткер сұрақ қоюшыны өзінің іші-бауырына кіріп, арғы-бергі мәселелерге толықтай жауап алуына мүмкіндік бермейді. Ол үшін сұраққа келіспеу, аталмыш сұрақтың өздеріне қатысы жоқтығын т.б. себептерге байланысты сұрақ қоюшыға тойтарыс жасап отырады.

Біз талдап отырған екі мысал саяси дискурстың бір тәсілдеріне негізделгенімен қолданылу аясы мен орындалуы екі түрлі өрбиді. Біріншісінде, сұрақ қоюшыға келіспеуі сұрақ қоюшының сұрағы жалған мәліметтерге негізделіп қойылғандығына байланысты болса, екінші мысалда қойылған сұрақтың көнергендігіне, аталмыш мәселенің бүгінгі таңда саяси мәні жойылғандығына негізделеді. «Сом аймағы жөніндегі әңгіме ескіріп қалды, ол кешегі күннің мәселесі» деуі осы тұжырымымыздың нақты дәлелі болмақ.

Саясаткер келесі себептерге байланысты мәселенің орынсыз екенін дәлелдейтін саяси дискурстық тәсілге келтірген екі мысалда да сұрақ қоюшыға

наразылық білдіре отырып ойын дәлелдей түседі. Сұрақта белгілі бір дәрежеде жалған ақпарат бар екендігіне тоқталып өтеді. Ендігі нысанаға алып отырған мысалымызда сұрақ қоюшыға ешқандай наразылық танытпай ойды қорытындылауы өзгеше сипат алады.

«– Іштегілер мен сырттағылардың, алыс-жақын тілеуқорларымыздың дені елімізде осы бір жарасымдылықтың жемісіндей саналар тұрақтылық пен тыныштықты Елбасы саясатының оң нәтижесі деп қабылдайтыны сондықтан болар?»

– Тек Елбасынікі деуге болмас... Еңбектің ең үлкені – қанша қиналса да, тұрмыс тауқыметі мен қысталаңын көрсе де тағдырының тізгінін, өзі сыйлаған, перзентіне сеніп тапсырып, соңыма ерген халқымдікі. Елім, халқым болмаса, мен кіммін?» [109, б. 149] деп, сұраққа келіспеуінің нақты себебін өзін халықтан төмен қоюмен түсіндіреді. Жеткен жетістік, алған биіктің барлығын ел болып бағындырдық. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» дегендей, көп болып қолдаған елімнің арқасында сындарлы сәттерден сүрінбей өттік деген ойдың ұшығы жатыр. «Елім, халқым болмаса мен кіммін?» деген қарсы мәнде айтылғанымен сұрақ қоюшының пікіріне қарсылық ретінде емес, өз ойының, пікірінің нақты болуы үшін қолданған сұраулы сөйлем.

Саясаткер өзінің саяси қызметіне назар аударады.

Бұл тәсілдің негізгі бес тармағы бар, сұрақтың күрделілігіне, маңыздылығына қарай саясаткер өзінің қызметін алға тартып отырады. Кейбір сұрақтардан қызметін пайдалана отырып жалтарып кететін кездер де орын алады.

«Мен Қазақстан мен Ресейдің болашақ қарым-қатынастарына зор сеніммен қараймын» деген «Независимая» газетінің бас редакторына берген сұхбатында Борис Ельцинмен ара-қатынасына қатысты сұраққа берген жауабында біз жоғарыда атаған тәсілде өз мансабын пайдалануды көрсетеді.

«– Сіздің Ресей Президенті Борис Ельцинмен өзара жақсы қарым-қатынастарыңыз бар екені белгілі. Сірә, оның науқас кезінде тұтас алғанда Ресей – Қазақстан қарым-қатынастары үшін күрделі жағдайлар туатын да болар. Сіз болашақта мемлекетаралық қарым-қатынастарымыз қандай болады деп болжайсыз, ешқандай субъективтік факторларға қарамай, шұғыл түрде шешуге тиісті міндеттер не деп білесіз?»

– Қазақстан мен Ресей арасында өзара тартылыс өрісі ежелден бар. Олай болса, біздің елдеріміздің арасындағы осы бір ізгі ниетті қарым-қатынастар, жалпы алғанда, қысқа мерзімде аяқталған операция мен одан кейінгі кезде Ельциннің денсаулығын қалпына келтіру кезеңінде ешқандай өзгеріске душар бола қоймайды деп ойлаймын. Операция қарсаңында ол, сөз арасында айта кетейін, менің хатымды алған болатын. Мен ол хатта оған ізгі тілегіммен қолдау білдіргенмін. Мен арамызда ыстық ықыласты қарым-қатынас орын алып келе жатқан Борис Николаевичтің неғұрлым тезірек жазылып кетуін тілеймін. Бірақ мұны Қазақстан мен Ресей Ельцин мен Назарбаев бір-бірімен «дос болғандықтан» ғана дос деген суырып салма нақыл сөз ғана емес, қайта, керісінше, біздерді бұрыннан бар достық дәнекерлері байланыстырады,

өйткені біздің елдеріміз өзара дос деп түсінген дұрыс» [104, б. 195] – деген пікірінде өзінің мансабын толық ашып көрсетпесе де екі ел басшыларының арасындағы достық, елдер арасындағы достықтың – бәрі бір-бірімен тығыз байланыстағы дүние екендігін аңғару қиындық тудырмайды.

Ертеден келе жатқан Қазақстан – Ресей қарым-қатынасының тығыздығы екі ел басшыларының да өзара достық қатынаста болуына септігін тигізгендігін атап өтеді. Демек, басшылар арасындағы қатынастың қандай дәрежеде өрбуі екі ел арасындағы достыққа белгілі дәрежеде әсер етеді.

Сұрақтарға қарсы сұрақ қою тәсілі.

Сұрақ қоюшының тұжырымына қарсы пікірде сұрақтар қояды немесе соған қатысты дамытушы сұрақтар қоя отырып мәселені көтереді және соңында қорытынды шешімді айтады.

Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті болған кезінде 1996 жылы 18 қарашада тікелей эфир арқылы «Президенттік телефон желі» бойынша Қазақстандықтармен болған сұхбатында тіл мәселесіне қатысты сұраққа қарсы сұрақ қою арқылы жауап береді.

«Кентау қаласынан Төреханов, Керімбеков, Андреев «Мемлекеттік тіл қашанғы қағаз жүзінде қала береді?» – деп сұраса, Алматылық Демесін Оспанбеков «Жоғары қызметтегі азаматтар Мемлекеттік тілде сөйлемейді, тілдің дамуына дұрыс көңіл бөлмейді. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі комитетінің төрағасы неге қазақ емес» деген сұрағына Н.Назарбаев берген жауабы.

Әуелі тілдің маңызы мен қадір қасиетіне тоқталған Елбасы 1985 жылдан 1996 жылдар аралығындағы қазақ тілін білушілердің статистикалық көрсеткіштеріне тоқталып, қазақ тілінің өсу процесі бар екендігін алға тартады. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің санының артқандығына тоқтала келе негізгі мәселеге көшеді. «Сонда, ағайын, бұл қалай болды? Біз тек қазақ тілінде сөйлейтін болсақ, халқымыздың жартысы біздің айтқанымызды естімей отырса несі жақсы? Әрине, сөйлеуге болады. Ешкім оған қарсы емес. Өзіміз алдымен қазақша сөйлесейікші. Балаларымызды, немерелерімізді қазақ мектебіне берейікші. Мынау Петропавл қаласының дәл ортасынан үлкен қазақ мектебі ашылды. Ұятымызға қарай, менің алған хабарыма қарағанда ата-аналарымыздың көпшілігі сол мектепке өз балаларын оқуға беруге ынта білдірмей отыр. Бұл өкінішті болса да ащы шындық. Сондықтан қазақ тілі дегенде ең алдымен өзіміз үлгі көрсетуіміз керек» [104, б. 212] – дей келіп қазақ тілінде жарық көретін газет-журналдарға жазылып қолдау білдіріп, тілдің өркениетіне үлес қосуға неге ұмтылмайсыңдар деп кері сауал қояды.

Кері сауал қою арқылы жауапкершілік тек бір адамның мойнында не болмаса билік өкілдерінің ғана атқаратын шаруасы емес екендігін нақтылай түседі. Тілдің дамуына әр қазақ баласы тырнақтай болса да үлесін қосуы тиіс екендігін, халық болып соған ұмтылмасақ құр айқайдан қуырдақ піспейтінін түсіндіреді. Мәселенің нақты шешіміне бір күнде қол жеткізу мүмкін еместігін және оған әр адамның үлесі бар екендігін атап көрсетеді. «Құр әншейін үйде отырып алып, қазақ тілі, қазақтың ұлты деп отыратын болсақ, ешкім бізге ешнәрсе әкеліп бермейді. Қазақ тілі мен мәдениеті ең бірінші өзімізге керек.

Басқаларға сіз бен біз өнеге көрсетейікші. Өз ана тіліміз – қазақ тілінде сөйлеп, балаларымызды осы тілде оқытып, тәрбиелесек кім қой деді. Сондықтан әр кемшіліктің ұшын өзімізден іздеуіміз керек» деп мәселенің шешімін қайда жатқанын аңғартады.

Тіл тағдырына қатысты мәселеден кейін орын алатын өзекті тақырыптың бірі – жер мәселесі. Жоғарыдағы талдауларымызда тәуелсіз елдің азаматтарына жерді бөліп беруге байланысты туындаған мәселеге қатысты Н.Назарбаевтың берген жауабын бір қырынан ашып беруге тырысқан болатынбыз. Ендігі талдауымызда жер мәселесі белгілі бір елдің азаматтарына ғана қатысты емес, мемлекеттер арасында туындаған ауқымы үлкен сұраққа қатысты болмақ.

Қазақстан мен Ресей арасында бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған, ішінара Ресей тарапынан шығатын бұрқ етпе қисынсыз, нақты ғылыми, тарихи дәлелсіз айтылған саясаткерлердің пікіріне қатысты Н.Назарбаев 1994 жылы жауап қатқан болатын. Осы мәселеге Елбасы нақты пікір айтқанымен де әлі күнге толастаған емес. 1994 жылы «Независимая» газетінде «Жоқты іздеп, әуре болмау керек» атты Виталий Портинковпен болған сұхбатында да жер мәселесіне қатысты ой қозғалады.

«– Қазіргі Қазақстандағы орыс тілді халықтың проблемалары жөнінде Ресейдің бұқаралық ақпарат құралдары өрістеткен науқанды – Ресей саяси ақсүйектерінің Қазақстанды шынайы мемлекет емес деп санауын теріс көрініс деп ойламайсыз ба? Қалай дегенмен, Қазақстан өз пікірі, өз бастамалары, өз өкілеттіліктері бар шынайы мемлекеттік құрылым қалыптасады деген сенім бола қойған жоқ. Ал мұның өзі нақты шындыққа айналғаннан кейін, бәлкім, ұлттық валютаны енгізгеннен кейін, бұған дейін ниеті дұрыс әріптестердің аздап ашуына тиген болар» [108, б. 286-287]. В.Портинковтың қойған сұрағынан жымысқылықты байқауға болады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуына сенім білдірмеген, ондай мемлекет болады деуге иланбаған саясаткерлердің пікірі деп алға тартып отырғаны да біржақты ғана мүддесіне қызмет етуші сұрақ екендігі анық. Екінші, Қазақстанның өз ақшасын айналымға шығаруы «ниеті дұрыс әріптестердің ашуына тиген болар» деп көлденеңінен тартуы. Бір мемлекеттің өз алдына дербес ел болып, нақты саяси жоспармен жұмыс жасауы, ашуын туғызуы «ниеті дұрыс» әріптестің сыңайын танытпасы анық. Осы мәселеге қатысты Н.Назарбаев өзінің ұстанымы мен қарсы сұрақ қою тәсілін пайдалана отырып жауап береді.

«– Мен Ресей қоғамында бәрі біркелкі деп ойламаймын. Түрлі саяси ағымдар, саяси күштер бар және өздері өкімет билігіне жету үшін ғана күресетін саясатшысымақ элементтер де бар. Қазақстан, Өзбекстан, Украина жайында үстемсіп сөйлеуі нағыз ұлтшылдық, шовинизмнің өзі болып шығады, бұдан фашизмге дейінгі жол да алыс емес. Мұның бәріне тарих өз бағасын берді, дегенмен мұндай сұрақ қойылғаннан кейін, Қазақстанда Түркі қағанаты Колумб Американы ашардан да бұрын болғанын айту керек. Енді бізге тарихты қазбалай берудің не қажеті бар? Одан да қазір жақсы, игі істерімізді еске алайық. Әлде Ресейге қазіргі аумағы аздық етіп отыр ма? Немесе жер жетпей ме? Ал сол жақтан шығып жатқан мұндай ашулы мінез көрсетулер, сол

жақтан шығып жатқан мұндай үстемсіп сөйлеулер қазақтардың, өзбектердің және Ресейдің өзінде тұрып жатқан 20 миллион түрік мұсылмандардың теріс көзқарасын тудырғаннан басқа ештеңе бермейді. Түптеп келгенде, бұл бір адамның – Назарбаевтың ғана мәселесі емес. Бүгін ол Президент, ертең басқа адам Президент болады, ал халық сол күйінде қалады» [108, б. 287]. В.Портниковтың сұрағына әуелі Ресейдің өз ахуалын, ішкі саяси жағдайын мысал ете отырып бастауы – пікір қайшылығына жасалған алғашқы шабуылы. Саясат сахнасында көрегенділігі мен шешім қабылдаудағы шапшаңдығы әрі дәлдігінің жемісі бүгінгі күнде көрініс алу үстінде. Портниковқа берген жауабында да осындай шешім қабылдаудағы шапшаңдығы байқалады. Тек Қазақстан емес, Өзбекстан, Украина секілді елдерге де осындай мінез көрсетуі Ресейдің шовинистік әрекет екендігіне екпін түсіре айтады. Ондай пиғылды елдің достық ниеті дұрыс еместігін ашып көрсетпесе де «фашизмге дейінгі жол да алыс емес» деуінен-ақ жаулық ниетті елдің бейнесін көрсетеді. Жоғарыда келтірген «ниеті дұрыс әріптестің» сұлбасы да жоқ екендігін, болашақта саяси байланыс орнату үшін бұндай пікірден ада мемлекетаралық байланыс орнау керектігін үндейді.

Н.Назарбаев Ресейдің ішкі ахуалы мен пиғылына баға бере келіп журналистке қарсы шабуыл сұрақтарына көшеді. Қазақ топырағында өмір сүрген Түркі тектес елдердің қаншама ғасырлық тарихы барына терең үңілмесе де «тарихты қазбалай берудің не қажеті бар?» деп тарихи еңбектерді парақтаған адамның ондай жаңсақ пікірге ұшырамайтынына, тіпті сауатсыздық екенін сөз астарына қалдырады. Мұндай пікірлер қазақ, өзбек азаматтарын ғана емес, түркі тектес елдердің бәрінің наразылығын тудыратынын атап өтеді. Қазақ танымындағы уақыттың өткінші екендігін, ұлттық таным тұрғысынан дискурсты таңбалық мәнде қарауда мәдени кодты пайдалана отырып жауап береді. Президенттің ауыспалы екендігін, ертең орнына жаңа Президент келетінін, бұл топырақта халық мәңгі жасайтынын айта келе халықтың пікірімен санаспауға ешкімнің құқы жоқ деп кесіп айтады. Бұндай жауап саясаткердің нақтылығын, ұлтжандылығын ашып береді. Қандай жағдай орын алмасын ұлттық құндылық бірінші орында тұру маңызды. Н.Назарбаев осы қағидаға берік сүйене отырып шешімдер қабылдайды.

Мәселені елемеу тәсілі.

Саясаткер сұрақ қоюшының сұрақтарына қанағаттанбаудан қысқа немесе ауыспалы мағынада жауап қайтарады. Бұған мысал ретінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездесуіндегі сұхбатына тоқталсақ:

С.Г.Тер-Минасова, шет тілдері факультетінің деканы: «– Тіл дегеніңіз – сол ұлттың бір байлығы. Менің айтпағым: келіңіз, біз шетел тілі ретінде, біздің теңдігіміз бен достығымыздың символы ретінде қазақ тілін енгізейік. Сіздер орыс тілін үйреніңіздер, ал біз шет тілдер факультетінде шетел тілін – қазақ тілін енгізу бағдарламасын ойластырып көруге дайынбыз.

Н.Назарбаев: – Қазақ тілін Қазақстанда оқыта берейік те» [87, б. 62].

Сұрақ қоюшымен келіспеу тәсілі.

Саясаткер сұрақтарға жауап беру барысында сұрақ қоюшының сұрағы айқын емес екендігін немесе дұрыс емес екендігін білдіріп, қарсы пікір айта отырып жауап береді. 1993 жылы «Известия» газетіне берген сұхбатынан мысал келтірсек:

Журналист: – Осының бәрі Назарбаевтың өзінің бұрынғы бастамаларының қиялы екенін немесе бері салғанда ертерек екенін мойындады деген сөз бе?

Н.Назарбаев: – Тіпті де олай емес. Бастан өткеннің қисыны мүмкін нәрсенің қисынын теріске шығармайды. Мен объективтік жағдайлардың пәрменімен жасалған таңдауға анық балама болғандығын және ең маңыздысы, мен әу бастан алдыма қойған мақсаттың дұрыс болғандығына және қайткенде де соған жететіндігімізге әлі күнге күмәнданбаймын... бірақ оған енді басқа, неғұрлым ұзақ та қымбат жолмен жетеміз [87, б. 62].

Алдыңғы берген жауабын қайталау тәсілі.

Бұл арада саясаткер сұрақтың мағыналық тұрғыдан одан бұрын берген жауаптарына үндесетінін ескертеді және алдында берген жауаптарын қайталау арқылы сұрақ қоюшыны қанағаттандырады. Бұл ретте Н.Назарбаевтың Қазақстан мен Ресей бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесуінде сөйлеген сөзіне тоқталсақ.

Ю.Совцов, «Труд» газеті бас редакторының бірінші орынбасары: – Белоруссияның Ресеймен бірігуі жанданып келеді. Осыған сіздің көзқарасыңызды білсем деп едім.

Н.Назарбаев: – Бұл тақырыпта айтқанмын, бірақ тағы да анықтап айта аламын: мен кез келген кірігуді, кез келген жақындасуды, кез келген қоғамдық достастықты, яғни одақты жақтаймын. Егер бұл пікір процесінде халықаралық құқықтар сақталса, теңдік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, өзара пайда және сенім сақталса, әрине [87, б. 317].

Жоғарыдағы талдауларда көрсетілгендей әртүрлі тактикаларды талдау барысында бір-біріне үндестікті байқауға болады. Дискурстық тәсілдердің қатары мол болғандықтан, сұхбаттасушының берген жауабындағы кейбір элементтер екінші бір тәсілдің аясында кездесуі ғылыми тұрғыдан қарағанда заңды дүние.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші бөлімінде дискурсқа берген анықтамада саяси дискурс пен поэтикалық дискурстың негізгі ережелері мен ортақ байланыстарын айтқан болатынбыз. Яғни поэтикалық дискурс саяси дискурсмен байланысқа түскен жағдайда көркемдік саясаттың тапсырмасына немесе мүддесіне жұмыс жасайды. Қоғамдағы түсіндіру жұмыстарына, пікір қалыптастыруда саясаттың ең сенімді құралдарының бірі – поэтикалық дискурс. Тарихи немесе мәдени ұғымдарды интерпретация жасауда да поэтикалық дискурс негізгі қызмет атқарады.

Саясаткердің өз тарапынан немесе көркем әдебиеттің негізгі өкілдерінің ішінен таңдап алынған субъектінің әрекеті арқылы әдебиет саясатқа тікелей байланысады. Ел арасындағы әдебиет саясатқа қатысты болмауы керек деген ұғым шығармашылық тұлға тарапына қатысты айтылған сөз. Ешқандай саяси тәуелділігі болмаған жазушы шынайы туындыны дүниеге келтіре алады. Ал

біз қарастырып отырған тақырыптың мәні бөлек. Біздің объектіміз тікелей саясатқа қатысты болғандықтан, Н.Назарбаевтың поэтикалық дискурсты саясатта қалай қолданатындығына баса назар аударамыз.

Саясаткердің аудиториямен тығыз байланыс орнату барысында саяси сұхбат, саяси дискурс, медиалық дискурс, поэтикалық дискурстың ортақ жұмысының нәтижесінде өрбиді. Өзге де дискурстың пәндік байланыстары кездесетіндігі анық, бірақ біздің негізгі зерттеуіміз әдебиеттануға қатысты болғандықтан, саясаткердің сұхбаты барысындағы поэтикалық дискурстың орын алуына назар аударамыз.

Н.Назарбаевтің 1994-1995 жылдары «Егемен Қазақстан» газетіне бас редактор Н.Оразалинмен болған сұхбатында поэтикалық дискурсты, әдебиеттің көркемдік құралдарын жиі ұшырата аламыз. Н.Оразалиннің

«– Дәл осы кезеңде АҚШ, Франция, тіпті Ресейге қарағанда Қазақстанның Президенті болу әлдеқайда қиын ба дерсің?» деген сауалына қызметінің қаншалықты ауырлығын, қай заманды алмасаң да қазақтың басына түскен ауыртпалық ешқашан оңай шешілмегендігін тарихи тұрғыда Тәуке хан мен Абылай хан заманын мысал ретінде келтіріп сипаттаса, оның ауырлығын жыраулар поэзиясы арқылы жеткізеді.

«Былай барсаң, Қоқан бар,
Салмақ салып қоқандар,
Былай барсаң, Қалмақ бар,
Күшінді еппен алмақ бар,
Былай барсаң, Қытай бар,
Жапырағынды бұтай бар,
Былай барсаң, орыс бар,

Бала берсең, қоныс бар...» [110, б. 47] – деген жыр жолдарын қолдану арқылы сөзін бір сыдыртқы жалпылама баяндау, түсіндіру әрекетінен қаша білді. Жұмыр жазылған жыр Н.Назарбаевтың сөздеріне әдеби нәр себе отырып, оқырманға жағымды әсер туғызары анық. Саясат сахнасында поэтикалық дискурстарды орнымен пайдалану саясаткерге әрдайым оң нәтиже беретінін Назарбаев жақсы меңгергендігін өзге де сол тақлеттес мысалдардан көруге болады. Жыраулар поэзиясындағы дискурсты баяндаушы, жеткізуші, яғни нарратор ретінде қызмет атқарушы Н.Назарбаев бұл әрекетке бейсаналы түрде барып отыр. Сұрақ қоюшының сұрағына жауап беруде қолданысқа енген дискурсты айту арқылы өзінің нарраторлық қызмет атқарушы екендігін мүлдем ойламады деп айта аламыз. Бұл әрекет әрдайым бейсаналы түрде жүріп отырады.

Көркем әдебиеттің ең басты қағидаларының бірі образды ойлау, суретті баяндау болса. Әдебиеттегі троптарды кеңінен пайдалану Н.Назарбаевтың еңбектері мен сұхбаттарында жиі ұшырасады. «Сүйекке сіңген мінез, қайтейін. Ел үшін, елдің амандығы үшін кейде осы мінездің өзін аздап қырыңқырауға, жоныңқырауға тура келетін сәттер аз емес» [110, б. 46] – деген сөйлемдегі «Сүйекке сіңген мінездің» тамыры ұлттық танымда жатқандығын, әрісі фольклорға апаруымызға болады. Ал мінезді «қырыңқырау, жоныңқырау» кейіптеуге тікелей байланысты. Жансызға жан бітіре суреттеу

мен қатар көркемдік бейнелерге мысалды көптеп кездестіруге болады. Н.Оразалин мен Н.Назарбаевтың 1995 жылғы сұхбаты бас-аяғы он бетті құрайды, енді сол беттерде кезіккен көркемдегіш құралдарды теріп көрсек. «Екі құрлықты тел еміп өскен», «төртінші жылға аяқ басты», «айт-айтпа мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы», «жас мемлекеттің тұсауын кесіп», «Ай мен жұлдызы жарық елдер», «аузын айға білеген компаниялар», «уақыт шабысынан қалмасақ», «қазақ ұлтының иығына ауыр жүк артады», «Жетекшілік пен жауапкершіліктің нөқта-тізгіні», «томаға тұйықтық пен кенжеліктің құрсауынан құтылып», «есімнен екі елі шықпайтын ой-мұратым», «Тауымды биіктетер досым да, қиналған кезде ой-мұнымды тербетер сырласым да осы мақсат», «Менің табан тірерім, арқа сүйерім – сол елдің, халықтың үміті мен сенімі», «башпайының басын көзімен шұқыған ондай жасқаншақ кәсіпкерлерге жалынудан құдай сақтасын», «тіл ұшына ілігер бірінші мәселе», «өзгенің қолымен от көсеп», «Сын мұраты – қара қылды қажарып, шындықтың бетін ашу» секілді т.б. мысалдардың қатарын көптеп жинастыруға болады. Мұның барлығы Н.Назарбаевтың халықты соңына ілестіре білуде поэтикалық дискурсты кеңінен қолданатынын дәлелдей түседі.

Саясат сахнасында ұлттық кодқа тән тағы бір мысал нағашы мен жиенге қатысты. «Жігіттің жақсы болуы нағашыдан», «Жиенге қырық серкеш» т.б. көптеген ұлттық құндылыққа байланысты нағашы мен жиен арасындағы бірлікті көрсететін код бары белгілі. Қазіргі Қазақстан аумағына инвесторлық жасап жатқан кәсіпкерлердің тәуекеліне қатысты Н.Назарбаевтың: «Қазір Қазақстан өндірісіне өз капиталдарын қорықпай салып жатқан шетелдік инвесторлар баршылық. Сенбейтін болса, солар бізге неге келіп жатыр? Ешқайсысының бұл елде нағашы, жиендері жоқ» [110, б. 150] – деуі де тілдік таңбаның бір нормасы болмақ.

Ортақ әдеби тілдің нормаларын мысал етуіміздің негізгі себебі – уақыттың сұрыптауына сәйкес тілдің өзгеріске ұшырауына байланысты. Қазақ хандығы қалыптасқан уақыттан бастап қарағанның өзінде төл әдебиетіміз ауыздан-ауызға тарап, атадан балаға мирас болудың соңы ХХ ғасырдың орта ширегіне дейін жетті. Ең жаман дегені екі ауыз сөздің басын құрап айтатын қазақ даласында көркем сөйлеудің озық үлгілері қалыптасты. Бүгінгі таңда сөз арасына мақалдап, мәтелдеп, өлеңдетіп сөйлеу сол уақыттан қалған сарқыншақ. Заман өзгеріп, адамдар атқарған шаруасына, қоғамдағы рөліне қарай тілдік шеңбер пайда бола бастады. Әр әлеуметтік топтың белгілі бір сөйлесу тілі бір. Оған жас өлшемі мен әр буынға байланысты санамаласақ мектеп оқушыларының өзі төменгі және жоғарғы сыныптардың өз жаргондары, белгілі сөйлеудегі тілдік нормалары бар. Студенттердің, орта буындардың да әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері бары анық. Бұлардың барлығы қоғамның, уақыттың ырқына қарай өзгеріп отырады. Оны бөліп, әр топқа тән тілдік ерекшелік деп танығанымыз қоғамның бір бөлшегі болып айналымда жүретіні анық.

Әдеби тіл болсын, саясат тілі болсын, әлеуметтік топтарға тән тілдер болсын т.б. айналып келгенде барлығының илегені бір терінің пұшпағы. Әлем жайлы, күнделікті өмірдің құндылықтары әр ортада жеке қалыптасып дамиды.

Бір-бірімен байланысқа түсу арқылы ауқымын кеңейтеді. Кейбір құндылықтар ескіріп, орнына жаңасы келіп отырады. Тіл тасымалдаушы құрал қызметін атқарумен қатар ол да өзгеріске ұшырайды. Тіпті бір буынның сөзін екінші буын толық түсінбейтін, бір ортаның сөзін екінші орта толық түсінбейтін жағдайдың туындауы да осы өзгерістерге байланысты. Оларға жалпылама байланыс орнатып, түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы осында. Елдегі ең беделді тұлғаның бірі – Президент болғандықтан, ол жалпы халыққа ұғынықты сөйлеуге тырысуы керек. Көркем, әсем сөйлеу арқылы қоғамды тәрбиелеу ісімен де айналысады. Осыған байланысты жеке баяндамаларынан әдебиеттің көрнекті өкілдерінен келтірген мысалдарын да кестемен көрсеткен болатынбыз. Бұның барлығы лидерге тән қабілеттің қатарына жатады. Саясаткердің тілді қолдану аясы сұхбат барысында сұхбаттасушының да деңгейіне тікелей қатысты. Н.Назарбаевтың әдебиеттің шекпенінен шыққан тілшімен болған сұхбатын қарасақ көркемдігі мол кестелі сөздердің қатарын жиі ұшыратамыз. Ал экономист, саясаткерлермен болған сұхбатта көбінде саясат тілі басым болады. Бұл да белгілі бір ортаның әсеріне байланысты.

Кез келген саясаткердің міндетінің бірі – сөз арқылы сендіре білу. Сөз арқылы сендіру – шешендіктің негізгі қағидасы. Біз жоғарыда атаған көркем сөйлеудің тамыры шешендікте жатыр. Шешендік қазақ халқының тарихымен біте қайнасқан. Оның кең қанат жайып, қоғамдық сананың барлық салаларына тікелей қатысты бола бастауын ғалымдар билер дәуірімен байланыстырады. Шешендіктің негізгі міндеті – адам психологиясына әсер ете отырып, тыңдаушылардың сана-сезімін баурап алу. Дүние танымдарың кеңейтіп, өзгеше ойлауға, қиялына ерік беруге мүмкіндіктер туғызу. «Шешендік өнер – синкретті өнер. Шешендік өнерге тән синкреттілік – қазақ шешендік өнерінің де айрықша дара қасиеті» [111, б. 3]. Синкреттілік өнер ол саясаткерге тікелей қатысты. Саясаткер әртіс, философ, психолог, ғалым т.б. адамдардың рөлін атқара білуі шарт. Және бір ерекшелігі оны табан астында жүзеге асыра блуі керек. Соңына ерген жұртты ұйытып ертіп жүрудің негізгі тетігі. Т.Тебегенов шешендіктің негізгі қырларын баяндай келе: «психологиялық-философиялық және педагогикалық-эстетикалық ықпалдылығына байланысты шешендік сөздердің поэтикалық сипатында үш ерекшелік (кеңесу, билік шешімі және салтанатты толғаныс – монологы) қалыптасқан. Шешен қайраткерлердің қалың жұртшылық алдында сөйлеулерінің құрылымындағы үш бөлек (бастаусөз, баяндаусөз, қорытусөз-тұжырымсөз) тұрақты сақталған» [112, б. 7] – деп шешендіктің атқаратын қызметінің негізгі формасына назар аударады.

Шешендік өнердің поэтикалық сипатындағы үш ерекшеліктің бірі «билік шешімі» болса, саясаткер сол шешімді атқарушы мүше болмақ. Аристотель айтқандай, шешендік – сендіру, иландыру болса, бұл да саясаткерге қойылатын негізгі талап болмақ. Н.Назарбаевтың: «қазіргі Қазақстан үшін мәдениетке қатысты үлгінің қандайы қонымды, біздің ұлттық санамыздың арқауы неде, қазіргідей жедел құбылатын заманда «МЕН» дегізерлік ұлттық қасиеттерді қалай сақтап қалуға болады, міне, мұның – бәрі де нақтылы өмірмен беттескен саясаттың сұрақтары. Ал оның жауабы бүгінгі өмірмен ғана астасып жатқан жоқ, тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғиығымен

де тамырласып жатыр...» [113, б. 8] – деп ұлттық құндылыққа баса назар аударуы – ұлттық құндылық толық қалыптаспайынша, қазақи танымымыз дамып жетіспейінше ұлт ретінде ұшпаққа шығуымыз қиын. Құндылықты қайдан табамыз? «Тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғығынан» табатынымыз анық. Ол үшін ұлт жолында адал қызмет атқарған, арын жанынан жоғары қойған ұлыларымызды тануымыз керек. Солардың асыл мұраларын жадымызға түйіп, ұлттық сананы ояту керек.

Ұлттық сана көзге көріне бермейтін қасиеттерімізбен сабақтас. Ол әдетіміз, ол мәдениетіміз, салтымыз. Олардың әрқайсысының өз орны, жүйесі бар. Өз еркіндігімізге тұсау түсе бастаған шақтан-ақ қазақ даласына келген әкімшілдік реформа үлкенге құрметтің дінгегін босатты. Ақсақалдың аузына қараған ауылдың балалары сақалына жармасатындай хәлге жеткізді. Адамгершілік ұғым әдіре қала бастады. Қаншама қаймақтардың құрбан болуы да осының салдары.

Түрмесі жоқ, жетімдер мен қарттар үйі жоқ қазақ даласын адам танымастай өзгеріске ұшыратты. Мәдениеттің ең жоғарғы шыңы адамгершіліктің тас-талқанын шығарды. Адамгершілігі жоқ қоғам анасы мен әкесін далаға, баласын далаға тастады. Жүрегі бүлк етпестен қылмысқа барып, шімірікпестен өтірік айтуды үйренді. Мұның барлығы құндылық жүйесінің сетінеуінен. XIX ғасырда «Пайда ойлама, ар ойла» деп Абай бекер ашынбады. Мәдениет өрмегінің арқауы суырылып, сетіней бастауына қарап үнсіз отыра алмаған Абай ізін Алаш арыстары жалғастырды.

Тәуелсіздік алып ел етек-жеңін жинай бастаған шақта ұлттық құндылықтарымызды түгендеп, бірлігімізді бекемдеу негізгі орынға шықты. Мойнындағы қамытын алып, өз алдына дербес ел болғанына іштарлықпен қарайтын көлденең көк аттылар аз емес. Солардың қаңқу сөзі мен жаңсақ пікіріне қатысты ғалымдар мен саясаткерлер көптеген тұжырымдар айтты.

Н.Назарбаев қазақ халқының ерекшеліктері мен ұлт ретінде мақтанып айта алатын артықшылықтарын «Тарих толқынында» атап өткен. Оларды санамалап қарасақ:

1. Қазақ этносы ғасырлар бойы қалыптасқан. Ол осы жерге әлдеқалай отаршылдық немесе басқыншылық жолмен келмеген. Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, одан ары Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен де жалғасып жатыр.

2. Қазақ әдебиеті мен музыкасы, фольклоры мен сұңғаты (живопись) бірде ғажайып поэзиялық дәстүр түрінде, енді бірде әуен сазы келіскен музыкалық нысана түрінде, тіпті кейде этнологиялық тегеурінді серпіліспен ұлттық сананы сергітіп қана қоймаған, сонымен бірге мән-мазмұнын да кеңейтіп отырған.

3. Қазақтар ұзақ жылдар бойы не діни, не этикалық біртектестігінен айныған емес.

4. Қазақ халқының тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін

бұрынғы қазақтардың санасындағыдай жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды [113].

Қазақ деген кім, қандай ұлт дегенге көрсетуге тұрарлық бұндай қысқаша анықтама беруді шешендікке жатқызуға бола ма? Саясаткердің тілін тарих, немесе әдебиетке қатысы жоқ деп оқшау қою негізсіз.

Қазақ даласында ықылым заманнан бастап Түркі тектес елдердің кіндігі байланған негізгі тұрақ екендігі бүгінгі ғылымда терең зерттеліп, айқын айтылып жүр. Сол қасиетті орданы иемденіп қалған қазақ жұртшылығы «қарашаңырақта» қалған кенже бала секілді Түркі мәдениетінің шаңырағын мығым ұстап тұрғанын бірінші анықтамасынан аңғаруға болады.

«Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деп Г.Потанин айтқандай өлеңмен сөйлеу тек ақын-жыраулардың ғана еншісінде емес, еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін мәйекті сөйлей білген. Ғасырдан-ғасырға көшкен руханиятымыздың дінгегі хатта емес, халық аузында сақталғандығы – бірден-бір ерекшелігіміз. Ел арасындағы кейбір тұлғалар энциклопедиялық деңгейде болған. Шежірені жатқа тарқату, жырларды тоқтамай ай бойы жырлау – осының айғағы. Өзге елдердің заң аясында шешетін істерін бір ауыз сөзбен шешуі екінші анықтамасына сәйкес келеді. «Қазақтың әдеби тіліндегі демократизмнің де, қорғасындай салмақты болатындығының сыр-себебі осында. Кәсіби салалардың қасаң заңына бейімделе бермейтін қазақ тілінің синкреттілігін де осы тұрғыда пайымдауға болады» [113, б. 24].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының деректерінде Түркілердің дінге бетбұрысы, қазақтың тарихы туралы тың дүниелер бар. Соны негізге ала отырып қарағанда қазақ даласында VIII ғасырдан бастап тек бір діни мәдениет орнықты түрде дамығанын байқауға болады. Н.Назарбаевтың «не діни, не этикалық бір тектелігіненен айныған емес» деуінің де мәні осында.

Тарихты жатқа білуінің негізгі себебі көшпелі халық үшін ауыздан-ауызға тараған аңыз, әпсаналармен қатар, атадан балаға мәдени жалғастық арқылы жетіп отырған. Жеті атасын біліп, тегін мақтан тұту, тегіне қарап қыз алу – бәрі тарихпен тікелей сабақтасқан дүние. Күнделікті тіршілігі өмір кешкен жерінің тарихымен тікелей байланысты. Топырағын түртсең тарих шығатын қазақ даласының көпшілігі ел тарихынан хабардар бола білді. Н.Назарбаевтың тарихты жақсы білді деуінің негізі осында жатыр.

«Міне, ұлттық сананың осы сияқты көзге көріне бермейтін қасиеттерінен басқа, қазақ қоғамында ұлттың жадын сабақтастыратын тетіктер де болған» [113, б. 27] – деп, ұлттың ұйысуының негізгі тетіктерінің бірі ретінде «руды» атап көрсетеді. Патшалық Ресей «сексеуіл» әдісімен талан-таражға түсіріп, алты бақан алауыздыққа ұластырған руға бөлінуіміздің негізгі түбірі ру болып бірігуімізде еді. Ел арасынан шыққан тентегін ру болып тыйып, сүйекке таңба түсірмейік деп, жаман атын шығармайық деп ру болып жұмыла, біріге әрекет жасаған. Осының негізінде ғасырлар бойы қазақ даласында бірлік, ынтымақ биік деңгейде болды. Руын, шежіресін білу өмір сүрудегі маңыздылықтардың бірі еді. Соның негізінде бір атаның ұрпағы, бір тамырдан жаратылған деп бірігушіліктің бастауын түп аталарынан іздеді.

«Қазақтың бір тамырдан өсіп-өнген тектік тұтастығының сыр-себебі де осында. Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білу шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-эстетикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған» [113, б. 30]. Жеті атасын білу арқылы бір отбасында, бір үйдің баласындай өмір сүрген. Басқа рулармен байланыс орнатып (қыз алысып, қыз берісіп т.б.) күллі қазақ даласында туыстық байланыс дамып отырған. Н.Назарбаев ру мәселесін қозғауы бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Ру-ру болып, жік-жікке бөлініп қазақ ел бола алмайтынын. Руын, шежіресін жетік біле отырып, біріне-бірі ептесіп, септесіп қамқор болған жағдайда ғана егемендіктің іргесі берік болатынын меңзейді.

Жеті аталық ұстанымының қазақ халқы үшін қандай маңызға ие екендігін Н.Назарбаев төрт түрге бөліп қарастырады.

1. Жеті аталық ұстанымға негізделген туыстық байланыс институттары әрбір қазақтың, қала берді бүкіл халықтың білмекке деген ынтасын оятқан. Былайша айтқанда, бүкіл халықтың ақыл-ойын баураған.

2. Жеті ата ұстанымы әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалар туралы тек жақсылықты құйып, рахани тектілігін дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған. Бұл әсіре қызыл сенім емес, әрбір қатардағы көшпелінің тарихи нақтылы деректі өз жүрегімен сезінуіне негізделген.

3. Жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары бабалар рухының алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған.

4. Жеті ата ұстанымы, туыстық байланыс институты әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бойына еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіңіріп отырған [113].

Демек, Н.Назарбаевтың пікірінше, бірінші, жеті ата білмекке талпындырады, екінші, жақсылықты насихаттауға, үшіншісі, жауапкершілікті сезінуге, төртінші, бірлікте болуға баулиды.

Білмекке талпындыру әуелі қазақ екендігін, жүзін, руын, кейіннен жеті атасын білу, олардың негізгі тарихын, жасаған ерліктерін, алқа топтың алдында көсіле сөйлеген шешендерінің нақылын, көсемдерінің ақылын зерделеп дәстүр жалғастығы арқылы атадан балаға жетіп отырған.

Бірінші білмекке ұмтылудан жиналған ақпараттарды насихаттау, бабалары туралы жақсылықтарды айтып, ұрпақ санасына өз ұлтына деген сүйіспеншілікті сіңіріп, ұлтжандылықты бекітіп отырған. Олардың ұстанымдарын, өмір қағидаларын насихаттаған.

Насихат түрінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткен құндылықтар, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға жауапкершілікпен қараған, жеті атадан аспай қыз алмау, жетімін жылатпау, әмеңгерлік жолын берік ұстанып жесірін қаңғыртпау секілді дала заңына құрметпен қарап, жауапкершілікті сезіне білген.

Әу бастан қазақ екендігін танып, жүзін, руын, жеті атасын жетік біліп, санасында даласының тарихы мен бабасының ерліктері сайрап тұрған ұрпақ

бір-біріне бауырмал болған. Бауырмалдық, туыстық байланыс бір күнде қалыптасып кетпеген, жоғарыда айтқан төрт сатының негізінде сабақтаса отырып дамыған. Н.Назарбаевтың жеті атаның құндылығын төртке бөліп қарауының негізгі мәні осында.

Рулық қасиетті бойына сіңірген ұрпақ арын жанынан биік қойып, бір-біріне зәредей болса да зиян тигізбеуге күш салған. Дүниенің кілті арда екендігін ұрпақ санасына сіңіріп берік бекітіп отырған. «Ар ойламай, пайда ойлауының зарары мен зардабын Сократ пен Платон, қазақ даласындағы Лұқман хакім, Анахарсис, беріде әл-Фараби мен Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, ақындар мен жыраулар айтудай-ақ айтқан. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла» – деген сөзі – адамзаттың бәріне қатысты айтылған сөз» [111, б. 15]. Осы секілді бабалар сөзін жадына құйып, ұлтқа адалдықты бойына сіңірген қазақ даласының қастерлі мәдениеті бүгінгі күнде қайта жаңғыруы тиіс.

Елбасы рулық жүйенің, этномәдениеттің көмескіленуінің негізгі себептеріне назар аударады. Оның негізгі екі себепін атап көрсетеді.

1. Қазақ этно жүйесіндегі сатылы бағыныштылықтың жанама айғағы ретінде қызмет етуге мойынсұнған төлеңгіттер институтының болғанын айтуға болады. Хан-сұлтан мен ықпалды шонжар байларға қызмет еткен төлеңгіттердің ішінде де мейлінше ауқаттылар болған.

Сонымен бірге төлеңгіттер әлділерге қызмет ете бастаған соң-ақ өзінің ру құрамындағы құқығын жоғалта бастаған [113].

Н.Назарбаевтың бұл пікірінің өзегі ру құрамындағы құқығы әлсірегеннен кейін қандас руларынан тысқары қалып отырады деген тұспалға келеді. Соның салдарынан туыстық этномәдениет жүйесі бұзылып, мызғымас бірізділік көмескілене түседі деген тұжырым шығарады. Дегенмен төлеңгіттер де, олар қызмет атқарған хан-сұлтан мен ықпалды шонжарлар да халық арасынан шыққаннан кейін сол рулық жүйенің құзырынан алшақ кетті деу қисынға келмейді. Сұлтандар арасында билікке ұмтылу, ру ішінде рубасылыққа ұмтылу барысында ел арасына алауыздық жағдайы орын алуы белгілі. Бірақ рулық жүйенің ыдырауына тікелей төлеңгіттерді телу нақтылыққа сәйкес келмейді.

2. Ру қайшылықтарын пайдалануда империялық саясаттың да рөлін елемеуге болмайды. Нақтылы тарихтың айғағы бойынша Ресей отаршылдығы мәжбүрлеуімен және зорлықпен, тұрақты түрде және кезең-кезең бойынша жүзеге асып отырған. Бұл да қазақ ұлтының ішкі қайшылықтарына себепші болған [113].

Ру аралық араздықты қоздырып, болыстыққа, ауылнайлыққа бөлу арқылы бір-біріне қарсы айдап салу нәтижесінде қазақ халқының күшін әлсіретті. Шабындық-жайылым жерлерін тартып алып, кең жайлап еркін көшкен халықтың аяғына тұсау түсіре бастады. Азаттығымыздан толық айырылған уақытта ру аралық байланыс орнату түгіл, әр адам өз басын алып жүруі мұң болған кездер де бастан өтті. Н.Назарбаев рулық қайшылықтарды тудыру қаупі кез келген уақытта туындауы мүмкін екендігін алға тартып, алдағы

уақытта да сақтықпен қарауға шақырады. Бірлігіміздің басты коды дәстүріміз бен мәдениетіміз екенін атап өтеді.

Рулық байланыстан туындап дәстүр-салтымызбен сабақтасқан негізгі құндылықтарымыздың қатарын тілмен толықтырамыз. Қазақстанда қазақ тілін жетілдіру – ең негізгі мақсаттардың бірі. Қазақ тілінде сөйлеу тек қазақтардың емес, сол елде өмір сүретін барлық этностарға қатысты екенін атап өтіп, тілді меңгерудің үш түрлі міндетін көрсетеді.

1. Қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Әлем халықтарының бірде бірінің сөздігінде ұшырамайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып-түсінуге болатын сөздер бар. Қазақ тілін дамыту дегеніміз – жалпы гуманитарлық тұрғыдан қуатты қаруды шыңдау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз.

2. Қазақ тілі – ұлт болмысының бір көрінісі. Этикалық тұтастықтың түп негізі тіл болса, онда тілсіз ұлттық тұтастықтың да болуы мүмкін емес. Бір кездері ұмыт болған фламанд, саха (якут) тілдері қазір мемлекеттік мәртебе ала бастауда. Мұның бәрін ұлтшылдыққа саю ақымақтық болар еді. Бұл – ұлтты өз ішінде ұйыстырудың әмбебап тәсілі.

3. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі болғандықтан, ол еліміздің барлық жерінде қолданылатын тіл болып табылады [113].

Елбасының әуелгі көрсеткіші – гуманитарлық тұрғыда әлем бойынша өмір сүрген жеті мыңдай тілдің бірі ретінде қарастыру. Әр тілдің өз ерекшеліктері болатыны секілді қазақ тілінің де негізгі ерекшеліктерін атап көрсетіп, әлемдік ұғымда айналымға түсуіне мүмкіндік туғызу.

Екіншісі, ұлттық көзқарас тұрғысынан. Дәстүр-салтын шашауын шығармай сақтаудың ең негізгі құралы тіл екендігінде. Тілі жойылып, мәдениетін сақтаған этностардың бар екендігін, алайда олар жеке мемлекет ретінде қалыптаса алмаған елдерде орын алатын жағдайдан туындайтынын атап өткен Н.Назарбаев, ұлт ретінде ана тілін (бұл жерде қазақ тілін айтып отыр) біліп, соны қадірлеу ешқандай ұлтшылдықтың көрінісі емес, керсінше сол мемлекетте өмір сүріп отырған барлық этностың ортақ тіл табыса алатын негізгі құралы ретінде көрсетеді.

Мемлекеттік тіл ретінде мәртебе алып, Қазақстан аймағында өмір сүретін барлық этностарға үйренуге міндетті тіл болғандықтан, қазақ тілі негізгі маңызға ие. Осыны атап көрсеткен Н.Назарбаев, өзге ұлт өкілдерінің өз ана тілін білгендей қазақ тілін де айна қатесіз, акцентсіз сөйлеуі міндетті болмаса да қазақ тілін ауыз екі сөйлеу тілі деңгейінде меңгеру әр Қазақстан азаматының борышы екендігін үшінші тіл туралы толғамының үшінші бөлігінде көрсетеді.

Расул Ғамзатовтың «Егер тілім ертең болса құрымақ, Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ» деп жырлауының да мәні – тілдің ұлт болмысында ең негізгі жәдігер екендігінде.

Жоғарыда атап өткен ұлттық ерекшелік, рулық байланыс т.б. – барлығы өткенді жаңғырту арқылы бүгінгі берік қылудың алғышарттарының бірі. Н.Назарбаевтың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, саралап айтуы да бүгінгі

күннің қамы. Бейбіт өмірде саяси байланыспен қатар мәдениеттің алар орны бөлек. Мәдениеттің жаңғыруы, орнығуы – ұзақ уақытты қажет ететін құбылыс. Бірақ мемлекет іргетасының беріктігіне кей тұста мықты ұстанған саясаттан да маңызды болатыны бар. Елбасы осы тұрғыда заман ағымына ілесе отырып мәдени ұстанымдарды қолданудың негізгі шарттары мен проблемаларын атап өтеді.

1. Бірізді идеология құрсауынан бас тарту туралы. Бұл – конституциялық тұрғыдан қалыптасқан ұстаным. Ғасырлық тарихта біздің мемлекет тұңғыш рет саналы түрде шығармашылық үрдістерге қысым жасаудың кез келген түрінен бас тартып отыр.

2. Бүгінгі таңда қазақстандық мәдени үлгі дамытудың алғышарттары әлемдік мәдени жүйеге қосылу, қазіргі өмірдің ашық та құпия тегеуріні мол жаңа мазмұнды ағымына ілесу, бүгінгі күннің проблемалық және құндылық кеңістіктерін игеру сияқты қажеттіліктерімен анықталады.

3. Қазақстан аумағындағы этикалық диаспоралар мәдениетінің де даму барысы сапалық өзгерістерді бастан кешуде. Осы орайда, мәдени дәстүрді сақтауға байланысты да, азаматтық қауымдастық ретінде Қазақстан халықтарының жаңа құбылыстарға орай мәдени үндестігі жөнінде де толып жатқан проблемалар туындап отыр.

Саяси цензураның құрсауында болған тоталитаризм заманында әдебиетіміз де, баспасөзіміз де, радио, телеарналарымыз да т.б. барлығы биліктің қатаң бақылауында болғаны тарихтан белгілі. Әр ұлт өзінің ата-бабасының тарихын толық зерттеп, ашық айтуы мұң болды. Қаншама жазушының еңбектері саяси сынның құрбаны болып жарыққа шықпай қалды. Мысалы, Б.Соқпақбаевтың «Ергежейлілер еліне саяхат» кітабы мүлдем басылым бетін көрмей келсе, қаншама жазушылардың шығармасын баспа бетіне күзеп шығарды. М.Мағауиннің «1960 жылы жазылған кішкентай «Тіленші» арада тұтас бір ғұмыр – тура отыз үш жыл өткенде, 1993 жылы «Шақан-Шері» кітабында жарияланды» [90, б. 42] – деуінен-ақ саяси қысымды көре аламыз. 1960 жылы жиырма жасар жазушының қаламынан шыққан еңбегі тәуелсіздік алып білім, білігі толыққан жазушының қатарына кірген елу үш жасында жарық көріп отыр.

Тәуелсіздік алып, көңіл шаттыққа толып халықтың қуанышында шек болмағаны белгілі. Әйткенмен сол қуаныштың уақыт өтке келе су сепкендей басылғанын М.Мағауиннің «Мен» мемуарын талдауда куә болдық. Е.Раушановтың «Біздің егемендік хақында екі ауыз сөз» атты өлеңінде де көркем суреттеу жатыр.

«Жоқтық деген немене – барлық делік,
Бақыт деген дүние ме – алдық бөліп.
Дүниедегі ең ұлы көрініс не?
Ол шідерін үзген ат қарғып келіп.

Мен қайрылдым, сен-дағы бұрылшы, інім,
Қалай не деп ұғамыз мұның сырын.
Аяғыма қараймын – шідерім жоқ,

Неге қақсай береді жіліншігім?» [114].

Нағыз ұлттық кодпен жазылған бұл өлеңде жылқы мінез қазақтың қаншама жыл адымын аштырмағын шідерді сан мәрте үзуге ұмтылып құрбан болғандардың бейнесі бар, нәтижесінде азаттық алып, еркіндікке қол жеткіздік. Ақын шідерін үзген ат арқылы осыны меңзейді. Байлық дүние болса бөліп алдық деп жекешелендіруді пәлсапалық астармен жеткізеді. Біздің тақырыбымыздың өзегіне ұштасатыны екінші шумақ. «Аяғыма қараймын – шідерім жоқ, Неге қақсай береді жіліншігім» деу арқылы азаттық алсақ та руханиятымыз толысып, толық қанды мемлекет ретінде бой түзей алмағанымызды сынайды.

Н.Назарбаевтың еңбегін талдауымыздың негізгі түйінінде ойсырап тұрған руханиятымызды толтыратын нақты қадамдар айтылған. Е.Раушаовтың өлеңі ұлттың бойына біткен бітеу жараны көрсетсе, Н.Назарбаевтың еңбегінде сол жарадан айығудың жолдары жазылған.

Ескіні жаңғыртып, тозығын тастап, озығын алу жолында жаһандық даму, әлемдік трендтен кенде қалмауды да естен шығармаған абзал. Өзге елдердің жақсысын үйретіп, елді алға сүйреудің жолдарын меңгеру – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Мәдениетімізді қалыптастыру жолында әлемдік үрдіспен байланыс орната отырып қарыштап даму керектігін естен шығармауды да айта кетеді Елбасы.

Мемлекеттің беріктігі сол елде өмір сүретін барлық этностарға ортақ. Қандай этнос болмасын Қазақстан азаматы болғаннан кейін сол елдің ұстанған саясатына бағыну – негізгі міндет. Дейтұрғанмен, мәдениетті қалыптастыру жолында өзге этностардың мәдениетін белінен баспай, оларға да өз мәдениетін сақтауына мүмкіндік туғызу мемлекеттің ішкі саясатында өзекті орында тұрғанын ұлттық идеология туралы пайымының үшінші тармағында сөз етіледі.

Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде «Ұлттық келбетті ұлықтайық» деп аталатын бірінші тарауын біз үлкен бес негізге бөліп қарастырдық.

1. Қазақ елінің ұлттық ерекшелігі
2. Рулық байланыстың маңызы
3. Рулық байланыстың әлсіреу себебі және салдары
4. Қазақ тілінің маңызы
5. Бүгінгі таңдағы мәдени ұстаным

Осылай бөлу арқылы Н.Назарбаев ойының негізгі мақсатын, ұлттық құндылықты дәріптеуде қойылатын алғы-шарттарына назар аудардық. Жоғарыдағы талдауларда айтылғандай мемлекеттің іргесі берік болуы мен ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруы үшін қажетті шаралардың бәрі осы бес негізгі тұжырымда қамтылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сарабал саясаткер, көреген стратег, мықты дипломат, саяси-экономикалық жаңашылдыққа ұмтылыс жасаушы реформатор ретінде саяси аренада беделінің жоғары екендігі белгілі. Елбасының еңбектері ұлт руханиятына, тарихымыз бен мәдениетімізге қаншалықты үлес қосқандығы әдебиеттің объектісі ретінде диссертация жұмысында зерттеу нысанына алынды. Елбасы Н.Назарбаев еңбегіндегі нарратив пен дискурсқа кешенді зерттеу жүргізіліп саясаткердің қоғамға әсері анықталды. Ұлттың руханиятына тікелей қатысты астарлы мәтіндерге герменевтикалық тұрғыдан талдаулар жүргізіліп, оқырманға барынша түсінікті түрде баяндалды.

«Дискурс және нарратив ұғымдарын делимитациялау» атты бірінші тарау «Дискурстық талдаудың тұжырымдары мен гензисі» және «Әдебиеттанудағы нарратив теориясы және нарративтік талдау» атты екі тараушадан тұрады.

Дискурс термині әдебиеттану, философия, психология, лингвистика, саясаттану т.б. ғылым салаларында өзекті тақырыптың біріне айналып отыр. Зерттеу жұмысымызда дискурс терминінің атау ретінде қалыптасу тарихына үңіліп латын тілінен бастап сатылы түрде Ренессанс, Жаңа дәуірде қандай дәрежеде қолданыста болғанана тоқталдық. XX ғасыр ойшылдарының еңбектерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі ғалымдардың еңбектеріндегі дискурстық терминге қатысты пікірлерін негізге алып өзіміздің зерттеу жұмысымызға қатысты дискурстың түрлеріне ғылыми анықтама бердік.

Соның ішінде «Поэтикалық дискурс», «Тарихи дискурс», «Саяси дискурс», «БАҚ дискурсы», «Діни дискурс», «Құқықтық дискурс», «Жарнамалық дискурстарға» кеңінен тоқталдық. Аталған дискурстық тәсілдердің бір-бірінен айырмашылығына ғылыми анықтама беріліп, бір мәтіннен бірнеше дискурстың түрлерін кезіктіруге болатынына көз жеткіздік. Тақырыпқа тікелей қатысты «Поэтикалық дискурсты» өз ішінен кеңірек талдап, әдебиеттің жанрына қарай және іс-әрекетке қарай қолданылатын «поэтикалық дискурстың» түрлеріне жеке-жеке анықтама бердік.

Зерттеу барысында Елбасы еңбегінің көпшілікке әсер етуде поэтикалық, саяси және тарихи дискурстан бөлек БАҚ дискурс мен діни дискурстың да маңызы зор екендігіне көз жеткіздік. Аталмыш дискурстар демократияға, жеке тұлғаның қоғамға көзқарасын бекітуде психологиялық әсері мол екендігі нақты талдау мен көрсетілді. Елбасының инагурациядан бұрынғы мәтіндерін саяси дискурстың аясында талдап, діни дискурсқа мәтіннен мысал келтіре отырып салыстырмалы талдау жасадық.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауының «Әдебиеттанудағы нарратив теориясы және нарративтік талдау» деп аталатын екінші тараушасында нарратив терминіне ғылыми анықтама берілді. Нарратологияның пайда болуына Х.Миллердің, В.Шмидтің т.б. белгілі ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып диегезистік және мимесистік тәсілдерді нарратологияның негізгі құралдарының біріне жатқызып, нарративтің тамыры ертеден бастау алғанына көз жеткіздік.

Өзге ғалымдардың пікірін негізге ала отырып, қорытынды пікір ретінде Л.В.Татарудың: «процестерге және өзгерістерге уақыт шеңберінде бейімделетін адам мінез-құлқының негізгі стратегиясы, шындық құбылыстарды түсіндірудің ғылыми әдістерінен кем түспейтін стратегия» деген пікірінің негізінде нарратив адам болмысына тікелей қатысты деген тұжырым жасадық. Б.Ричардтың оқиғаға байланысты «narrative is everywhere» (нарратив барлығында) деген анықтамасына сүйене отырып зерттеуімізде нарративті кең мағынада пайдаландық.

Нарративтің түрлеріне тоқтала келе Н.Назарбаевтың еңбектерін талдау тәсілі ретінде диегетикалық нарраторға анықтама беріп, талдау тәсілдерін зерттеуімізде кеңінен қолдандық. Нарративті аргументтік әдіс ретінде қараудың нәтижесінде шешендік өнерде нарративтің нақты фактлер мен сенімді дәлелдерді пайдалану арқылы жүзеге асатынына тұжырым жасадық. Зерттеуімізде Н.Назарбаевтың бұл тәсілді қаншалықты пайдаланғанына кейінгі талдауларда көз жеткіздік.

Баяндауыштық формаға қатысты «аузыша сөздер», «баспасөздік сөздер» және «көркем сөздер» деп үш түрге бөліп қарастырып, әр түріне жеке-жеке анықтамалар мен мысалдар келтірдік. Баяндау формасының нәтижесінде Н.Назарбаевтың еңбектеріндегі нарративтік талдауда формаға жіктеп, әр қайсысына ғылыми талдаулар жүргізілді.

«Н.Назарбаев еңбектеріндегі нақты және болжалды тарихи дискурсты баяндау тәсілдері» атты екінші тарауы «Өмір шындығының нарративтік уақытта бейнеленуі» және «Н.Назарбаев еңбегіндегі референттер және постулаттар» атты екі тараушадан тұрады.

«Өмір шындығының нарративтік уақытта бейнеленуі» атты тараушада Н.Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» естелік-эссесі негізгі зерттеу нысаны болып алынды. Елбасының өмірге келгенінен бастап Президент дәрежесіне жеткенге дейінгі өмірі суреттелген еңбекте авторлық баяндау ерекшеліктері талданды. Н.Назарбаевтың тілдік көркемдігі, образды ойлауы көркем шығарманы талдау тұрғысынан қаралып, ғылыми баға берілді.

Қазақ халқының ыстық ықыласына бөленген, кемеңгер басшы Д.Қонаевтың «Ақиқатты айтпауға болмайды» еңбегімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Екі лидердің саяси көзқарастары шендестіріліп, пікір қайшылықтары мен сәйкестіктері айқындалды. 1931-32 жылдағы аштық бейнесі, соғыс жылдарындағы ел тағдырының екі шығармада бейнеленуі, авторлық баяндау тәсілдері зерттелді.

Соғыстан кейінгі халықтың ауыр хәлі, Қазақстанға қоныс аударған өзге ұлт өкілдеріне жергілікті халықтың көрсеткен қолдауы шынайы бейнеленген. Кеңес Одағының елге жүргізген саясаттың қателіктері, адамнан малдың, өзге де бағалы дүниенің құнының жоғары болуы шығармада өткір суреттелген.

1986 жылғы тарихи оқиға бұған дейін тарихшылардың еңбектерінде және көркем шығармаларда айтылып, көптеген ғылыми еңбектер жазылғаны белгілі. Н.Назарбаев пен Д.Қонаевтың Желтоқсан оқиғасынан бұрын, Желтоқсан оқиғасы кезіндегі және одан кейінгі кездегі естеліктері тарихи

салыстырмалы талдау жасалды. Бір оқиғаға екі түрлі көзқарас пен екі түрлі пікір айтылғанына көз жеткіздік.

Бұл тараушада Н.Назарбаев еңбегіне нарративтік уақыт пен тарихи дискурстың талдау тәсілдерін пайдаланып, болжалды тарихи дискурс пен нақты тарихи дискурстық мәтіндерді анықтадық. Нарративтік уақыт пен тарихи уақыттың айырмашылығына тоқталып, мәтіндегі нарративтік уақытты тарихи уақыттан бөліп көрсеттік.

«Н.Назарбаев еңбегіндегі референттер және постулаттар» тараушасында «Еуразия жүрегінде» еңбегі негізгі зерттеу нысанына алынды. Астананы Алматыдан ауыстыруының негізгі себептеріне үніліп мәтіндерінен негізгі референттерді анықтадық. Ақиқатқа айдалып, көпшілік ұранына айналған постулат мәтіндерді бүгінгі күннің аға буын, орта буын, жастар поэзиясынан мысалдар келтіре отырып талдадық.

Ғ.Жайлыбай, М.Райымбек, Е.Жүніс, Ш.Талап сынды ақындардың жекелеген өлеңдеріне тоқталып, Н.Назарбаев еңбегі мен поэзиядағы пікір үндестігі талданды. Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасына кеңінен тоқталып, Астана көркі мен Елбасы бейнесінің поэзиядағы көрінісіне ғылыми талдау жүргіздік.

Н.Назарбаевтың 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы референттер мен постулаттарға жеке тоқталып, мәтіннің астарына үнілдік. Мақаланың қазақ руханиятына қосқан үлесі мол. Соның негізінде еліміздің барлық ғылым саласында тың жобалар бастау алды. Бұлардың барлығы Н.Назарбаевтың мақаласындағы жекелеген мәтіндері бір-бір жобаға арқау болуы әр пікірінің постулат екенін дәлелдей түсті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алған күннен бастап Түрік Республикасымен тығыз қарым-қатынас орнатты. Екі ел арасындағы достық ғылым саласында да байланыс жасауға жол ашты. Нәтижесінде күллі Түркі жұртына ортақ мәдениетіміз, тарихымыз бен әдебиетіміздің бір-бірімізге беймәлім тұстары қайта жаңғырды. Бұл күллі Түркі мемлекеттеріне ортақ мәдениеттің қалыптасуына жол ашты.

Түркі жұртына ортақ мәдениеттер Н.Назарбаев еңбектерінен нақты мысалдар келтіру арқылы талданған. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев пен Осман империясы құлап, Түрік мемлекеті құрылған уақытта Түркияның тұңғыш президенті болған М.К.Ататүрік арасындағы ел басқарудағы сәйкестіктеріне, ұранға айналған ой-толғамдарына салыстырмалы талдаулар жасалды.

«Ұлттық мәдени компонент ұғымының Н.Назарбаев еңбектеріндегі көрінісі» атты үшінші тарауы «Аудиторияны игеруде риториканың элеуметтік маңыздылығы» және «Саясаткердің сұраққа жауап беру тәсілдері және Н.Назарбаев еңбегіндегі идеологиялық дискурс» атты екі тараушадан тұрады.

«Аудиторияны игеруде риториканың элеуметтік маңыздылығы» тараушасында қазақ халқының тарихында шешендік өнердің маңызына тоқталып, қазақ танымындағы сөз өнерінің орны жайында жазған ғалымдардың пікіріне зер салдық.

«Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы Майқы биден» бастау алатын қазақ шешендік өнері, ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр сабақтастығымен жетіп отырды. Ж.Дәдебаевтың «Байырғы дәуірлерде қазақ даласында кісінің атақ-даңқын асқақтата шығаратын санаулы ғана өнер болған. Оның бірі – соғыс ісін жүргізу өнері; екіншісі – билік; үшіншісі – сөз өнері» [115, б. 6] дей келе осылардың негізгісі сөз өнері екендігін атап өтеді. Жыраулар поэзиясында да сөз бастаудың қиындығын атап өткен шығармалардың қатары мол. Бұл дегеніміз – шешендік өнер тек көсіліп сөйлеу ғана емес, мол білімді, көрегендікті, қажет жерінде тауып айтар тапқырлықты талап ететін өнер.

Н.Назарбаев еңбектерінен тіл шұрайлылығы мен тауып айтқыштығына мән беру мақсатында ел алдына жасаған баяндамалары, сұхбаттары және ой-толғамдарына тоқталып, үш бағытта талдау жүргіздік. Қазақы танымдағы сөздер мен тұрақты тіркестерді, мақал-мәтел мен белгілі ақын-жазушылардың сөздерінен мысалдар келтіруін, әлем саясаткерлері мен философтарынан келтірген мысалдарының көрсеткішін анықтап, сандық мәнін шығардық. Қорытындысын арнайы кестемен көрсеттік. Нәтижесінде алдын-ала дайындалған баяндамалар мен көлемді еңбектерінде әлем саясаткерлері мен философтарының пікірі көбірек кездесе, журналистердің сұрағына жауап беруде, табан асты құралған мәтіндерде мақал-мәтелдер мен ұлт ойшылдарының еңбектерінен мысал жиі ұшырасатыны анықталды.

Зерттеу нысаны ретінде «Ғасырлар тоғысында» есетлік кітабына бастан аяқ шолу жасалды. 1991-1995 жылдар аралығындағы халық жағдайы мен өзге елдер арасындағы саяси байланыс авторлық баяндауда субъективтік көзқарас тұрғысынан талданды. Тәуелсіздікке қол жеткізудегі халықтың көңіл-күйін, қуанышын, сол кездегі ел жағдайының шынайы бейнесін суреттеуде М.Мағауиннің «Мен» мемуарлық романымен және Е.Раушановтың «Егемендік хақында екі ауыз сөз» өлеңімен салыстырмалы талдау жасалды.

«Саясаткердің сұраққа жауап беру тәсілдері және Н.Назарбаев еңбегіндегі идеологиялық дискурс» атты екінші тараушасында саяси дискурстың талдау тәсілдері негізінде қаралды. Н.Назарбаевтың журналистермен болған сұхбатының аясында сұраққа жауап беруде дискурстың Лу Тинтин ұсынған сегіз тәсілі бойынша жеке-жеке мысалдар келтірілді. Саяси дискурстың негізгі қағидаларына сүйене отырып жоғарыда келтірген сегіз тәсілден бөлек «сұрақтарға қарсы сұрақ қою арқылы жауап беру тәсілі» деп тоғызыншы тәсілді ұсындық.

Зерттеу барысында Н.Назарбаевтың сұрақтарға жауап беруде «Саясаткердің кейбір сұрақтарға назар аудармауы», «Саясаткер көтерілген мәселенің маңыздылығын мойындайды, бірақ сұраққа жауап бермейді», «Саясаткер келесі себептерге байланысты мәселенің орынсыз екенін дәлелдейді», «Саясаткер белгілі себепке байланысты жауап беруден бас тартады» және өзіміз тоғызыншы қылып ұсынған «Сұрақтарға қарсы сұрақ қою арқылы жауап беру тәсілін» жиі қолданатынына көз жеткіздік.

Ұлттық мәдени компонент ұғымының Н.Назарбаев еңбектеріндегі көрінісін анықтау мақсатында «Тарих толқынында» еңбегіне ғылыми талдау жүргізілді. Н.Назарбаевтың ұлтжанды саясаткер ретінде ұлттық идеологияны

ең әуелі шығу тарихымызға мән беру керектігін, тектен бастау алатын құндылығымыз салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызда, тілімізде жатқандығын насихаттаған.

Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде «Ұлттық келбетті ұлықтайық» деп аталатын бірінші тарауын біз үлкен бес негізге бөліп қарастырдық:

1. Қазақ елінің ұлттық ерекшелігі
2. Рулық байланыстың маңызы
3. Рулық байланыстың әлсіреу себебі және салдары
4. Қазақ тілінің маңызы
5. Бүгінгі таңдағы мәдени ұстаным

Осы бес тармақ бір қолдың бес саусағындай қазақ ұлтының беріктігі мен бірлігіне, болашағының жарқын болуына қажетті ереже секілді. Бұл еңбектегі негізгі идея – ұлтжанды болу, отанды сүйю.

Қорыта айтқанда, Н.Назарбаев шығармаларындағы негізгі идея – Қазақстан территориясында өмір сүретін барша ұлт өкілдері бір мүддеге қызмет ету. Қазақы қасиетті танып, ананың сүтімен дарыған ана тілімізді құрметтеу, бабамыздың қанымен келген қасиетті жерді қорғау азаматтық борыш екендігін әр пікірінен жолықтырамыз. Орта Азия төрінде алып территорияны иеленіп жатқан Қазақстан Республикасының болашағының жарқындығы үшін мемлекеттің әр тұлғасы үлес қосуға міндетті екендігін білдіреді. Н.Назарбаевтың еңбектері ел тарихын жетік білуге, ұлт руханиятын нығайтуды насихаттайтын құрал деп білеміз. Оны жалпы халық санасына сіңіру болашақтың еншісінде деп білеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О.Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
- 2 Касавин И.Т. Дискурс-анализ как междисциплинарный метод гуманитарных наук // Эпистемология и философия науки. – 2006. – Т. X, № 4. С. 5-17.
- 3 Кожемякин Е.А. Дискурс-анализ как междисциплинарная методология: исторический аспект // Научные ведомости БелГУ. Серия: Гуманитарные науки. – 2008. – № 2. С. 5-12
- 4 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – Москва, 1976. – 306 с.
- 5 Buysens E. Les langages et le discours, Essai de linguistique fonctionnelle dans le cadre de la semiologie. Bruxelles: Office de Publicite, 1943.
- 6 Бенвенист Э. Общая лингвистика / Пер. с фр. – Москва: Прогресс, 1974. – 448 б.
- 7 Костюшкина Г.М. Теория дискурса во французской лингвистике // Вестник БГУ. – 2012. – No SA. – С. 101-107.
- 8 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. / Е.Шейгал. – М.: Гнозис, 2004. – 326 с.
- 9 Архипов И.К. Человеческий фактор в языке (материалы к спецкурсу). – СПб., 2001. – 108 с.
- 10 Кузьмина С.В. Политический дискурс как неотъемлемая часть политической коммуникации // Изв. Саратов. ун-та Нов. сер. Сер. Социология. Политология. – 2011. – No 2. – С. 54-56.
- 11 Kress G. Ideological Structures in Discourse // Handbook of Discourse Analysis. – London: Academic Press, 1985. – Vol 4. – P. 27-41.
- 12 Куртин Ж.Ж. Шапка Клементиса (заметки о памяти и забвении в политическом дискурсе) // Квадратура смысла: Французская школа анализа дискурса: пер. с фр. и порт. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 1999. – С. 95-104.
- 13 Фуко М. Воля к истине: по сторону знания, власти и сексуальности. Работы разных лет/ Пер. с франц. – М.: Касталь, 1996. – 448 с.
- 14 Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики /Современные проблемы дискурса: теория и практика. – Алматы, 2006.
- 15 Баранов А.Н., Казакевич Е.Г. Парламентские дебаты: традиции и новации. – М.: Знание, 1991. – 42 с.
- 16 Паршин П.Б. Выступление в дискуссии «Интернет-парламент: Языки политики: Язык и политика» // www.elections.ru. – Архив 2 марта 1999.
- 17 Graber D. Political Languages // Handbook of Political Communication. – Beverly Hills, London: Sage Publications, 1981. – P. 195-224.
- 18 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М.: Языки русской культуры, 1997. – 824 с.

- 19 Joslyn R. Keeping Politics in the Study of Political Discourse // Form, Genre and the Smdy of Political Discourse. – Columbia (S. Car.): Univ. of S. Carol. Press, 1986. – P. 301-338.
- 20 Jefkins F. Advertising. – Philadelphia, PA: Macdonald and Evans, 1985. – 248 p.
- 21 Grieswelle D. Rhetorik und Politik: Kulturwissenschaftliche Studien. – Miinchen: Minerva, 1978. – S. 1 55
- 22 Edelman M. The Symbolic Uses of Politics. – Urbana: University of Illinois Press, 1964. – 164 p.
- 23 Ключарев Г.А. Языковая реальность и политический имидж // Обновление России: трудный поиск решений. Вып. 3. – М., 1995. – С. 211-216.
- 24 What is a Narrative? // literaryterms.net/narrative.
- 25 Леонтьев А. Н. Потребности, мотивы и эмоции. – М., 1971. – 40 с.
- 26 Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Астрель, 2011. – 637 с.
- 27 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 2000. – 400 с.
- 28 Miller H. Narrative, in Critical Terms for Literary Study / ed. by F. Lentriccia and T. McLaughin. – Chicago: Chicago UP, 1990.
- 29 Rossholm G., Johansson C. Disputable Core Concepts of Narrative Theory. //Enthymema, Università degli Studi di Milano. – Italy, 2012. – № 0(7). – P. 208-112
- 30 Шмид В. Нарратология. – М.: ЯСК, 2003. – 312 с.
- 31 Meister J.C. Handbook of Narratology. / ed. by P Hühn, J.Pier, W.Schmid. – Walter de Gruyter GmbH & Co KG. – 2014. – 954 p.
- 32 Брокмейер Й., Харре Р. Нарратив: проблемы и обещания одной альтернативной парадигмы // Вопросы философии. – 2000. – № 3. – С. 29-42.
- 33 Татару Л.В. Точка зрения и композиционный ритм нарратива (на материале англоязычных модернистских текстов): монография. – Москва: Изд-во МГОУ, 2009. – 301 с.
- 34 Onega S. Landa G. Narratology: An Introduction. – London, N.Y.: Longman, 1996. – 324 p.
- 35 Ryan M.-L. Possible Worlds, Artificial Intelligence, and Narrative Theory. Bloomington: Indiana UP, 1991
- 36 McHale B. Weak Narrativity: The Case of Avant-Garde Narrative Poetry. // Narrative. May 2001, № 9:2. – P. 161-167.
- 37 Chatman S. Coming to Terms: The Rhetoric of Narrative in Fiction and Film. Ithaca: Cornell UP, 1990. – 240 p.
- 38 Зенкин С.Н. Введение в литературоведение. Теория литературы. Главная. Гуманитарные науки. – М.: РГГУ, 2002. – 86 с.
- 39 Тодоров Ц. Теории символа. – М.: Дом интеллектуальной книги, 1999. – 408 с.

- 40 Барт Р. Введение в структурный анализ повествовательных текстов // От структурализма к постструктурализму. Французская семиотика. – М.: Прогресс, 2000. – 536 с.
- 41 Дюбуа Ж., Эделин Ф., Клинкаенберг Ж.-М., Мэнге Ф., Пир Ф., Тринон А. Общая риторика / пер. с фр. Е. Разлоговой – М.: Прогресс, 1986. – 392 с
- 42 Женетт Ж. Фигуры. В 2-х томах. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1998. – Т. 1. – 472 с.
- 43 Волков А.А. Курс русской риторики. – М.: Издательство храма св. муч. Татианы, 2001. – 336 с.
- 44 Волков А.А. Основы русской риторики. – М: фонд «Новое тысячелетие». – 1996. – 234 с.
- 45 Рождественский Ю.В. Теория риторики. – М.: Добросвет, 1997. – 597 с.
- 46 Дерябин А. Телевизионные новости как коммуникативное событие // Дискурс, 1998. – № 7. URL: <http://dedovkgu.narod.ru/bib/derjabin.htm> (дата обращения: 06.02.2012)
- 47 Рикер П. Конфликт интерпретаций: Очерки о герменевтике / Пер. с фр. И. С. Вдовина. – М.: Канон-Пресс-Ц: Кучково поле, 1995. – (Переизд. в 2002).
- 48 Дәдебаев Ж.Д. Жазушы еңбегі, – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.
- 49 Қазақ әдебиеті: Энциклопедия / ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан даму институты. – Алматы, 1999.
- 50 Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 288 б.
- 51 Қонаев Д. Ақиқатты айтпауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С.Әбдрайымұлы). – Алматы: «Санат», 1994. – 512 б.
- 52 Сапаралы Б. Тұңғыш Президенттің балалық шағы: Елбасы жас кезінің беймәлім қыр-сырлары. – Алматы: Қағанат FMO, 2011. – 240 б.
- 53 Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, – 2007. – Т.3. – 440 б.
- 54 Пірәлиева Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005 жж.). Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010. – 310 б.
- 55 Орда Г. Сөз құдіреті: Зерттеулер мен мақалалар. / Г.Орда. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
- 56 Айтбайұлы Т., Зейнәбіл Т. Алматы. 1986. Желтоқсан: 5-томдық. Алматы: «Арна-б», 2011. – Т. 1. – 454 б.
- 57 Әбдешұлы Қ. Таным көгжиегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 270 б.
- 58 Шоқан М. Тазалыққа ұмтылу. – Алматы: Ол-Жас, 2010. – 104 б.
- 59 Porter Abbott H. TheCambridgeIntroductionto Narrative. – Cambridge University Press, 2002.
- 60 Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2020. – 308 б.

- 61 Панарин А.С. Политология: Учебное пособи. – М.: Гардарики, 2000. – 344 с.
- 62 Тасмағанбетов И. Ерке есілдің бойына ел қондырған // Егемен Қазақстан, 2010. 6-шілде.
- 63 Терещенко С. Егемендіктің елең-алаңы: қиыннан да қиын күндер. // Егемен Қазақстан, 2001. 21-шілде.
- 64 Maraltay R. (2017), Leader (back translation – Koshbasshy). Available at: <https://abai.kz/post/5607> Accessed on 25th of November.
- 65 Е.Жүніс. Үміт жырлары. Өлеңдер. – Алматы: «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
- 66 Ғ.Жайлыбай. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014.
- 67 Талап Ш. Адасқак. // Адырна. – 2017, қыркүйек. – №9 (11) 16144.
- 68 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. – 156 б.
- 69 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 348 б.
- 70 Жауап хат. <http://www.akjolgazet.kz/?p=6411>
- 71 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.). – Алматы: «Арда», 2011. – 640 б.
- 72 Айтұлы Н. Көз жасым. Таңдамалы. – Астана: Күлтегін, 2006. – 368 б.
- 73 Хуатбекұлы Е. «Бәйтерек» поэмасындағы көшбасшы бейнесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2016. – № 3(3). – Б. 78-81. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз)
- 74 Назарбаев Н. Өзекжарды ойлар. – Алматы: Мектеп, 2003. – 172 б.
- 75 Назарбаев Н. Ой бөлістім халқыммен. – Алматы: Мектеп, 2006. – 248 б.
- 76 Türk diline verilen önem // Ауын Tarihi, 1934. – Sayı: 12. – S. 23
- 77 Назарбаев Н. Қалың елім, қазағым / Құрастырған. Қ.Әлімқұлов, С.Балғабаев, М.Қасымбеков, Қ.Найманбаев. – Алматы: Өнер, 1998. – 306 б.
- 78 Atatürk M.K. Nutuk (Söylev). – Baskı: Say yayınları, 2014. – 704 s.
- 79 Хуатбекұлы Е. Ел басқаруға тән тарихи сабақтастық // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – № 4(60). – Б. 87-91. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз).
- 80 Khuatbekuly Yerkanat. Atatürk ve Nazarbayev'in ortak yönleri // Kazak eli. yal:1, 2016, Ekim-Kasım-Aralık. – Sayı: 3. – S. 56-60.
- 81 Chafe W. Beyond Beads on String and Branches in a Tree // Conceptual Structure, Discourse and Language. – Stanford, 1996. P. 49-66.
- 82 Khudaibergen N., Orda G., Askarova G., Matbek N., Imakhanbet R., Nagiyatova I. Early reflection of universal human values in Kazakh prose // Astra Salvensis. – 2018. – V. 6. – P. 391-408.
- 83 Асылбекұлы С. Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика). Монография. – Алматы: «Үшқиян», 2008. – 296 бет.
- 84 Albekov T.K., Alpysbayeva K.B., Auyesbayeva P.T. Distinctive and educational features of Kazakh folklore by the example of «Words of Ancestors»// Espacios. – 2017. – Vol. 38. – Iss 45. – Number of article – 33.

- 85 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
- 86 Қалиева Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негізі. Оқу құралы. – Алматы, 2002. – 110 б.
- 87 Назарбаев Н. Қазақстан – Ресей қатынастары: баяндамалар, сөйлеген сөздер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 336 б.
- 88 Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Қарағанды, 2006. – 372 б.
- 89 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2020. – 260 б.
- 90 Мұхтар М. Мен: Роман-эссе. – Алматы: «САҚ» АҚ, ҒӨПбк «GAUHAR», 1998. – 585 б.
- 91 Сұлтанов Қ. Қазақтың жаңа дәуірі. // Егемен Қазақстан. – 2010, 6-сәуір.
- 92 Ғабдуллин Б. Халықтың бағына біткен президент. // Егемен Қазақстан. – 2008, 21 мамыр.
- 93 Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: «Арда», 2010. – 416 б.
- 94 Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Ана тілі. – 2018, 22-28 қараша. – №48 (1462).
- 95 Khuatbekuly Y. Discourse: Leader and the Modern Literature // Khuatbekuly Y. [Et. all] // Opcción, Año 35, 2019. – № 89. – 879-89. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 Aceptado: 10-03-2019; EID: 2-s2.0-85072153777 (eng).
- 96 «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жайлы пікірлер // Егемен Қазақстан. – 2018, 26 қараша. – №226 (9457).
- 97 Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы: Оқу құралы. – Алматы: Арыс. 2008. – 184 б.
- 98 Темірболат А.Б., Кенжеғараев Н.Ж. Абайдың поэтикалық әлемі. Поэтический мир Абая: монография / А.Б. Темірболат, Н.Ж. Кенжеғараев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 б.
- 99 Темирболат А.Б. Риторика. Основы ораторского искусства: учебное пособие. / А.Б.Темирболат. – 3-е. изд. дополн. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. –144 с.
- 100 Хуатбекұлы Е. Әдеби дискурстақ шолу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. – № 3(47). – Б. 43-45. ISSN 2073-333X, <https://nauka-zan.kz/> (қаз).
- 101 Жақып Б. Публицистика негіздері: Оқу құралы / Бауыржан Жақып. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.
- 102 Политическая лингвистика / гл. ред. А. П. Чудинов ; ФГБОУ ВПО «Урал. гос. пед. ун-т». – Екатеринбург, 2016. – Вып. 4 (58). – 263 с.
- 103 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
- 104 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2012. – Т. 12. – 320 б.
- 105 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2012. – Т. 13. – 208 б.

- 106 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2011. – Т. 10. – 272 б.
- 107 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2013. – Т. 15. – 232 б.
- 108 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2011. – Т. 7. – 304 б.
- 109 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2011. – Т. 9. – 320 б.
- 110 Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2011. – Т. 8. – 184 б.
- 111 Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері: монография / Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 б.
- 112 Тебегенов Т. Ұлы дала тұлғалары / Қазақтың би-шешендері: ғылыми танымдық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2020. – 3-кітап. –190 б.
- 113 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2020. – 232б.
- 114 Раушанов Е. «Біздің егемендік хақында екі ауыз сөз. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/18232> сайытынан алынды.
- 115 Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 180 б.